ISSN 2077-0197

Ғылыми журнал

Научный журнал

Х.Досмухамедов атындағы АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Атырауского государственного университета имени Халела Досмухамедова

АТЫРАУ — № 4 (35), желтоқсан, 2014

1996 жылдан бастап шығады
Основан в 1996 году
ISSN 2077-0197
Куәлік №3631-Ж
Свидетельство №3631-Ж

№ 4(35), Желтоқсан, 2014
№4(35), Декабрь, 2014
ISSN 2077 - 0197
Жылына 4 рет шығады
Выходит 4 раза в год

Ғылыми журнал

Халел Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік университетінің
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
Атырауского государственного университета
имени Халела Досмухамедова

Научный журнал

Атырау
Х.Досмұхамедов
атындағы
АтМУ баспасы

Атырау
Издательство АтГУ
имени
Х. Досмухамедова

Редакциялық-баспа кеңесі • Редакционно-издательский совет

Бас редакторы • Главный редактор
Мамраев Б.Б. - филология ғылымдарының докторы, профессор, ректор

Бас редактор орынбасары • Заместитель главного редактора
Жаутиков Б.А. - техника ғылымдарының докторы, профессор, бірінші проректор

Жауапты хатшы • Ответственный секретарь
Абдинов Р.Ш. - экология магистрі

Редакциялық алқа • Редакционная коллегия

Гуманитарлық сериясы бойынша
- Таңатарова Ж.Т.- тарих ғылымдарының докторы
- Ахмет А.Қ. - тарих ғылымдарының докторы
- Барсай Б.Т. - педагогика ғылымдарының докторы
- Кольцов П.М. - тарих ғылымдарының докторы (Ресей)
- DrAbraham Altonayan – PhD (Ұлыбритания)
- Бекмаханова Н.Е. - тарих ғылымдарының докторы, профессор (Ресей)
- Мухамбетжанова А.У. - педагогика ғылымдарының докторы
- Аманжолова Д.А. - тарих ғылымдарының докторы, профессор (Ресей)
- Любичанковский С.В. - тарих ғылымдарының докторы, профессор (Ресей)
- Жүсіп Қ.Ө. - филология ғылымдарының докторы, профессор
- Орлова Л.В. – социология ғылымдарының докторы, профессор (Ресей)
- Хайржанова А.Х. – филология ғылымдарының кандидаты
- Балтогаева Ж.Е. **-** филология ғылымдарының кандидаты

Жаратылыстану сериясы бойынша
- Имашев Ғ.И. - педагогика ғылымдарының докторы
- Кенжегулов Б.З. - техника ғылымдарының докторы, профессор
- Шамбилова Г.К. - химия ғылымдарының докторы
- Ганбаров Х.Г. - биология ғылымдарының докторы (Азербайджан)
- Насиров Р.Н. - химия ғылымдарының докторы, профессор
- Таубаев Б.Ж.- ауыл-шаруашылығы ғылымдарының докторы
- Сағындықова С.З. - биология ғылымдарының докторы, профессор
- Sally Cutler - PhD (Ұлыбритания)
- Дүйсеғалиев М.Ж. - ауыл-шаруашылығы ғылымдарының докторы
- Каражигитова Т.А. - педагогика ғылымдарының докторы
- Есенаманова М.С. - техника ғылымдарының кандидаты
- Головко Н.В. - педагогика ғылымдарының кандидаты (Украина)

© Атырауский государственный университет имени Х. Досмухамедова, 2014

ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР
ГУМАНИТАРНЫЕ И СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ

ӘОЖ 94(574)

С.Құсниденов
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212

ҚАЗАҚ ӨМІРІНДЕГІ БИЛЕРДІҢ ОРЫНЫ МЕН РӨЛІ

Аңдатпа

Қазақ даласында хандық басқару кезінде, елдің әділ соты қызметін атқарған, көптеген шешендік, даналық сөздер қалдырған билер өмір сүрген. Мақала сол билердің қазақ өміріндегі орны мен рөліне арналған.

Негізгі сөздер*: билер, билер институты, хандық дәуір, шешендік, әділеттілік, әділ қазылық, тәуелсіздік.*

КІРІСПЕ

Кез-келген халықтың тарихында өшпес із қалдырған билеушілер, батырлар, билер, ірі тұлғалар болған. Ол адамдарды халық құрметтейді, үлгі тұтады, олардың өнегелі ісін ұрпақтан-ұрпаққа беріп, жалғастырады.

Қазақ даласында осындай өздерінің ерлік істерімен, даналығымен, шешендігімен аттары аңызға айналған батырлар, хандар, билер болған. Олардың негізгі армандары – қазақтың жерін қорғау, оның тұтастығын сақтау, қазақтың тәуелсіз мемлекетін құру болды. Олардың сол армандары қазіргі тәуелсіз Қазақстанда орындалды. Олай болса, олардың өнегелі істерін жан-жақты зертеп олардан сабақ алу бүгінгі ұрпақ үшін керек. Мақала осындай үлкен мәні бар, билер институтының қазақ өміріндегі орны мен рөліне арналған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Адамзат қоғамының дамуының барлық кезеңінде де, оның дамуын белгілеп, реттеп, зертеп бір жүйеге келтіріп отыратын билік жүргізу басқару органдары болған. Қоғамның дамуындағы, ондағы қатынастардың күрделіленуіне байланысты билік жүргізу институттары да күрделеніп, жетілдіріліп отырған. Өткенге ой жібере отырып, ерлікке, өжеттікке, өмірге деген үрдістерді қалыптастырған қазақ даласындағы дәстүрлеге таң қалмасыңа болмайды.

Қазақстанның көшпелі өмірі, өзінің даму ерекшелігіне байланысты, өзіндік басқару жүйелерінің дәстүрлерін қалыптастырды. Сондай дәстүрлердің бірі – билер институты.

Қазақ даласында қоғамдағы тәртіпті, заңдылықты сақтап отыратын сот, прокуратура, милиция органдры жоқ кезде, ондай рөлді билер институты атқарып отырған.

Қандай ма болмасын әміршілер (хан, бек, сұлтан т.б.) билікті дара жүргізбеген,олар ақылды, бірлгір,шешен, әділетшіл билердің билігіне сүйенген. Мысалы, Шынғыстың дана кеңесшісі - Майқы, Жәнібектің ұлы ойшылы – Асан Қайғы, тәуке ханның төбе биі – Төле, Абылайдын ақылшысы – Бұхар Жырау т.б. Бұлар ұлы дәстүрдің, халық даналығының сарқылмас жалғасы, теңдікті, әділеттілікті қорғаушы сақшылары. Солардың арқасында бізге бірліктің, ынтымақтастықтың тамаша үлгісі қалды.

Ш.Уалихановтың айтуы бойынша, «Қазақтарда құрметті би атағы халық тарапынан қандай да сайлау жолымен немесе халықты билеп отырған өкіметтің бекітуімен емес, тек сот рәсімін терең білетін, оған қоса шешендік өнерін меңгерген қазаққа ғана берілген. Би атану үшін қазақ халық алдында әлденеше шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң-жораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған. Мұндай адамдардын есімі желдей есіп, жұртқа таралып, біріне емес бәріне таралған» [1].

Билер идеясының рухани түп тамыры ел топырағында ертеден келе жатыр. Кемелденген ой ақыл биігі, ақыл биігінен шыққан сөз ойдың сарасы, халық игілігіне бағытталған істің әділ бағасы.

Естіге айтқан тура сөз,
Шыңға тіккен тумен тен.
Езге айтқан тура сөз,
Құмға сінген сумен тең [2].

Билер ұғымынша, адамды өрге тартпай, теріске тартатын нәрселер: жамандық, жайсыздық, жалқаулық, жетесіздік.

Жаман еркек жер қадірін білмес,
Жайсыз әйел ер қадірін білмес.
Жалқау адам тер қадірін білмес,
Жетесіз жігіт ел қадірін білмес [2, 400б.].

Қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік құрылысы даланың көшпелі тұрмысына бейімделіп жасалғанын көрсетеді. Оны басқару ата-бабанын бұрынғы көрсеткен жолының, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан мұрасының жалғасы. Осынау ұзақ та, күрделі дамуы жолында ата-бабаларымыздан бізге, бірліктің, ынтымақтастықтын тамаша үлгісі қалды.

Елбасы айтқандай: «Атырау мен Алтайдың арасындағы алып даланы жайлап жатқан мемлекеттің реттеуші тетіктері толық іске қосылмай тұрған кезінде де ешқандай, еш жерде қазақта жүз бен жүз, тайпа мен тайпа тұрмақ, ру мен ру соғысып көрмеген. Өмір болған соң кездеспей қоймайтын жер дауы, жесір дауының, барымта мен сырымтаның аяғы ат-тон айыппен, әрі кеткенде билер кеңесінде құн төлетумен бітім тауып отырған» [3].

Билер философиясында орын алған түсінік – бұл сөздің құнарлылығы. Яғни, ұрпақ болмысының мінсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған билер руханиятында ұлттық болмыстың құнары үш негізде зерделенген. Олар: жер құнары, ой және сөз құнары. Жер құнары елдін бірлігі мен берекелі өмірінің кілті. Жер құнарынан барлық мүшелері өсіп еңбек, адам тіршілігіне қажет барлық пайдалы нәрселерді осы жер құнарына табады. Асан Қайғының " Жер ұйығын" іздеуі тегін емес.

Ой құнары бұл өмірге құштар, ақиқатқа адал, сеніміне таза, сезіміне әділ, өзінің де, өзгенің де мүдесіне жанашыр ұрпақ танымы, оның тереңдігі ұрпақтың рухани болмысының мінсіздігі, осы мінсіздіктің өмір сүруін сақтап, қадағалап отыратынын зиялылар өсиетінің мазмұндылығы, қуаттылығы.

Сөз тілдің өрісі, яғни, адам ойының, шындықтың, білімнің рухани өмір кеңістігінде бейнеленуі. Сөздің құнары ойда, ұлттық ойдың дамуы осы сөздің құнарлығында. "Түгел сөздін түбі бір, түп атасы Майқы би"- деген даналық ұғымының тарихи мәні би руханятының өрістілігінде.

Қазақ даласында билер өте көп болған. Солардын ішінде, өздерінің шешендігімен, әділеттілігімен, даналығымен шоқтығы биік тұратындары: Төле, Қазбек, Әйтеке. Бұл үш жүздің билері. Қазақ халқынын жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінде, оның тәуелсіздігін сақтауда, қазақтын қоғамдық өмірінде бұл

билердің атқарған рөлі зор. Бұлар туралы Н.Ә.Назарбаев былай деп көрсетті: "Барша қазақ баласы аттарын ардақтап, айтқандарын жаттаған осы үш бабамынздың ел алдындағы еңбегіне, халық қамын жеген қасиетті ісіне сөз жеткізіп баға беру қиың – ақ.... Үш данагөйдін өнегелі, ел қамын жеген, адал еңбегі, топ бастаған көсемдігі, мүлтіксіз әділдігі жөніндегі айтар әңгіметіміз аз емес» [4].

Бұл билердің қазақ жерінде түрлі дау –жанжалдарға әділ қазылық еткендігі жөніндегі деректер аз емес. Біз бұл мақалада олардың әділ төреліктеріне, бұлтарпас шыншылдығына, шешендіктеріне, ел бірлігіне шақырған зиялылығына байланысты бірер мысал келтіруді жөн көрдік. Тарихта Қазбек бидің қалмақ ханына айтқан мынандай сөзі сақталған: «Біз қазақ деген мал баққан елміз. Бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Еліміздің құт-береке қашпасын деп, еліміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз, еш бір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген еліміз, дәмі, тұзын ақтай білген еліміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген еліміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып, отыра алмайтын елміз» [5]. Сөзден жеңілген қалмақ ханы жаулап алған мал – мүлікті, құлдыққа алған адамдарды қайтарып береді. Міне, бұл билердің бұлтартпас сөз шеберлігінің арқасы.

Халық арасында Төле бидің Шақшақ Жәнібекке айтқан мынандай сөздері кең тараған: "Өгізді өрге салма- қанатың талар, наданға көзіңді салма – сағың сынар. Досыңа өтірік айтпа – сенімің кетер, дұшпанға сырыңды айтпа – түбіңе жетер. Жал – құйрығы қаба деп жабадан айғыр салма – жаугершілік болғанда жағдайлап мінер ат тумас. Жақыным деп жаманның малы үшін жақсының жағасынан алма – өрісің тарылар. Қару жисаң мылтық жи – жаяу жүрсең таяқ, қарның ашса тамақ.... Қабырғадан қар жауса атан менен нарға күш, ел шетіне жау келсе, қабырғалы биге күш..." [6].

Ертеде Төле би мен Қазбек би бір өлген кісінін құнын даулап кіші жүзге келеді. Екі жақ бірнеше күн дауласып бір шешімге келе алмайды. Бір күні есік жақта отырған бір жас жігіт: " Асқар тау сенде бір мін бар, басыңнан асу бермейсің, тасқын су сенде бір мін бар, басылмай асу бермейсің. Сендерде билер бір мін бар, басқаға сөзді бермейсің", -деп далаға шығып кетеді [7]. Бұл Әйтеке би еді. Артынан Төле би мен Қазбек билер даулы мәселенің шешімін Әйтеке биге тапсырып, дауласушылар әділ төрелігін табады.

Тәуке ханнын кезінде, аталған билердің қатысымен, қазақтың сол кездегі заң – жобасы "Жеті жарғы" даярланды. Қожаберген Жыраудын " Жеті жарғы" деген дастанында:

Шығайдан соң орнына Тәуке қалды, кезінде әз Тәуке деп атақ алды. Қазбек, Төле би, Әйтеке ақылшы боп,Дей тұғын "Жеті жарығы" заң шығарды,деген жолдары билердің қазақ өміріндегі рөлін көрсетіп береді.

Жоғарыдағы айтылған билер даналығымен, ақыл-парасатымен, болашақты болжағыштығымен, қазақ елінің бірлігін, тұтастығын сақтауда рөлі зор, осыншама байтақ жерді бүгінгі ұрпаққа аманат етіп жеткізуде олардың алатын орыны ерекше.

Би өсиеті халыққа ізгіліктің рухын насихаттап, ел өмірінде әділеттлектің, еркіндіктің, рухани тереңдіктің өмір сүруіне мүмкіндік жасап отырса, би парасаты және даналығы елдің рухани реттеуші күші.

Ой таразысына салар болсақ, қазақ отарлау саясатының құрбаны болғанға дейін, билер институты арқылы дау-жанжалдарды ғана емес, азаматтық, елдік мәні бар мәселелерді кең көлемде шешіп отырған. Билердің басқаруы өмірдің, күнделікті

тіршіліктің қажеттілігінен туындаған, қазақтың ұлттық табиғатына сай келетін құбылыс. Қазақ қандай шаруаны болсада сабырмен, көптің қатысуымен, игі жақсылардың төрелік етумен шешіп отырған. Ешкім итжеккенге айдалмаған, елде абақты, түрме тұрғызудың қажеті болмаған.

Билер беделі мен орнына қарай: төбе би, төтенше би, жеке би, бәтуа би, аға би, бала би т.с.с болып жіктелген. Осы айтылған әрқайсысының билік айтатыны, пәтуаға шақыратын өз саласы болғандығын байқау қиын емес.

Қазақ даласының билеушісі хан болған. Хан – билік пирамидасын ең жоғарғы сатысында тұрған адам. Бұл айтылғаннан хан билікті дара жүргізді деп айтуға болмайды. Олар хан кеңесімен, билер кеңесімен санасып, олардың шешімдерін хан орындап отырған. Бұрынғы атақты билер, өздерінің алдында өмір сүрген билердің тәлім тәрбиесін, өнерін үйреніп отырған. Сөйтіп, ұрпақтардың сабақтастығы байланысына сызат түспеген.

Қазақ сөз қадірін білген, сөзге тоқтаған халық. "Бас кепек болса да, тіл кеспек жоқ" деп айтарын айтқан халық, сондай әділ, шешен билерді силаған халық.

Ал, қазіргі билер кімдер? Олар билік басындағылар. Қазіргі билік айтушылардың көпшілігі сөзге түсінбейтін, сөз қадірін білмейтін, айтқанын орындататуға тырысатын, мәселенің әділеттілік шешімін таба алмайтын, Абайдын сөзімен айтқанда "өңшең билер".

Олар өз билігін халықтын бәрі орындауға тиісті деп, келіспегендерін өздерінің "жаулары" деп санайды. Билікке қол жеткізу мен әділ билік айту екі түрлі нәрсе. Шындығында, билік басына таза, әділетті, білімді адамдарды қойу керек. Өкінішке орай, өмірде олай бола бермейді.

Күнделікті тәжіребиде, билікке тамыр – таныстықпен түрлі жылпостар, топастардын қолдары жетіп жүргені белгілі. Олардан әділ билік күтуге болмайды.

Қазір егеменді ел болып, қазақтың тілі мен дінін, ата дәстүрін қалпына келтіріп жатқан жағдайда, билер институтын қалпына келтіріп, оны дұрыс пайдалансақ көптеген мәселелерді шешкен болар едік. Бұның өзі халықты тәрбиелеп қана қоймайды, олардың рухани жағынан қанағаттандырады. Қазіргі зорлық – зомбылық, жезөкшелік, нашақорлық, араққа салынушылық сияқты келеңсіз жағдайлардың көпшілігіне тосқауыл болған болар еді.

Сондықтан, кез – келген еңбек ұжымдарында, әсіресе, ауылдық жерлерде билер немесе ақсақалдар кенесін құрып, олардын жұмысын жандандырсақ жақсы болған болар еді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, қазақ халқынын көшпелі өміріне байланысты әр түрлі салт-дәстүрлер қалптасқан. Сондай дәстүрлердін бірі – билер институты. Ол хандық дәуірде, ел басқарудын бір түрі ретінде қалыптасты. Билердін даналығы, шешендігі, әділеттілігі арқылы қазақтын бүкіл тұрмыс-тіршілігі реттеліп отырды. Сол арқылы, қазақ жерінде сот, прокуратора, милиция абақты түрме болған жоқ. Барлық бұзақылық, дау – жанжа, тәртіп билердін даналығымен шешіліп отырды. Билердін даналығы, ақыл өсиеті, атадан балаға тарап, ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып отырды.

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында да билердің даналығы, тазалығы, әділеттілігі, шешендігі өзінін өзектілігін жойған жок. Қазіргі билік басындағылар олардын ақыл өсетін, даналық сөздерін оқып үйреніп, оны өз жұмыстарында

басшылыққа алып, билер институтын жаңа жағдайда жандандырып, қалпына келтірсе, елдегі көптеген келеңсіз жағдайларды жоюға септігін тигізген болар еді.

Әдебиеттер тізімі

1 Уәлиханов Ш. "Алты шаһарға сапар"- Алматы: Атамұра, 2006.- 304 б.
2 Төреқұлов Н. ,Қазбеков М. "Қазақтын би шешендері", 1-2 кітап.- Алматы: Жалын, 1993. - 400 б.
3 Егемен Қазақстан, 26 сәуір, 1995 ж.
4 Назарбаев Н.А. "Пять лет независимости" - Алматы, 1996.-153 с.
5 Шешендік сөздер. Алматы: Жазушы, 1967. - 104 б.
6 Мағзұмов М. "Билер институты". Ақиқат, №39, 1995. - 16 б.
7 Нәлібаев К. "Әйтеке бидін шешендік тапқырлықтары". Ақиқат, №3, 2008.- 66 б.

Резюме

В данной работе освещены место и роль традиционного института биев в жизни казахского народа и необходимость его обновления в условиях независимого Казахстана.

Summary

In the article exposed the place and role of traditional institute of Bies in lives of Kazakh people and need of its updating in conditions of in dependent Kazakhstan.

Қабылданған күні 25.12.2014 ж

ӘОЖ 000.93

М.С.Касенов
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы 212
E-mail: kasenov.1959@mail.ru

ҰШҚАН ҚАЛАСЫ

Аңдатпа

Мақалада отрықшылық мәдениеті ескерткіші болатын ортағасырлық Ұшқан қаласы туралы зерттеулер берілген. Қалада археологиялық қазба жұмысы жүргізілген емес. Содықтан жазбаша деректер ғана бар. Келешекте қалада қазба жұмысы жүргізілсе тың деректер береді.

Негізгі сөздер: *отрықшылық мәдениетінің қалыптасуы, өркендеуі, құлдырау, қалалар мен мекендер дамуының алғы шартары, отрықшылықтың дамымау себебі.*

КІРІСПЕ

Қала Алтын Орда заманында XIII-XIV ғасырларда салынған. Жылой ауданы, ескі Мұнайлы ауылынан оңтүстікке қарай 20 шақырым, Құлсары қаласынан 50 шақырым оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Ертедегі Шығыс Европадан Сарайшық арқылы Хорезмге баратын жол бойында. Қала үстінде Ұшқан-ата қорымы бар. Онда тастан ойып жасалған құлпытастар, кесенелер, сағантамдар салынған.

Ұшқан (Тристарго) қаласы туралы алғашқы мәлімет италияндықтардың XIV ғасырдағы картасында кездеседі. Картада Алтын Орда қаласы «Тристарго» деп көрсетілген [1].

Қаланың көлемі: 150х80 метр солтүстіктен-оңтүстікке созылып жатыр. Мәдени қабатының қалыңдығы 35-40см. Қала үсті құлпытастар мен сағантамдардан қатты бүлінген. Қаладан шығыста 50 метр жерде көлемі 8-10 метрлік болатын 4 кірпіш күйдіру пештері анықталды. Археолог Л.Л.Галкиннің пікірінше қала қолөнер қаласы емес, «әулиелі» жер болған.

Ол, қалада қыштардың аздығы мен мәдени қабаттың жұқалығын аттаған. Қаланың жобасын сызып, XIV-XV ғасырда салынған деп анықтаған [2] (1 сурет).

XIX ғасырда Ұшқан қаласы туралы А.И.Левшин жазады. Ол, Ноғай сауда жолындағы қала болғанын, тұщы құдық бар екенін атап өтеді [3].

Қала туралы 1732 жылғы И.Г.Гербер жазбалары ерекше. Сондықтан оны толық келтірейік.

«Разрушенный город Чван-Ата (TschwanAttah). *И.Г.Гербер. Журнал о путешествии из Астрахани в Хиву и Бухару 1732 г.*

29 февраля

Мы отправились в путь отсюда утром и шли на юг, к востоку 19 верст, потом, из-за трясины на юго-восток к востоку 3 версты и снова на юг, к востоку 20 верст, и здесь мы прибыли в старый разрушенный город, где мы увидели не только фундаменты многих домов и большой караван-сарай, но и еще стоящие стены домов и подвалов из обтесанных и обожженных камней.

Посередине находился большой бассейн и еще источник с прекрасной «чистой водой, и мы увидели также большое количество могил на одной стороне города. Здесь, среди этих могил, мы остановились, чтобы переночевать.

Я искал среди этих могил, не найдется ли каких-либо надписей, но не мог найти, они были уже испорчены временем таким образом, что нельзя было ничего прочитать, кроме некоторых имен, как эмир Мухаммед, из чего можно сделать вывод, что все эти могилы были мусульманские, и город, должно быть, был заселен такими людьми; среди этих могил была одна, где находился мусульманский святой, находившийся в караване Бухары. Хивинцы и другие татары сами называли его Чван-Ата (TschwanAttah) или летающий отец и говорили, что у этого старика, якобы, были крылья, и он создал и возделал это место, и время от времени прилетал сюда, и, если здесь не хватало воды, он втыкал палку в землю, в то место, где должен быть источник, и источник появлялся. У этого места не было другого названия, кроме имени этого основателя, и оно было так и названо - Чван-Ата (TschwanAttah).


У этой могилы все, находящиеся при караване мусульмане, выражали им подобострастие, клали на могилу небольшое количество денег и другие вещи, как жертву, а вечером зажигали много огней. Это должно быть, многого стоило, строить здесь, потому, что здесь, кроме, как у рек Эмба и Яик нигде не найти древесины, чтобы обжигать кирпичи, и обтесанные камни должны были тоже сюда доставляться издалека» [4].

Ұшқан қорымын М.М.Мендикулов [5], 1997 жылы қаланы З.Самашев зерттеген [6], С.Ажигалиев [7],

Қала атты туралы аңыз әңгімелер бар. Аңыздан бойынша «көріпкел» ғалым Ұшқан Ата Мысыр қаласынан туысқандарының кегін алу үшін асығыс келе жатып қаза тапқан жері болғандықтан осылай аталған екен -дейді [8].

Алайда, басқа жорамалдар бойынша атау, суының шипалы қасиеті бар бұлақ «үш аққан» немесе «үш қан» сөзінен шыққан делінеді. Сондай-ақ XVIII

ғасырдағы қалмақ-торғауыттар мен қазақтар арасындағы қанды қырғындармен де байланыстырылады.



1 сурет - Ұшқан (Тристарго) қаласы жобасы.
1 - құдық, 2 – мазарларқұландысы, 3 - кірпіш күйдіру ошағы, 4 - мазарлар. (Л.Л.Галкин).

Ұшқан қорым 2000 астам қабірден тұрады. Мұндағы саман кірпіштен тұрғызылған ортағасырлық ескерткіштер нашар сақталғанымен, кейінгі уақытта салынған кесене – мазарлардың күні бүгінге дейін алғашқы қалпы көп өзгермеген. Ескерткіштер құлпытастар, қойтастар, сандықтастар, тілінген тас плиталар мен пахса блоктардан қоршалған шағын сағаналар, сондай-ақ ірі көлемді ескерткіш түрлері күмбезді мазарлар мен сағанатамдар түрінде.

Сағанатамдар өзінің ауқымдылығы бойынша күмбезді мазарлармен бірдей болады. Ескерткіштердің сәулеттік-көркемөнер құндылығы әр түрлі.

Олардың арасынан 94 құлпытас, 3 қойтас, 8 сағанатам мен 1 сандықтастың сәулеттік-сәндік және тарихи-этнографиялық маңызы бар деп есептеліп қорғауға алынған.

Қорым тұщы сулы бұлағы бар Алтын Орда дәуіріндегі қалашықтың жанында пайда болған. Ол өткен ғасырлардағы көшпелі қазақтардың көктемгі және күзгі көш жолының бойында орналасқан.

Қорымдағы құлпытастарды пайда болу ерекшелігі жағынан үш кезеңге бөліп қарауға болады:

1. XVIII-дің ортасынан XIX ғасырға дейін сәндік элементтердің (декор) айқын, анық, көлемділігі;

2. XIX ғасырдың орта шенінен, жай рельефті әсемдік элементтер мен эпиграфиканың үйлесімдігі;



2 сурет - Ұшқан қаласының көрнісі




3 сурет - Ұшқан ата қорымы, сандықтас және қойтас №50, 1 бет

3. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы ескерткіштердің өте үлкен бағанаға ұқсастылығы.

Осындағы соңғы кезеңде жасалған құлпытастар ағайынды тас қашаушы шебер (тасшы) Елеусін және Елболсын Егісінұлдарының қолдарынан шыққан [9].

Құлпытастардағы эпиграфика мен таңбаға қарағанда, Ұшқан ата қорымында адай, кете, шекті тағы да өзге рулардың өкілдері жерленген.



3 сурет - Ұшқан ата қорымы, сандықтас және қойтас №50, 2 бет





4 сурет - Ұшқан ата қорымы, құлпытас №18

Бүгіндері Ұшқан ата қорымына жергілікті және көрші облыстардан адамдар келіп зиярат етеді.

Тарихи археологиялық жағынан Ұшқан қаласы мен қорымы жүйелі зерттелген емес. Қала Алтын Орда дәуірінде, керуен жолына салынған қала. Кейінгі кезде Ұшқан-ата жерленіп қала қорымы «әулиелі» жерге айналып жүздеген құлпытас, сағана, кесене пайда болған.

Жүйелі зерттеу арқылы қаланың салыну кезеңін, жобасын, тарихын анықтау қажет.

Әдебиеттер тізімі

1 Брун Ф. Перипл Каспийского моря по картам XIV столетия//Записки Новороссийского Ун-та. Одесса,1982. Т.8.- С.32.
2 Галкин Л.Л. Отчет о работах Волго-Уральской экспедиции в северо-восточном Прикаспии в 1983 году. Атырау, 1984.- С.50.
3 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы, «САНАТ», 1996. - С.109.
4 История и культура Атырау в русских источниках XVIII-XX веков. Атырау-2014. Т.1. -С.29-30.
5 Мендикулов М.М. Ушканские кулпытасы. // Вестник АН Каз ССР. 1953, №12.-С.70.
6 Самашев З. Отчет о работе Западно-Казахстанской археологической экспедиции в 1997 г. Алматы,1998.- С.35.
7 Ажигалиев С. Архитектура кочевников. Алматы, 2005. – С.55.
8 Атырау облысының топономикалық атауларының анықтамалығы. Атырау,2006.-28б.
9 Атырау облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы. Жылыой және Мақат аудандары. Атырау – Алматы, 2013.-96 б.

Резюме

В статье описывается история средневековых городов и населенных пунктов Атырауской области и посвящена средневековому городищу Ушкан (XIII-XV вв). Городище дает сведения о средневековой истории и традициях оседлой культуры.

Summary

The history of medieval towns and population points in Atyrau region is described in this article.This article is devoted to medieval settlement Yhan (XIII-XV centuries). Settement qives information about the medieval history, culture and traditions of this city, existed in the sedentaru culture.

Қабылданған күні 01.09.2014 ж

ӘОЖ 83.3 8 Қаз

В.У. Адилова
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
E-mail:adilova_venera@mail.ru

І.ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «ЖАНТАЛАС» РОМАНЫНДАҒЫ БҰҚАР ЖЫРАУ ТҰЛҒАСЫН СОМДАУДЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа

Мақалада қазақ әдебиеті тарихының белді өкілі, XYIII ғасырда өмір сүрген жырауы Бұқар жырау Қалқаманұлының «Жанталас» романындағы әдеби бейнесінің сомдалуы сөз болады.

Негізгі сөздер: *трилогия, жырау, роман, кейіпкер.*

КІРІСПЕ

І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының екінші бөлімі іспеттес «Жанталас» кітабынан бастап, жыраулар поэзиясының атасы болған «Көмекейі бүлкілдеген» Бұқар жырау бейнесі тарихи аренаға ене бастайды. Тарихта болған, артына өшпес мұра қалдырған өз дәуірінің ұлы жыршысы романда да сол тарихи мағлұматтар аясында көрінеді.

Ең алдымен, бүкіл үш жүздің басын қосқан, Жоңғар шапқыншылығына аяулы Жер – Ананы тазартуға бар күшін салған, бүгінгі тарихта «атақты Абылай» ханды өзінің бар игі қасиеті мен болжағыштық ерекшелігімен дамыта көтерген Бұқар жырау екенін көреміз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Міне, бүкіл қазақ даласына әйгілі, бұл күнде жасы қырықтарға келіп қалған шоқша сақалды, кең маңдайлы Бұқар жырау да осындай толғаныс үстінде еді. Ол есікке таяу отырған бала жігітке сезіктене көз тастады. Адамға тесіле қарайтын үлкен сұрғылт көзді, ат жақты, ақсұр жігіттің топ жылқының ішіндегі ақалтеке, арғымағындай, бойшаң келген дене бітіміне қарағанда, оны он төрт – он бес жастарда деу қиын еді. Тек осы шамада екенін ұстараның жүзі тимеген бет әлпеті ғана аңғартады. Отырған отырысында, қозғалыс қимылында бір паңдық, тәкаппарлық байқалады» [1].

Романдағы баяндау әдісі көбіне өзге адамның ой – пікірі арқылы беріледі. Жоғарыдағы ойдың жалғасындай болып келетін, Абылай ханның жастық шағы, үш жүздің басын қосқан ұлы хан атануына дейінгі жолдың алғашқы тізбегі Бұқар жыраудың пайымдаулары беріледі. Сонау қанға бөккен Түркістан шаһарынан Ораз құлдың қасқырдың бөлтірігіндей етіп өз басын қатерге тігіп, алып шыққанын, жауға елеусіздеу көрінетін ауылдың шетінде Төле бидің түйесін бағып, ертеңіне зор үміт артып отырған жас Абылайдың аяқ алысы, қысылтаяң кез болса да өзін - өзі тым сабырлы ұстауы оның өзіне деген нық сенімділігін байқатқандай. Сұңғыла Бұқар жырау да жас түйешінің осы келісті кейпін көріп, жай «түйешіден» гөрі, роман тілімен айтқанда, «бала жігіттің дәл қазіргі өздері отырған қараша үйде – кедей шаруаның үйінде тумағаны анық» болып, өзіне тым көңіл аудартатынын тез –ақ байқап, жас жігітті сөзге тартып, ішіне үңіле бастайды.

«Қазір шұбат ішіп, әңгіме – дүкен құрып, шүйіркелесіп отырған кездері. Әбілмансұр Төле бидің түйешісі екенінен бөтен тіс жарып, сыр ашпады. Бірақ қырағы жырау туысы бөлек бұл бала жігіттің беті бүлк етпейді, құпия сырын мүлдем терең тығып тастағандай. Кенет ол жырау ойын оқып қойғандай, есік алдында отырған Ораз құлды иегімен нұсқап:

- Бұл кісі маған әке орнына әке, шеше орнына шеше болған адам – деді. – Сан ажалдан қағып келген періштем, Жәбірейлім.....

Бұқар ағат сөздің аузынан қалай шығып кеткенін білмей қалды.

- Ол қомқорлық қасиеті маған аян...

- Қалайша?!

Әбілмансұрдың өткір сұрғылт көздері, самай тамырға қадалған алмас қандауырдың ұшындай, Бұқар жыраудың бетіне қадала қалды. Бұқар жыраудың бойы шымырлап кетті. «Бәтшағардың көзі қандай өткір еді... шағатын жыланның көзіндей, селт етер емес қой.....

Ораз ас қамдасып жүрген адамы даңқы қазақ қауымына аян Бұқар жырау екенін білген соң, Әбілмансұрдың ата – тегін толық ашпағанмен, өздерінің Хиуадан қалай қашып шыққандарын айтқан – ды. Жыраудың «Ораз құлдың қамқорлық қасиеті маған аян» деуі осыдан еді. Бала жігіттің көзқарасынан шошынып қалған Бұқар енді іштей қобалжи бастады. «Ауыздан шыққан сөз – атылған оқпен тең, сорлының обалына қалмасам нетсін. Шыңғыс ұрпағы өздеріне кір келтіретін, құпияны білетін адамдарды аямайтын еді, бейшараға зақым келтіріп, жүрмесе жарар еді» [1,230 б.].

Романдағы бұл көріністер біз жоғарыда тоқталып өткен жыраулар поэзиясында, Бұқар жыраудың толғауымен тарихқа енгені белгілі. Бұған қарап І.Есенберлиннің қазақ тарихына, жыраулар толғауларында жасалған толыққанды Абылай образын басшылыққа алғандығын байқаймыз.

Ал, тілімді алмасаң,
Ай, Абылай, Абылай,
Сені мен көргенде,
Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің,
Әбілмәмбет патшаға
Қызметкер болып тұр едің.
Қалтақтап жүріп күнелтіп,
Үйсін Төле билердің
Түйесін баққан құл едің [2].

немесе тағы Бұқар жырау толғауларына жүгінейік.

Ай, Абылай, сен он бір жасыңда,
Әшейін-ақ ұл едің
Он бес жасқа келгенде
Арқада Әбілмәмбет төренің
Түйесін баққан құл едің.
Абылай атың жоқ еді,
Сабалақ атпен жүр едің [2,31 б.].

Дегенмен, романдағы лирикалық шегініс ретінде Бұқар жырау қазақ елінің тарихи кезеңдерінен шежіре айтып отырғанда, елдің жүріп өткен жолына, жаугершілік кезіндегі хандардың соғысу немесе бітімгершілік сипаттарына ерекше ден қойып, көзі от шашқан жас ұланның ара-кідік ойын қосып отырғанына

орай болашақтың батыры немесе ел ертеңіне жол ашар басшысы болар деген сан тараулы оқиғаларға да барды.

«Қараша үйде жанған тобылғы шоғы әлдеқашан сөнген. Бұқар жырау әңгімесі де әлдеқашан біткен. Ұйықтап кеткен адамдардың пысылдары мен үйді айнала қоршай шөккен түйелердің анда –санда ұйқылы –ояу ыңыранғандары ғана естіледі. Тек Бұқар ғана ояу жатыр. Жырау ауыр ойда: «Қазақ елінің басынан талай қиын-қыстау кезеңдер өтіп еді, бірақ ең қорқынышты қауіпке енді тап болмаса не қылсын! Шығыс Түркістанды жұтар – жұтпастан, бері қарай Қытай айдаһары жылжып келеді. Ал Қытайдан ығып, Алтай тауынан құлаған Жоңғар қауымы болса мынау. Россия да бұрынғы бөлшектенген Россия емес. Әлемді шарлауға шыққан екі басты самұрық құс тәрізді, әбден бекініп алған. Қанатының серпіні сонау, жағасын балықшылар жайлаған ұлы Мұхитқа да жетіп қалды. Сонда... қазақ елі қандай күйде? Жұрттың басын біріктіріп, жауыңа қарсы шығар кім бар? Болат, Сәмеке, Барақтар ма елге тірек болар?... Жоқ, оларға қарағанда, осы Әбілхайырда бір үміт тұр ма, қалай? Әй, білмеймін. Халықты соңынан ерту үшін кемеңгердің ақылы керек қой адамға! Әлде қара басының қамын ойлап, бұл да бір бүйірге бұра тартып жүре ме, кім білсін? Жыраудың безек қаққан ұшқыр ойы – елінің тағдырын қолына алар жаңа қайраткерін іздеп шарқ ұрды. Неге екені белгісіз, оның қиялы жанында шалқасынан түсіп, қаннен – қаперсіз ұйықтап жатқан Әбілмансұрға қайта – қайта орала берді.

- Бітісі бөлек екен, ұл туса осындайлардан туар..- деді ол ақырын күбірлеп. – Хан болса несі бар. Асыл тастан, ақыл жастан. Бірақ қаптаған Сәмеке, Барақ, Әбілқайырлар бұған жол берер ме? Кім біледі, алғырлық, ерлік кейде өзіне - өзі жол салатын да кезі болатын еді» [1, 246 б.].

Автор шығармасында болашақ хан бейнесін Бұқар жыраудың жан – жаққа тартқан ойларының ұшығы ретінде Әбілмансұрдың бойынан іздетіп, романның нағыз тартысты кезеңіне жол салады. І.Есенберлин реалистік әдебиетке тән тәсілдерді кең пайдалана білген. Абылайдың монологтары мен оның Бұқар жыраумен әңгімелері заманның да, адамның да мол шындығын әйгілейді. Мұның өзі романның суреттегіштік, талдағыштық қасиеті көп екенінен хабар бергендей.

«Әбілмансұр Бұқар жыраудан көзін алмай тесіле қарады.

- Түбі Үш жүздің ханы мен боламын, Бұқар аға. Ал сіз қазақ халқының ел болғанын тілейсіз ғой..

Бұқар жырау жүрмекші болып, ыңғайлана берді.

- Бүгіннен бастап мен енді Әбілмансұр емеспін! - деді жас түйеші.

Бұқар жырау оған таңдана көз тастады.

- Кімсің сонда?

- Абылаймын!

- Абылай?.. Қанішер Абылай сенің атаң еді ғой! Қазақ елі бұл аттан қорқатын...

- Менен де қорықсын!» [1, 247 б.].

Кейіпкердің ішкі сырын, ой түкпірін айқындауға диалогтың қаншалық қажет қызмет атқаратыны белгілі. Бірақ мінез қырларын бүкпесіз таныту үшін диалогтың өте мәнді мәселеге арналуы қажет. Қаһарман шынын айтпай қала алмайтындай әңгіме кезегі тууы шарт екендігі белгілі. Бұқар жырау мен Абылайдың диалогы, біздіңше, дәл осындай, «ағынан жарылып» сөйлейтін сирек сөздің бірі.

Автор романның басты идеясы халық тағдыры, ал халық атынан сөз алып отырған Бұқар жырау екендігін байқатады. Себебі, алдымен Абылайды Бұқар

жыраудың ойымен таныстырып, кейін хандыққа бара жолында осы жыраумен бірлікте сабақтастыра қарайды. Мұның бәрі, шығарманың негізгі мақсаты – халық тарихының шындығын, халық жүрегінен орын алған Абылай хан бейнесін көрсету еді. Бүкіл қазақ еліне әділдігімен, даналығымен, жыраулығымен мәлім болған Бұқар жыраудың Абылай алдында да беделі мол еді. Сондықтан да Абылаймен Бұқар жырау ғана еркін, ашық сөйлесетін болған еді. «- Есім жетпіске дейін өмір сүрді, - деген Бұқар жырау. - Әрине, ол, ел билеу ісінде тегеурінді, кәлі әрекеттерді де көп қолданды. Әйтпесе, Жиембет жырау оны босқа «Әмірің қатты Есім хан» демесе керек-ті. Бірақ ол керек жерінде батырларының да сөзін тыңдап отырған. Сөзінің аяғында жырау:

- Саған берер тағы бір ақылым, - деген Абылайға. – Замана түлкі, адам қыран.. Бөктерде бүркітті көрген түлкі, етекке түсіп, жауымен кең жерде айқасудан тайсалса, сол бөктердегі өзі түстес бір қызғылт тастың қия бетіне құйрығын шаншып тұрып қалады. Қыран ондай түлкіні көруі керек. Ел билігі қолына тиген екен, көреген бол. Ақылың мен айлаң қатар жүрсін.

Абылай Бұқар жыраудың осы сөздерін жадына мықтап тұтты. Басына қауіп – қатер туған сан қатерлі күндерде де ол қара басынан гөрі, өзі таңдаған жолын жоғары ұстады. Сол табандылық оны алыстағы армандарына да жеткізді» [1,352 б.].

«Жанталас» романының бүкіл оқиғалық, сипаттамалық, талдау, көркемдеу жүгін екі ғана айтушы – автор мен шежіреші қарт Бұқар жырау әңгімесі арқалаған. Осыдан барып шығармада айтушы қызметі маңызды орынға шығады. Қандай көркем туынды да айтушы, баяндаушының дәнекерлігі елеулі орынға ие болатыны белгілі. Дегенмен, «Жанталас» романында айтушы ролі өзгешелеу болып келеді. «Бұл ретте жазушы ауыз әдебиетінің өміршең дәстүрлерінен үйрене білгендігін атап айтар едік» [3].

Бұқар жырау бейнесінің басты қыры ашылатыны романның эпилогында берілген. Абылайдың таққа отырғанына отыз жылдай болған уақыт. Ел қорғаған батырлар Бөгенбай, Олжабай дүниеден өтіп, Абылай да ауыр науқастық күй кешуде болатын. Қасында отырған Бұқар жырау ханның соңғы сөзін естіп, арманын айтып қалуды сұрағанда, үш жүздің басын қосқан ардақты Абылайдың арманы – қан майданда өлу еді. Жыраудың келесі сауалы да романның негізгі мақсатынан туындағандай.

«-Иә, Абылай, -деді сөзді әріден толғап, - елу жылдан астам ат үстінде болдың. Батыр да атандың, ақыры хан тағына да отырдың. Бірақ соның бәрінен не қалды?

- Сенің осылай дейтініңді сезетін едім, - Абылай езу тартқандай болды, - рас, хан тағына жету үшін мен ұзақ һәм бұралаң жол бастым. .. Бірақ сол хан тағы маған не үшін керек еді? Осы сұраққа көңіл күйім тағы бір қасірет шеккен күні жауап берейін деп едім ғой. Сол күн туған секілді... Адамға өлімнен артық қасірет бар ма? Ал тыңда.. Иә, хандық құру, тек мансапқорлықтан туды ма сол арман? Жоқ, Бұқар аға, онда сен мені білмегенің. Ұлы хан тағына отырсам, қазақ елін өзімнің дегеніме жеткізсем, деп ойлағам...

- Абылай, - деді Бұқар жырау, - өмірде қиындықта да, қызықты да көп көрдің, ал сонда қандай өкінішің бар?

- Өкінішім, - деді Абылай күрсініп. - Өз басымның өкініші үш жүздің басын қоса алмадым; аз елге хан болдым. Қазаққа мал емшегін емізгенмен, жер емшегін емізе алмадым. Жер деген алтын қазына ғой. Екі тепе сулы жері бар өзбек, екі үйір жылқысы бар қазақтан бай тұрады. Және жұттан да, қуаңшылықтан да қорықпайды.

Ал мен жаудан қазақтың жері біткенін қорғаймын деп жүргенімде, дүние құрғыр өтіп кетіпті ғой, білмей қалдым..» [1, 424 б.].

ҚОРЫТЫНДЫ

І.Есенберлиннің «Жанталас»туындысында бейнеленген кесек тұлғалар бастауында Бұқар жырау бейнесін атаймыз. Бас қаһарман аңыз, жыр, жыраулардың толғаулары арқылы халық санасынан орын алған бейне болатын. Сол фольклор туындыларында қалыптасқан эпикалық бейнені төмендетіп алмай, оған реалистік нақтылық, даралық келбет дарыту оңай емес.

«Бес ғасырлық халық тарихына әр қырынан келіп, тарихи тұлғаларды сомдауда соны серпіліс танытқан І.Есенберлиннің «Жанталасы» - ақын - жыраулар бейнесін жасаудағы тарихи прозадағы ізденіс нышаны» [4] болып табылатыны сөзсіз.

Қорыта келгенде, ұлттық проза дәстүрінде ақын - жырау образын сомдауға күш салған І.Есенберлиннің «Жанталас» туындысы тарихи роман жанрында өзіндік тың жолға түрен салғанын, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің көркемдік қосындысымен тыныстап, өткен тарихтың ізімен өткенімізді көз алдымызға әкеліп, болашақ ұрпақты елді сүюге, сонау ғасыр жүгі арқалап әкеткен ұлттық рухымызды тереңнен таныстыруда елеулі орны бар шығарма екендігімен құндылығы жоғары болмақ.

Әдебиеттер тізімі

1 Есенберлин І. Көшпенділер: Тарихи трилогия.-Алматы: Көшпенділер баспасы, 2008. – 656 б.
2 Мағауин М., Байділдаев М. Бес ғасыр жырлайды. - Екі томдық. Жазушы, 1989. - 384б.
3 Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері.- Алматы: Ғылым, 1976. – 200 б.
4 Шомахова А.Ы. Қазақ прозасындағы ақын - жырау тұлғасы бейнеленуінің тарихи-әдеби негіздері. Филология ғыл.кан.автореф. - Алматы, 2009. – 25 б.

Резюме

В этой статье рассматриваются особенности создания образа выдающегося представителя казахской поэзий XVIII века Бухара жырау Калкаманова в романе И.Есенберлина «Жанталас».

Summary

The article deals with picture of the main person of history of the Kazakh literature in XVIIIcentury Bukhar Zhyrau Kalkamahuly in a novel I.Essenberlin «Zhantalas».Keywords: history of literature, poetry of the akyn-zhyraus, the scientist-Teacher.

Қабылданған күні 01.09.2014 ж

ӘОЖ 83.3 8 Қаз

Г.Б. Аяпова
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
E-mail: aiapova1969@mail.ru

ӨМІРІ – ҮЛГІ, ӨНЕРІ - ӨНЕГЕ

(С.Қазыбайұлы еңбектеріндегі қазақ әдебиеті тарихы мәселелері)

Аңдатпа

Мақалада биыл, яғни дүниеге келгеніне 100 жыл толып отырған Ұлы Отан соғысының ардагері, ұлағатты ұстаз, Атырау облысының құрметті азаматы Сабыр Қазыбайұлының «XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті (Жыраулар поэзиясы)» атты зерттеу еңбегінің әдеби-тарихи маңызы сипатталады.

Негізгі сөздер: *әдебиет тарихы, жыраулар поэзиясы, ұлағатты ұстаз*

КІРІСПЕ

Қасиетті Қарға бойлы Қазтуған, батыр Шәлгез, жігерлі Жиембет, мәрт Махамбет туған жерден тастүлектей түлеп, өз кезегіндегі сыналар шағы Ұлы Отан соғысында елді қорғап, батыр-жырауларға өнегелі өмірімен ұқсаған С.Қазыбайұлы әдеби-ғылыми жолда да сол жыраулардың жоқтаушысы болғаны белгілі.

Пайымды педагогикалық жолының қазақ әдебиеті тарихының танымындағы ғылыми көзқарасы негізінен көп жылдар дәріс оқыған саласы – XV-XVIII ғасырлар әдебиеті, яғни жыраулар поэзиясына қатысты шоғырланады. Кезең әдебиеті тарихына сай танымды тағылым беру нәтижесіндегі еңбектері ұстаздың толымды тәжірибесінің ғылыми мектепке ұласар жолы іспеттес болатын.

Өткен ғасырдың нағыз нәубетті кезеңі болған 30-жылдардан басталған білім беру саласындағы ізгі жолы жекелеген ақын – жыраулардың әдеби мұраларын жинап, жариялаумен бірге басталды. Сонымен қатар осы кезеңде жалпы қазақ әдебиеті тарихын зерттеу, зерделеу ісінің енді ғана басталған кезеңімен тұспа – тұс келетін. Қазақ әдебиетінің тарихын жасауда ұланғайыр еңбек еткен С.Сейфуллин, М.Әуезов, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебеаев, Қ.Жұмалиев сынды ғұламалардан бастау алған тарихтың әдеби жолы Ы.Дүйсенбаев, Х.Сүйіншәлиев, М.Мағауин, Қ.Сыдиықұлы, Ж.Тілепов атты зерттеушілердің еңбектерінде толығып, бүгінгі кемелдену кезеңіне жеткені белгілі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ әдебиеті тарихының кезеңдеріне сай, өңірлік жерлердегі ақын – жыраулардың толғаулары мен жырларын жинап, бір ізге салған профессор С.Қазыбайұлы алдымен басылымдарда жариялап, індете жоқтаушысы болып, ұстаздықпен қатар ғылыми еңбек жазып қалдыруы, жыраулар поэзиясын қалыптастыруға қосқан үлесінің іргелі екендігі сөзсіз.

Өмірін еңбекпен біте қайнастырып, қатар ұстанған С.Қазыбайұлы біз тоқталмақшы болып отырған еңбегін 1994 жылы, яғни сексен жасқа келгенде жазып, бастырып кафедраға қолжазба күйінде әкеліп, «Сан жылғы ойымды жинақтап әкелдім. Толымды еңбекке татиды – ау деген тиянақты пікірім де аздау, ал қарап көріңдер» деп кафедрадағы ортадағы үстелге қойған болатын. Бірақ еңбек С.Қазыбайұлының көзі тірісінде жарық көрмей, шәкірті Қадыр Өтегенұлының алғы сөзімен 2004 жылы ғана басылып шықты.

С.Қазыбайұлының «XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті (Жыраулар поэзиясы)» атты зерттеу еңбегі «Қазақ әдебиетіндегі жыраулық поэзияның қалыптасу кезеңі», «XVIII ғасыр әдебиеті» және «XIX ғасырдағы жыраулар әдебиеті» атты үш бөлімнен тұрады. Еңбек қазақ әдебиеті тарихының белді кезеңдерінде бастау алатын төл әдебиетке арналғанымен, аңдатпасындағы: «Біздің дәуірімізге дейінгі қадым заманнан бермен қарай солтүстік – шығыста Байкал көлінен, шығыста Алтай таулары, күнгейінде Алатау өңірінен бастап, Сыр, Жайық, Еділ, Дон өзендерінен асып, батыста Қара теңіз, Дунай өзені, Карпат тауына дейінгі Азия, Еуропа құрылығының ұлан – байтақ даласын түркі тектес ру – тайпалары қоныс етіп тіршілік етті. Ол ру-тайпалардың біразы сақ, массагет, ғұн, үйсін, қаңлы, алшын, қыпшақ, найман, керей, арғын деп аталатын негізгі түркі тілдес халықтар болды» деп келтіруінен мақсат сонау ежелгі дәуірден бастау алар, кезеңдік әдебиет тарихын ортақ ойда қарастыруға ұмытылғанын байқаймыз. Әдебиет тарихымен бірге қазақтың ауыз әдебиеті атты екінші қанатын да қатар алып, «Басы бұлақ болмаса, аяғы шалқар көл болмас» [1,5 б.] дегендей, қазақтың тарихи әдебиеті де тақырға шыға қоймағанын, онан да нәр алған, толқынға толтыра арнасын кеңейткен бастау бұлағы болғанын ерекше ескереміз. Ол бастау бұлақ – қазақтың халық ауыз әдебиеті» деп, әдебиеттің жыраулар поэзиясы, тарихи әдебиет, одан бері көркем әдебиеттің дамып, өркен жаю ағымында ауыз әдебиетінің аталық беделін айрықша жоғары екендігін танимыз.

Ғалым еңбегінің басты қыры - өзіне дейінгі зерттеушілер туралы мол мағлұматтың болуы, мысалы Сыпыра жырау туралы жазбасында алғаш іздестіру бағытында берілген пікірлерден бастап, қазіргі кезеңдегі, яғни XX ғасырдың 80-жылдарында Есім Байболовтың жаңадан тапқан толғауларының жариялану ісіндегі орнына кеңінен тоқталып өтеді.

С.Қазыбайұлының кезең әдебиет тарихына сай ең мол тоқталған жыраулары қатарына өзі де ауыз әдебиетінің фольклорлық тәжірибелерінде арнайы іздеп, жаңаша зерттеуге ізашар болар тың мұраларымен толықтыруға тырысқан. Атап айтқанда, қазақ әдебиетінің ғасырлар бойы қалыптасқан өзгешеліктерін танып-білуде Сыпыра Сұрағалтайұлы, Қазтуған Сүйінішұлы, Доспамбет жырау, Шәлгез Тіленшіұлы, Жиембет Бортоғашұлы, Есет Қараұлы, Махамбет Өтемісұлы, Нысанбай ақын, Нұрым Шыршығұлұлы, Қашаған Күржіманұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Ақтан Керейұлының батырлық рухпен төгілген айбынды поэзиясының орындары өзгеше екендіктерін басты назарда ұстаған. Мысалы, «Қазтуғанның «Белгілі биік көк сеңгір» деген нақыл тақпақ жыры жыраулық поэзияның асыл үлгісіне жатады. Осы жырында ол кемеңгер ақыл иесі, кең тыныстыжырау екенін танытады» десе, «Доспамбет поэзиясындағы ерлік рух, халықтық идея өзінен кейінгі жортуыл ерлері Жиембет, Ақтамберді, Махамбеттерге инабатты өнеге, қасиетті үлгі ретінде әсер етеді» деп бағалайды. Асанқайғы мен Қазтуған жыраулардың шеберлік нұсқаларын өнеге тұтқан Шәлгез жырау туралы «Оның ақындық талантынан құйылған жыр – халық поэзиясы бұлағының бастауы іспетті мөлдір. Толғаулары дидактикалық үлгідегі ғибрат сөздер, адамгершілігі жоғары, әділетшіл ақыл иесінің даналық кеңесі болып табылады» [1,108 б.] деп әр жыраудың қазақтың төл әдебиетін дамытып, жетілдіру жолындағы өзгешелік, ерекшеліктерін С.Қазыбайұлы атап көрсетіп отырады.

«Махамбет өлеңдері өзіне тән сипатымен көркемдік жағынан ерекшеленіп, жанр жағынан тарихи шындықты, уақиғаны лирикалық сезімге бөленіп баяндалған, оған өз көзқарасын, қатысын және қалай сезінуін қоса айтады» деп ақын

поэзиясының табиғатын ашуда нақтылы сөз қолданысты айқындай отырып, теориялық тұжырымға айналдыруында өзінің өлең сөз қисынын зерделеуге келгенде қара үздірген үздік екенін және бір мойындатып кетіп отырады.

С.Қазыбайұлының «XV-XIXғасырлардағы қазақ әдебиеті (Жыраулар поэзиясы)» еңбегінің басты ерекшелігі сол, мынадай ойларға тереңірек баруды аңғартады. Біріншісі – Атырау өңірі ақын – жырауларының әдеби мұрасын алғаш жинап, жариялап және талдау жасап, ғылыми айналымға енгізуі. Ал екіншісі – «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дейтін сара жолды өзіндік биіктікке көтеріп, тәжірибе мен ғылымды қатар ұштастыруы.

Себебі, С.Қазыбайұлы жалпы өмірде жаны таза азамат бола білудің, адал еңбек етудің, талмай ізденудің, қажымас қайраткер болудың ең бастысы өмірімен де, өнегесімен де замандастарына, адам баласына ұстаз болудың ғажайып үлгісін көрсетті. Өмірінің көп жылдарын студент аудиториясында дәріс оқып, шәкірт тәрбиелеуге арнады. Осы Атырау облысының әр ауылынан Сабыр ағайдан білім алған мамандарды көптеп кездестіретініміз айдай ақиқат.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ғылыми ортадан жырақ тұрса да, қазақ әдебиетінің тарихы атты ұлы кереуеннің салмақты жүгін арқалап өткен профессор Сабыр Қазыбайұлының қазақ әдебиеті тарихы саласындағы мұрасын танып, зерделеу, тиісті бағасын беру – алда тұрған зор міндеттердің бірі.

Ұлағатты ұстаз бойындағы кішіпейілділік, сарабдал сабырлылық, жаны таза адамға жарасар қарапайымдылық, биік ой мен терең парасат оның үлкен ағалық, тұлғалық ірілігі - оның азаматтық тұлғасын сәт сайын асқақтатып, жас ұрпақтың жанын нұрландыра түспек.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазыбайұлы С. XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті (Жыраулар поэзиясы) Ақтөбе: «А-Полиграфия», 2004. – 296 б.

Резюме

В этой статье описывается литературно-историческое значение научно-исследовательского труда «История казахской литературы XV-XIX вв.», великого ученого-педагога, ветеран ВОВ, почетного гражданина Атырауской области С.Казыбайулы.

Summary

Thisarticledealswiththeliteral-historical features of the research work "History of the Kazakh Literature of the XV-XIX Centuries", of the great scientist-teacher, the veteran of the Second World War, the honourable citizen of Atyrau region S. Kazybayuly.

Қабылданған күні 29.09.2014 ж

ӘОЖ 811.512.122

Г.Б.Ергалиева
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212

ТІЛДЕГІ ЖАҚСЫЗ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада тілдік жүйедегі жақсыз сөйлемдердің синтаксистік құрылымы мен алатын орнына талдау жасалады. Сондай-ақ, олардың тұлғалық құрылымын айқындау арқылы өзіндік ерекшеліктері жинақталып беріледі. Жақсыз сөйлемдердің даму, қалыптасу жолдары зерделенеді. Нәтижесінде жақсыз сөйлем құрылымдарының тілдік табиғаты сипатталып, олардың тіл-сөйлеу жүйесіндегі орны айқындалады.

Негізгі сөздер: *жақты-жақсыздық категориясы, жақсыз сөйлем, бір құрамды сөйлем, сөйлемнің тұлғалық құрылымы, субьект, предикат.*

КІРІСПЕ

Жақ категориясы қимыл иесінің айтушыға қатысын білдіріп, негізінен жіктеу есімдіктері ұғымымен тығыз байланысты болып келеді. Синтаксистік деңгейде жақ категориясы сөйлем құрылымында субьект пен предикаттың байланысын айқындап, қимыл иесінің айтушыға қарым-қатынасын түрлі деңгейде білдіреді. Сондықтан тілдік жүйеде синтаксистік жақты-жақсыздық категориясының алатын орны ерекше. Бұл сөйлем құрылымында субьектінің болмыстағы обьектіге қатынасы арқылы көрінетін семантикалық-синтаксистік категория. Осы тұрғыдан жақты-жақсыздық категориясы – құрамындағы жақты сөйлемдердің белгілі бір жаққа қатысты болып келуінен, ал жақсыз сөйлемдердің дербес бір жағы, субьектісі болмауынан көрінетін қарама-қарсылықтан тұрады.

Ендігі мәселе тілде өзіндік ерекше белгілерімен сипатталатын жақсыз сөйлем құрылымдарына қатысты болады. Жалпы тілтанымда жақсыз сөйлемдерге қатысты тұжырымдардың барлығы да негізінен жақты сөйлемдерге қарсы қойылып сипатталатыны белгілі. Қазіргі түркологиялық зерттеулер түркі тілдерінде жақсыз етістіктердің болмауына қарамастан жақсыз сөйлемдердің грамматикада өзіндік алатын орны бар екендігін көрсетеді. Түркітануда жақсыз сөйлемдерге берілген анықтамаларға салыстырмалы талдау жасайтын болсақ, олардың арасында пікір қайшылығы жоқ. Яғни бұл зерттеулерде жақсыз сөйлемге тән белгілер қатарында біркелкі ерекшеліктер сипатталады. Сондай-ақ, олар ортақ белгілері негізінде әр тілдің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты зерттеу бағытын айқындап отыр. Түркі тілдерінде жақсыз сөйлемдердің жоқ екендігін дәлелдеп көрсетуге тырысқан ғалымдардың зерттеулерінде жақсыз сөйлемді ажырату межесі жақсыз етістіктермен байланысты қарастырылады. Осы тұрғыдан келгенде, түркітанудағы бастапқы зерттеулерде жақсыз сөйлемдердің болмауы оқиғаны ешбір бөлшектемей, оны тек тұтас атайтын нөлдік предикацияны білдіретін етістіктің болмауымен сабақтастырылады. Дегенмен түркітанудағы жиырмасыншы ғасырдың елуінші жылдарынан кейінгі бұл бағыттағы зерттеулер нәтижесі түркі тілдерінде жақсыз сөйлем типтерінің бар екендігін дәлелдеп, оның ерекше белгілерін айқындап қана қоймай, олардың бір құрамды сөйлем түрлері қатарында орын алатындығын көрсетіп отыр. Айталық, грамматикалық құрылымында тек бір бас мүше –

баяндауыштың болуы, бастауыштың қажет болмауы, субьектінің логикалық ыңғайда келуі тәрізді жақсыз сөйлемге тән белгілер түркі тілдеріндегі жақсыз сөйлем құрылымдарының басты ерекшеліктері болып табылады.

Жақсыз сөйлем құрылымдарының қазақ тіл білімінде зерттелу жайына талдау жасайтын болсақ, тілімізде сөйлемнің бұл түрін арнайы қарастырған ғалым Ғ.Мадинаның пікірінше, «Субьекті грамматикалық бастауыш арқылы берілмеген, оны баяндауыш формасы арқылы табуға болмайтын сөйлем түрі жақсыз сөйлем» [1]. Тілде жақсыз сөйлемдердің белгілері де сипатталады: «1) грамматикалық бастауышы мүлде болмайды, яғни құрылысы жағынан тек қана бір тұрлаулы мүшеден – баяндауыштан тұрады; 2) іс иесі ілік не барыс септігінің тұлғасында болып, сөйлемде анықтауыштың не толықтауыштың қызметін атқарады; 3) баяндауышы негізінде күрделі болады және арнаулы формалар арқылы жасалады» [2]. М.Балақаевтың пікірінше, «...бастауышы жоқ, оның орны жоқталмайтын, айтылған іс-әрекет баяндауыш арқылы үш жаққа бірдей ортақ ұғымда жұмсалатын сөйлемдер жақсыз сөйлемдер болады» [3]. Қазақ тіліндегі жақсыз сөйлемдердің табиғатына қатысты кейінгі зерттеулерде де берілетін анықтамалар осы сипатта болып келеді. Бұлардың қайсысында болмасын бұл сөйлем түріне тән ерекшеліктер толық қамтылып отырмағанын байқау қиын емес. Айталық, жоғарыда келтірілген анықтамаларда «грамматикалық бастауышы жоқ, оны табуға болмайтын» тұжырымға орайлас келетін жақсыз сөйлемнің бір ғана бас мүшесі – баяндауыштың болуы – тек бұл сөйлем түріне ғана емес, белгілі, белгісіз, жалпылама жақты сөйлемдердің барлығына тән сипат болады. Сонымен қатар, «бастауыш, грамматикалық субьектісі болмайтын» деген пікір де айқындықты қажет ететін тәрізді. Себебі белгілі бір жағдайда бас мүшесі табиғат құбылыстарын сипаттайтын сөйлемдер қатарында, не болмаса, бас мүшесі сапалық сын есімдер болып келетін жақсыз сөйлемдердің табиғаты грамматикалық бастауышты қабылдап алатын жайттары жиі орын алады. Бұған тілдегі «Астанада тұрғым келеді» деген сөйлемді «Мен Астанада тұрғым келеді», немесе «Астанада тұруым керек» сөйлемін «Мен Астанада тұруым керек» деген тәрізді тұлғаларда түрлендіріп, қолдану үрдісі қазіргі тілдік жүйеде кең қолданыс тауып отырғаны белгілі. Тілде бұндай сөйлемдер бір құрамды жақсыз, не қос құрамды жақты құрылымдар қатарында қаралып келеді. Осы тұрғыдан келгенде, мағыналық жағынан бірдей сөйлемдердің екі түрлі синтаксистік құрылымда көрініс табуының қатысымдық қызметке де белгілі дәрежеде әсері болатындығын ескеру қажет. Дегенмен, тілдік тәжірибе жақсыз сөйлемдердің барлығы бірдей субьектіні «жандандыруға» көне бермейтінін көрсетіп отыр. Бұл жақсыз сөйлемдердің табиғаты бір құрамды сөйлемнің басқа түрлерімен салыстырғанда әлдеқайда күрделі болатындығын аңғартады. Бұны аталған сөйлем түрлерін іштей ажырату кезінде де туындайтын мәселелерге қатысты тарқатуға болады.

Тілде жақсыз сөйлемдер субьектінің қатысын білдіру тұрғысынан өзіндік сипатымен ерекшеленеді, кейін бұлардың барлығы да жақсыз сөйлемдердің жасалу жолдарын талдап көрсетуге негіз болды. Енді осыларға қысқаша тоқталатын болсақ, бірқатар жақсыз сөйлемдерде логикалық субьект іс-әрекет иесі ретінде ілік, барыс септік тұлғаларында келеді (Мысалы: Оған сабаққа бару керек). Жақсыз құрылымдардың енді бір тобында субьект нақты бір сөзбен берілмеуі мүмкін. Яғни, субьектінің нақтылығы, қажеттілігі байқалмайды. Бұл жағдайларда субьектіні контекстен іздеп табу мүмкіндігі қашан да сақталады. Кейбір жақсыз сөйлемдер ешбір жаққа қатыссыз, іс-әрекетті өзі орындалғандай қылып көрсетуі мүмкін, бұл

жағдайда ырықсыз етіс тұлғаларының қызметіне айрықша назар аудару қажет. Бұл формалар белгілі жақты сөйлем құрамындағы обьектіні өзекті қылу арқылы жақсыз сөйлемдерге айналдырады. Сондықтан бұндай сөйлемдердің грамматикалық бастауышы қызметін кей жағдайда обьект те атқарады.

Сөйлемнің мағынасы мен грамматикалық құрылымы өзара тығыз байланысты болуы басты шарт болса, тілдегі жақсыз сөйлемдер де дербес тілдік бірлік ретінде бұл талапқа толық сәйкес келеді. Қос құрамды және бір құрамды жақты сөйлемдер тура субьектілі болса, жақсыз сөйлемдер жанама субьектілі және субьектісіз болып келеді. Бұдан шығатын қорытынды, жақсыз сөйлемдер жақтық мәні құрылымындағы ілік, барыс септікті сөздерден байқалатын не мүлде көрінбейтін, грамматикалық бастауышы жоқ, оны енгізуді қажет етпейтін бір құрамды сөйлем түрі болып табылады.

Тілде жақсыз сөйлем құрылымдарының бас мүшелері ерекше назар аударуды қажет етеді. Өйткені бұндай сөйлемдердің бас мүшелері қашан да күрделі құрамда келетіні белгілі, сондықтан да практикалық талдаулар жүргізген кезде жақсыз сөйлемдерді бас мүшелерінің жасалу жолдарына қарай іштей топтастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Қазақ тіл білімінде жақсыз сөйлемдердің типтерін сипаттау барысында осы ұстаным орныққанымен, көп жағдайларда күрделі бас мүшенің негізінен гөрі модальдік мағына туғызатын тұлғалар басты назарда болған. Сондықтан кейбір тұлғаладың әлденеше рет қайталанып келу деректері жиі көрініс тауып отырған. Біздің пайымдауымызша, жақсыз сөйлемдердің бас мүшелерінің жасалу тәсілдерін айқындауда сол бас мүшенің негізгі сөзін жіті назарда ұстап, сол жүйе бойынша топтастырған дұрыс. Өйткені, жақсыз сөйлем бас мүшесінің басты белгісі – оның бірінен кейін екіншісі тіркесіп келген, бірі негізгі, екіншісі жанама предикаттық ыңғайда құрылуы болып отыр. Бұл қос предикаттың біріншісі жақты сөйлемнің баяндауышы іспетті ыңғайда болса, екіншісі сол сөйлемді жақсыздандыру мақсатында пайдаланылатын қосалқы баяндауыш қызметін атқарады. Мысалы: Менің анама бара кеткім келді (Д.И.). Бұл тұлғасына қарай жақсыз сөйлем, оның жақты тұлғасы «Мен анама бара кетемін» екені даусыз, тұлғасына қарай ашық райдың ауыспалы келер шақты білдіретін бірінші жақтық баяндауыш арқылы жасалған. Бұл сөйлемді сөйлеушінің субьективті көзқарасын білдіретіндей модальділік мәнде беру үшін баяндауыш құрылымына «кел» көмекші етістігін тіркеудің маңызы зор. Ол бұрынғы негізгі баяндауышты қимыл есіміне айналып, тәуелденуге ықпалын тигізеді, нәтижесінде ол бастауыштың ілік септік тұлғасында келуіне жағдай жасайды. Осылай бұрынғы баяндауыш тәуелдік жалғаулы қимыл есіміне ауысуына байланысты субъективтік модальдік мағынадағы күрделі баяндауыштың негізгі сөзіне айналып кетеді. Ал бастауыш ілік септік тұлғасында келіп, сөйлемнің анықтауыш мүшесінің қызметіне ауысады. Бұндай трансформацияға қарамастан, сөйлем құрылымында мағыналық тұрғыдан субьект пен предикат арасындағы қатынас жойылмайды. Сондықтан тек формальды тұрғыдан келгенде, сөйлем құрылымында грамматикалық бастауыштың орын алмауы бұл сөйлемді жақсыз деп тануға мүмкіндік беріп отыр. Яғни бұдан сөйлемнің модальдік құрылымын өзгерту арқылы оның тұлғалық құрылымын да өзгеріске түсіруге болатындығын байқаймыз, бұның өзі сөйлемдегі баяндауыш тұлғасының да күрделі құрамда келуіне мүмкіндік туғызады.

Жалпы алғанда, тілдегі жақсыз сөйлемдердің ерекшеліктері мен олардың бас мүшелерінің жасалу жолдарына қатысты талдау барысы мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді: біріншіден, жақсыз сөйлемдердің бас мүшелері модальдік

мәнді сөздермен тіркесіп келеді де, негізінен сөйлеушінің субьективті көзқарасын білдіру мақсатын көздейді, құрамы күрделі болады. Бұндай құрылымдарда барыс, ілік септікті сөздер сөйлемнің логикалық субьектісі функциясын атқарады. Кейде сөйлемнің коммуникативтік талабына орай субьектіні мүлде қажет етпеуі де мүмкін. Бұл белгілер тілдік жүйеде жақсыз сөйлемдерді мағыналық құрылымына қарай жанама субьектілі, субьектісіз тәрізді жеке типтерге жіктеуге ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

1 Мадина Ғ. Қазіргі қазақ тіліндегі жақсыз сөйлемдер. –Алматы, 1959. –72 б.
2 Әбілқаев А. Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлем түрлері. –Алматы: ҚазМемОПБ, 1963. –58 б.
3 Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. –Алматы: Ана тілі, 1992. –248 б.

Резюме

В статье рассматривается синтаксическая структура и место безличных предложений в языковой системе. Указаны особенности и факторы, определяющие организацию типов безличных предложений. А также выявлены характер, пути и направления развития данных типов конструкции. В результате определена языковая природа безличных предложений, выявлена тенденция их развития от речи к языковой системе.

Summary

In the article a syntactic structure and place of impersonal suggestions are examined in the language system. Features are indicated and factors, qualificatory organization of types of impersonal suggestions. And also character, ways and directions of development of these types of construction, is educed. Language nature of impersonal suggestions is certain as a result, a their progress trend is educed from speech to the language system.

Қабылданған күні 04.10.2014 ж

УДК 347.782

Э.М.Жумабаева
Атырауский государственный университет имени Х.Досмухамедова
Республика Казахстан, 060011, г.Атырау, пр.Студенческий,212
E-mail: elmira_zhumabayeva@hotmail.com

БАЛЕТ В КАРТИНАХ ХУДОЖНИКОВ КОНЦА XIX–НАЧАЛА XX ВЕКА З.СЕРЕБРЯКОВОЙ, ТУЛУЗА-ЛОТРЕКА, Э.ДЕГА, К.СОМОВА

Аннотация

На примерах различных произведений З.Серебряковой, К.Сомова, Тулуза-Лотрека и Э.Дега анализируются формы взаимосвязи балета и живописи, отразившихся в духовно-психологических, эстетических, ассоциативных и визуальных гранях. Использован уникальный материал, находящийся в зарубежных и отечественных частных, отчасти музейных собраниях.

Ключевые слова: *танец, «Мир искусства», балет, художественный образ, интерпретация, импрессионизм, постимпрессионизм, З.Серебрякова, К.Сомов, Тулуз-Лотрек, Э.Дега.*

ВВЕДЕНИЕ

Данная статья представляет собой попытку обрисовать в основных идейно-стилистических тенденциях образы балета в художественном творчестве четырех ярких мастеров рубежа XIX – XX вв. З.Серебряковой, К. Сомова, Тулуза-Лотрека и Э.Дега. Имеются в виду, главным образом, те творческие явления, в которых обнаружилось нечто принципиально новое, вызванное существенными потребностями времени (подразумеваются многообразные поиски, в том числе и односторонние, порой противоречивые, но внесшие заметный вклад в хореографическую культуру XX в.). «Балету предстоит, по-моему, огромная будущность, но разумеется не в том виде, в котором он существует теперь. Надо дать балету окраску современности, сделать его выразителем наших жизненных, утонченных, болезненных чувств, ощущений и чаяний!.. То неясное, невыразимое, неуловимое, что пытается выразить теперешняя литература, подчиняясь кризисным потребностям современного духа, должно найти и найдет, по всей вероятности, свое существование в балете, как и во всякой другой области искусства такого же условного и смутного характера» [1].

Эти слова К. Сомова довольно точно определяют характер его отношения к эпохе. Данные потребности, а точнее – новое ощущение жизни и искусства, заставляют художников и вместе, и независимо друг от друга искать и создавать новые средства. З.Серебрякова и К.Сомов входили в объединение «Мир искусства», Тулуз-Лотрек входил в «Постимпрессионизм», Э.Дега в объединение «Импрессионизм». Тема танца в изобразительном искусстве конца XIX – начала XX в. Пережила новый, интересный и перспективный этап развития. Можно сказать, что она выросла и выкристаллизовалась в совершенно особую и необычно широкую область, прямо или косвенно влияющую на творческий опыт большинства мастеров искусства. Балет пытался ввести другие искусства в форму художественно-образного обоснования своих идей. В образах танца были закреплены общие пластические идеи эпохи. Таким образом, анализ творческого развития балетной темы на рубеже веков вскрывает тесную зависимость художника от общественной и художественной ситуации самого балета.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Глубокие социально-исторические перемены в области хореографии определили новый взгляд авторов, продиктовали изобразительное решение образов танца, изменение композиции и сюжета. В связи с этим в большинстве случаев произведения на балетную тему рассматриваемого периода – не только результат логического мышления художников, но и следствие их интуитивного прозрения и эстетического вкуса [2]. «Мирискусники», «импрессионисты», «постимпрессионисты» искали в поэтических образах танца созвучие собственной эстетической культуре. Так, отмечается внутреннее родство модерна в живописи и графике с эстетикой балета рубежа XIX – XX вв. как проявление стилевой общности, присущей эпохе.Тщательное изучение изданий о художниках, газетных и журнальных статей, отзывов, каталогов выставок из музейных зарубежных и отечественных собраний, а также непосредственное знакомство с произведениями.

З. Серебряковой, К.Сомова, Тулуза-Лотрека и Э.Дега, показывают самобытность их поисков в интерпретации темы танца. Пристрастие к театральности явно ощущается в работах этих художников. «Первое же сильное театральное впечатление Сомова связано с балетом – трехлетним ребенком он увидел забытый ныне исторический балет "Камарго", представленный в тяжелом "Лукеизном" убранстве, и воображение его было поражено надолго», – свидетельствует С.Эрнст [3]. В творчестве четырех художников работы с балетным сюжетом можно выделить в отдельные, не совсем аналогичные группы. И у каждого из них мы можем четко увидеть собственную интерпретацию и художественный взгляд на балет.

Попытаемся отыскать общее и особенное в образах танца, рассматривая творчество этих мастеров параллельно. Сначала обратимся к зарисовкам русской художницы, графика, одной из первых женщин, вошедших в историю живописи. Зинаида Евгеньевна Серебрякова родилась в 1884, умерла в 1967 в возрасте 82 лет. Она родилась в одной из наиболее прославленных искусством семей Бенуа-Лансере. Ее дед Николай Бенуа был знаменитым архитектором, отец Евгений Лансере (1848-1886)-известным скульптором, а мать Екатерина Николаевна (1850-1933), сестра Александра Бенуа, в молодости была художником-графиком. Британский актер Питер Устинов – тоже родственник Зинаиды Серебряковой. Серебрякова удивительная художница, со своим стилем и большой работоспособностью. Из ее живописных работ легко создают целые тематические серии – пейзажи, картины с обнаженной натурой, балетная тема, портреты. Балет и сцены танцев писали и пишут по сей день многие художники, но каждый это делает в своем стиле. Зинаида Серебрякова не писала сцены балетного действа, как это характерно для Э. Дега или К. А. Сомова. *«Я не думала никогда о «стиле» моих вещей, но думаю, что увлеченье мое безмерное великими мастерами имело, конечно, влияние на меня.» Серебрякова З.Е. Современники не понимают почти никогда, что настоящее искусство не может быть «модным» или «не модным», и требуют от художника постоянного «обновления», а по-моему, художник должен оставаться самим собой!* [4].

Ее картины посвящены жизни примерочных и балетных уборных в относительно спокойные минуты, предшествующие спектаклю, когда актрисы кордебалета одеваются, гримируются, тихо переговариваясь, или повторяют «па». Редко она изображает группы танцовщиц у кулис, ждущих своей очереди выхода на сцену. Ее волнует сама атмосфера возникновения праздника, когда уходит будничность, а молоденькие актрисы внутренне и с помощью костюма, грима постепенно преображаются в сценические образы лебедей, снежинок, сильфид… Так появились композиции, посвященные отдельным спектаклям с участием балерин разных возрастных групп: «В балетной уборной («Большие балерины». Балет Ц. Пуни «Дочь Фараона»)» (1922), «Балетная уборная. Снежинки (Балет П. И. Чайковского «Щелкунчик»)» (1923), «Снежинки (Балет П. И. Чайковского «Щелкунчик»)» (1923), «В балетной уборной (Балет П.И. Чайковского «Лебединое озеро»)» (1924), «Балетная уборная (Балет П. И. Чайковского «Лебединое зеро»).



Рисунок 1 – «Девочки-сильфиды (Балет «Шопениана»)», 1924

Первая картина интересующаяся нас в связи с балетным искусством, это (Рисунок 1) –«Девочки-сильфиды (Балет «Шопениана»)»1924.Итак – кусочек из других источников о ее балетных работах «Не известен повод для появления этой темы – был ли это вначале чей-либо заказ или увлечение под воздействием соседей, завзятых балетоманов Д. Д. Бушена и С. Р. Эрнста, а также то, что старшая из девочек, Тата (Дочь Зинаиды Татьяна), с зимы 1921 года начала профессионально заниматься балетом. Уже в январе 1922 года Екатерина Николаевна сообщала сыну: «Вообще в эту зиму мы окунулись в балетный мир. Зина рисует балерин раза три в неделю, кто-нибудь из молодых балерин ей позирует … и два раза в неделю Зина ходит с альбомом за кулисы зарисовывать балетные типы». Как правило, свои зарисовки художница делала в театральных уборных в два дня балетных спектаклей в Академическом театре оперы и балета, а затем в мастерской работала над композициями, часто на себе проверяя позы своих героинь.»

Знаменитый и самый дорогой из российских художников Константин Андреевич Сомов (1869 – 1939) родился в семье историка искусства и художника Андрея Ивановича Сомова, который до конца своей жизни служил старшим хранителем Эрмитажа. Очень быстро, впитав в себя новые веяния европейской живописи, Константин Сомов стал вектором того направления в русском изобразительном искусстве, которое задал открытый Дягилевым, Философовым, Бакстом и, собственно, самим Сомовым журнал «Мир искусства». И на протяжении всей своей жизни создает собственный, особый мир, где среди парадных портретов, архитектурных композиций, мира рококо, костюмированных балов, нашлось место в его творчестве и балетным композициям, которые бесспорно, как и тогда, так и сейчас вызывают огромный интерес не просто у коллекционеров, но и просто больших любителей высокого искусства (Рисунок 2).



Рисунок 2 - «Русский балет», 1930

Бенуа вообще называл Сомова «создателем идиллического стиля минувшей жизни». К.Сомова «Репетиция балерины»(1909, ГРМ), «Танцовщица А.Павлова в балете "Арлекинада"» (1909, ГРМ), «Танцовщица. Набросок для костюма А. Павловой» (ГРМ) и др., которые по своему характеру перекликаются с набросками французского художника Ж.Фрагонара, хотя и несут в себе индивидуальные художественные задачи. У Сомова – графические рисунки, театрализованные мотивы с явными элементами пластических категорий танца и станковые картины с изображением «Русского балета». Жест у Сомова раскрывает самые потаенные глубины, вызывает сокровенные мысли. Действие на картинах Сомова нельзя выразить словами – в этом состоит их аналогия с балетом. Примером тому являются работы «Маскарадная сцена. Набросок композиции», «Амур и дама в маске», «Маскарад» (1914), «Маркиза и Амур», «Дама и музицирующий кавалер» (1896), «Дама, кавалер и Амур» (все –ГМИИ), «Арлекин и Дама. Вариант композиции» (1912, ГРМ), «Арлекин и Дама» (1912, ГТГ), «Язычок Коломбины» (1913, ГРМ), «Пьеро и Дама» (1910, ОХМ), «Маскарад» (НОКГ), «Фейерверк» (1912, музей-квартира И. Бродского) и др. В самих этих картинах, отличающихся слайдовой цветностью, властвует стихия театрального диалога, отражающая внутренний ритм окружающей жизни.

Розовые, желтые, голубые, зеленые… в такой цветовой гамме видел балерин знаменитый французский художник Эдгар-Жермен-Илер Де Га (Edgar Degas) или просто Эдгар Дега. Однако он крайне редко изображал балерин, танцующих на сцене, его мир был за кулисами танцкласса и на балетных репетициях.



Рисунок 3 - «Голубые танцовщицы», 1898

Дега можно назвать летописцем танца, летописцетого, каким трудом создается то, что потом так восхищает нас на сцене театра. (Рисунок 3)- «Голубые танцовщицы» считаются настоящим шедевром, они также принадлежат к тому периоду творчества Дега, когда он изображал полуобнаженные фигуры балерин, освещенные резким светом. На этой картине показан уже закончившийся спектакль, окончание театрального действа. Луч театрального прожектора на миг выхватывает из темноты фигуры балерин, свет оживляет рисунок, заставляя фигуры двигаться. Примечательно, что Дега не окрашивает воздух светом, все действо у него заключено в особую среду театральной сцены. Эдгар Дега рисовал танцовщиц и балерин почти всю свою жизнь, поэтому до сих пор на аукционах живописи продолжают появляться его неизвестные работы, которые пользуются неизменным спросом. В России работы Дега можно увидеть в Музее изящных искусств имени Пушкина и в Эрмитаже. Очень интересный художник и до конца еще неразгаданный. Эдгар Дега родился 19 июня 1834 года в Париже, в дворянской семье. После окончания общеобразовательной школы занялся изучением юриспруденции, но знакомство с художником Энгром внесло коррективы в его планы и он решил стать живописцем. Театр появляется в жизни Дега 1867 году, когда он сближается с музыкантом Дезире Диго, а затем знакомится с рядом других артистов Оперы. Наблюдения, сделанные им на спектаклях, репетициях, в артистических уборных, фойе, легли в основу многих картин и зарисовок. Дега великолепно знал балетные все «па» – он изучал их очень старательно, зарисовывал и потом делал уже свои более серьезные картины. В конце жизни художник ослеп, но тему танца и балета продолжил уже в скульптуре…*Пастель, уголь у Дега "живут" и подчиняются таким извилинам воли, таким прихотям вкуса (чудесной прихотью наполнено все искусство Дега) какие не смогут определить и самые хитроумные анализы. Разглядывать рисунки Дега — это одно из величайших наслаждений, это одно из самых чудесных приобщений к красоте* [5].

При близости Дега и Серебряковой, с их влюбленностью в форму, мотив «голубых танцовщиц» дает возможность почувствовать различие двух мастеров. Французского импрессиониста прежде всего волнует красота форм человеческих тел и их пластическое взаимодействие в танце («Голубые танцовщицы», ок. 1899), а русскую художницу из рода Бенуа – сама- насыщенная, суггестивная атмосфера театрального спектакля («Голубые балерины», 1922). Серебрякова мастерски извлекает все возможности из любимых масляных красок и пастели. Последняя позволяет ей «разыгрывать» тонкие цветовые гармонии, передавать «сгущенный» воздух театра – «Снежинки (Балет П. И. Чайковского «Щелкунчик», 1923).



Рисунок 4 - «Балетная сцена», 1886

Первые поиски балетного образа у Тулуза –Лотрека относятся к 1885 г., когда на выставках появилась картина «Театр оперы и балета». Французский живописец и график Анри Тулуз-Лотрек родился в 1864, умер в 1901 в возрасте 36 лет. Он родился в древнем аристократическом роду, в силу врожденной болезни он рос слабым, физически неполноценным, вырос калекой и карликом. Что, с одной стороны, вкупе с необходимостью много быть на свежем воздухе и наклонностью к рисованию, подталкивало его к проведению времени за изображением окружающего мира, а, с другой стороны, существенно повлияло на «попадание в сети» борделей и прочих вечерне-ночных злачных заведений Парижа.

Сам Анри написал однажды: *«Не думаю, что я когда-либо занялся живописью, если бы мои ноги были длиннее». Возможно все из-за тех же ног излюбленной темой его детства были лошади, а одной из важных тем молодости – разгульные танцы – то есть именно то, что было для него всегда недоступно. Невозможность жить, как все, повлияло и на его манеру изображать действительность, на эмоции, к которым подталкивает он нас в своих картинах: яркость красок сочетается с уродством, гармония линий и света – с гротеском и иронией* [6].



Рисунок 5 – «Балет папаши Хризантемы», 1892

Первая картина, интересующая нас в связи с искусством танца, это (Рисунок 4) – «Балетная сцена»1886 г. Тулуз-Лотрек был поклонником Дега, что отчетливо подтверждается этой картиной. Лотрек подражает здесь манере Дега изображать танцовщиц и сценическое действо. Он был завсегдатаем злачных развлекательных кабаре, водевилей, но не балетного театра или школы, поэтому он значительно опирается на впечатления Дега. «Балет папаши Хризантемы» (Рисунок 5), был оригинальным номером в «Новом цирке». Арена была заполнена водой для имитации озера, там двигались танцовщицы в прозрачных одеждах. Номер возник под воздействием моды на японский стиль и на танцы Лой Фюллер (идейная последовательница танцев Айседоры Дункан). А на картине нам как раз и представлена такая одежда с развевающимися фалдами, создающие ощущение полета. Самые интересная часть костюма – огромные рукава-паруса, разлетающиеся, как волшебные крылья.

Хореография – это один из немногих видов искусства, где исполнителю великолепных «па», представляется возможность, одновременно передать зрителю и «сопереживание и сотворчество». Понимая это, художник стимулирует зрительскую активность посредством своего технического и исполнительского мастерства, намечая лишь основные контуры психологического состояния героев с помощью различной динамики линий и штриха, полагаясь в основном на воображение зрителя.

ВЫВОДЫ

Итак, в творчестве З.Серебряковой, К.Сомова, Тулуза-Лотрека и Э.Дега проявился особый интерес к ассоциативно воспринимаемому миру танца, самой его сути, энергии, эстетическому и даже философскому его осмыслению. Так, достаточно бывает слегка изменить угол зрения, чтобы вызвать столь характерный для ретроспективного стиля рубежа XIX – XX вв. «сдвиг реальности». Перевоплощение в руках мастера, виртуозно передающий «па» посредством игры

линий и красок, трансформация, происходящая с балетным образом во времени, очень интересна и показательна. Она наглядно демонстрирует, как изменяется самочеловеческое восприятие. Никогда прежде тема танца не обладала столь магнитически-проникающей способностью «рентгеновского просвечивания» эпохи, столь выразительным языком, позволявшим живописи открыть прямой доступ к постижению законов искусства и бытия; зримо представить действие этих законов через изображение, психологию, мироощущение. Отстранение во времени давало творческому методу художников необходимую дистанцию, с которой можно было судить о современности через метафору, символ, ассоциацию, иносказание. Привычная действительность была отодвинута от глаз и увидена издалека, с внушительного расстояния, с неожиданной стороны. Художники стремились к переосмыслению, реконструированию, воссозданию прошедших эпох в их собственных, осязаемых, видимых образах, у них был свой путь в мир театра, и, конечно, это был путь поэтов и мечтателей.

Список литературы

1 Портнова Т.В. Образы балета в русском изобразительном искусстве конца XIX – начала XX века: Автореф. Дис… канд. Искуст. Наук. –Москва, 2004.-10 с.
2 Портнова Т.В. Танец К.Сомова и С.Судейкина в художественно-образной природе ретроспективизма (общее и особенное): матер. междунар. конф.,Лутраки,Греция-Москва, 2011 – С.67-72.
3Эрнст С.Р., СомовК.А. Санкт-Петербург,Общ. Св. Евгении, 1918. -116 с.
4 Серебрякова З.Е. Биография. История жизни великих людей. [Электрон. Ресурс].-2009. http://www.artscroll.ru/page.php:// (дата обращения: 26.031.2015).
5 Бенуа А.Н. Мир балета Эдгар Дега».- Выставка Дега. [Электрон. Ресурс].- http://www.liveinternet.ru/users/4468278/post200691564/ - (дата обращения: 22.01.2015).
6 Перрюшо А. Жизнь Тулуз-Лотрека. Перевод с французского, Москва «Радуга», 1991. –32 с.

Түйіндеме

Серебрякова, К.Сомова, Тулуз-Лтрек және С.Э.Деганың әр түрлі мысалдағы шығармаларында балет пен кескіндеме байланыс түрлері рухани психолгиялық, эстетикалық ассоциативтік және визуалдық қырынан айқындалып көрсетілген. Шетелдік және және отандық жеке мұражай жинақтарында сақталған материал пайдаланылған.

Summary

Different forms of ballet and art correlations reflected in spiritual and psychological, aesthetic, associational and visual verges, are analyzed on the samples of paintings by Z.Serebryakova, K.Somov, Taulouse-Latrec and E.Dega. Some unique materials from foreign, local and private Russian museums and private collections has been used.

Дата приема 18.10.2014 г

ӘОЖ 82-32

Қ.Ө.Жүсіп[1], Г.Б.Исмурзина[2]
[1]Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
[2]«Өрлеу» БАҰО» Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының филиалы
gulnar_ismurzina65@mail.ru

ЖАҚАНОВТЫҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада І.Жақанов әңгімелерінен «Махаббат вальсі» атты шығармасы туралы талданады. Қаламгердің әңгімені жазу таланты, ән, музыка тағдырына байланысты көтерген өзекті мәселелері әңгіме болады. Шынайы талантқа тағзым жасай отырып, шығарма өз оқырманын рухани биікке көтереді.

Негізгі сөздер: *Ілия Жақанов, әңгіме, новелла, музыка өнері, кейіпкер, жазушы, композитор*

Ілия Жақановтың новеллалары «Жазушы» баспасынан 1983 жылы жарық көрген «Махаббат вальсі» атты повестер мен новеллалар жинағында жарияланыпты. Бұл жинақтағы «Қош бол, вальс», «Қайта оралған ән» атты екі повесінен басқа, «Махаббат вальсі», «Жас қазақ», «Екі жирен», «Өзгеге көңілім тоярсың», «Қазақ вальсі», «Мәдидің әні», «Смет», «Кертолғау», «Қобыз», «Шулайды шудың қамысы», «Опера осылай туған», «Көзімнің қарасы», «Ақылбайдың әні» атты 13 новелласы енген.

Өздерінің аттарынан көрініп отырғандай, бәрі музыка өнерімен байланысты. Барлығында да халық әндеріне немесе осы заманда туған әндерге байланысты. Әдебиет және өнер адамдарының бұл өнер саласына деген құштарлығы, ерекше құрметі, шын беріле атқарған жұмыстары баяндалады. Әннің тағдыры, оның адам өміріндегі алатын орны, әр дүниеге келген туындының әншілердің орындауындағы ғажап шеберлігі және әр әншінің ән орындаудағы ерекшелігі, өзіндік қолтаңбасы көрсетіледі. Сонымен әр музыкалық туындыны дүниеге келтірудегі қиындықтары сөз болады.Өнерімен бірге әр новеллада кейіпкерлердің бейнелері анықталады.

«Әдебиеттегі терминдер сөздігінде» новелла туралы былай деген:

«Новелла (итал.novella) – көлемі жағынан әңгімеге теңдес прозалық шығарма, кейде, өлеңмен жазылады. Новелланың әңгімеден айырмасы – онда әдеттегіден тыс, өзгеше жағдай, ғажайып оқиға баяндалады. Оқиға желісі таң қаларлықтай қызықты етіп өріледі және тосын, күтпеген жерден аяқталады. Батыс әдебиетінде Дж. Бокаччо, П. Мериме, Г. Мопассан, орыс әдебиетінде Гоголь, А. Чехов новеллалары – осы жанрдағы үздік туындылар. Қазақ әдебиетінде новелла жазу дәстүрі С. Ерубаевтан басталады.» (Әдебиеттану терминдер сөздігі, Алматы: Ана тілі, 1998, 242-243бб.)

Ал ғалым З. Қабдолов новелла туралы былай дейді: «Біз новелланы эпостың шағын түріндегі даму сырларын қатерге алғандықтан ғана атап отырмыз. Әйтпесе, новелла біздің дәуірімізде көркем әңгімемен ұласып, екеуінің ара жіктері жойылып бара жатыр. Әдебиет білімпаздарының бірқатары тіпті бұл екеуінің бір – бірінен айыра қарауға қарсы, екеуін бір нәрсе деп түсіндіреді... Айтса- айтпаса да әңгіме новелладан кейінірек туған ұғым болғанмен екеуінің табиғаты бір екені даусыз» (Қабдолов З. Сөз өнері, Алматы: Санат, 2002, 304б.). Осы айтылғанға қарап біз бұл

новеллаларды әңгімелер деп те қарастыра береміз. Сол новелла – әңгімелердің бірі «Махаббат вальсі». Бұл шығарма халықтың сүйікті әніне арналған. Той – томалақтарда айтып, сахнадан көңіл шалқытып тыңдайтын ән туралы әркім жанын жылытар күймен шертеді. Сондай әннің бірі – «Махаббат вальсі». Бұл – композитор Бекен Жамақаевтың әні.

Таң атқанда гүл бағын суарамын,
Күнде ертемен өзеннен су аламын.
Алтын сәуле көремін сол бір шақта,
Сенің нұрың болар деп қуанамын.

Жаным деп маған үн қатқан,
Жүрекпен сүйіп ұнатқан.
Бақытым менің,
Таппаспын теңін –
Махаббат гүл атқан.

Ақын Нұтфолла Шәкеновтің сөзі мен әннің сазы үндестік тапқандай. Осындай халықтың сүйікті әніне айналған «Махаббат вальсі» хақында жазған Ілия Жақановтың осы ән аттас «Махаббат вальсі» хикаясын әр оқырман сүйсіне оқитындығы сөзсіз.

Жазушы бұл көркем жазбасын «новелла» деп атапты.

Новелла ән туралы ғана емес, композитор тағдыры жайлы мәселе қозғаған. Мұнда басты кейіпкер композитор Бекен Жамақаев. Өнерпаз жігіт шығарған әнінің тағдырын, сол әнді халық арасына кең таратуды ойлап, сонау Семейден Алматыға келіп, атақты адамдармен кездескен сәттері өте тартымды бейнеленген. Алғаш рет өзі туралы радиодан радиоочерк оқыған қазақтың марғасқа дикторы Әнуарбек Байжанбаевқа жолығып, өзінің жүректен шыққан рахметін айтуға келеді. Осы жерден өзі тұңғыш рет көрген Бекен мен Әнуарбек те өте жақындасып кетеді. Бұл – таланттардың бір- біріне ынтықтаса табысып сырласа пікірлескендері көптеген әсерлі диалогтармен көрсетілген. Осы кездесулерден Әнуарбектің де қандай адам екендігі, оның жарқын бейнесі ашылады.

Бекенмен бірге еріп келген Мәдениет деген жігіт Бекен туралы мынадай толғамды пікір айтады:

«Бекенде әдемі әндер көп. Бұл өзі сондай ұялшақ жан, ұяң. Бірақ мына баянды лыпылдатып тартқанда, менің, нанасыз ба, тілім байланып, үнім шықпай қалады. Адам жанының ажары, көркі ғой ән. Оның парқына жете бермейміз кейде.»

Мәдениет осылайша Бекен туралы бірер ғана детальмен оның таланттылығынан хабар беріп тастаса, Әнуарбекпен әңгіме үстінде Бекеннің өзінің сөзінен оның композиторлық фантазиясының бай екенін байқап қаласыз.

Бұл әңгімеде үш тұлға айқын көрінеді. Әңгіменің басынан аяғына дейін оқырман жүрегін баурап, өзінің адамгершілік, қарапайымдылық бейнесімен көрініс тапқан адам – Әнуарбек. Бұл – қазақтың сөз өнерінде ерекше орны бар тарихи тұлға. Қазақ радиосының дикторы. Халықтың сүйіспеншілігіне бөленген өнер иесі. Бекенмен тұңғыш рет танысып, оның талантты композитор екенін, асқан өнер адамының өсіп келе жатқандығын байқаған ол Бекенді халыққа таныстыра түсу жолында қызмет етеді. Көптен өзінің демалып кететін орны «Просвещене» демалыс үйінің директорымен таныстығын пайдаланып, кеш ұйымдастырады. «Елімізде осындай композитор бар» - деп халыққа жариялайды. Оның «Махаббат вальсі» әнін

Латиф Хамидиге де апарып нотасын берсе, ал Латиф оны Роза Бағлановаңың орындауында таспаға жаздырып, елге таратады.

Әнуарбектің адамгершілік қамқорлығы Бекен сырқаттанып жүргенін білгеннен кейін тіпті арта түседі.

«Бекенжан, келіп қапсың. Демалатын уақытың болса ұялмай айт, бұл өзі бір тыныш, жайлы жер. Осында жиырма жылдан бері демалам. Жазда ешқайда бармаймын да. Алатаудың мынау көк тіреген, саф ауа, көк майса, салқын самал. Ең болмаса екі апта тыныққшы. Демалыс үйінің басшыларымен келісейік. Денсаулығыңды түзеуге де қолайлы. Жат та демал. Әніңді шығар. Көңілің көтеріледі. Қасымда боласың.»

Міне, достыққа дегенде дарқан көңілмен кірісетін Әнуарбек осындай сөз айтады. Оның сөздерінен әсем жылылық есіп тұр.

Әңгімедегі екінші кейіпкер – Мұхтар Әуезов. Жас кезінен Абайдың әндерімен бөленіп өскен Мұхтар музыканы ерекше бағалайтындығы көрінеді.

Халық әндерін де, композиторлардың әндерін де үлкен сүйіспеншілікпен рахаттана тыңдай білетін Мұхтар жаңадан шыққан сәтті әндерге де, талантты жас композиторларға да мән беріп жүретіндігі осы әңгімеде ерекше көрінген.

Ол Бекен Жамақаевтың Алматыда жатқан жерін біліп, әдейі өз аяғымен барып, кездесуді сұрап хат тастап кетуі дегенді қалай бағаласақ екен? Бұл – таланттардың алдында табынып жүретіндігі ұлы Мұхтардың айрықша мінезі болғаны ғой. Бұл болған факт. І. Жақанов әңгімені Әнуарбекке де, Мұхтарға байланысты детальдарды келтіре отырып жазуды жазушының ерекше талантылығын білдіретіні хақ.

Осы айтқандарымызды дәлелдеу үшін әңгімедегі Мұхтардың аузынан Бекенді бағалауына байланысты шыққан сөздеріне назар аудартып, үзінді келтіруді жөн көрдік. Бекеннің түр – тұрпатына, жүдеулігіне ерекше назар аудара отырып айтылған диалогтан бастайық.

«- Денсаулығың қалай, Бекен?» - деді Мұхтар.

- Жақсымын ... Жақсымын, аға, - деді ол жұлып алғандай.

- Әнді көп шығардың ба?

- Жоқ, аз әлі ...

Осы диалогтан кейін Бекеннің өзіне қарата айтқан сөзінің терең мәнділігі композиторға берілген бағадай.

«Сенің әндеріңді тыңдап жүрмін. Әндерің жақсы, Бекен. Өзге – өзгені неғылайын, сені бір ғана «Махаббат вальсі» үшін сыйлауға болады.»

«Осындай тамаша бір вальспен-ақ елге сүйікті болуға әбден болады екен, Валя!»

Ал енді әйелі Валентина Николаевнаның мына бір сөзі Мұхтардың ойын толықтырғандай:

«Өте әсем вальс! Мұхтар Омарханович бұл вальсті жазудан шаршағанда тыңдайды да, сонан соң Ленинградта оқыған кезін айтып, жастық шағын еске алып, рахаттанып отырады. Біз мұны осы жақында ғана радиодан концерт беріліп жатқанда жазып алдық. Өте әсем вальс!»

Әңгімедегі Бекеннің өзінің сырқаттылығын айтқан әңгімесі Мұхтарды ерекше тебірентіп жібергендігі сондай- коспозиторға деген аяушылығы жазушының жан жүрегін қозғағандай болғандығы байқалды.

Мұхтардың Бекенге емделуге көмекке келуге дайын екенін айтып, жанашырлық білдіруі – оның қамқорлық қолын созуға ұмтылған адамгершілігі екендігі белгілі.

«Бекен шырағым, емдетейін мен сені» Мұхтардың сөзі Бекенге күш – қайрат бергендей болды.

Жазушымен кездесіп, тіл қағысқан азғана эпизодтың өзінен жазушының бүкіл тұлғалық болмысы, ішкі дүниесінен хабар береді. Осындай детальды қолдануы Ілияның шеберлігі дер едік.

Әңгіменің басты кейіпкері – Бекен Жамақаев. Жазушы композитордың болмысын өте терең білетіндігін Бекеннің сөзі, іс – әрекеттерін суреттеу арқылы соншама нанымды да сенімді етіп суреттеген. Ол өзінің бойынан оның талантын бағалаған адамға ерекше құлай берілетіндігін Әнуарбекті іздеп келіп танысуынан байқатады. Радиодан Байжанбаев оқып, өзі туралы берген хабарға сүйсінген Бекен әр сөзді оқу мәнерінен, әр сөзді жүрегімен шығарғандай етіп халыққа ұсынған Әнуарбектің шеберлігіне әрі тәнті болады, әрі өзі туралы берген хабарға ризалық білдіреді. Бұл – талантты таланттың алыстан байқап, көкірек үндестігін табуы деп білеміз.

Жазушы Бекен жайлы мынадай мінездеме береді: «Бекеннің жібектей сызылған инабаттылығы, ғажайып бір жылылығымен баурап бара жатқан ұяң үні Әнуарбекті тырп еткізбеді. Кісі көңілін қалдырмайтын қарапайым, кішіпейіл, аңқылдақ жан көп ойланбады. Әнін тыңдағысы келді».

Міне, екі өнерпаздың бір – бірімен үндестігін осыдан-ақ біле беруге болады.

Жазушы Бекеннің композиторлық фантазиясын да көзден таса етпеген. Егер осындай толқыған қиял болмаса, ән де тууы екіталай екендігіне оқырманды сендіргендей. Бекеннің Әнуарбекке айтқан әңгімесінен асқан өнерпаздық дарынын мынадай монологтарынан байқаймыз.

«Ақ Ертісті көрген шығарсыз. Көрдіңіз ғой. Оның сұлулығын өзімнен артық кім біледі деп ойлаймын кейде. Толқып жатады ол. Толқыны –ай шіркіннің! Сол көк толқынмен қауышып, араласып, шалқып кететін кезім көп. Кейде толқын үстінде қанат біткендей жеп- жеңіл тербеліп жүрем. Сонда маған Күн де, Ай да, бәрі де ...бәрі жақын. Бәріне созсам қолым жететін сияқты. Бәрі менің алақанымда тұрғандай. Бұл пенде бақыт деген бас қатырып, сол үшін тауқымет көтереді. Сол бақыттың маған толассыз ағылған Ертістің суындай шексіз дүние боп көрінетіндігі бар.»

Екінші бір монологі де нағыз шығармашылық адамның табиғатын аша түскендей.

«Ертістің қадір – қасиетіне не тең келсін, шіркін! Ертістің алтын шашақты таңдарын айтыңыз, таңдарын! Көгілдір тоғайы боз мұнарға бөгіп, жылға- жылғадан күмістей жылтылдап, шолпыдай сылдырап мың сан бұлақтары ағады; бұлбұлдары сайрайды; тіршілік таң нұрына балқып, исініп тұрады. Сонда мен өзімді сол жаннат дүниесінің еркесіндей сезінем. Мені еркімнен тыс бір нәрсе еліктіріп, желпінтіп әкетеді. Мен сонда Генриттасының сұлулығына шаттанған Иоган Штраус бола қалам. Оның «Көгілдір Дунайы» маған Көгілдір Ертістей көрініп, көк толқынмен жарысып, шарқ ұра шалқып, тасып кетемін. Штраус көгілдір Дунай бойында Генриттасымен биледі; мен де бір аяулы жан бар еді. Аяулы жан! Менде де Ақ Ертіс бар еді. Ақ Ертіс!»

Қаламгердің бай да өнерлі тілі шығармашылық адамның шалқыма көңілін дәл баяндаған. Иә, солай. Себебі Илья Жақановтың өзі де ғажайып композитор.

Композитордың жан дүниесін ақтара суреттеуі осындай болса керек. Керемет сазгерлік шабытты жазушылық тілмен қалай бейнелегені де тәнті етеді.

Композитордың бұл толғаныстарын беруде жазушы Бекен сияқты жас талант иесінің образын сомдау үшін қолданғандығы сөзсіз.

Бекеннің образын аша түсетіндей эпизод ұлы Мұхтармен кездесуінде көрінеді. Ол ұлының алдында бас ие құрметтейтіндей мінезімен де көрінеді. Бұл кездесуде сөйлеген сөздерінде ұлы адамның алдында жағымпазданудың еш белгісі жоқ. Қайта оған деген құрметтен және ұлы адамның өзін құрметтеуінен қысылса да, қанағаттанғандығын байқаймыз.

Мұхтардың «Вальсті қалай шығардың?» деген сұрағына үлкен толғаныспен жауап беруі – нағыз шынайы таланттың табиғатын көрсететіндей.

«Абай мен Тоғжанның махаббатындай махаббат бар еді менде де. Бірақ маған да оның қызығын көруге жазбады. Бұған ешкім де кінәлі емес, өзім кінәлімін. Ол мені сүюмен өтеді, мен де солай, гүлдей үлбіреген шағына қиянат жасағым келмеді. Мен өз бақытымнан өзім қаштым. Мен сияқты тесік өкпемен қор болмауын көздедім. Кейде махаббатты ақыл жеңеді екен. Мұхтар аға, енді сол алтын күндерімнің белгісі боп «Махаббат вальсі» ғана қалды».

Бекеннің осы бір толғанысы оның адамдық бейнесін аша түскен. Өзімшілдіктен аулақ болып, өзгенің тағдырын ойлаған парасаттылығына қызығасыз.

Алайда оның ұлылармен кездесулері оның қанатына жігер беріп, оптимистік, өмірге құштарлық сезімі жарқырайды. Бекен әңгіменің соңында мынадай ойын іштей қайталағанынан оның өмір сүруге құмарлығы көрінеді: «Менің өмірім ұзақ екен!». Ынтық көңілі, алып – ұшқан сезім оның сырқатын ұмыттырып жібергендей.

Өмірде, мәдениет тарихында құрметпен аталатын, өзінің артына «Ертіс вальсі», «Махаббат вальсі», «Сен ғана» сияқты классикалық әндер қалдырған Бекен Жамақаев туралы Ілия Жақановтың әңгімесінің терең идеялық мәні жаныңды жадыратады. Автор жас композитордың талантын үлгі етеді. Жаңа ғана бой көтеріп келе жатқан шығармашылық адамдарына деген қамқорлықтың пайдасы зор екенін, адамдардың жылы сөзінің өзі олардың болашағына жол ашып, шабыт құмарын кемелдендіретінін айтады.

Ілия Жақановтың әңгімелерінің бірқатары осы «Махаббат вальсінен» бастап жазушы Мұхтар Әуезовтің өнерге араласуын бейнелейтінін көреміз. Келесі «Өзгеге көңілім тоярсың», «Опера осылай туған», «Көзімнің қарасы», «Ақылбайдың әні» деген әңгімелер Мұхтардың өнерге деген көзқарасы, ән дүниесін бағалай білетіндігі, жалпы музыканы жанындай сүйетіндігі бейнеленген. Бұл әңгімелердің жазылуында Ілияның Мұхтар туралы көп білетіндігін, өзі музыкант, онымен қоймай, республикалық радионың музыка редакциясын басқарғандықтан, ән, музыка тағдырына байланысты жайлар оның көзінен таса болмаған. Тіпті бірге араласып жүргендігінің белгісі деп білеміз.

Иә, Ілия Жақанов - қазақ өнері мен әдебиеті туралы сөз қозғалған сәтте осынау қос саланың дамуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан жан. Қаламгер бойындағы зор қайталанбас таланты, әсем сазды әндері, құнды зерттеу еңбектері, прозалық шығармалары еліміздің ұлттық мәдениетінің дамуына қосылған құнды дүниелер. Ол өнерде де, өмірде де бақытты адам. Талғамы жоғары өнер иесі қай шығармасында да, адам жанының пернесі мен шегін дөп басым, ғажап сезімге бөлейді, тебірентеді.

Ілия Жақанов шығармаларының мағынасы терең, әр шығармасы бір-бірімен жымдаса байланысқан, ұлттық саз өнерінің тарихы мен теориясына жан-жақты

талдау жасап, қамтыған дүниелер. Қай жанрда жазса да ұлттық колоритпен, ұлттық нақышпен жазды. Қазақ өз болмысын, жаратылысын, тарихын әнде қалдырған. Қаламгер шығармаларында қазақ әнінің үлкен өрлеуі, қалыптасуы, классикалық деңгейге шығу жолын суреттей білген. Ән арқылы, орындаушы арқылы өнер иелерінің портретін сомдайды. Әуезді әндер толғанысымен прозалық шығармалар өмірге келді. Ілия шығармаларының бай тілі, ғалымның зерттеу әдістері мен құнды ғылыми деректері болашақ мамандар үшін, кейінгі ұрпақ үшін таптырмайтын құндылықтар.

Әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы: «Санат» баспасы.- 2002.
2. Жақанов И. «Махаббат вальсі».- Алматы.- 1983.
3. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық.- Алматы: "Аруна Ltd." ЖШС-2005.
4. Әдебиеттану терминдер сөздігі.- Алматы: Ана тілі, 1998.- 242-243 б.

Резюме

В статье анализируется рассказ И.Жаканова «Вальс любви», в котором впервые в казахской литературе описывается процесс создания музыкального произведения. Автор статьи исследует своеобразие национального колорита казахской песни, что имеет определенную научную ценность.

Summary

In the article is analysed of I.Zhakanov's story "A love waltz" in which for the first time in the kazakh literature was shown the process of creation of musical composition. The author of the article investigates an originality of national color of the kazakh song that has a certain scientific value.

Қабылданған күні 13.12.2014 ж.

УДК 347.782

Э.М. Жумабаева
Атырауский государственный университет имени Х.Досмухамедова
Республика Казахстан, 060011, г.Атырау, пр.Студенческий, 212
E-mail: elmira_zhumabayeva@hotmail.com

ПОСТИМПРЕССИОНИЗМ В ТВОРЧЕСТВЕ ФРАНЦУЗСКИХ ХУДОЖНИКОВ

Аннотация

Статья посвящена феномену изобразительного искусства, возникшему во Франции во второй половине 80-х годов XIX века, как реакция на разложение импрессионизма и попытка на его основе осуществить собственные эстетические искания. Несомненный интерес представляет исследование постимпрессионизма не только как исключительно художественного явления, но и как воплощения культурной универсалии.

Ключевые слова: *постимпрессионизм, импрессионизм, Тулуз-Лотрек, Ван-Гог, Поль Сезан, Поль Гоген, салон, Писсаро, реализм, декоративизм.*

ВВЕДЕНИЕ

Сегодня, уже ни для кого не секрет, что XIX в. дал миру очень много талантливых художников, архитекторов, дизайнеров, поэтов и писателей. Тому свидетельство, огромное количество стилей, течений, уникальных произведений искусства, которыми мы восхищаемся и сегодня. Жанровое же многообразие, одного из ярчайшего периода, о котором пойдет речь, «постимпрессионизм», лишь тому подтверждение.

В трудах таких ученых, как Перюшо, Ревалд Дж., «Постимпрессионизм» рассматривается как яркое свидетельство новых выразительных средств, повлиявший на последующее развитие изобразительного искусства, став основой направлений новой живописи. Несомненный интерес представляет исследование постимпрессионизма не как исключительно художественного явления, но как воплощения культурной универсалии. Проблема художественного видения является одной из самых актуальных, интересных и, одновременно, наименее разработанных в современной философии культуры и искусства. Большинство теорий, типологий художественного видения было разработано в рамках западной научной традиции (Г. Вельфлин, А. Гильдебранд, М. Дворжак) [1].

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

По мнению О.А. Кривцуна, каждая историческая эпоха демонстрирует свой тип художественного видения и вырабатывает соответствующие ему языковые средства. «Тип художественного видения в конечном счете является претворением средствами искусства общекультурных параметров сознания. Художественное видение обнаруживает себя прежде всего в форме, в способах построения произведений искусства» [2].

С.М.Даниэль, рассуждая в том же ключе, продолжает мысль: «Между восприятием и изображением возникает живой диалог, они как бы обмениваются опытом, постоянно сличая, сравнивая, сопоставляя данные друг друга. Мастерство художника и есть результат такого сотрудничества. Искусство изображения, таким образом, неотделимо от искусства видеть» [3].

Оригинальные попытки постижения данной проблемы на интуитивном уровне представлены в богатейшем эпистолярном наследии западноевропейских художников, художественных критиков и литераторов Нового времени. Так, по мнению Н.Пуссена, «живопись, есть для самого живописца непрестанное упражнение в «видении», упражняется же он в "видении", чтобы потом через свои рисунки и картины учить других правильно видеть мир» [1, 2 с]. Э. Делакруа считал: «...что принято называть творчеством у великих художников, есть не что иное, как присущая каждому манера видеть, координировать и передавать природу» [4]. Непосредственный предшественник импрессионистов, К. Коро неоднократно утверждал: «Главное, делать только то, что ты видишь и как ты видишь. Дорожите первым впечатлением, взволновавшем вас ...прежде всего повинуйтесь вашему инстинкту, вашему видению» [5].

Особое место в ряду различных типов художественного видения принадлежит - постимпрессионизму. Парадоксально, но понятие «постимпрессионизм» имеющее широкое хождение в культурологической среде, зачастую используется исследователями в очень вольной трактовке и не имеет четко определенных границ. Причина этого, на наш взгляд, кроется в сложности определения самого явления постимпрессионизма, неоднозначно оцениваемого

критиками с момента последней выставки французских импрессионистов, и опубликования «Манифеста символизма» французского поэта Жана Мореаса. Существование постимпрессионизма за пределами собственно живописи - проблема до сих пор дискуссионная. Современные подходы к определению понятия «постимпрессионизм» достаточно многочисленны и рассмотрение их выходит за рамки темы. Целью исследования является анализ специфики творчества четырех художников, которые стояли у истоков возрождения нового течения.

Изменения, пришедшие в живопись в самом конце XIX века, были настоящей революцией, и в 80-х гг. XIXв. ситуация во французском искусстве сильно изменилась. На протяжении этого века все полагали, что живопись - это "зрительное искусство и что художник - прежде всего человек, пользующийся глазами и использующий руки только для того, чтобы записать то, что открыли ему глаза. Потом явился Сезанн и стал писать как слепой. Его натюрморты, в которых хранится самая сущность его таланта, подобны группам предметов, ощупанных руками; цветом он пользуется не для того, чтобы воспроизвести то, что видит, глядя на них, а для того, чтобы записать почти в виде алгебраической формулы то, что он почувствовал при ощупывании [6].

Три последние выставки импрессионистов показали высшие достижения этого направления и одновременно свидетельствовали о том, что оно уже исчерпало себя.

В конце столетия четыре художника громко заявили о себе, подводя итог искусству XIX столетия и прокладывая путь в будущее. Это были Поль Сезанн (1839—1906), Винсент Ван Гог (1853—1890), Поль Гоген (1848-1903) и Анри де Тулуз-Лотрек (1864-1901). Яркие индивидуальности, они не объединились в группу, однако с разных сторон двигались к одной цели — познанию истинной сущности вещей, скрывающейся под их внешностью. Так родился постимпрессионизм. Становление постимпрессионизма стало новым этапом эволюции не только для искусства в целом, но и для нового поколения художников. Это течение было тесно связано с импрессионизмом и смогло проявить себя лишь в пору его заката.

Термин «постимпрессионизм» ввел в обиход английский критик Роджер Фрай, говоря о впечатлении от устроенной им в Лондоне в 1910 г. выставке современного французского искусства, на которой были представлены работы Ван Гога, Тулуз-Лотрека, Сёра, Сезанна и других художников. Кризис импрессионизма, в 1886 г., способствовал плавному переходу в совершенно новое видение жизни. Некоторое время импрессионизм и постимпрессионизм (несмотря на его название), существуют параллельно, причем постимпрессионизм одновременно и принимал, и отвергал некоторые принципы своего предшественника. Постимпрессионисты были близки импрессионистам и своим отношением к буржуазному обществу. Но если последние только противопоставляли своё искусство салонному, то первые отрицали буржуазный образ жизни.

Поль Сезанн (1839-1906), самый старший из четырёх художников, долгое время работал параллельно с импрессионистами. Сын банкира из города Экса, всю жизнь изображал деклассированного художника. Все в природе и в человеке, по мысли Сезанна, "лепится в форме шара, конуса и цилиндра". Сезанн рассматривал картину как структурированное изображение формы. Тем самым Сезанн повлиял на рождение кубизма. Между постимпрессионизмом и нарождающимся кубизмом шло художественное взаимодействие (преемственность и отталкивание): кубизм предпочел телесность импрессионистским нюансам настроения и цвета.

Близкий друг Э.Золя, Сезанн увлекался и акварелью, технические приемы которой перенес в будущем в масляную живопись: писал на белых, специально негрунтованных холстах и ограничивал себя тремя цветами: зелёным, голубым и охристым, смешанными, естественно, с белым цветом самого холста. Этот подход к выбору цветов был нужен Сезанну, чтобы с минимумом средств добиваться максимально содержательного художественного результата.

Портреты Сезанна глубоко проникают во внутренний мир портретируемого и создают образы, исполненные жизни, настроения, характера. В автопортретах Сезанн не льстит себе, но и не осуждает себя и не кается. В них, художник не идеализируя себя, но утверждает, что ничто человеческое ему не чуждо, что следует воздать Богу - богово, кесарю - кесарево, а человеку – человеческое [6, 1с.].

Ван Гог (1853-1890) освободился от того, что он называл парижским влиянием, которое диктовало излишне легкомысленное и беззаботное восприятие реальности, и стал утверждать свое трагически напряженное видение мира.

Ван Гог часто писал образы людей низших слоев общества (например, "Прогулка заключенных"). В их облике художник находил черты "ужасных человеческих страстей".

Интеллектуальный декоративизм Ван Гога особенно внятно проявился при написании портретов духовно богатых личностей (например, "Портрет доктора Рея"). Здесь художнику удается передать внутренний мир персонажа, его мысли и чувства, сохраняя при этом лишенное перспективы декоративно плоскостное (почти "ковровое") пространство.

Живописная техника Ван Гога экспрессивна, абсолютно оригинальна, самостоятельна и причудлива - он накладывает параллельные мазки извивающимися линиями. Во имя экспрессии он часто деформирует и утрирует форму, делает цвет на полотне предельно интенсивным. Эти открытия Ван Гога позже использовали живописцы другого художественного направления - экспрессионизма.

Ван Гог претерпевал духовные кризисы и нуждался в помощи психиатра. Собиратель картин импрессионистов и постимпрессионистов доктор Гаше вел терапевтические беседы с Ван Гогом и оказывал положительное влияние на душевное состояние больного. Однако 27 июля 1890 года Гаше не оказалось рядом с художником, у которого начался приступ психического расстройства. Тридцатисемилетний Ван Гог, находившийся в расцвете творческих сил, отверг цивилизованный мир. Впав в безумие, выстрелил себе в грудь и покончил жизнь самоубийством.

Поль Гоген (1848-1903) изучал цвет не только ради декоративных эффектов, он свободно пользовался им, не обременяя себя оковами сходства цвета на холсте с реальным цветом объектов изображения. Гоген отходит от импрессионистского негласного принципа не использовать темные и черные цвета и, например, в картине "Стога в Бретани" использует эти запретные цвета. Присутствуют эти цвета и в "островном" (таитянском и мартиникском) цикле гогеновских работ. Он считал, что импрессионисты ищут то, что доступно глазу, и не обращаются к таинственным глубинам. Сам же Гоген искал способы проникновения в эти глубины. Его автопортреты - это и самопознание, и самокритика. Гоген, как и Сезанн, в своих автоизображениях не льстит себе, он откровенен и честен в запечатлении и своих достоинств, и своих слабостей. Более

того, Гоген позволяет себе самоиронию, на которую авторы не отваживались со времен поэзии Гейне и произведений других романтиков.

Почти с сентиментальным умилением, но и с мягкой иронией рисует Гоген пасторальные сельские пейзажи и бытовые сценки из жизни людей третьего сословия, среднего класса. Художнику знакомы и близки их повседневные заботы, их раздумья о радостях и тяготах жизни.

Декоративность цвета была одной из самых сильных сторон живописи Гогена. Он стремился передать всю красочность жизни в тропических широтах. Гоген писал свои главные "островные" работы - портреты аборигенов и жанровые сцены - на островах Мартиника и Таити. В этих работах Гогена представлен неповторимый мир - гармоничный и полный глубокого внутреннего напряжения, откровенно чувственный и полный загадочной, неведомой европейцам мудрости. Гоген умер на Гаити, уйдя от европейской цивилизации эпохи, которую вслед за Шпенглером можно назвать началом заката Европы.

Тулуз-Лотрек (1864-1901) почти без морализирования, но с присущей ему болезненной остротой наблюдения, часто с едкой иронией, искусно передавал гротескную динамику своих героев, как бы случайно выхваченных из потока жизни мизансцен, характерность поз и жестов [7].

Обобщенный, гибкий и ломкий рисунок, длинные вибрирующие мазки, холодная гамма, оттененная крупными, яркими красочными пятнами, то, что характеризует живопись Лотрека. Художник всегда вдохновлялся искусством импрессионистов, в особенности творчеством Поля Сезанна, Эдгара Дега, и японскими гравюрами. В 1882 г. приехал в Париж. В 1884 г. обосновался на Монмартре, где прожил до конца своих дней. Одним из первых всерьёз занялся рисованием афиш (литографией).В отличие от других художников своей эпохи Анри де Тулуз-Лотрек - потомок знатного рода, виконтов южной Франции. Среди его предков был граф Тулузский и виконт Лотрек.

Тулуз-Лотрек был болезненным ребенком, которому по происхождению полагалось в совершенстве владеть навыками верховой езды и охоты, но в 14 лет, упав с лошади, Анри получил серьезную травму ног, которая сделала его калекой на всю жизнь. Его ноги перестали расти, и он выглядел очень своеобразно: взрослое тело на коротких ногах ребенка. Его облик и предопределил его дальнейшую судьбу. Став изгоем среди своих, он полностью посвятил себя живописи. Позднее он говорил о себе не без иронии: "Подумать только, будь мои ноги чуть подлинее, я никогда бы не занялся живописью" [8].

Мулен Руж был для него отправной точкой. «Здесь посреди всеобщего движения и суеты, уткнувшись в стакан, с пером в руке, всегда в ожидании появления новых образов, находился удивительный художник, способный расслышать живые и понятные звуки во всем этом нестройном шуме". (Альби,1864-Мальроме,1901). Несмотря на свое аристократическое происхождение, модели художник выбирал на "дне" парижского общества. Часто рисовал проституток и жизнь монмартрских кабаре, вёл соответствующий образ жизни. Его моделями были танцовщицы «Мулен Руж» Луиза Вебер (Ла Гулю) и Жанна Авриль, клоунесса Ша-У-Као, поэт и театральный деятель Аристид Брюан, танцор Валентин Бескостный, певица Иветта Гильбер.

В любви ему не везло, низкий рост (152 см) и внешность инвалида вызывали насмешки, все его серьёзные романы заканчивались неудачно. Умер от алкоголизма и сифилиса в родовом замке на руках матери, не дожив до 37 лет. При

жизни критика была в основном настроена недоброжелательно по отношению к Тулузу-Лотреку и его творчеству. Признание к Лотреку пришло через несколько лет после его смерти.

ВЫВОДЫ

Таким образом, определять понятие постимпрессионизм исключительно как направление во французской живописи XIX века - значит, сузить огромное его значение, величие, влияние, которое подавало пример многим новым поколениям художников, вдохновляло их на рождение своих собственных видений, представлений на холсте. Да и сегодня, утверждая, что актуальность этого направления не исчерпало свои возможности, свидетельствуют современные произведения, новый взгляд новых покорителей, не утратившие свою связь с прошлым. Понятие «постимпрессионизм» очень богато по своему содержанию не «искусственно». Смысловых, глубоких значений столько, что хватила бы на всех. Постимпрессионизм - некая культурная универсалия, тенденция, своеобразно проявлявшая себя в различные эпохи в сферах, не ограниченных исключительно живописью. Постимпрессионисты при всем своем понятном, радостном, обрисованном, солнечном, многокрасочном и оптимистичном видении мира не вписывались в его социальное устройство.

Итоги творчества Сезанна, Ван Гога, Гогена и Тулуза-Лотрека и не могут быть как художественная форма, красиво и технически-искусно прописаны, а значит и не могут быть выражены в каких-либо однозначных формулировках. Многое зависит от того, в рамках какой традиции эти итоги осмысливать. Если осмысливать эти итоги в рамках не общеевропейской, а именно французской художественной традиции, то можно сказать, что все они стремились и смогли соединить в своём творчестве две ведущие французские традиции: классицизм и романтизм, интеллект и страсть, уравновешенностьи порыв, гармонию и кипение чувств.

В истории искусства именно плодотворность попыток этих художников, создать новый большой стиль, а не сам стиль Сезанна, Ван-Гога, Гогена, Тулуз-Лотрека и как художественный канон, составили им славу. Это тем более верно, что из работ художников можно делать для себя самые разные художественные выводы. Они многомерны, что само по себе свойственно многим выдающимся работам разных эпох, но многомерность в эпоху свободных художественных поисков приобретает особенный смысл. Каждый может взять для себя из работ Сезанна, Ван Гога, Гогена и Тулуза-Лотрека то, что хочет, а не то, что диктовал раньше художественный канон. Именно поэтому творчество этих художников остаётся своеобразной «художественной кладовой» для современных художников.

Список литературы

1 Мартышкина Т.Н. Культурология: «Импрессионистическое мировоззрение в западноевропейской культуре XIX века: истоки, сущность и значение": Автореф. дис…канд. культор. наук. - г. Нижневартовск, 2008.- 28 с.

2 Кривцун О.А. Эстетика. Учебник. - М.,Аспект Пресс, 2000.– С.262-263

3 Даниэль С.М. Искусство видеть. «Искусство», 1990 г. -223 с

4 Делакруа Э. Мысли об искусстве, о знаменитых художниках."БУРДА". По материалам: «Художественная галерея. Делакруа». №25,2005.-27 с.

5 Коро К.Ж. Художник, человек. Документы. Воспоминания. Академии художеств СССР. М., 1963. -184 с.
6 Коллингвуд Р.Д Место в художественном процессе. [Электрон. ресурс]. - 2006. – http://bookchamber.kz/stst_2006.htm (дата обращения: 20.12.2015).
7 Полевой В. М. «Популярная художественная энциклопедия.» Под ред.М.: «Советская энциклопедия», 1986 .- 943 с.
8 Бычкова С., Ревалд Дж. Постимпрессионизм. Отв. Гогадо Гогена Л.М., 1962; ShoneR. The Post Impressionists. L., 1980; Ж. Сера. П. Синьяк. Письма. Дневники. Лит.наследие. Воспоминания. М., 1976.-145 с

Түйіндеме

Мақала XIX 80 жылдың екінші жарты жылдығында Францияда пайда болған бейнелеу өнерінің феноменіне арналған импрессионизм тарауына көңіл аудару арқылы және эстетикалық ізденіс әрекетін іске асыру. Постимпрессионизм зерттеу қызығушылығы тек қана бейнелей көрінісіне емес, сонымен қатар мәдениет өнері жағынан көрсетілген.

Summary

This article is dedicated to the Phenomenon of Fine Art born in France of 19- th century, as a reaction for dissociation of impressionism and as attempt to fulfill own esthetic views. Doubtless interest represents research of impressionism not as extremely art phenomenon in the West-European culture of 19 centuries, but as concrete embodiment certain cultural universalis.

Дата приема 22.12.2014 г.

ӘОЖ 83.38 Қаз

Ә.Н. Ізбасарова
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
E-mail: asemok06.90@mail.ru

ЖӘҢГІР ХАННЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ

Аңдатпа

Мақалада қазақ хандығы туралы жаңаша тарихи деректер легі, Жәңгір ханның сарабдал саясаткер, ірі қоғам қайраткері ретінде танылуы, көптеген реформалар жасап, мәдени-ағарту саласында жаңалық енгізгендігі туралы сипатталады.

Негізгі сөздер: *Жәңгір хан, қазақ хандығы, Бөкей ордасы, ұлт-азаттық қозғалыс.*

КІРІСПЕ

Күні кешеге дейін еліміздің, тарихынан кесіп тұрып орын алатын қазақтың біртуар ірі тұлғаларының атын атап олардың есімдерін құрметтеу былай тұрсын оларды ескеруден де қалдық. Оған себеп, жетпіс жылдан астам билік құрған кешегі Кеңестік идеологияның әсері болатын. Шындығында да, олар ескеруге лайықсыз ба еді? Осындай тарихи тұлғалардың бірі Жәңгір хан Бөкейұлы еді. Жәңгір хан кім? Қандай саясат ұстанды? Халқына қайыр-шапағаты тиді ме?- деген сауалдарға жауап іздейтін болсақ, оған тарихи деректер былай деп жауап береді. Ол Жәңгір ханның

отарлаушылар саясатынан халқын қорғаушы, еліне мәдениет пен білім, мұсылман дінінің нұрын себуші хан ретінде бағалауы. Әр нәрсенің әділдігі керек, патша үкіметі Жәңгірге, оның балаларына да орысша білім, тәрбие беріп көп үміт артты. Қазақ даласын отарлауда жан-жақты білімді, ақылды, мәдениетті Жәңгір сияқты тұлғаны қолға ұстаудың қаншалықты пайдалы екендігін патша да, генерал-губернаторлар да жақсы біледі. Сол үшін де Жәңгір атақ-абыройдан кенде қалған жоқ. Хан тағына отырғызу салтанатында бірнеше дүркін зеңбіректен оқ атып, Орал даласының дүр сілкінуі, салтанатқа қатысқан зиялы қазақтарды сый-құрмет беруі, Жәңгірге 20 сәйгүлік тарту етуі, бірнеше орден-медальдармен хан өңіріне жарқыратуы, қазақтың тұңғыш генералы дәрежесіне көтеруінің бәрі де отарлау саясатының мүддесі үшін істелген айла екендігін ол заманда ешкімде байыбына бармағаны белгілі. Осындай айла тәсілдерді саналы түрде өткізе отырып, Ішкі Орданы басқаруды отарлаушылар өз мүддесіне сәйкес хан кесенесінің кеңесшісі етіп Ресей сыртқы істер министірінің өкілі Г.С.Карелинді тағайындады. Ол Ішкі Орданың тыныс тіршілігін күн сайын Орынбор Шекаралық комиссиясына хабарлап отырды. Ақырында отарлау саясатының асқынғандағы соншалық, бұған дейінгі Ішкі Орда ханының басқан қадамын бақылап отырған Ресей сыртқы істер министрлігінің Азия департаменті, Ресей Мүлік министрлігінен бастап Астрахань, Орынбор генерал-губернаторлары мен Орынбор Шекаралық комиссиясы, Орал, Астрахань полкымен, қалмақ кордондарының бақылауының үстіне енді хан кеңсесі іс басқарушысынан бастап, қойма меңгерушісіне дейін түгел орыстандырып, әрбір әрекетін есепке алып отырды [1].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

XIX ғасырда қазақ даласында өзінің жан-жақты дамуымен зор маңызға ие болған Жәңгір ханның орны ерекше болды. Әсіресе, Жәңгір хан билік құрған тұста Бөкей ордасының даңқы артып, алыс-жақын шет елдер зерттеушілерінің қызығушылығын туғызды, назарын аударды. Кешегі төңкеріске дейінгі немесе одан кейінгі кеңестік тарих ғылымы Жәңгір ханның саяси бейнесін, алғашқылары «Шығыстың деспоты» десе, ал кейінгілері «халық қанаушысы» ретінде теріс ұғым мен өзге өң беріп, тарих шыңдығы терең таразыланбай, Жәңгір бейнесі түрлі идеологияда әр түрлі жазылып, оған ұлттық көзқараста баға берілмеді.

Х. Досмұхамедұлы 1836-1838 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысы туралы «Жәңгірдің заманында Бөкейлік ел көшуді кемітіп, отырықшы бола бастады. Әр рудың белгілі қыстауы, жайлауы болды. Жайлағанда, қыстағанда ел 1806 жылдың шегінен аса алмайтын болды. Жазы қолайсыз не қысы қатты жылдары көршілес рудағы елдермен қазақтың арасында күшті жанжалдар пайда болды. Жұт көбейді, ел жарлы бола бастады. Жәңгір қазақты қорғамады, қорғауға да әлі келмеді. Еділ-Жайық бойындағы казак- орыстар, теңіз бойындағы байлар қазақтың меншікті жеріне ауыз салды. Қазақтың мойны потрав, штраф дегеннен босамады. Айналасындағы жерге бай көршілеріне тұяқ ақы төлеп, қазақ жан сақтайтын болды» [2], - деп баға береді. Сонымен қатар ақын Ы.Шөрекұлы, тарихшы ғалымдар Х.Досмұхамедұлы, А.Рязанов, К.Есмағамбетов, И.Кенжәлиев т.б өз еңбектерінде Жәңгірдің бейнесін жағымсыз етіп көрсетеді.

Жоқ, қалай болғанда да қазақтың ханы, орыстың генералы Жәңгір Бөкейұлы - өз заманының үлкен қайраткері. Аңыз болсын, ақиқат болсын, бәрібір, әйтеуір о баста Исатай мен Жәңгір, Жәңгір мен Махамбет қазақтың қашанғы халықтың қасиеті – ағайыншылықтан ажырамаған адамдар. Жәңгір ел бастаған хан болса, Исатай сол

ортадағы ақылды көсем би, Махамбет от ауызды, орақ тісті шешен болған. Соңғы екеуі бірі – батыр, бірі – ақын; бірі серке, бірі ерке ер-азаматтар болған соң, Жәңгір олардың екеуін де екі аймаққа старшын етіп тағайындаған. Жұрт жадында сақталған бір аңызға бақсақ, Махамбет пен Жәңгір бір-біріне бетпе-бет келіп кінәласқанда, тіктесе беруге шыдамай, амалы құрыған хан ақынға: «Алдым жалын, артым өрт, екі оттың ортасында жүрмін, қайтейін» депті. Артымдағы өрт деп отырғаны ханға билік бергенсіп, сол арқылы қазаққа деген бодандық бұғауын қысқан үстіне қыса түскен орыс патшасының зымиян саясаты болса, алдымдағы жалын деп отырғаны хан арқылы қан қақсатып бара жатқан отаршылдық езгіге – қорлық пен зорлыққа қарсы кек кернеген қазақ халқының азаттық жолындағы айықпас айқасы мен шайқасы. Торталана туырылып, иесіз құлазып жатқан құм қойнауына Орда қаласы орнады. Ел орныққан соң Ордадан шығысқа қарай сусыған қызыл шағылдың ондаған шақырым ұзына бойы қысы-жазы бірдей көк жасыл орманға айналған. Ғұмырында шөлі қанып көрмеген қалың құмға кезінде әлдеқайдан су келіп, көл пайда болған. Айдында аққу ұшып, қаз қонған. Жапан түзге қалың ел ірге теуіп, қатар – қатар қарағай үйлер салынған. Кейін тарихта тұңғыш рет қазақ балаларына қазақша, орысша білім беретін Жәңгір мектебі ашылған. Мектептегі оқу-ағарту ісінің өрбуін хан тікелей өз қамқорлығына алған. Бұл арада бұрын - соңды болып көрмеген кітапхана, клуб, мұражай орнаған [3].

Жәңгір Ордада дәрігер ұстап, халық арасында дүркін-дүркін бел алып келіп отырған қатерлі дертке қарсы емдік шаралар жасатқан. Оны этнограф ғалым Мұхамбет Салық Бабажановтың «Қазақ даласынан табылған тас қатынның мүсіні» деген еңбегінен анық байқаймыз. «Олар ауыра қалса да таныс молдасына жүгініп сырқаттың бетін қайтаратын аят оқытады. Болмаса әлдебір түсініксіз ғаріптер жазылған бойтұмар алып, мойындарына тағысады. Жергілікті халықтың мұндай дәрменсіздігін кіналауға болмас. Өйткені, медициналық жәрдем мен тиісті дәрі-дәрмекке қолдары жетпеген соң, "суға кеткен тал қарамайды» емес пе? Осы тұста жергілікті қазақтар Ордадағы дәрігердің емі мен берген дәрісінің жанына пайдалырақ екенін білетінін айта кеткен жөн. Тіпті көп жағдайда медицинаға құрметпен қарайды деу де ләзім. Ордада көмекшісімен бір-ақ дәрігер бар. Оларға жылына екі жүз сомдай күміс ақша төленеді. Бұл өңірде 30 мыңдай шаңырақ тұратынын, жерінің көлемі – ұзыны 600, ені 500-дей шақырым екенін ескерсек, ұшы-қиырсыз даланы қоныстанған осыншама халықты түгел қамту мүмкін емес екені өз-өзінен түсінікті шығар» [4].

Қазақтарды оқуға үгіттеу хан ордасының негізгі бір міндетіне айналды. Әскери кадет училищелері ең таңдаулы оқу орны болып есептелді. Хан Жәңгір Патша әкімшілігіне және Орынбор әскери губернаторына өтініш білдіріп жүріп, Бөкей хандығының балалары үшін, 1844 жылы Неплюев кадет корпусының 2-ші эскадронынан ресми түрде 10 орын бөлдіріп алады. Ол императордың қайырымдылығын пайдаланып, қазақ балаларын орман, жол-қатынас, азаматтық инженер институттарында, сонымен қатар Петерборлық кадет корпусында оқытуын сұрайды. 1839 жылдың тамыз айында Мемлекеттік мүлік министрі Жәңгір ханға императордың оның өтінішін мақұлдағанын хабарлайды. Бірақ, бұл оқу орындарында оқитын жастар алдын-ала губерниялық гимназияларды бітірген болу керек деген шарт қояды. Бұл мамандықтардың ішінде дәрігер оқуы да бар болатын. Сөйтіп, ең алғаш рет Қазақстанда инженер-техникалық және медициналық білім алудың негізі қаланады.

1841 жылы хан Жәңгір Астраханнан Абдумалик Юсупов деген дәрігерді шақырып, ордадағы адамдарға укол салуды үйреттіреді. 1843 жылы Хан ордасында аптека ашылады. 1845 жылдан бастап ордада жалақылы дәрігер пайда болады. Ал, 1852 жылы алғашқы аурухана ашылған еді. Сөйтіп, хан Жәңгір көптеген істе реформалар жасап, мәдени-ағарту саласында жаңалық енгізген адам [5].

ҚОРЫТЫНДЫ

Жәңгірдің де еліміздің тарихында алатын өздеріне лайықты орыны барына ешкімнің таласы болмауға тиіс. Халқы Жәңгір ханның жақсылы-жаманды істерін ұмытпайды. Тарихымызда қалған іздерін бағалап, 2001 жылы Жәңгір ханның 200 жылдығын атап өтілді, бұл еліміздің ханға деген сыйластығының белгісі деп тану керек.

Әдебиеттер тізімі

1 Сабырұлы С. Жәңгір хан ордасы туралы \\ Қазақ елі, №3, 1998.- 14 тамыз, 5 б.
2 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998.-384 б.
3 Махымов Т. Жәңгір хан \\ Орал өңірі, 1999.-6 ақпан, -Б.2.
4 Бабаджанов С.М. Сочинение.- Алматы: Санат, 1996.- 144 б.
5 Бөкейханов Ғ. Хан Жәңгір – Бөкей ордасының реформаторы. \\Түркістан, №1, 2002.-5 қаңтар, - 6 б.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы становления и развития казахского ханства. Жангир хан известен не только как народный герой, но и как политик, общественный деятель, который выпустил новые реформы в управлении государством, сделал открытия в культурно-просветительской сфере.

Summary

This article is about Kazakh khanate and politics of Zhangir Khan. He is a hero of his lifeand Zhangir Khan made openings in cultural and educational field, also issued new reforms.

Қабылданған күні 13.12.2014 ж.

ӘОЖ 81

Н.С. Салимова
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212

«ҚАЗАҚ ЕР-АЗАМАТЫ» КОНЦЕПТІСІНІҢ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР АРҚЫЛЫ БЕРІЛУІ

Аңдатпа

Мақалада сөздер мен басқа да тілдік бірліктерге сүйенбейтін ым-ишара тілін анықтай келе, жалпы ерлерге, соның ішінде қазақ ер-азаматына тән ұлттық ерекшелікті көрсететін бейвербалды типтер сараланады. Бейвербалды типтерді анықтау мақсатында қазақ жазушылары шығармаларынан нақты мысалдар берілген. Көркем мәтіннен алынған мысалдардағы бейвербалды амалдар қазақ

мәдениетіне тән әдет-ғұрып, салт-дәстүр, рухани-мәдени құндылықтар жөнінде де мол ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Негізгі сөздер: *концепт, этнос, лингвомәдениет, бейвербалды амал, коммуникация.*

КІРІСПЕ

Дүниенің тілдік бейнесінде әр халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, т.б. ұлттық-мәдени құндылықтары, адамның күллі әлем, тұтас дүние туралы көзқарас, түсініктері, сондай-ақ адамның сол тұтас әлемнен өз орнын табуға деген ұмтылыс-талпынысы, түрлі қызметі, алуан әрекеті, адамдар арасындағы қым-қиғаш қарым-қатынас та көрініс табады.

Әр этностың қоғамдық өмірінде өзіне ғана тән қарым-қатынас түрлері мен мен жүйесі бар екені белгілі. Сонымен бірге этнос мәдениетінің категориялары ретінде қызмет ете отырып, этнолингвистикалық мәнге ие болатын паралингвистикалық атаулардың, оларға жататын бірліктердің кез келген ұлттық тілде жиі қолданылатынын аңғару қиын емес.

Соған сәйкес «... коммуникацияның бейвербалды элементтеріне, яғни ым мен ишаратқа, дене қимылдарына қарап отырып, адамның қай ұлттың, қай құрлықтың өкілі екенін шамалауға болады, өйткені әрбір ұлттың дене тілінің өзіндік сипатты ерекшелігі бар және осы ерекшеліктер көбінесе фразеологизмдерге негіз (ұйытқы) болып табылады» деп пайымдаған белгілі ғалым Б.Момынова соңғы кездегі зерттеулердің нәтижелері адамдар арасындағы қарым-қатынастың (коммуникацияның) 7 пайызы вербальды (сөздер, фразалар, сөйлемдер), 33 пайызы вокальды (интонация, дауыс ырғағы, дауыс немесе дыбыс әуезділігі, екпіні мен қарқыны т.б) және 55 пайызы бейвербалды (дене тілі немесе ым мен ишарат) элементтер арқылы жүзеге асатындығын нақты дәлелдегенін атап көрсетеді [1].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бейвербалды қарым-қатынас – бұл сөздер мен басқа да тілдік бірліктерге сүйенбейтін ым-ишара тілі. Адамды оның вербалды емес сигналдар жүйесі: ым-ишара, жесттер, позалар, сөйлеу, жазу ерекшеліктерін бақылау, талдау және зерттеу. Осы сигналдарды оның мінезімен байланыстыру. Адамдар арасындағы контакт тіл мен сөйлеу арқылы жүзеге асады. Сөйлеу коммуникациясының негізгі тәсілі болып табылады. Ол адам санасын белгілік жүйелер арқылы обьективтеу ретінде қарастырылуы мүмкін [2].

Австралиялық ғалым А.Пиздың пікірінше, адамдар арасындағы қарым-қатынастың 7% вербалды (сөздер, сөйлемдер); 33% вокалды (интонация, дауыс ырғағы, дауыс немесе дыбыс әуезділігі, екпіні мен қарқыны, т.б.) және 55% бейвербалды элементтер арқылы жүзеге асатыны көрінеді [3]. Көптеген ұлттар мен халықтардың тіліндегі бейвербалды элементтер жүйелі әрі кешенді түрде зерттелген. Қазақ тіл білімінде М.Мұқанов, С.Татубаев, А.Сейсенова, Қ.Қажығалиевалар ым және ишараттарды әр түрлі қырынан фрагментарлы түрде зерттеген. Бейвербалды амалдардың негізгі типтері: кинесика, просодика, такесика, проксемика. Қазақ халқының тұрмыс-салтында да осы аталған бейвербалды амалдардың барлық түрі орын алған.

Қарым-қатынаста көз қимылымен беріліп, адамның эмоциясын білдіретін бейвербалды амалдардың көпшілігі табиғи жолмен берілетін амалдар деп айтуға болады. Бұларды жасанды, яғни өмірге келген соң үйреніп, бойға сіңіріп алатын

амалдарға жатқыза алмаймыз. Тақырыбымыздың өзегі болып отырған ер-адам концептісіне байланысты еркектердің жымию, күлу әрекеттерін талдасақ, мысалы:

Сабыт сәл дамылдап, Жұмғаға көз қиығымен қараған. (Т.Әсемқұлов.Талтүс)

Күнделікті қарым-қатынаста адамдар өздерінің қандай да бір іс-әрекетіне қынжылып, ұялып жатса беті қызарады, дауысы дірілдей шығады т.б. Ал көз қимылы арқылы адамның ұялғандығын *көзін төмен түсіру* қимылынан көре аламыз. *Көзін төмен түсіру*, яғни *жерге қарау* кинемасы *басын төмен салбырату* сынды кинемамен қосарланып келетін күрделі амал. Мысалы, *Көзін төмен салу (ұялу). Хақназар бетін Шағайдың серіктеріне қарай бұрды, кілең бас кесер, ұят-ар дегенді білмейтін еңгезердей қарақшы нөкерлері де қожаларының мына қылығына ұялғандай төмен қарап қалыпты.*

(І. Есенберлин. Көшпенділер).

Барлық ұлттардың мәдениетінде күлу, жымию адамдардың коммуникациясы мен әлеуметтік өмірін қолдау және ұйымдастыруда бірінші орында тұр. Әрбір достық кездесулер мен диалог алғашқы жымиыстан, достықтан немесе қарапайым қарым-қатынастан бастау алады. Мұндай қатынастар барысында адамның жауапкершілігі артады**.**

- Үйлі болдым, - деді ол ақсия күліп.

- Құттықтаймын! Қалай? - деймін қуанып. (М.Байғұт. Ақсақ кемпір)

Шынынмен де, жымиыспен бірге көптеген ымдардың орындалуы мен қолданылуы мәдени түрде құрылған, яғни мәдени шарттардың жетегінде болады. Расында да, *күлкі, жымиыс* дегеніміз бұл – бақыттың, қуаныштың, ләззаттың, алғыстың және де басқа жағымды сезімдердің стереотипті, типтік көрінісі болғанымен, адамдар кез келген жағдайда тебіреніс пен ішкі дүниенің бар болмысын көрсететін сезім және жымиысты барлығы біркелкі сезінбейді.

Қалың күпі, түсі оңып кеткен көне түлкі тымақ, аяғына саптама киген қария аулада қарын қағынып, қақырынып-түкірініп болғанша кәдімгідей уақыт өтті. Әжігерей шыдай алмай күліп жіберген.

- Е, мен сияқты шал болғанда көресің әлі,- деді қария жымиып. (Т.Әсемқұлов. Талтүс).

Бір жағынан *күлу* мағынасы негізгі көрсеткіштері жағынан едәуір ерекшеленеді. Мысалы, Ч.Дарвиннің айтқанындай, қос қатар тісін ақсита жымию адамның агрессивті қалпынан хабардар етеді. Терең жымиыс соңы күлкіге тіреледі, ал жымиюшының көзі күлкі үйірген адресат немесе обьектіге қадалады. Ал ұялу кезіндегі жымию кәдімгі, қарапайым, басқаша айтқанда, *табиғи жымиысқа* жатады. *Ұяла жымию* мен *кәдімгідей жымию* барысында адамның тек қана жоғарғы тістері көрінеді. Алайда *ұяла жымиюдың* жасалу жолы жағынан *қарапайым жымиыстан* айырмашылығы бар: *қарапайым жымиысқа* қарама-қарсы *ұяла жымию* пайда болған кезде жоғарғы тістер төменгі ерінмен байланысады, ал кейде тіпті ерінді тістелейтін сәттер де кездеседі. Сонымен бірге ұяла жымиюшы адам басын төмен салып, екінші адамның көзіне тіке қарамайды. Мысалы,

- Жігіт болсаң, міне осындай бол! Қой да аман, қасқыр да тоқ, қатын да бар.

-Ожар төмен қарап күлімсірегендей езу тартты (*І.Есенберлин.Көшпенділер*).

Ұялу эмоциясы кинесикалық амалдармен қатар, просодикалық амалдар арқылы да беріледі. Бұл дегеніміз – қарым-қатынасқа түсушінің сөйлеудегі дауыс ырғағы, екпіні. Сөйлеу әрекеті барысында екпін (тон), ырғақ т.б. паратілдік амалдар сөйлеуші мен тыңдаушының көңіл-күйінің ерекшеліктерін сипаттаушы амал-тәсілдер болып табылады. Эмоциялық жағдайлар адамның дем алу, қан айналу органдарына,

бет әлпеті мен бүкіл дене қимылдарына, сөздің интонациясы мен әуеніне, кідірісіне өзгерістер енгізеді.

Дауысы дірілдеу де ұялу, қысылып-қымтырылуды білдіреді. *Әлгінде қойған сұрағыма ол қысыла жауап қайтарды. Қысылғандығы сонша, тіпті дауысы дірілдеп шықты* (*І. Есенберлин. Ғашықтар*).

Адам баласы біреудің істеген ісіне емес, өзінің жасаған қылығына немесе басқа біреудің алдында өзін ыңғайсыз сезіну сәтінде, сонымен қатар басқалар сол адам туралы әңгіме етіп жатқан кезде ұялып басын сипай беретін кездері ер адамдарда көп кездеседі. Мысалы: *Әскерде кіші командир, үлкен командир болатынын оның білетін, білмейтіні маған беймәлім. Алайда ол менің кіші командир болдым дегенімді бойымның кішілігіне апарып салды. Әдейі сhйтті ме, жоқ білмегендіктен солай ойлады ма, оны да аңғара алмадым. Әйтеуір қыздар оның «көрініп тұр» дегеніне ду күліп жіберді. Басымды қайта-қайта сипалап өзім де күлем* (Ә. Нұршайықов. Махаббат қызық мол жылдар).

Ұялу эмоциясын білдіретін ым-ишараттар *теріс қарау, бетін басу* сынды бейвербалды амалдары арқылы да беріледі. Аталған ым-ишараттар әйел адамдардың қарым-қатынасында жиі қолданылатын амал және соларға ғана тән құбылыс болып табылады. Себебі ерлер ұялғанын *бет басу, теріс қарау* сынды қимылдармен емес, басқаша, атап айтар болсақ, *басын сипау, дауысы дірілдеу, тілі күрмелу, төмен қарау* т.б. бейвербалды амалдар арқылы білдіре алады.

Желкесін қасу (қолымен) ұялу – қысылып-қымтырылуды білдіретін бейвербалды амал. Аталмыш қимыл – ер адамдардың қарым-қатынасында көп кездесетін ым-ишарат. Ер адамдар қысылып, ұялғанда желкесін қаси беретін әдеті бар. Мысалы,

Атасы екеуі сыртқа шықты.

- Қап, ұят болды-ау, — деді Сабыт күйініп, — Әй, ит кедейлік-ай!

Желкесін қасып ойланып қалды. (Т.Әсемқұлов. Талтүс)

Көзін төмен түсіру, басын сипау, ернін тістеу, теріс қарау т.б. ым-ишараттар кинесикалық, такесикалық, ал *дауысы дірілдеу, тілі күрмелу, дауысы ақырын шығу* т.б. просодикалық амалдармен беріліп тұрған бейвербалды амалдар болса, *беті қызару* вегетативті (ішкі ағзалардан бөлінеді) жолмен берілетін амал. Бұл да ұялуды, қысылуды аңғартады. Тілімізде *«бетінен оты шықты»* деген тұрақты тіркес осыған байланысты туындаған болса керек. Мысалы: 1. *Беков қызарып кетті. Бірақ ол біртүрлі қызық қызарды. Ең алдымен сүттей ақ көйлегінің жағасынан көрініп тұрған мойны қызғылттана бастап, содан кейін құлағы, маңдайы, сосын барып екі беті қып-қызыл боп кетті* (І. Есенберлин. Көлеңкеңмен қорғай жүр). *2. Күлбағила сасып қалған. Сабыт қынжылып ернін тістеген.(Т.Әсемқұлов. Талтүс)*

Ерлер жиі қолданатын бейвербалды қимылдарға *креслоға шалқайып отыру, аяғын кең ашып тұру, желкесін қасу, алақанын ысқылау, үстелдің үстін жұдырығымен ұру, өз алақанын соғу, тізесін жұдырғымен ұрғылау, кеудесіне қолын қою* сияқты ишарат түрлері жатады.

1. Дәрігер сигарет алып тұтатып, креслоға шалқайып отырды да, өзінің кез келген адамға айта бермейтін маңызды пікірін ортаға салғандай әр сөзін ойлана сөйлеп, әңгімесін жалғады.(Т.Әбдіков. Парасат майданы)

2.Нейман жұдырығымен үстелді қойып қалды. Сия сауыттың жиегіндегі қалам жерге ұшып. ... Қор қылғанда, Нейман әлгі қаламды еденнен өзі көтеріп алды. (Ш.Мұртаза. Қызыл жебе.)

Әйелдерде *«қасын керу»,* ал ерлерде *«қабағын түю, қабағынтүкситу*», риза болса немесе ызаланған жағдайда «*қарқ-қарқ күлу*» сияқты ишарат түрі жиі кездеседі. *«Малдас құрып мәжіліске көшкенде, сынған санын бармағымен қысып-қысып: - Атаңның аузын ұрайын. Өзі уақ боп сынған-ау, мыжысам күтіркүтір етеді, - деп, қарқ-қарқ күлетін. Ауырсынып отырғанын қаншама білдірмейін, сездірмейін деп сүйекке қарысса да, жазаң маңдайына шағаланың қанатындай сызат түсіп, тері бұршақ-бұршақ сорғалайтын.» (О.Бөкей.Қамшыгер.)*

Қарым-қатынас жасау мәдениеті ұлттың рухани мәдениетін, оның таным, талғамын бейнелейтін коммуникацияның бейвербалды амалдарына да бай деуге болады. Мысалы**,** *қос қолдап амандасу, иіліп сәлем салу, төс қағыстыру, бет шымшу, ернін сылп еткізу, жаулығымен көзін сүрту, алдына қамшы тастау.* т.б. кинемалар қазақ халқына тән ұлттық болмысты танытатын бейвербалды элементтерге жатады.

Мысалы, ер адамдар қарым-қатынасында *«малдас құрып отыру»,«төс қағыстыру», «қамшы тастау», «мұртынан күлу», «сақалын шошайту», «сақал-мұртын сипау» т.б.* ишараттары жиі көрініс береді.Мысалы,

«Қарны толған өнер!» - деп, Қолынан бірне келер! - деп,мұртынан Сәрсен күледі.

Ал *«бетін шымшу», «шашын жаю», «шашын жұлу», «орамалын бұлғау», «қос бүйірін таяну», «ернін сылп еткізу»* т.б. әйелдерге тән кинемалар болып есептеледі.

Ал «*қол бұлғап шақыру», «жағасын ұстау», «басын изеу», «мұрнын шүйіру»*сияқты ым-ишарат түрлері ортақ болып келетіні анық.

Сәлемдесудің белгілі, қалыптасқан вербалды түрлерімен бірге бейвербалды амалдары да қолданылады:

Сол уақытта Абай үлкен ықылас білдіріп, айрықша бір тағзыммен төсін басып, қатты дауыстап:

- Ассалаумағалейкүм!.. – деп сәлем берді (*М.Әуезов. Абай жолы*).

Ер адамдар қос қолдап, төс қағыстырып амандасса, жас балалар, жігіттер мен үлкен әйелдер, аналар бір-бірімен құшақтасып, кейде ешқандай амалдарсыз амандаса беруі мүмкін. Мысалы,

- Ассалаумағалейкүм! – деп алдына жығылған кенже ұлын құшағына тартты, еміреніп бетінен сүйді.

- Иә, ауыл-ел аман ба? Шешеңнің көңіл-күйі қалай? Көрші-қолаңда не жаңалық?

- Аманбыз. Шешем дұғай-дұғай сәлемін жолдады.

*«Қазақ ер-азаматы» концептісіне*қатысты бейвербалды амалдардың ең көп тарағаны – *«қабағын түю», «қамшысын жерге тастау», «тістену»* сияқты тұрақты сөз тіркестеріне сай келетін ым-ишараттар. Олар көркем шығармадағы кейіпкерлердің ашулану, ызалану, жақтырмау, дат сұрау немесе сөзден жеңілген кездегі сияқты эмоционалдық жай-күйлерін білдіру үшін қолданылады.

Мысалы, *Аркаша тістеніп қабағын түйіп отыр. Ауық-ауық ала көзімен қыздарға қарап қояды. (С.Ерубаев. Менің құрдастарым.)*

Сондай-ақ қазақ ер-азаматтарына тән *«мұртын сипау», «басын шайқау»* деген секілді ішкі сезімдерінен хабар беретін амалдар да кездеседі. Мысалы:

– Ата, сен Тәттімбетті көрдің бе?

Үй ішіндегілер ду күлді. Шерім басын шайқаған.

– Әй, балам-ай. Ол ерте кезде өмір сүрген ғой. Сенің атаң тумай тұрып. Сабыт домбырасын іргеге сүйеді де, мұртын сылап төмен қарады. (Т.Әсемқұлов. Талтүс.)

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ ер-азаматының көңіл-күйі, сезім әлемі, ішкі дүниесінің сыршылдығымен қатар, шытырманға толы, аса күрделі. Ерлер әйелдерге қарағанда анағұрлым сезімге жұтаң келетіндігі белгілі. Әйелдерде бейвербалды белгілерді олардың ұсақ-түйегіне дейін бірден байқап, тез арада айтылмақ ой мен емеурін, ишараны шешетін туа бітті қабілеті болса, ерлерде бұл кенжелеу дамыған.

Жоғарыда көркем мәтіннен алынған мысалдардағы бейвербалды амалдар, кинемалық бірліктер тек *«қазақ ер-азаматы»* концептіне ғана қатысты болып қана қоймай, қазақ мәдениетіне тән әдет-ғұрып, салт-дәстүр, өмір сүру үрдісі, рухани-мәдени құндылықтар жөнінде де мол ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1 Момынова Б., Бейсембаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы,Қазақ университеті, 2003. – 136 б.
2 Земская Е.А., Китайгородская М.А. Особенности мужской и женской речи // Русский язык в его функционировании. – М.: Наука, 1993. – с. 90-136.
3 Пиз А. Как заставить мужчину слушать, а женщину молчать.– М.: ЭКСМО, 2008. – 352 с.

Резюме

В данной статье проанализированно невербальных типов концепта "казахской мужчины". Для того, чтобы определить невербальные типы данного концепта приводится примеры из произведении казахских писателей.Приведенные примеры позволяет получить более подробную информацию о казахской культуре, обычаи и традиции.

Summary

In this article is to analyze the types of non-verbal concept "Kazakh men".
In order to determine the types of nonverbal this concept gives an example of the work of Kazakh writers. These examples can provide more detailed information about Kazakh culture, customs and traditions.

Қабылданған күні 25.12.2014 ж

ӘОЖ 340.15

Х. Табылдиев, Н. Қайырғалиева
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
e-mail: G.kairgaliyeva@mail.ru

АКАДЕМИК САЛЫҚ ЗИМАНОВТЫҢ ҚАЗАҚ ДАСТҮРЛІ ҚОҒАМЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІНДЕГІ РӨЛІ

Аңдатпа

Мақалада танымал ғалым Салық Зимановтың қазақ тарихының зертелуіне қосқан үлесі, оның негізгі зерттеу бағыттары жайында баяндалады.

Негізгі сөздер: *Салық Зиманов, қазақ тарихы, қазақ мемлекеттілігі, билер соты.*

Академик Салық Зиманов қазақ тарихына қатысты көптеген еңбектердің авторы ретінде қазақ мемлекеттілігі мәселесінің зерттелуіне зор үлес қосты. Салық Зиманұлы еліміздегі жоғарғы заң білімінің және құқықтық ғылымының патриархы аталған заманының айрықша тұлғаларының бірі болды.

Өнегелі бар ғұмырын Қазақстанның саяси және құқықтық тарихын зерттеуге арнаған ғалым Бүкілодақтық заң институтын 1948 жылы сырттай бітіргеннен кейін өзінің қызметін Ұлттық Ғылым академиясымен байланыстырды. 1950 жылы «Бөкей хандығы және оның саяси-құқықтық құрылысы» тақырыбындағы кандидаттық зерттеу жұмысын қорғап, ғылым кандидаты атанды. Ал 1961 жылы «XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси құрылысы» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғайды.

1948-1952 жылдары Қазақстан Ғылым академиясының Философия және құқық институтында аға ғылыми қызметкер, сектор меңгерушісі, 1952-1954 жылдары Алматы мемлекеттік заң институтының директоры, ал 1955 жылдан Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультеті деканы қызмететрін атқарды. Қазақ ССР Ғылым академиясының Философия және құқық институтының директоры лауазымында болып, көптеген ғылыми еңбектердің жариялануына басшылық жасады. Еліміз тәуелсіздік алған жылдары қоғамдық-саяси қызметтер атқарып, отандық заң шығару саласының дамуына үлес қосты.

Тәуелсіз Қазақстанның Конституциялық құқығының қалыптасуында, егемендік тұсындағы алғашқы заңдардың дайындалып, қабылдануындағы ғалымның еңбегі ұшан-теңіз. 1990 жылы С.Зиманов республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты ретінде Парламенттегі комитетінің төрағасы болып сайланды. Қазақ ССР мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның жобасын дайындау комиссиясын басқарып, тікедей қатысуымен аса маңызды саяси құжат болып табылатын «Қазақстан Республикасы мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң дайындалды. Сонымен қатар еліміздің жаңа Конституциясының жобасын дайындауда арнайы сарапшылар тобын басқарды.

1948 жылдан бастап өмірінің негізгі қызметін Ұлттық Ғылым академиясымен байланыстырған ғалым өзінің зерттеу нысаны ретінде Бөкей Ордасының тарихы және оның саяси-құқықтық құрылысын алған болатын. Жоғарыда атап өткендей «Бөкей хандығы және оның саяси-құқықтық құрылысы» аталған кандидаттық диссертациясынан соң 1961 жылы «XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси құрылысы» деген тақырыптағы

докторлық диссертациясы да еліміздің тарихын зерттеу ісіндегі үлкен бастама, тың зерттеулер болды.

Осы екі үлкен ғылыми зерттеулері С.Зимановтың қазақ тарихына қатысты іргелі еңбек болған еді. 1960 жылғы «Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков» және 1982 жылы жарық көрген «Россия и Букеевское ханство» аталған екі іргелі еңбегі күні бүгінге дейін қазақ тарихындағы аталған кезеңдердегі саяси, әлеуметтік, экономикалық даму үдерісіне талдау жасалған маңызды зерттеу болып табылады. Бірінші еңбектен ғалымның XVIII ғасырдың соңы - XIX ғасырдың басындағы Қазақстандағы билік пен басқару ісіндегі ерекшеліктер, хандық билік, хан құқығы, хан кеңесі жайындағы пікірлері қызығушылық тудырады.

С.Зимановтың «қазақ хандығының мемлекеттік құрылымы әлсіз зерттелген» пікірі әлі де өзектілігін жоған жоқ [1, 80]. Бұл әсіресе, 2015 жылы қазақ мемлекеттілігінің 550 жылдығын атап өту барысында өзінің өзектілігін арттыра түседі. Қазақ қоғамындағы хан билігінің ұйымдастырылуы жайында хан билігіне жүктелетін мынадай міндетткерліктерді бөліп көрстеді: хан және басқа да билеушілер пайдасы үшін тұрғындардан салықтың және басқа да алымдардың жиналуын қамтамасыз ету; ресми ішкі және сыртқы саясатты жүзеге асыру; тәртіпті қамтамасыз ету; көршілердің территориясын алу үшін соғыстар жүргізу және өз шекараларын қорғау [1, 80-81 б.]. Бұл жерде еңбектің кеңес билігі тұсында жазылуына орай үстем болған бірқатар иедологиялық бағыттар айқын байқалады. Атап айтқанда, алым-салықтар мәселесінде «салықты хандар халықтан өз пайдасы үшін жинады», немесе ішкі және сыртқы саясатта негізінен «феодалдық топтардың мүддесі көзделді» деген пікірлерді анық көреміз. Енді осы міндеттерді орындау төмендегі мәселелер маңызды орын алғандығын айтады: біріншіден, қоғамнан арнайы еректенген және басқару ісінде маманданған адамдардың ерекше тобы (сұлтандар, билер, старшындар); биліктің материалдық қорлары (аппарат, әскери жасақтар, өз жауынгерлері бар батырлар); экономикалық санкциялар [1,81 б.]. Қазақ қоғамындағы саяси құрылым жайында талдай келе, кейінгі орта ғасыр және жаңа замандағы Қазақстандағы саяси құрылым жайында былай тұжырым жасайды: биліктің түрлі сатылары арасындағы қарым-қатынаста төменгі органдардың жоғарыдағыларға қарағандағы әкімшілік тәуелділігіна қарағанда вассалдық қатынас болды; жергілікті саяси автономия орталық, яғни хандық билікке қарағанда күштірек болды; көшпелілердің төменгі топтық құрылымыг құрайтын ауылдар мен қауымдарда старшындар билігі жұршылықпен байланыста болды және бірқатар «халықтық» институттарға сүйенді.

Салық Зимановтың қазақ дәстүрлі қоғамы және оның ерекшеліктеріне қатысты жүргізген зерттеулерінің тағы бір қыры – қазақ билер сотына қатысты еңбегі. Ол қазіргі қазақстандық құқық жүйесін қалыптастырып дамытуда қазақ халқының дәстүрлі құқықтық құрылымындағы ерекшеліктерді, қалыптасқан дәстүрлерді ескеру және тиімді пайдалану турасындағы пікірлерінде атап өтеді. Осы кездері еліміздің құқықтық жүйесінде өзіндік орны бар алқа билер тәжірибесінің қайнар көздері қазақ қоғамындағы билер отынан бастау алды деуге әбден болады. Сондықтан да ол заң-құқық саласындағы қазақтың бұрынғы құқықтық тарихы мен қазіргі жүйесіндегі өзара байланыстар мен дәстүрлерді терең зерттеуге бастама болды. Ғалымның «Би - халық шежірешісі, данасы, әрі заңгері» атты зерттеу еңбегінде: «…Ерте және кейінгі жазба деректерге қарағанда ұлттық және аймақтық әділ сот тарихына енген билер саны жүзден астам. Ол билердің ішінде заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасырының» дәстүрлерін ғасырдан-ғасырға жеткізіп,

сақтаған және оны әркез уағыздап отырған билер де көп болатын. Мысалы Майқы би, Аяз би, Едіге би (Ноғайлы – қазақ елінен), Төле би (Ұлы жүз), Қазыбек би (Орта жүз), Әйтеке би (Кіші жүз), Жәнібек би (Торғайда), Тіленші би, Есет би, Әнет баба би, Сырым би, Сақұлақ би (Бөгенбай батырдың немересі, Ереймен жерінде), Шорман би, Шоң би (Баянауылдан), Сайдалы би және Аққошқар би (Арғын елінен), Ерден би (Бағаналыдан), Бала би, Досбол би, Ақтайлақ би, Мөңке би, Байдалы би, Тоқсаба би, т.б. Таңғаларлығы олар ұлан-байтақ қазақ-қыпшақ даласының әр түкпірінде өз руластары арасында, өз ауылдарында өмір сүргенімен, олардың атағы бүкіл Ұлы Далаға әйгілі болды. Қазақ билерінің барлығы қай ғасырда, қай жерде, қай рулы елде өмір сүргеніне қарамастан қазақ әділ сотының атасы атанған Майқы биді бірдей пір тұтқан. Орталық Азияның ұлан-байтақ аумағының түрлі бөліктерінде орналасқан қазақтардың этникалық, тілдік-мәдени және идеялық-психологиялық бірлігін түсіндіретін құпиялардың бірі дәл осы қазақ құқығы мен әділ сотының жүйесінде деп есептеуге толық негіз бар», – деп жазады [2].

Бұл еңбектерінде академик Салық Зиманов қазақ қоғамындаы билер сотын әлемдік мәдени құндылықтар қатарында қарастырады. Көне заманна бастап Ұлы Жібек жолы секілді байланыс торабында орналсқан қазақ жерінің әлемдік өркениет пен мәдениеттің өзара дамуына ықпал еткені сөзсіз. Қазақ жерінде ертеден өмір сүрген рулар мен тайпалар тарихи даму үдерісі негізінде көптеген тарихи оқиғалар мен заңдылықтарды бастан өткерді. Кейінгі орта ғасырлардағы этникалық процестер барысында олар жеке этностық бірлестіктерге айналды. Осыған орай ғалымның көзқарастары әлі де өзекті. олардың мемлекеттілік жағдайы да түрлі бағытта болды. Бірқатарлары отырықшы өмір салтына көшіп, басқарудың өзге формаларын қабылдады. Енді бірқатарлары жаугершілік саясаттар ұстап, айнала көрші елдерге шабуылар жасау, сол арқылы өзінің экономикалық, территориялық, әлеуметтік мәселелерін шеруді таңдады. Қазақ этносын құрап, қазақ хандығы құрамына енген рулар мен тайпалар дамудың прогрестік жолына аяқ басты деп айта аламыз. Бұл қазақ хандары, ел билеушілерінің ешқашан өз бастамашылығымен өзге елге соғыс жасап, жаулаушылық шабуыл жасамағандарынан көнінеді. Қазақ тарихындағы қаншама соғыстар мен шайқастардың болғанын көрсек те, олардың барлығы дерлік өз жерін, халқын қорғау үшін болған шайқастар. Ол атақты «Аңырақай шайқасы», немесе «Ор бұлақ» шайқастары және мұндай мысалдар біздің қарт тарихымызда аса көп. Осы бағытта С.Зиманов қазақ халқының жалпы әлемдік мәдени құндылықтар жүйесінде ерекше орын алатын билер соты жүйесі екенін атап өтті.

Қазақ дәстүрлі қоғамында бірнеше әлеуметтік категориялар болғаны белгілі. Солардың ішінде ерекшесі, ғалым сөзімен айтқанда, бірегей жүйесін құрағандар – қазақ билері. Қазақ билер соты жүйесі, қазақ билері жайында зерттеулер XYIII-XIX ғасырлардағы орыс зерттеушілерінен бастап, кеңес дәуірі, одан кейін тәуелсіздік жылдарында жарық көрген. Әлі де зерттеулер жалғасып келеді. Осы зерттеулер ішіндде өзінің ерекшелігімен және мазмұндылығымен Салық Зиманов еңбегі үлкен орын алады. Біріншіден, оның ерекшелігі билер сотының дәстүрлі қазақ қоғамындағы құқықтық саламен байланысты зерттелуіне байланысты болып табылады. Екіншіден, қазақтық билер сотының әлемдік құқықтық жүйенің демократиялық және ізгілек феномен ретіндегі айрықша рөлін нақты дәлелдеуімен анықталды. Қаақ билерінің түрлі саладағы заң-құқық бұзушылықты (азаматтық, қылмыстық), дауларды шешудегі сот билігінің формалары әлі де терең зерттеулерді қажет етеді. Мысалы, С.Зиманов қазақ билері сот жүйесіндегі ерекше қызметі үшін XIX ғасырдағы орыс зерттеушілері тарапынан, атап айтқанда, А.Словохотов,

И.Крафт, И.Козлов, А.Левшин секілді зерттеушілерінің түрліше баға бергенін, бірақ олардың негізінен қазақ билер соты және билеріне таңғаларлықпен қарағанына тоқталады.

Ғалым өзінің билер жайындағы зерттеуінде қазақ даласындағы дәстүрлі құқықтық саланың қалыптасуы мен жүйелі дамуында үш фактор басты орын алады деп көрсетеді. Яғни, қазақ халқының қалыптасуында рөл атқарған ру-тайпалардың, одан соң қазақтардың өздерінің еуразияның ұланғайыр даласында орналасуы мен өмір сүруі, осы еркін аймақтағы этностардың бірі-біріне ықпалы, олардың этномәдени шекараларын сақтап қалу мен нығаюына әсер етті деген тұжырым жасайды.

Қазақ тарихының зерттелуіндегі Салық Зимановтың тағы бір үлесі – қазақ хандарының қызметі мен олардың мемлекеттілікті дамытудағы роліне қатысты еңбектері екені сөзсіз. Бұл тұрғыда қазақ дәстүрлі құқықтық нормасының ерекші үлгісі болған «Жеті Жарғы» заңдар жинағын жете зерттеді. Халықтың заңдық нормаларын анықтауда Қасым хан және оның мемлекеттік саясаты, мемлекет басшысы ретіндегі көзқарастары, заңдарына талдау жасайды.

Ғалым «Қасым ханның қасқа жолы» атауымен тарихта қалған заңдар кешенін жасаушы Қасым хан осы заңдарда өзінің мемлекеттік саясатын анық берді деген тұжырымға тоқталады. Қасым ханның билігі тұсындағы қазақ қоғамындағы билер соты рөлінің артуы мәселесіне орай «Қасым хан көшпелі қоғамдарды олардың ішкі жүйелерін «қазақыландыру» саясатын жүргізді. Оның тұсында өз заманында түркі тілді шығыс көшпелі қоғамына күшпен, я билеумен енгізілген моңғолдық, араб-ирандық, сондай-ақ діни терминологиялардың күші жойыла бастады. Мұндай жағдай арнайы хан жарлығының күшімен емес,ел басқарудағы жаңарған тәртіптердің салдарынан болды. Осылайша, моңғолдың «нойон» сөзі көшпелі рулық-тайпалық ұжымдарда қазақ-түрік сөзі «би» ұғымымен ауыстырылды. Моңғолдың «нунтук» сөзінің орнына қазақтың «ауыл», түріктің «жұрт» сөзі қолданыла бастады. «Жұрт» термині «халық» ұғымын білдіре бастады. Ал «жүгініс», «құрылтай», «мәжіліс», «кеңес», «кеңес», «отырыс» сияқты қоғамдық институттар бұрынғы күшіне енді. Нысаны бойынша ұжымдық, мазмұны бойынша халықтық бұл институттар көшпелі қоғамдардың ішкі өмірінің ұйымдық нысанына айналды. Олар сонымен бірге жария биліктің де нысанына айналып, «көшпелі-ру-хан» өзара қатынастарын білдірді»,-деген тұжырым жасайды [2, 165-166 б.]

Академик ғалымның қазақ тарихы мене мемлекеттілігінің қалыптасуына қосқан үлесі жайында бірқатар зерттеушілер өз мақалаларында атап өтеді. Солырдың бірінде «С.З.Зимановтың еңбектерінің маңыздылығы, қабылданған Конституция қағидаларының негізін салуға ұлттық мемлекет және заңдар негізін қалауға игі ықпал етті. С.З.Зиманов – ұлттық мемлекеттің идеологы, Қазақстанда тәуелсіздік орнығуы үшін атсалысқан күрескері. Оның алғашқы ұлттық мемлекет мәселелері бойынша жазған ойлары, үлгілері 1950 жылдардың аяғы мен 60-шы жылдардың басында-ақ айқын көрініп, бүгінгі күні Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігіне ұласты. С.Зимановтың еңбектері әйгілі ғалымның тек ғылыми жұмыстары ғана емес, қазіргі заманның саяси құқықтық ойларының маңызды қайнар көздері», - деп жазады зантанушылар Н.Өсеруұлы мен А.Смағұлова [3, 249 б.].

Қазақ мемлекеттілігінің даму тарихын зерттеумен қатар тәуелсіздік жылдарында мемлекеттің алғашқы заңдық-құқықтық мәселелер тұрғысынан реттелуіне үлкен қызмет еткен ғалымның мемлекет қайраткері ретіндегі де рөлі аса

жоғары болды. Сондықтан С.Зимановтың мол ғылыми мұрасы әлі де зерттеле түсері анық.

Әдебиеттер тізімі

1 Зиманов С. Политический строй Казахстана первой половины XIX века и Букеевское ханство. А., Арыс, 2009. – 496 б.
2 Зиманов С. Қазақтың билер соты- бірегей сот жүйесі. А., Атамұра, 2008. – 216 б.
3 Ғылымдағы ғасыр абызы. Академик Салық Зиманов. А., «Қазығұрт», 2013. – 456 б.

Резюме

В статье рассматривается роль видного ученого Салыка Зиманова в изучении истории Казахстана, его вклад в развитие современной казахстаники.

Summary

This article describes role of eminent scientist SalykZimanova in the history of Kazakhstan, his contribution to development of modern Kazakhstan.

Қабылданған күні 26.12.2014 ж

ӘОЖ 821.521.154

М.С.Туғанбаева
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
E-mail: miko.t.1989@mail.ru

«ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ» ТАРИХИ РОМАНДАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ШЕШІМ

Аңдатпа

Мақалада қазақ пен қырғыз арасындағы туыстық, біртұтас тарихи, әдеби байланыстарға толы дүниелер көп. Өйткені тарихи романдардың кеңдігі мен теңдігі ұштасып, сол жолда ізденуге, үлес беруге, ашықта айқын сипатталуға негіз бар.

Негізгі сөздер: *әдебиет, тарихи романдық көрініс, әдеби-мәдени этнография, шығарма.*

КІРІСПЕ

Жалпы, әдебиет тарихы ежелгі дәуірден бастау алатыны белгілі. Ертедегі әдебиет тарихында ежелгі түрік, қазіргі көршілес мемлекеттер тарихынан сыр шертер болсақ, яғни қырғыз, өзбек, қарақалпақ, татар, ұйғыр, башқұрт елінің тарихындада мол қазына жатқанында білеміз. Енді осы ұлттардың көркем әдебиетте соның ішінде қырғыз елінің көрініс табуы қалай? Бұдан бұрын өткен тарихи оқиғалардың ішінен жазушылар өздеріне қажеттісін, ең маңыздысын қалай екшеп, сұрыптап алды ма? – деген сауал. Бұл елдің әдебиетінде халық өмірінің сыр-сипатын елестетіп шығармалар туындысы барма? Болса қайсы? - деген сұраққа жауап іздейтін болсақ онда тарих көздері былай деп жауап береді. Демек тақырыбыма сәйкес қырғыз елінің, көрші мемлекетінің әдебиетінде тарихи шығармалардың көбі «кеңестік идеология» сынына ұшырап, біраз уақыт жарыққа шақпады. Сондай кезеңді бастан өткерген қырғыз тарихи шығармалардың біразы тоталитарлық жүйенің қулығына ілініп, немесе тұзағына түскен көркем шығарманың бірі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Көп асаба» (Көк байрақ) деген мағынаны береді. Роман 1972ж. жазылып, аяқталғанына қарамастан 18 жыл бойы басылымға жол берілмей, кейінірек қайта құру кезеңінде, яғни, 1989жылы «Әдебиет» баспасында жарық көріп әжептәуір кең, ауқымды дүние өмірге келеді. «Көк асаба» романында біздің заманымыздағы VI-VIIIғ. Енисей бойында мекен еткен қырғыздардың трагедиялық тағдыры кеңінен суреттеледі [1]. Осы кезеңде өмір сүрген қырғыздардың өмірі, тұрмыс-салты, өмірге деген ұмтылысы көптеген тарихи деректерге толы болады. Сөйтіп Сібір өлкесінде Енисей қырғыздарыныңалғашқы мемлекеті құрылады, елдің территориялық аймағы - Минусин аңғары басталып, Орталық Енисей алыбына Саян жотасының солтүстігіне дейін созылады. «Көк асаба» романында қозғалатын мәселе «Орхон-Енисей» жазуларындағы Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған романдары арқау болады. Енді осы романдарға сын-пікірлердің де айшықтап аласұрғаны да рас. Негізгі роман қырғыз әдебиеті тарихында 1960–шы жылдардан бастап ,өз алдына жеке жанр болып шықты, тек 1970 жылдан кейін жазылды. Роман авторы былай деп жазды: «Көк асаба» 1972 жылы жарық көргенде ,он сегіз жыл бойы кітап сөрелерінен орын алды. Кітаптың кешігіп шығуынан, туынды туралы әдеби-сында кешігіп айтылды. Романға өзім «тарихи роман» деп айдар таққанмен, кітапқа басылған баспаның алғы сөзінде рецензенттер реалистік тарихи роман жалаң атрибуттардан құралмайды, тарихи рух, бұрмаланбай бейнеленуі қажет деп, жазушының тарихи романға қосыла бермейді. Бұл шығарма тарихи дастанға жақынырақ деген пікір білдірді [2].

Осы романға А.Мусаев – зерттеудің нәтижесінде романның сюжеті, тарихи тұлғалар сөз болғанымен, романның жанрлық табиғаты туралы сөз жоқ деп пікір білдірді. Сөйтіп «Көк асабаның» жанрлық табиғаты анықталмай туындыға тарихи роман деген атау бірде қосылса, бірде қосылмады.

Қазақ пен қырғыз арасында көптеген еңбектерде жалпы әдеби байланыс, ортақ құбылыстар, ұқсастықтар кеңінен сөз болғанымен тарихи романдағы өзара үндестік сюжет ұқсастығы, тарихи деректің көркем шығармадағы көрінісі сынды мәселелер әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Ең бастысы қазақ елінің көп ғасыр бойы тығыз қарым - қатынас жасап келе жатқан халықтың бірі қырғыз халқы болғандықтан, екі халықтың ежелден бері келе жатқан ескі ауыз әдебиеті үлгілері мен көне нұсқада да әдеби байланыстың биік деңгейін көруге болады. Мұндай мәдени және әдеби байланыстың тамыры тым әрі де болғандықтан сол, әсіресе ертегілері мен эпостық жырларында жұмбақ пен мақал мәтелдерінде бір-біріне үндесіп кейде сол күйінде қайталанып келуі кездеседі. «Көк асаба» романында қиял мен тарихи деректің ауыз әдебиет үлгілері мен фольклорлық шығарма өзара тығыз байлыныс тауып, мақал-мәтел нақыл сөзді автор көп қолданады. Суреткер таным-түсінігі мол қазақ-қырғыз халқының арман мұратын, мұң-мұқтажын айтып шынайы көркем дүниені шынайы зерделейді. Көк асаба романында қиял мен тарихи деректің, ауыз әдебиет үлгілері мен фольклорлық шығарма өзара тығыз байланысты. Автор негізгі үш мәселені тілге тиегі етеді - құжатты дереккөздер, халықтық фольклор және ұлттық психология [3].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, қазақ және тарихи романдардың дамуы түрлі жолдарды бастан өткеру мен тығыз байланысын айтады. Қырғыз елінің шежіре жазбаша деректер мұрағаттық айғақты негізге алып, бұл туынды қырғыз елінің өткенін

сипаттаған, зерделеген дүние болып қала береді. Құнды деректі көркем шығарма кімді де болса толғандырып, тебірентіп, рухани мол азық беретіні бесенеден белгілі деп, - ой пікір қалдырамын.

Әдебиеттер тізімі

1 Сыдықбеков Т. Мезгіл сабақтауы. Фрунзе, 1982.-110.б.
2 Күлтаева Ү. Қырғыз тарихы романистикасы. Бішкек ,2006.-228.б.
3 Темірова Б. Көк асаба романы көркем нарқы.Өлке, 2009.-Б.137-145.

Резюме

Данные были собраны из материалов задокументарованных в библиотеках, а так же в издательских изданиях. В данной статье рассматриваются сходство и разновидность, родственность казахского-киргизских романов. Имена авторов подлинные.

Summary

All above information is obtained and carefully selected from publications, from the books in thelibrary the uthorsnames ave given in sull.This article covers similarity and variety as well as likeness of Kazakh and Kyrgyz novels.

Қабылданған күні 25.12.2014 ж

ӘОЖ 8

М.Ж.Аманғалиева, Қ.Ө.Жүсіп
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
E-mail: maka73.73@mail.ru

С.БЕРДІМҰРАТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МАЙДАН ЖЫРЛАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада майдангер ақын С.Бердімұратұлының соғыс тақырыбындағы лирикалық шығармалары туралы сөз етіледі. Ол өз өлеңдерін елдегі еңбегімен көрінген елеулі еңбек майталмандарына арнап, қолына қару алып, Отанын басқыншы жаудан қорғауға қатысқан майдангер ретінде сұм соғыс тақырыбына қалам тербеген ақын. Мақалада оқырман халыққа ел сүйіспеншілігіне бөленген ақынның соғыс, майдан даласы, кеңес солдаттарының өшпес ерлігі, соғыстағы солдат өмірі, ақынның бастан кешкен оқиғалары туралы мағлұмат беріледі.

Негізгі сөздер: *Ақын, поэзия, әдебиет, оқырман, шығарма, майдан.*

КІРІСПЕ

Орайлы ойы оралымды, өлең жырының өрісі кең, елдік пен ерлікті жырлаған, туған жері туралы толғанған Сембай Бердімұратұлы Атыраудың ақиық ақыны, ардақталар ақсақалдарының бірегейі деуге әбден болады. Сембай Бердімұратұлы өте жас кезінен әдебиетке ерте араласқан. Шығармашылығының негізгі жанры - поэзия. Ол өз өлеңдерін елдегі еңбегімен көрінген елеулі еңбек майталмандарына арнаса, қолына қару алып, Отанын басқыншы жаудан қорғауға қатысқан майдангер ретінде сұм соғыс тақырыбына да қалам тербеген ақын. Кейіннен бейбіт заманда еңбекке араласқан қаламгер мектептегі шәкірттеріне білім бере жүріп, олардың

бойларына біртұтас Елжандылықтың, Отансүйгіштіктің, адамгершілік пен биік парасаттылықтың алдыңғы қатарлы идеяларын тарата жүріп, қаламын ұштай түскен ақын. Өзі дүние салса да, оның артында қалған пұл жетпес ақшуақ мұрасы қалды.

«Әдебиет-сөз арқылы сұлу суреттелетін өнер,»- дейді М.Горький. «Поэзия-өнердің ең жоғарғы санасы,»-дейді В.Г.Белинский. Бұдан туатын қорытынды – поэзия үшін алдымен қажет нәрсе сұлулық және көркемдік. Осы сұлулық пен көркемдік арқылы терең идеяны беру керек, өмірді таныту керек, шындықты көрсету керек. Сұлу образ, сұлу суретті сөз арқылы берілмеген поэзия-жансыз поэзия [1].

Қазақстанның әрбір өңірінде поэзияға өз үлестерін қосқан ақындар да бар. Олардың қатарына Атырау өңірінен Әбу Сәрсенбаевтан бастасақ, оған ілесе Сембай Бердімұратов, Нұралы Әжіғалиев, Фариза Оңғарсынова, Жұмекен Нәжімеденов, Өтеген Оралбайұлы, Қойшығұл Жылқышиев тағы басқалары өздерінің лирикалық шығармаларымен қазақ лирикасына өз үлестерін қосқандығы белгілі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ақын Сембай Бердімұратұлының өмірі-өзінің жырында. Ақын жиырма бір жасқа толғанда бәрімізге белгілі бүкіл дүние жүзін тітіркенткен, бүтін әлемге Екінші дүниежүзілік соғыс деген зұлмат атпен белгілі болған Ұлы Отан соғысына аттанды. Бұл туралы ақынның өмір деректерінде анық жазылған. Ол Сталинград маңындағы майданға қатысып, Смоленск бағытына дейін барған. Жүріп өткен жолдарының бәрінде бораған оқтың астында, ыстық пен суықты, аштық пен жалаңаштықты көріп жүрсе де, сол кездегі майдангерлердің алдында қойған мақсаттары бір, ол- неміс-фашист басқыншыларына қарсы күресу және туған елді олардың қанды шеңгелінен арашалау болды.

С.Бердімұратұлының майдандық жырлары бір шоғыр. Ақын жинақтарын саралап, салмақтап оқып отырғаныңызда майдан бейнесі мен соғысты бейнеленетін өлеңдерінен сонау жылдардың дүмпуін жақсы сезінеміз. Мұндай өлеңдерінің барынша жинақталған тобын ақынның «Туған жер тынысы» жинағынан кездестірдік [4,145 б.].

Осы кітаптың «Майдан дәптерінен» деген тарауында «Шинель туралы», «Алыс жер бар ма солдатқа», «Деген шындық ұйқы тәтті астан да», «Неше неміс өлтірдің деп сұрама», «Жолымды жорымаймын жаманатқа», «Жұбату», «Анама хат», «Қыршын кеткен қыз», «Жалындым ұшқан құстарға», «Кек алу кезегі», «Жеңіс», «Елге қайтып келеміз», «Үміт», «Санбаттағы өзбек қызына», «Жаутаңдап қарақат көз көп қарады», «Әлі іздеймін», «Ата сыры», «Соғыс экраны алдында», «Ұмытылмас ұлысың», «Үйретті отты жылдар шежіресі», «Жүректер әлі сыздайды», «Мәңгі алау», «Сарғая күту», «Жеңіске жеттік», «Елге келгенде»,«Сыр шертеді беттерің», «Талай жанды өмірге өкпелі еттің» атты өлеңдері енген. Ақынның бұл өлеңдерінің өзін екі бөлімге бөліп қарастыруға болады: біріншісі - майданда туған жырлар, екіншісі - ауылда майдан зардабын еске алу жырлары. Ақын бұл жырларын «Туған жер тынысы» атты өлеңдер жинағының «Жүректер әлі сыздайды» деген бөлімінде жариялаған.

Қазақ әдебиетінің көрнекті ақын-жазушылары майданның бел ортасында болып, қан кешіп жүрсе де қолдарынан қаламдары түспеді. Көз алдында болып жатқан қан-қасап жойқын сурет ақындардың жүрегін жаралағандықтан олардың талай шығармалары майдан даласында туғандарын оқырмандар жақсы біледі. Әбу Сәрсенбаев, Қасым Аманжолов, Хамит Ерғалиев, Жұмағали Саин, Қалмахан

Әбдіқадыров, Мұзафар Әлімбаев, Сырбай Мәуленов, Жұбан Молдағалиев, Тоқаш Бердияров және басқалары өздерінің өшпес өлеңдерін тудырды. Біз Сембай Бердімұратұлын да солардың қатарында санаймыз. Бір айырмашылығы Сембайдың майданнан бұрын шығармалары халыққа белгілі бола қойған жоқ. Тек өзінің қатарлас жерлесі Далабай Жадықбаев қана белгілі бола бастаған еді.

Қазақ ақындарының майданда туған және майдан тақырыбындағы жырлары Ұлы Отан соғысының бейнесін көз алдымызға елестететін шығармалар ретінде әдеби энциклопедиялық дәрежеге ие болған болғандықтан ешқашан ұмытылмайды. Қасым:

Үстімде сұр шинелім
Ақсаңдай басып келемін.
Қағып-соғып жығар ма
Оңайлықпен мені өлім?!

Әбу:

Сен құрметте оны,
Түсіндің бе қарағым.
Ол ақшаға сатқан жоқ
Тізеден кесіп аяғын.

Хамит:

Ұмытпан фашизмнің мені атқанын,
Жендетке бала өлігін санатқанын.
Мектепке біз оқыған мал қамады,
Өлді ана, құлағымда оны атқан үн [4, 87б.].

Майдан тақырыбындағы бұл жырлар ешқашан ұмытылмайды. Қазақ әдебиетінде майдан жырлары қомақты орын алатыны және ақындардың нағыз жарқыраған шындықтан туған жырлары әсіресе осы кездерде жазылып, поэзия үшін бір үлкен белес болғанын айтамыз.

Сембай Бердімұратұлы өз шығармаларын қойын дәптерінде ұзақ сақтаған адам. Әрине, жергілікті баспасөз беттерінде Атырау облыстық «Атырау» (бұрынғы «Социалистік құрылыс», «Коммунистік еңбек»), өз туған жері Махамбет аудандық «Малды өңір» газеттерінің беттерінде, ара-тұра республикалық газет-журналдарда өлеңдері жарық көріп тұрды. Ақынның идеялық үлкен терең мәнмен жазылған «Алыс жер бар ма солдатқа» атты лирикалық туындысы. Бұл өлеңге солдаттың соғыс кезіндегі атқарған ерлік істерін жинақтап көрсеткен туынды деп баға беруге болады.

Туған жер үшін, халық үшін,
Жанды ортаға салмаққа.
Отанға берген ант үшін
Алыс жер бар ма солдатқа [2,184б.].

Өлеңдегі «талай шептен өтеді», «жер бауырлап жетеді», «түтеген оқтың өзінде, салып жүріп жанды отқа», «таусылып тағдыр өмірі, жолдасың ұшса сонда оққа, сол жерде қалар қабірі», «талай жандар соғыстан, қара басы қалмап па?» деген тіркестер жаныңды жұлқып-жұлқып жұлымын шығарардай әсер береді.

Еділден мынау-Одерге,
Тіке бір жолды таңдап па?
Шайқасып жеткен сол жерге
Алыс жер бар ма солдатқа! [2,184б.].

«Майдан дәптерінен» деп аталатын топтамасынан Сембайдың «Шинель туралы» атты сәтті шыққан өлеңін түгел келтіруді жөн көрдік.

Жорықтың жүрміз кешіп жолын қашық,
Мая жүн сұр шинельді мойынға асып.
Бірі-жастық, шинельдің бірі-көрпе,
Екі солдат жатқанда қойындасып.
Осылайша табысып достығымыз,
Өтіп жатыр осылай жастығымыз.
Бойындағы солдаттың қасиетін-
Шинелінен болжайды бастығымыз [3, 48б.].

Майданда жүрген ақынның құрбылары өлең жазуды сұраған екен. Сол тілекті осы өлең арқылы орындаған.

Ақынның «Жолымды жорымаймын жаманатқа», «Анама хат» атты өлеңдерінде елін сүйген жарқын жастың кескілескен майданнан аман-есен жеңіспен оралатынына сенімі зор екендігі өлең жолдарында өріліп, оптимизм идеясын паш ететіндігін көреміз.

Тапсырдым, анамды елге аманатқа,
Алыс жол сөз болып па азаматқа!
Жеңіспен Ақ Жайыққа оралармыз,
Жолымды жорымаймын жаманатқа! [3,148б.].

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, біз ақын Сембай Бердімұратұлын майдангер ретінде, өз көзімен көргендерін дүйімге тарту еткен жырларын сөз еттік. Соғыс ардагерінің жырларындағы бұдан 70 жыл бұрын болған жойқын соғыстың суреттері кейінгі ұрпаққа үлкен мұра болып жетіп отыр.

Әдебиеттер тізімі

1 Қабдолов З. Сөз өнері, Т.2, Алматы, Санат, 2003.- 316 б.
2 Бердімұратов С. Туған жер тынысы. өлеңдер жинағы.-Алматы, Өлке.1996.-Б.184-185.
3 Бердімұратов С.Тіршілік тынысы. Естеліктер. Ақтөбе, А-полиграфия,2004.-Б.64-66.
4 АбдрахмановаТ. Қасым Аманжоловтың поэтикасы.-Алматы, Ғылым, 1976.- 46б.

Резюме

В данной статье говорится о лирических произведениях фронтовика поэта С.Бердимуратова. Поэт с оружием в руках, защищавший свою Родину от оккупантов, посвещает свои стихи достойным, неутомимым труженикам своей земли, пишет на военную тему. В статье приводятся сведения о войне, о бессмертных подвигах советских воинов, о солдатской жизни на войне, о событиях, свидетелем которых был поэт.

Summary

This article considers the lyric poetry devoted to the World War II of the front-line soldier and poet S.Berdimuratuly. His poems are about the working people and war veterans who devoted their life to the battle during the World War II. This article describes the feat of poet and Soviet soldiers, soldiers' military life, poet's adventures at wartime.

Қабылданған күні 25.12.2014 ж

ӘОЖ 82-1

Н.А. Атаханова
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
E-mail:rassi68@mail.ru

Т.АЙБЕРГЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Аңдатпа

Бұл мақалада көрнекті ақын Т. Айбергеновтің «Космонавт монологы» поэмасында космонавт бейнесін жасай отырып,ұлттық мінезді кейіпкер бойына енгізу арқылы оған қазақы қасиеттер дарыта бейнелегені айтылады.

Негізгі сөздер:*ұлттық мінез, лирикалық кейіпкер, поэма жанры.*

КІРІСПЕ

Талантты ақын - ұлттың болмысы. Оның жырлары да туған халқының өзіндік өмір нақышымен, қаны бойында ойнаған табиғи қасиетімен қосыла өріліп жатады. Оның жырлары қай тілде сөйлесе де ұлттық бояумен үндеседі. Қазақтың талантты ақындарының жырларынан даланың кеңдігі, сәбидің пәктігі, ұлт бойындағы даналық пен даралық есіп жататындығы да сондықтан. Сондай ақынның бірі де, бірегейі де – Төлеген Айбергенов. Жиырмасыншы ғасырдың алпысыншы жылдары қазақ поэзиясында жемісті еңбек еткен қарымды қаламгерлер қатарында көрінген Төлеген Айбергенов қазақ поэзиясын өзіндік сыршыл лирикаларымен айрықша толықтырылып, байытқан, артына ерекше сазды мұра қалдырған дарынды ақын еді.

Қазақ ақынға кенде емес. Жылқыда да жылқы бар, қазанаты бір бөлек. Сыры да, жыры да, тіпті қысқа, бірақ мағыналы ғұмыры сағынаштан құралған Төлеген Айбергеновтің осындай ғаламат ақындардың санатында екендігінде күмән болмақ емес.

Көркем әдебиеттегі ұлттық сипат – шығарма авторы дүниетанымының көрсеткіші деп толық айта аламыз. Ақындық поэзиядағы шығармалардың лирикалық және эпикалық жанрларында авторларының халық даналығынан тағылым ала жинақтап, түйіндеп толғаған жырлары дүниетанымның болмысын танытады. Дәстүрлі ақындық поэзияның кейінгі кәсіби жазба әдебиет дамуына ұласқаны – осы ерекшелігі. Көркем әдебиет шығармаларындағы автор дүниетанымының ата бабалық көзқарастардан сабақтаса жалғасқан болмысы оқырмандарды, тыңдаушыларды тәрбиелейтіні ақиқат.

Қазақ сөз өнері мұраларындағы үздіксіз жалғасқан осындай көркемдік үрдіс табиғатын түсіну үшін академик З.Ахметовтің «Дүниетаным және көркем шығарма» атты мақаласындағы пікірді бағдарымызға аламыз: «Асылында, жазушының дүниетанымы мен творчествосы өте тығыз байланысты болады. Оның саяси, философиялық, эстетикалық көзқарасы, дүниетанымы, әдеби творчествоға негіз, тірек болады. Ал әдеби шығармаларынан өмірлік позициясы, мақсат-мұраттары, эстетикалық идеалы айқын танылады» [1]. Демек, ақындық поэзияның ұлттық сипаты аясында халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлері, әдет-ғұрыптары толық қамтыла жырланады.

Т.Айбергеновтің поэзиялық туындылары – халыққа сонау алғашқы жарық көрген кезінен бастап, жаңа бастаулар, тың өзгерістер, оқшау бұрылыстар, өзгеше жаңалықтар әкелген, қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар дүниелер. Зергер жазушы, белгілі әдебиет сыншысы Әбіш Кекілбаев сөзімен айтқанда

«Төлеген – сөз жоқ талант. Дара талант, сара талант» [2]. Ақын шығармашылығы әсіресе соңғы кезде, яғни еліміз егемендікке жеткеннен бергі халықтың жаңарған, өскен талап тілегіне сай көркемдігі биік, рухани серпіліске жетелейтін шығармалардың қажеттілігі арта түскен қазіргі дәуірді елге ерекше қызмет етіп, өзінің мәңгіге мәнін жоймас рухани азық екен Әдебиеттегі ұлттық мінез әлеуметтік психологияның емес, әдебиеттанудың нысанында зерттелетін категория болғандықтан, ол әдеби жанрмен: оның эпикалық, драмалық, лирикалық түрлерімен тығыз байланысты, әдеби бейнелер неғұрлым көркем жасалса, оның ұлттық сипаты мен мінезі соғұрлым анық әрі айқын білінбек, көрінбек. Әдебиетшілердің типтік образ ұғымын ұлттық мінез категориясымен бірлікте қарастыруының мәнісі осында жатыр. Ал, дала, қазақтың кең даласы ұлттық мінездің бірінші бастауы, қайнар көзі болса, қазақ өлеңіндегі даланың жырлануы, оның халық тарихымен байланысты бейнеленуі дегенде де Т.Айбергенов шығармашылығы оқшаулана түседі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Талантты ақын Төлеген Айбергенов те әдебиеттің сапалық деңгейін бұрынғыдан да жоғары көтеру үшін қалтқысыз қызмет етіп, поэзия әлемінде тер төкті. Төлегеннің шығармашылық мұрасының көпшілігін лирика алып жатса да, оның эпикалық жанрда өзін сынап көрген «Космонавт монологы» атты бір ғана поэмасының өзі арнайы сөз етуге тұрарлық жаңалығы мол туынды.

Т.Айбергеновтің шығармашылық лабораториясына үңіле қарап, оның поэма жанрында қалам тербеуінің сыр-сипатын зерделегенімізде «Космонавт монологының» ұзақ уақыт бойы ақын ойында пісіп-жетіліп, біраз ізденіс тәжірибелерден соң барып, жазылғандығын байқадық.

Поэманың жазылу стихиясының бұлай болуының да өзіндік себептері жоқ емес. Өйткені поэмаға өзек болған оқиға сол кезде ең көп жырланып, ең көп шиырланған тарихи оқиға еді. Поэмаға тақырып болған оқиға космонавтика, яғни адамның жердің тартылыс күшін жеңіп, космосты ғарышты игеруге алғаш рет батыл қадам қоюы. Бүкіл әлемдік маңызы бар бұл тарихи оқиға басқа әдебиетті былай қойғанда қазақ әдебиетінің өзінде қаншама жырланды десеңізші. Ұсақ өлең жырларды айтпағанның өзінде бұл тақырыпқа О.Сүлейменовтің «Адамға табын, жер енді» атты әйгілі поэмасы, Ө.Қожамұратовтың «Космонавт толғауы» жазылды. Космосты, оны игерудің адамзат тарихында аса маңызды оқиға екендігін оның болашақ үшін де құнын жоймайтындығын асқақ пафоспен әр қырынан жырлаған О.Сүлейменовтің «Адамға табын, жер ендісінен» кейін өнімді шығара жазуды былай қойғанда, өлең жазудың өзі қиындап кететіндігі белгілі.

Т.Айбергенов поэмасының әр бөлімінде айтылған ойларды қысқаша жіктеп айтар болсақ, «Ұшарда» бөлімінде лирикалық кейіпкердің космонавттың ұшар алдындағы толғанысы, туып-өскен ана жерден ұзап бара жатқандығы көңіл-күйі суреттеліп, ғаламның кең құшағына қарай самғап, тұңғыш рет жердің тартылыс күшін жеңіп, көкке көтеріліп бара жатса да, төменде қалып бара жатқан жердегі асқар шыңды таулар мен ырғатылып жатқан баулар, көлбеңдеген өзендерге қимастық сезіммен көз тіккен сезімі бейнеленеді.

Т.Айбергеновтің «Космонавт монологы» атты поэмасы алғаш рет «Жұлдыз» журналында жарияланды.

Т.Айбергеновтің «Космонавт монологы» туралы алғаш пікір айтушы С.Мәуленов: «Төлеген қай тақырыпқа қалам тербесе де терең ойланып, қанына сіңіріп, бойына дарытып айтады. Ол әрбір өлеңді барлық жанын сала адал жүрегінен

ақтарыла жан отын лапылдата жазады. Оның қай өлеңінде болса да салқындық, селқостық кездеспейді. Өлеңнің әрбір жолынан біз жалындап, дауылдап жатқан азамат ақынды көреміз. «Космонавт монологы» дегенде ақын өзінің жерге деген махаббатын төгілте жырлап келіп, аспанға көтерілген космонавттарды суреттегенде, жаңағы лирикалық дауысын бәсеңдетпей, үлкен саяси пафосқа көтереді. Ал осы өлеңде ақынның ойынан өріліп шыққан тұтастық бар. Философиялық тереңдік бар»[3].

Мен жермін бармағы бал, бауыры қан,
Қасірет сорғалаған сауырынан
Сан рет шөгіп қайта тергеледім,
Уақыттың аласапыран дауылынан [4].

Ақын осы сияқты шумақтармен, мен жермін деп қайта-қайта рефрен жасай отырып, жердің бүкіл басынан кешкен тарихын аз сөзге сыйдырып, оқушылар ойына өшпестей етіп тастап кетеді. Бүкіл жер сөйлеп тұрғандай, құлағыңа бір құдіреттің әлемді теңселтердей даусы келгендей тұла бойың тітіркенеді. Өзінің ең саналы перзенті адамға ылғи да жақсылық жасап, алайда оның еш рахатын көрмеген жер ананың зары сананы сілкіп, бір сәт көзіміздің алдындағы көк тұман тарай бастағанын сеземіз.

Мен жермін тіршілікке пана болған.
Арқамда ауыр жүктен жара қалған.
Тірнектеп жинағанымды ашкөздікпен
Қанқұмар талай ғасыр тонап алған [5].

Иә, жер бетінде талай қантөгіс соғыстар лаулап барып өшкен. Талай адам қолы жасаған игілікке арнаған өркениет туындыларын жоқ қылды. Мұның бәрі әрине өшпейтін дақтар қалдырды.

Теңім жоқ тіршілікті сүйгенде мен,
Әлі сол күмбірлеген күймен келем,
Ұрпағым апаттардың қасірет қаупін
Неге бай тарихымнан үйренбеген [6].

Адам саналы бола тұра орынсыз істерінің өзіне қасірет болып ораларын білсе де қайғы-мұңға бастайтын қастерлі істерді өздері жалғастыруда. Жер-АнаКүйзеле айтып тұрғаны солар.

Сынса да талай мәрте төздім сағым,
Көрсем де кей ұлымның озбыр шағын,
Япыр-ау қашанғы мен күіп өтем,
Өзімнің дұшпан болып өз құрсағым [6,70б.].

Адам біткеннің барлығы жердің туған перзенті. Сондықтан да оған бәрі бірдей.

Шығарманың, «Космонавт монологының» құдіреттілігінң бір сыры осы философиялық тереңдігінде жатыр. Сонымен философиялық терең мәнді шумақтарда не деген сезімдер арпалысы, ойлар қақтығысы, яғни, драмалық кернеулер жатыр.

Т.Айбергенов поэмасындағы лирикалық кейіпкер образының жасалуы жайлы айтар болсақ, ол өте шебер де ұмтылмастай болып жасалған деп сеніммен айтуға болады. Өйткені автор өз кейіпкерінің бейнесін жасарда оның айтар ой-пікірлерін, яғни, айтуға тиіс деген сөздерінің бәрін өзінің ой елегінен өткеріп, қатал қарағаң, әрі тек космонавтқа лайықтап оны кез келген адамдай сөйлете бермеген. Сондықтан космонавтың ақынша тебіренуі де, ойшылдарша толғануы да, Т.Айбергеновтің сәтті

ізденісінен дерек береді. «Төлеген нәзік жанды лирик, философ тұлғаға айналды. Сезім серпілісінің үзеңгісін қаға отырып, ой толғап, ақыл қорытады»[7]. Ақынның батылдығы көп нәрсені шешіп кеткен. Ол лирикалық кейіпкер бейнесін космонавт және ақын образының қосындысынан жасаған. Әйтсе де космонавт және ақынның бойындағы бар қасиетті бір адамның бойына жинақтап, сол арқылы лирикалық кейіпкер жасау үшін де күшті талант тегеуріні керек. Құр жинақты образ жасауға деген талпыныстың нәтижесі сәтті бола беруі екіталай. Бірақ Т.Айбергенов осы қиындықты жеңе отырып, сол арқылы өз поэмасында шеберлік пен әсерлі комонавт бейнесінің шынайы да, нанымды, бітімі өзгеше, бұл жанрда үлгі боларлықтай образ тудырды.

Т.Айбергенов те космонавт бейнесін жасап қана қоймай, оған қазақы қасиеттер дарыта білген. Бір сәт поэмадағы космонавтың монологтарынан үзінді келтірейік:

Жер ана, жылай көрме, ардағым ең,
Мен әуре құштарлықтың толғамымен.
Ақ тілек, адал ниет сапарына,
Көз-жасты алып ұшудан қорқамын мен. [6,70 б.].

Немесе:

Дайынмын жұмсаса да қайда дәйім,
Қалайша бұрқ та сарқ қайнамаймын.
Қош боп тұр сырбаз ағам, сырлас інім,
Қарлығаш қас қарындас, айналайын. [6,70 б.].

Әрине, Төлегеннің мұнысын кейіпкерлерінің бойына ұлттық болмысты сіңіру деп ұғуға әбден болады. Өйткені қазақ ұғымында сапарға шығып бара жатқан адамның ізінен жылап қалу жамандықты шақыру деп есептелінетін болған. Бұл бір есептен осы дәстүр салттың кейіпкер бойына кейбір белгілерін енгізу арқылы ақынның қазақы бейне жасауға деген талпынысының көрінісі болса, екінші жағынан, оның халықтың батырлық жырларын көп оқып, содан үйренгендігін көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Космонавт монологының» тек бұл жағынан алғанда ғана оның әдеби көркемдік жағының да әдебиетті, оның ішінде поэма жанрын дамыту жағына келгенде үлгісі мол. Бұл поэма қазақ әдебиетіне лирикалық поэма әлі дендеп кіре алмай жатқан тұста қосылды. Сондықтан «Космонавт монологын» кезінде поэма деп танымаушылықтар да болды. Оған бір жағынан поэма табиғаты туралы, оның іштей бөлінуі туралы тұрақты пікір қалыптастырып, тұжырым жасап, белгілі бір тоқтамға келе алмаған әдбиеттану ғылымындағы кейбір теориялық оқулықтар да себепші болды. Сондықтан да бүгінгі өскелең әдебиетіміздің таным биігінен қарап, Төлеген Айбергеновтің «Космонавт монологы» поэмасына да әдебиет тарихынан тиісті орын беріп, лайықты бағаланды.

Қорыта айтқанда, Төлеген Айбергеновтің «Космонавт монологы» атты лирикалық поэмасы өз жанрының дамуына сүбелі үлес қосқан, лирикалық поэма стилінде жазылған поэмалар арасында шоқтығы биік туынды болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1 Академик Зәки Ахметов және руханият мәселелері // Академик З.Ахметовтің ғылыми мұрасы және «Қазақ әдебиеттануы мәселелері»: респуб. ғылыми-теор. конф. материалдары, зерттеулер, мақалалар, өлеңдер. – Алматы: Үш қиян, 2003.

2 Кекілбаев Ә. Дәуірмен бетпе-бет. – Алматы: Жазушы, 1972. – 29 б.
3 Мәуленов С. Телтолқын. – Алматы: Жазушы, 1989. – 27 б.
4 Айбергенов Т. Бір тойым бар. – Алматы: Жазушы, 1989. - Б.5-7.
5 Айбергенов Т. Өрнекті өлең өрісті./ Алматы, Жұлдыз, 1967, - Б.10-47.
6 Айбергенов Т. Бір тойым бар. – Алматы: Жазушы, 1989, - 150 б.
7 Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы.-Алматы: Жалын,1988. - 64 б.

Резюме

В данной статье речь идетоб образекосмонавта в поэме «Монолог космонавта» известного поэта Т.Айбергенова где посредством внедрения национального характера в образ героя показываются качества свойственные казахскому народу.

Summary

This article deals with the image of the astronaut in the poem "Monologue of astronaut" where the famous Kasakh poet T. Aybergenov through the implementation of the national characten in the image of the hero shows the quality inherent in the Kasakh people.

Қабылданған күні: 22.10.2014 ж

UDC 81-2

A.M. Tutebayeva, S. Konirova
Kh.Dosmukhamedov Atyrau State University
Republic Kazkhstan, 060011, Atyrau s., Studencheskaya avenue, 214
E-mail:kukeshka@mail.ru

PROBLEMS OF TRANSLATION OF LITERARY PROSE

Abstract

This article deals with the problems in translating literary prose and reveals some pertinent solutions and also concentrates on the need to expand the perimeters of Translation Studies. The status of poetry is considered higher, but it is more possibly due to the notable flawed notion that the novels, essays, fiction etc. possess a simple structure compared to that of a poem and is thus easier to translate. However, many debates have been organised over when to translate, when to apply the close local equivalent, when to invent a new word by translating clearly, and when to copy. Simultaneously, the "untranslatable" cultural-bound words and phrases have been continuously fascinating the prose-translators and translation theorists.

Keywords: *translation, prose, problems, solutions, distant-author, prosaic-ideas, go-between.*

Evidently, 'prose-translation' is the translation of novels, essays, fiction, short stories, comedy, folk tale, hagiography, works of criticism, science fiction etc. It is a type of literary creativeness where the written-work of one language is re-created in another. It is an inherent idea that the translation of poetry is very problematic, yet we have to agree that the translators also have to face lots of difficulties when it comes to translating prose. For example, the *Wycliffe Bible* (ca. 1382) was the original grand English translation and it illustrated the flaws of an English prose that was weak in

nature. The great epoch of English prose translation started at the closing stages of the 15th century with Thomas Malory's *Le Morte d'Arthur*, which was an adaptation of Arthurian romances and we can scarcely call it a proper translation. Accordingly, the earliest great Tudor renditions were the *Tyndale New Testament* (1525), which impacted the *Authorized Version* (1611), and Lord Berners' version of Jean Froissart's *Chronicles* (1523–25). However, when the source and target languages belong to different cultural groups, the first problem faced by the prose-translator is finding terms in his or her own language that express the highest level of faithfulness possible to the meaning of certain words. For example, there are some words that are related to typical fabrics, cookery specialties, or jobs; they also represent specific culture and the translators should be very careful in translating such words. They also find it difficult to render ambiguous puns. Similarly, the titles of stories and novels provide many examples of such ambiguities, which are hard or even impossible to translate.

The language of literature (or literary language) is much different from the language of science, since it is not technical but open, and characterized by richness and complexity which is a reflection of the richness and complexity of life or man's consciousness of it.

In works of literature (whether poetry, drama, or fiction), form acquires significant importance as does content. If the translator of a certain literary work concentrates on the content as a priority (i.e. the prose argument, or the poetic paraphrase of the content), he will inevitably do much harm to the original text, and produce an inadequate translation of the source literary text.

Many people think that the translation of literary works is one of the highest forms of rendition because it is more than simply the translation of text. A literary translator must also be skilled enough to translate feelings, cultural nuances, humour and other delicate elements of a piece of work. In fact, the translators do not translate meanings but the messages. That is why, the text must be considered in its totality. Alternatively, Peter Newmark (1988) delineates translation as "rendering the meaning of a text into another language in the way that the *authorintended* the text" [1,5].

A further point is that there are examples in which the source text contains 'facets' that are advocated in an apt manner by Lawrence Venuti (1995): "…discursive variations, experimenting with archaism, slang, literary allusion and convention" [2, 310p.].

Additionally, it is no less than potentially contradictory that the translator should be "visible" and make use of "foreignising" attributes simultaneously, as foreignising attributes, at any rate in the Schleiermacher tradition, were chiefly initiated into the *Target Text* (T.T) from the *Source Text* (S.T), not by the translator's innovation.

Language has more than a communicative, or societal and connective purpose in literary-prose translation. The word works as the 'key ingredient' of literature, i.e. it has an arty function. A tricky course of action emerges between the start and the conclusion of an innovative work of translation, the 'trans-expression' of the life incarcerated in the framework of imagery of the work being translated. Hence, the problems in 'prose-translation' are within the area of art and they depend on its particular laws.

Plainly, the word "*translation* derives from the Latin *translatio* (which itself comes from *trans*- and *fero*, the supine form of which is *latum*, together meaning 'to carry across' or 'to bring across')" [3, 83 p.].

It "began only after the appearance of written literature" [4,12 p.]. It is the "communication of the meaning of a source-language ext by means of an equivalent

target-language text" [5]. In brief, to translate is to pour meaning from one vessel to another one that is equivalent to the first.

Whereas, *prose* represents ordinary speech or writing, without metrical structure. It indicates "words in their best order" (Webster's Unabridged Dictionary, 1913) [6].

In other words, "Everything that is not verse is prose". So, concerning the mentioned definition, we can say that "thinking is translating 'prosaic-ideas' without accessories" since ideas (in brain) do not follow any metrical composition.

The subject, Translation Studies, was not given much importance earlier. Now, people's mentality seems to be changing; Octavio Paz (1971) abridges the case for Translation Studies saying that all texts are 'translations of translation of translations' as they are element of a literary system that not only slid down from other systems but also are connected with them. His view moderately echoes the notion of Terry Eagleton (1977) who supposes that "every text is a set of determinate transformations of other…" [7, 72p.].

According to Paz, Every text is unique and, at the same time, it is the translation of another text. No text is entirely original because language itself, in its essence, is already a translation: firstly, of the non-verbal world and secondly, since every sign and every phrase is the translation of another sign and another phrase. However, this argument can be turned around without losing any of its validity: all texts are original because every translation is distinctive. Every translation, up to a certain point, is an invention and as such it constitutes a unique text [8,9].

The translation of literary prose is different from literary creativity because its existence depends on the existence of an object of translation, a work to be translated. However, it is not always possible to sketch a separate border line in the real literary procedure between prose-translation and all creative literature. In some examples, a work may not be a translation in the common sense, but it may not be possible to express it absolutely as a work of literary creativeness. Several labels that are used to designate these works include- "open translation", "faux", "a work on the themes of", and "founded on". The particular meanings of these designations rely on the language and the eon.

Walter Benjamin (1996) presents the idea that a translation does not indicate an original text, it has no relationship with communication, its purpose is not to carry meaning, etc. The work of writing does not merely imitate or copy, but rather strives to extract and convey the essence of the previous text. But, it is not themessage that is passed along in the good translation, Benjamin will say, for "what does a literary work 'say'? […] it 'tells' very little" [9, 253p.]. He shows the relationship between the supposed original and translation by using the symbol of a *tangent*: translation is like a straight line or curve, which touches the circle (i.e. the original) in one single point and follows its own way later: At the very beginning, the translator keeps both the *Source Language* (S.L) and *Target Language* (T.L) in mind and tries to translate carefully. But, it becomes very difficult for a translator to decode the whole textbook literally; therefore, he takes the help of his own view and endeavours to translate accordingly. So, translation can be 'servitude' and 'freedom'. It is broadly accepted that 'the original text', 'the translated version', 'the language of the original' and 'the language of the translation' are constantly transformed in space and time.

Nonetheless, numerous publishers, reviewers and readers accept a translated text if it is fluently readable, if it reflects the foreign author's individuality or purpose or

the fundamental sense of the foreign book - that the translation is not a translation in reality, but the original. Incidentally, the prose-translators can learn many things from Jhumpa Lahiri. She, her parents being Bengali, was born in London, grew up in America and became an American inhabitant at age 18. She admits that she is not really a *bilingual* and has written fiction not only about Indians in America but also some stories about Indians who are still living in India. Many people criticise her by saying that she, in her stories, has portrayed India in unclear, untrue and faulty manner. But, it is really painful for any writer living far away in a new state, leaving his/her own homeland behind; the motherland, the environment, people, culture etc. constantly echo in the writer's (and of course anybody else's) mind. So, the manner of trying to imagine and describe about the motherland and its people deserves esteem. I think that we should coin a new term, i.e. "distant-author" and add it to Lahiri's name since she, being a part of another country, has taken the help of 'imagination' and depicted *her* India the way she has wanted to; the writer must have every possible right to paint the world the way he/she thinks appropriate. However, Lahiri (2000) sounds extremely polite in saying that I am the first person to admit that my knowledge of India is limited, the way in which all translations are [10, 118p.].

Let us ponder over the *translation-equivalence-concept* now. The idea swings between literal and free, faithful and beautiful, exact and natural translation, depending on whether the bias was to be in favour of the author or the reader, the source or target language of the text (Newmark, 1988). However, the "dynamic *equivalent* translation" is very important and the translators (particularly prose-translators) should have a lucid idea about this code, a translator looks for rendering the meaning of the original in such a way that the T.L readers will definitely enjoy the text as is done usually by the source text readers [11].

Both Eugene A. Nida and C. Taber (1982) argue that Frequently, the form of the original text is changed; but as long as the change follows the rules of back transformation in the source language, of contextual consistency in the transfer, and of transformation in the receptor language, the message is preserved and the translation is faithful [12, 200p.]

It is evidently mentioned by them that the dynamic equivalence in translation is far more than mere correct communication of information. All scientists in translation studies say that the definition of a dynamic *equivalent* translation is to describe it as "the *closest natural* equivalent to the source-language message". This definition includes three essential terms, namely

1. *Equivalent*, which refers to the source-language message,
2. *Natural,* which refers to the receptor language, and
3. *Closest*, which "binds the two orientations together on the basis of the highest degree of speculation".

As already mentioned, literary translation is far from literal or word-for-word rendering. The translator's duty is not only to express the S.L. author's ideas, but also to rake into consideration his style and language (the author's conscious choice of words and their overtones, his structural device, figures of speech, and such stylistic subtleties).

References

1 Newmark, P. (1988). *A Textbook of Translation*. New York & London: Prentice Hall.
2 Venuti, L. (1995). *The Translator's Invisibility. A History of Translation*. London and New York: Routledge.

3 Kasparek, C. (1983). The Translator's Endless Toil. *The Polish Review*, *28*(2).
4 Cohen, J. M. (1986). Translation. *Encyclopedia Americana*, *27*.
5 Bhatia, N. (Ed.). (1992). *The Oxford Companion to the English Language*. Oxford: Oxford University Press.
6 Webster, N. (1913). *"Webster's Unabridged Dictionary". University of Chicago reconstruction*. Retrieved2010-01-31.
7 Paz, O. (1971). *Traduccion: Literatura y literalidad*. Barcelona: Tusquets Editor.
8 Paz, O. (1971). *Traduccion: Literatura y literalidad*. Barcelona: Tusquets Editor.
9 Benjamin, W. (2004). *Selected Writings: Vol. 1. The Task of the Translator* (H. Zohn, Trans.). Cambridge, MA:Harvard University press [1923].
10 Lahiri, J. (2000). My Intimate Alien. *Outlook (New Delhi), special annual issue on "Stree"* [Woman].
11 Newmark, P. (1988). *A Textbook of Translation*. New York & London: Prentice Hall.
12 Nida, E. A., & Taber, C. R. (1982). *The Theory and Practice of Translation*. Leiden: E.J. Brill.

Резюме

В этой статье рассматриваются проблемы перевода художественной прозы и раскрываются некоторые актуальные решения необходимости расширения спектра предмета современного переводоведения. Статус поэзии считается высоким в переводе, что ощутимо заметно в переводе романов, эссе, художественной литературы, которые обладают более простой структурой по сравнению с поэмами и, таким образом, их проще переводить. Тем не менее, многие споры присутствовали вокруг подходящих эквивалентов, когда применять близкий по смыслу эквивалент, когда изобрести новое слово в переводе, и когда дублировать. Одновременно приведены «непереводимые» культурно-маркированные слова и фразы, которые заинтересовали переводчиков.

Дата приема: 22.10.2014 г

ФИЗИКА-МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ
ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ И ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

ӘОЖ 512

А.Қ. Абиров, Т.Н. Ахмурзина
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
E-mail: akhmurzina_73@mail.ru

ТЕҢСІЗДІКТІ ДӘЛЕЛДЕУДЕ ЖАНАМАНЫ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Мақалада жанаманың теңдеуін қолданып теңсіздікті дәлелдеу келтірілген. Ұқсас шешулер қызықты болып табылады, бұл әдіс жанаманы қолданудың жаңа қырын көрсетеді.

Негізгі сөздер: *теңсіздік, дәлелдеу, жанама,*

Теңсіздіктерді дәлелдеу мектеп математикасындағы күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Орта мектепте теңсіздіктерді дәлелдеу негізінен анықтаманы пайдалану арқылы жүргізіледі. Математикалық олимпиаданың I – III кезеңдерінде келетін теңсіздіктерді дәлелдеу барысында көптеген жасанды немесе сабақтан тыс жұмыстарда қарастырылатын әдіс - тәсілдерді пайдалану арқылы жүргізіледі [1, 2]. Біраз жағдайларда теңсіздіктерді дәлелдеуде жоғарыдан немесе төменнен шектеуді пайдаланатын функцияларды қолданады. Бұл шектеулердің қайдан шыққаны немесе оларды қалайша алуға болатындығы түсіндірілмейді. Біз осындай шектеулерді алуда орта мектеп математикасындағы функцияның жанамасын пайдалануға болатындығын көрсетуді мақсат етіп алдық.

1-мысал. $a+b+c+d=4$ теңдігі орындалатындай a,b,c,d оң сандары үшін дәлелде:

$$\frac{a}{a^3+8}+\frac{b}{b^3+8}+\frac{c}{c^3+8}+\frac{d}{d^3+8}\leq\frac{4}{9}.$$


Шешуі. Егер $a=b=c=d=1$ болса, онда мынаны аламыз:

$$\frac{a}{a^3+8}+\frac{b}{b^3+8}+\frac{c}{c^3+8}+\frac{d}{d^3+8}=\frac{4}{9}.$$

$x\in(0;4)$ үшін $f(x)=\frac{x}{x^3+8}$ функциясын қарастырып, оның $x_0=1$ нүктесіндегі жанамасының теңдеуін құрайық:

$$y=f(1)+f'(1)(x-1)=\frac{1}{9}+\frac{2}{27}(x-1)=\frac{2x+1}{27}.$$

Сонда, айнымалы $(0;4)$ аралығында өзгергенде f функциясының графигі $y=\frac{2x+1}{27}$ жанамасынан төмен жатады (1 - сурет).



1-сурет.

Алгебралық түрлендіру арқылы мына теңсіздікті аламыз:

$$\frac{x}{x^3+8} \leq \frac{2x+1}{27}. \qquad (1)$$

Енді (1) теңсіздікті қолдансақ, онда

$$\frac{a}{a^3+8} + \frac{b}{b^3+8} + \frac{c}{c^3+8} + \frac{d}{d^3+8} \leq \frac{2(a+b+c+d)+4}{27} = \frac{4}{9}.$$

2-мысал. $a+b+c+d=4$ болатындай a, b, c, d оң сандары үшін мына теңсіздікті дәлелделік:


$$\frac{a}{a^2+1} + \frac{b}{b^2+1} + \frac{c}{c^2+1} + \frac{d}{d^2+1} \leq 2.$$

Дәлелдеуі. $x \in (0;4)$үшін $f(x) = \frac{x}{x^2+1}$ функциясын қарастыралық. Сонда $a=b=c=d=1$ болғанда теңсіздік теңдікке айналады. $x_0 = 1$ нүктесінде f функциясының графигіне жанаманың теңдеуін құрайық:

$$y = f(1) + f'(1) \cdot (x-1) = \frac{1}{2} - \frac{1}{2}(x-1) = \frac{2-x}{2}.$$

Кез-келген $x \in (0;4)$ үшін алгебралық түрлендірулеер арқылы мына теңсіздіктің ақиқаттығын көрсетуге болады (3 - сурет):

$$\frac{1}{x^2+1} \geq \frac{2-x}{2}. \qquad (3)$$



3 – сурет

Бұл теңсіздіктен мынаны аламыз:

$$\frac{1}{a^2+1}+\frac{1}{b^2+1}+\frac{1}{c^2+1}+\frac{1}{d^2+1}\geq\frac{8-(a+b+c+d)}{2}=2.$$

3-мысал. Қосындысы бірге тең a,b,c оң сандары үшін мынаны дәлелделік


$$\frac{1}{1-a}+\frac{1}{1-b}+\frac{1}{1-c}\geq\frac{2}{1+a}+\frac{2}{1+b}+\frac{2}{1+c}.$$

Дәлелдеуі. $x\in(0;1)$аралығында $f(x)=\frac{1}{1+x}-\frac{2}{1+x}$ функциясын алып, оның графигіне $x_0=\frac{1}{3}$ нүктесінде жүргізілген жанаманың теңдеуін жазалық:

$$y=f\left(\frac{1}{3}\right)+f'\left(\frac{1}{3}\right)\left(x-\frac{1}{3}\right)=0+\frac{27}{8}\left(x-\frac{1}{3}\right)=\frac{27}{8}\left(x-\frac{1}{3}\right).$$

Барлық $x\in(0;1)$ сандары үшін $\frac{1}{1-x}-\frac{2}{1+x}\geq\frac{27}{8}\left(x-\frac{1}{3}\right)$ теңсіздігі ақиқат (4 - сурет) болатындығын тексеріп көруге болады. Сонда, мынаны аламыз:

$$\frac{1}{1-a}-\frac{2}{1+a}+\frac{1}{1-b}-\frac{2}{1+b}+\frac{1}{1-c}-\frac{2}{1+c}\geq\frac{27}{8}(a+b+c-1)=0.$$



4-сурет

4-*мысал.*$a+\ b+c+d=4$ болатындай a,b,c,d оң сандары үшін теңсіздікті дәлелделік:


$$\frac{1}{a^2+11}+\frac{1}{b^2+11}+\frac{1}{c^2+11}+\frac{1}{d^2+11}\leq\frac{1}{3}.$$

Дәлелдеуі.$x\in(0;4)$аралығында$f(x)=\frac{1}{x^2+11}$ функциясын қарастырып, оның графигіне $x_0=1$ нүктесінде жүргізілген жанаманың теңдеуін құрайық:

$$y=f(1)+f'(1)(x-1)=\frac{7-x}{72}.$$

Сонда, $(0;4)$ аралығында мына теңсіздік орындалады (5-сурет):

$$\frac{1}{x^2+11}\leq\frac{7-x}{72}. \qquad (4)$$



5-сурет

Енді (4) теңсіздікті пайдалансақ, онда

$$\frac{1}{a^2+11}+\frac{1}{b^2+11}+\frac{1}{c^2+11}+\frac{1}{d^2+11}\leq\frac{28-(a+b+c+d)}{72}=\frac{1}{3}.$$

Бұл көрсетілген мысалдардан орта мектеп математикасы көлемінен шықпастан, оқушыларды стандартты емес теңсіздіктерді дәлелдеу үшін керек шектемелерді функцияға қажетті нүктеде жүргізілген жанаманы пайдаланып оңай табуға болатындығына үйретуге мүмкін екені байқалады.

Әдебиеттер тізімі

1 Абиров А.Қ., Утеулиева Қ.Н. Қарапайым симметриялы теңсіздіктер. // «Қазіргі білім беру ауқымындағы физика – математика ғылымдарының ролі» II халықаралық ғылыми – теориялық конференцияның материалдар жинағы. Атырау, 2008. 6 – 8 б.
2 Седеракян Н.М., Авоян А.М. Неравенства. Методы доказательства. –М.: Физматлит. 2002

Резюме

В статье приведено доказательство неравенств с применением уравнения касательной. Подобные решения являются весьма интересными, поскольку открывают новую грань применения касательной.

Summary

To the article proof of inequalities is driven with the use of equalization of tangent. Similar decisions are very interesting, as open the new verge of application of tangent.

Қабылданған күні 11.09.2014 ж

ӘОЖ 514.18

А.Қ.Абиров, А.Б.Мадиева
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
E-mail: Arna.93@mail.ru

ҮШБҰРЫШТЫҢ ТАМАША НҮКТЕЛЕРІНІҢ БАРИЦЕНТРЛІК КООРДИНАТАЛАРЫ

Аңдатпа

Мақалада үшбұрыштың тамаша нүктелерінің, осы үшбұрышқа қатысты барицентрлік координаталарын есептеу қарастырылады.

Негізгі сөздер: *барицентрлік координата, медиана, биссектриса, ортоцентр, Лемуан және Жергонн нүктелері.*

Мебиустың классикалық есебі және барицентрлік координата ұғымы [1] әдебиетте анық, әрі түсінікті баяндалған. Сонымен қатар, [2] мақалада кеңістіктегі барицентрлік координаталардың қолданылуы баяндалған.

ABC үшбұрышына қатысты немесе *ABC* үшбұрышымен байланысты санақ жүйесіндегі *P* нүктесінің *барицентрлік координаталары* деп $\alpha+\beta+\gamma=1$ теңдігі орындалатындай α, β, γ сандарын атаймыз, мұндағы

$$\alpha=\frac{S_{BPC}}{S_{ABC}}, \beta=\frac{S_{APC}}{S_{ABC}}, \gamma=\frac{S_{APB}}{S_{ABC}}.$$

Медианалардың қиылысу *M* нүктесінің барицентрлік координаталарын табалық. Кез келген үшбұрыштың медианасы оның ауданын қақ бөлетіндіктен, $S_{AMB}=S_{AMC}=S_{BMC}=\frac{1}{3}S_{ABC}$. Олай болса, $M=\left(\frac{1}{3};\frac{1}{3};\frac{1}{3}\right)$.

Сырттай сызылған шеңбердің центрі *O* нүктесінің барицентрлік координаталарын табу үшін $S_{ABO}=\frac{cR|\cos\angle C|}{2}$ қатысын пайдаланамыз. Егер *C* бұрышы сүйір болса, онда $\angle AOB=2\angle C$, бірақ, теңбүйірлі *AOB* үшбұрышының *AB* қабырғасына қарай түсірілген биіктігі $R\cos\angle C$ тең. Осыған ұқсас, егер *C* бұрышы доғал болса, онда $\angle AOB=2\pi-2\angle C$, *AOB* үшбұрышының биіктігі мынаған тең $-R\cos\angle C$. Сондықтан,кез келген жағдайда $\gamma=\frac{cR\cos\angle C}{2S}$, $\cos\angle C=\frac{a^2+b^2-c^2}{2ab}\Rightarrow\gamma=\frac{c^2(a^2+b^2-c^2)}{16S^2}$. Дәл осылайша α,β координаталарын табылады. Олай болса,

$$O=(\frac{a^2(b^2+c^2-a^2)}{16S^2};\frac{b^2(a^2+c^2-b^2)}{16S^2};\frac{c^2(a^2+b^2-c^2)}{16S^2})$$

Үшбұрышқа іштей сызылған шеңбердің центрі *I* нүктесінің барицентрлік координаталарын табу үшін $S_{ABC}=rp$, $S_{ABI}=\frac{rc}{2}$ формулаларын пайдаланамыз. С

Сонда $\gamma=\frac{c}{2p}=\frac{c}{a+b+c}$. Дәл осылайша α,β координаталарын табуға болады. Олай болса, $I=(\frac{a}{a+b+c};\frac{b}{a+b+c};\frac{c}{a+b+c})$.

Биіктіктердің қиылысуH нүктесінің барицентрлік координаталарын табу үшін, алдымен γ_H координатасын есептейік. AHB үшбұрышының биіктігі мынаған тең: $CH=c\cdot\cos\angle A\cdot ctg\angle B$. Сондықтан, үшбұрыштың бұрыштарының арасындағы қатыстарды пайдаланып, мынаны аламыз:

$$S_{AHB}=\frac{c\cdot\cos\angle A\cdot ctg\angle B}{2}=\frac{\left(b^2+c^2-a^2\right)\left(a^2+c^2-b^2\right)}{16S}.$$

Бұдан, ізделінді координатаның мынаған тең болатындығы шығады:

$$\gamma_H = \frac{\left(b^2+c^2-a^2\right)\left(a^2+c^2-b^2\right)}{16S^2}.$$

Дәл осылайша α, β координаталарын табуға болады. Олай болса,

$$H = \left(\frac{(a^2+c^2-b^2)(b^2+c^2-a^2)}{16S^2}; \frac{(b^2+c^2-a^2)(a^2+b^2-c^2)}{16S^2}; \frac{(b^2+c^2-a^2)(a^2+c^2-b^2)}{16S^2} \right)$$

Үшбұрышқа іштей сызылған шеңбердің жанасу нүктелерін үшбұрыш төбелерімен қосатын түзулердің қиылысуын *Жергонн нүктесі* деп атайды.

Барицентрлік координаталар анықтамасынан мынаны аламыз:

$$\frac{\alpha}{\beta} = \frac{S_{CBG}}{S_{CAG}} = \frac{S_{CBD} - S_{GBD}}{S_{CAD} - S_{GAD}} = \frac{BD}{AD} = \frac{p-b}{p-a}.$$

Бұдан, $\alpha(p-a) = \beta(p-b).$ Енді $\alpha(p-a) = k$ болсын деп алсақ, онда $\alpha = \frac{k}{p-a}, \quad \beta = \frac{k}{p-b}, \quad \gamma = \frac{k}{p-c},$ яғни $\alpha(p-a) = \beta(p-b) = \gamma(p-c).$ $\alpha + \beta + \gamma = 1$ шартынан $k = \frac{(p-a)(p-b)(p-c)}{(p-a)(p-b)+(p-a)(p-c)+(p-a)(p-b)}$. Олай болса, Жергонн

нүктесінің барицентрлік координатасы мына түрде болады:

$$G = \left(\frac{(p-b)(p-c)}{(p-a)(p-b)+(p-a)(p-c)+(p-a)(p-b)}; \frac{(p-a)(p-c)}{(p-a)(p-b)+(p-a)(p-c)+(p-a)(p-b)}; \frac{(p-a)(p-b)}{(p-a)(p-b)+(p-a)(p-c)+(p-a)(p-b)} \right)$$

Үшбұрыштың екі қабырғасына дейінгі арақашықтығы осы қабырғалардың ұзындығына пропорционал болатын нүктелердің геометриялық орны болып табылатын кесінділердің қиылысу нүктесін *Лемуан нүктесі* деп аталады.

Лемуан нүктесінің барицентрлік координаталарын анықтау үшін кез келген екі координатаның қатынасын қарастырамыз. Сонда:

$\frac{\alpha}{\beta} = \frac{S_{CBK}}{S_{CAK}} = \frac{S_{CBD} - S_{KBD}}{S_{CAD} - S_{KAD}} = \frac{ad_a}{bd_b} = \frac{a^2}{b^2}.$ Бұдан, $\alpha b^2 = \beta a^2$ және $\alpha(bc)^2 = \beta(ac)^2 = \gamma(ab)^2.$

Олай болса, Лемуан нүктесінің барицентрлік координаталары мына формуламен есептеледі: $L=\left(\frac{a^2}{a^2+b^2+c^2};\frac{b^2}{a^2+b^2+c^2};\frac{c^2}{a^2+b^2+c^2}\right)$.

Үшбұрыштың қабырғаларын оның іргелес қабырғасына кері пропорционал кесінділерге бөлетін түзу үшбұрыштың *ішкі антибиссектрисасы* деп аталады. Чева теоремасы бойынша ішкі антибиссектрисалардың бір нүктеде қиылысатындығы шығады.

d_a арқылы тамаша нүктеден *ABC* үшбұрышының *a*қабырғасына дейінгі қашықтықты белгілелік. Сонда

$$\frac{d_a}{h_a}=\frac{a^{-1}}{a^{-1}+b^{-1}+c^{-1}},\ \alpha=\frac{a^{-1}}{a^{-1}+b^{-1}+c^{-1}}.$$

β,γ координаталары осыған ұқсас түрде есептеледі. Олай болса, үшбұрыштың антибиссектрисалары үшін барицентрлік координаталар мына формуламен есептелетіндігін аламыз:

$$I_1=\left(\frac{a^{-1}}{a^{-1}+b^{-1}+c^{-1}};\frac{b^{-1}}{a^{-1}+b^{-1}+c^{-1}};\frac{c^{-1}}{a^{-1}+b^{-1}+c^{-1}}\right).$$

Енжабектің бірінші нүктесі деп *BC, CA, AB* қабырғаларымен қиылысқанша *AB, BC, CA* қабырғаларына параллель жүргізілген түзулердің өзара тең кесінділері өтетін *ABC* үшбұрышының нүктесі аталады.

Сонда жоғарыдағы белгілеуді пайдаланып, мынаны аламыз: $d_a=t\sin\beta, d_b=t\sin\gamma, d_c=t\sin\alpha,\ t=(a^{-1}+b^{-1}+c^{-1})^{-1}$. Бұдан, Енжабектің бірінші нүктесінің барицентрлік координаталары мына формуламен есептелетіндігі шығады: $E_1=\left(\frac{b^{-1}}{a^{-1}+b^{-1}+c^{-1}};\frac{c^{-1}}{a^{-1}+b^{-1}+c^{-1}};\frac{a^{-1}}{a^{-1}+b^{-1}+c^{-1}}\right)$.

Енжабектің екінші нүктесі деп *AC, BA, CB* қабырғаларымен қиылысқанша *AB, BC, CA* қабырғаларына параллель жүргізілген түзулердің өзара тең кесінділері өтетін *ABC* үшбұрышының нүктесі аталады. Сонда

$$d_a=t\sin\gamma, d_b=t\sin\alpha, d_c=t\sin\beta,\ t=(a^{-1}+b^{-1}+c^{-1})^{-1}.$$

Бұдан, Енжабектің екінші нүктесінің барицентрлік координаталары мына түрде есептелінеді: $E_2=\left(\frac{c^{-1}}{a^{-1}+b^{-1}+c^{-1}};\frac{a^{-1}}{a^{-1}+b^{-1}+c^{-1}};\frac{b^{-1}}{a^{-1}+b^{-1}+c^{-1}}\right)$

ABC үшбұрышында $\angle PAC=\angle PCB=\angle PBA$болатындай *P* нүктесі *Брокардың бірінші* нүктесі деп аталады. Бұдан дұрыс үшбұрыштың ауырлық центрінің Брокардың бірінші нүктесі болатындығын аламыз.

Тікелей есептеу арқылы мына теңдіктердің орындалатындығын көруге болады: $S_{BPC}:S_{APC}:S_{APB}=b^{-2}:c^{-2}:a^{-2}$. Демек, Брокардың бірінші нүктесінің барицентрлік координаталары мына формуламен есептелетіндігі шығады:

$$P=\left(\frac{b^{-2}}{a^{-2}+b^{-2}+c^{-2}};\quad\frac{c^{-2}}{a^{-2}+b^{-2}+c^{-2}};\quad\frac{a^{-2}}{a^{-2}+b^{-2}+c^{-2}}\right).$$

ABC үшбұрышының ішінде $\angle QCA = \angle QBC = \angle QAB$ теңдігі орындалатындай Q нүктесі *Брокардың екінші* нүктесі деп аталады. Есептеулерден $S_{BQC} : S_{AQC} : S_{AQB} = c^{-2} : a^{-2} : b^{-2}$ қатысы шығады. Олай болса, Брокардың екінші нүктесінің барицентрлік координаталары мына формуламен есептеледі: $Q = \left(\frac{c^{-2}}{a^{-2}+b^{-2}+c^{-2}}; \frac{a^{-2}}{a^{-2}+b^{-2}+c^{-2}}; \frac{b^{-2}}{a^{-2}+b^{-2}+c^{-2}} \right)$.

$\angle PAC = \angle PCB = \angle PBA = \angle QCA = \angle QBC = \angle QAB = \varphi$ – *Брокар бұрышы* деп аталады және бұл бұрыш мына формуламен есептеледі: $ctg\varphi = \frac{a^2+b^2+c^2}{4S}$.

Өзінен үшбұрыштың төбесіне дейінгі қашықтығы минимал болатын *ABC* үшбұрышының F нүктесі *Ферма нүктесі* деп аталады. Барлық бұрыштары 120°-тан кем болатын үшбұрышта – Ферма нүктесі барлық қабырғалар 120° бұрыштан көрінетін үшбұрыштың ішкі нүктесі. Бұрыштарының біреуі 120°-қа тең немесе одан үлкен үшбұрышта Ферма нүктесі осы бұрыштың төбесімен сәйкес келеді.

Үшбұрыш төбелерінің барицентрлік координаталары белгілі болғандықтан, біз тек үшбұрыштың барлық бұрыштары 120°-тан кем болғандағы жағдайды қарастырамыз.

Егер F нүктесі үшбұрыштың ешбір төбесімен сәйкес келмесе және $s^2 = \frac{a^2+b^2+c^2}{2} + 2S\sqrt{3}$ болатындығын ескерсек, осы нүктеден үшбұрыштың төбесіне дейінгі қашықтық мына формуламен есептеледі:


$$AF = x_1 = \frac{b^2+c^2-2a^2+s^2}{3s}; \quad BF = x_2 = \frac{a^2+c^2-2b^2+s^2}{3s}; CF = x_3 = \frac{a^2+b^2-2c^2+s^2}{3s}$$

Ферма нүктесі – барлық қабырға 120° бұрыштан көрінетін үшбұрыштың ішкі нүктесі болғандықтан оның барицентрлік координатасы мына түрде болады:

$$F = \left(\frac{x_2x_3\sqrt{3}}{4S}; \frac{x_1x_3\sqrt{3}}{4S}; \frac{x_1x_2\sqrt{3}}{4S} \right).$$

Үшбұрыштың төбелері арқылы өтетін және оның периметрін қақ бөлетін түзулердің қиылысу нүктесін *Нагел нүктесі* деп атайды. Кез келген үшбұрышта Нагел нүктесінің бар болатындығын көрсетелік. Егер AN түзуі үшбұрыштың периметрін қақ бөлсе, онда $BN_1 = p - c,\ CN_1 = p - b$,мұндағы p – жарты периметр. BN, CN түзулерін ұқсас түрде қарастырамыз: $AN_2 = p - c,\ CN_2 = p - a,\ AN_3 = p - b,\ BN_3 = p - a.$ Чева теоремасын қолданып, қажеттіні аламыз. Нагел нүктесі мен үшбұрыштың кейбір төбесі арқылы жүргізілген түзу қарама –қарсы қабырғаны сырттай іштен сызылған шеңбердің жанасу нүктесінде қиып өтеді. N_1 – *BC* қабырғасы мен сырттай іштен сызылған шеңбердің жанасу нүктесі, T_1, T_2 нүктелері – осы шеңбер мен *AB* және *AC*қабырғаларының жалғасының жанасу нүктесі. Бір нүктеден шеңберге жүргізілген жанамалар тең. Сондықтан, $AT_1 = AT_2$және мына теңдіктерден: $AT_1 +$

$AT_2 = AB + AC + BN_1 + CN_1 = AB + AC + BC$, $AT_1 == AT_2 = p$; $BN_1 = p - c, CN_1 = p - b$. Бұдан, N – нің Нагел нүктесі болатындығы шығады.



ABC үшбұрышының Нагел нүктесінің осы үшбұрышқа қатысты барицентрлік координаталары $\alpha = \frac{p-a}{p}$, $\beta = \frac{p-b}{p}$, $\gamma = \frac{p-c}{p}$ түрде болады.

Әдебиеттер тізімі

1 Балк М.Б. Геометрия масс / Балк М.Б., Болтянский В.Г.– М.: Наука, 1987. – 160 с.
2 Тайшиева А.Г. Жазықтықтағы және кеңістіктегі барицентрлік координаталар //«Х.Досмұхамедов атындағы АМУ – Жарты ғасырдан аса уақыт аймақтық білім мен ғылымға қызмет көрсету» ЖОО-ының 60 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы, – Атырау, 2010 ж. – 235-237 б.

Резюме

В работе рассматриваются некоторые замечательные точки треугольника и их барицентрические координаты.

Summary

In this paper we considered carefully some remarkable points of the triangle and barycentric coordinates.

Қабылданған күні 15.09.2014 ж

ӘОЖ: 004.031.42

С.Идрисов, Э.Масалимова
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
E-mail: elia_7@mail.ru

БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада жаңа ақпараттық технологиялардың негізгі әдіс-тәсілдерін пайдаланып, болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби шеберліктерін қалыптастыру ерекшеліктері қарастырылады.

Негізгі сөздер: *Ақпараттық-коммуникативтік технология, информатика, интерактивті құралдар, мультимедия.*

КІРІСПЕ

Білім беру үдерісін ақпараттандыру және жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлату бүгінгі күннің басты талабы.

Бүгінгі күні заман талабына сай білім саясатының өзекті мәселелері - кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның ролін арттыру және қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу болып табылады. Сондықтан жоғары білім беру саласы педагогикасының күрделі де маңызды бір мәселесі *білімгерлерді болашақ мамандығына оңтайландыру*, кәсіптік біліктілігін дамыту, кәсіби бағдар берудің жаңа жүйесін жасау, іскер және құзіретті маман дайындау. Мұндай маман дайындау үшін білім беру үдерісін белсенділендіру, оқытудың жаңа формалары мен әдіс-тәсілдерін жетілдіру қажет.

Ақпараттық **-** коммуникативтік технология электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Ақпараттық - коммуникативтік технология құралдары ашық білім беру жүйесінде, мұғалімдерге осы уақытқа дейін қол жеткізе алмаған, оқыту мазмұнын жылдам жаңарту және жаңа білім мен технологиялар пайда болған сайын оқыту жүйесін жаңадан құру мүмкіндіктерін береді. Ақпараттық технологиялар мұғалімді дәстүрлі оқыту жүйесіне тән күнделікті оқыту материалын баяндау сияқты қызмет түрлерінен босата отырып, мұғалімге еңбек етудің интеллектуалды формаларын ұсынады [1].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ақпараттық - коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Ақпараттық - коммуникативтік технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуде мұғалім алдына жаңа бағыттағы мақсаттар қойылады:

- *Өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік Web - сайттар ашу;*
- *Жалпы компьютерлік желілерді пайдалану;*
- *Бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау;*
- *Қашықтан оқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.*

Ақпараттық - коммуникациялық технологиялардың дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін де уақтылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар жаңартылып отырады [2].

Білім беру саласында информатика пәнін оқытуда ақпараттық технологияны пайдалануға, әлемдегі ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыруға мүмкіндік береді.

- Оқыту мен тәрбиелеудің жаңа педагогикалық, ақпараттық коммуникациялық технологиялардың студенттердің өндірістік тәжірибеде қолданылу сапалылығына қол жеткізу;
- Оқу-тәрбие үрдісінде электрондық оқулықтар мен оқу бағдарламаларын тиімді қолдану негізінде компьютерлік мәдениеттілікті дамыту;
- Қазіргі заманғы желілік жүйенің (интернет) ерекшеліктерін көрсетіп, іске асу жолдарын белгілеу;
- Информатика пәнін меңгертудің ұтымды жолдарын көрсету;
- Информатика пәнін қашықтан меңгертуде қолданылатын жаттығулардың түрлерін саралау;
- Информатика пәнін қашықтан оқыту арқылы өздік жұмыстардың, жаттығулардың, шығармашылық деңгейдің, тестілік тапсырмалардың әдістемелік ерекшеліктерін көрсетіп, іске асу жолдарын белгілеу;
- Информатика пәнін меңгертудің ұтымды жолдарын көрсету;
- Информатика пәнін қашықтан меңгертуде қолданылатын жаттығулардың түрлерін саралау;
- Информатика пәнін қашықтан оқыту арқылы өздік жұмыстардың, жаттығулардың, шығармашылық деңгейдің, тестілік тапсырмалардың әдістемелік ерекшеліктерін дәйектеу;
- Кәсіптік білім беруде информатиканы қашықтан оқытудың тиімділігін эксперимент нәтижелеріне сүйеніп дәлелдеу [3].

Оқу үрдісінде оқытушы және оқушы, оқушы және оқыту әдісі арасындағы байланыс басты рөл атқарады. Оқушы іс-әрекетінің мазмұны ақпаратты қабылдау, оны ұғыну, білік - білім дағдыларын жетілдіру болып табылады. Оқу үрдісінде негізгі элемент білім емес, ақпарат болып есептеледі.

Қазіргі кезде білім беру саласын, оқытудың әр түрлі техникалық құралдарын пайдаланусыз елестету мүмкін емес. Сондықтан уақыт талабына сай білім мазмұнын жаңарту бүгінгі күннің басты міндеті. Қазіргі жағдайда еліміздің білім беру жүйелерінде XXI ғасыр жастарына білім беру мен тәрбиелеу бағытында сан алуан жұмыстар жүргізілуде. Ал мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты - білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу материалын қаншалықты деңгейде меңгерін бақылаудың, оқу мен тәрбие үрдісін

ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс - тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабақта тиімді пайдалану [4].

Қазіргі заманғы білім беру технологиялары:

- Қашықтан оқыту технологиясы;
- Интерактивті тақтаны қолдану арқылы;
- Мультимедиялық технология және т.б.

Қашықтан оқыту технологиялар - білім алушы мен педагогикалық қызметкердің жанама (қашықтан) немесе толық емес жанама әрекеттесу кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар көмегімен іске асырылатын оқыту технологиясы.

Презентациялар технологиясы - бұл технология, бір жағынан, оқушыларға жаңа материалды (иллюстрация, фотографиялар, бейнелік, дидактикалық материалдар, т.с.с) көрнекті түрде көрсету құралы болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалдарды дайындауды және оны қолдану процесін де жеңілдетеді.

Алдын ала жүргізілген тәжірибелер презентациялар технологиясын пайдалану: балалардың оқуға деген ынталылығын арттырып, сабақтың қызықты өтуін қамтамасызетіп, оған дайындалу мерзімін (презентациялық сүйемелдеу жұмысын алдын ала мұғалім немесе басқа біреу дайындағанда) қысқартады, ең бастысы - мұғалімдерді жаңа компьютерлік технологияларды пайдалануға дағдыландырады.

Мультимедиялық технологиялар

Мультимедиялық технологиялардың дамуы бейне-техниканың және дербес компьютерлердің өркендеуі нәтижесінде жүзеге асуда.

"Мультимедия**"** термині латын тілінің "multi" (көп) және "media" (орта) сөздерінің бірігуінен құралған, яғни "ақпараттық орта" деген мағына береді.

Интерактивті технологияларды оқып үйрену, меңгеру арқылы мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани келбетінің қалыптасуына әсер етеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмек көрсетеді.

Оқу процесінде, оның ішінде практикалық сабақтарда интерактивті құралдарды қолдану мұғалімнің жеке тәрбиесіне, шығармашылық ізденісіне байланысты. Интерактивті құралдарды оқыту формасын ұйымдастыруды түрлендіруге, дәстүрлі оқыту әдістеріне жаңа элементтер енгізуге мүмкіншіліктер жасайды. Интерактивті құралдарды орынды қолдану оқыту сапасын жетілдіруге көмектеседі. әдіс-тәсілдерді жиі пайдалану, әр сабақта оның мүмкіндіктерін түрлендіріп отыру - педагогтар қауымының басты міндеті.

Интерактивті құралдарды пайдаланатын оқыту әдістемесі дәстүрлі оқыту әдістемесімен ерекшеленеді. Кез-келген жағдайда,соның ішінде интерактивті құралдарды пайдалану арқылы сапалы білім беруді ұйымдастыру үшін сабақтың жоспарын, құрылымын, оқытудың мақсаты мен нәтижесін анықтау қажет. Интерактивті құралдарды қолданумен бірге сабақ құрылым да өзгереді. Дербес жағдайларда, интерактивті құралдар индуктивті оқыту әдісінде қолданылуы мүмкін. Интерактивті құралдарды қолданатын сабақ сапасы, бірінші кезекте мұғалімнің өзіне, яғни интерактивті құралдардың мүмкіндіктерін қалай қолданатынына тәуелді.

Интерактивті тақта - бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де дәріс берушіге немесе баяндамашыға екі түрлі құралдарды ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал.

Мұғалімнің кәсіби біліктілігі оның іс-әрекетінің тиімді болуының теориялық және жалпы әдіснамалық негізі болып табылады. Кәсіби біліктілікті меңгерту жоғары оқу орнында студенттерді мұғалімдік мамандыққа даярлаудағы басты міндеттердің бірі. Мұғалімнің кәсіби білігі оның практикалық қызметінде іске асырылады, сондықтан ол, оның жалпы педагогикалық, әдістемелік біліктілігімен, дағдысымен тығыз байланысты. Мысалы, ЖОО - ғы болашақ информатика мұғалімдерін кәсіби шеберлікке мақсатты даярлаумен қоса, педагогикалық шығармашылық қызметке даярлау оның кәсіби даярлығымен тікелей астарласуы тиіс. Ол болашақ мұғалімнің жалпы мәдени (өмірге көзқарас), әдіснамалық (психологиялық-педагогикалық), пәндік блоктарды меңгеріумен қамтамасыз етіледі.

Жалпы білім беретін орта мектепте информатика пәні мұғалімнің алатын орны ерекше. Мектептегі информатика пәндері оқушының ойлау қабілеті мен жалпы білім дәрежесін дамытуда және тәрбиелеуде әрі жетекші, әрі жауапты рөл атқарады. Аталған пәнді мектепте оқыту оқушыларға қоршаған ортаны танып білуде электронды ақпаратты жылдам іздеуді, сақтауды, өңдеуді, жіберуді және электронды ақпарат алмасуды үйретеді, логикалық ойлауы мен танымдық қызметтерін қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ұйытқы болады, оқушының зейіні мен байқағыштығын, ұқыптылық пен дәйектілігін, дербестік пен жоспарлылығын және т.б еңбек мәдениетін дамытуға ықпал етеді, қоршаған ортаға танымдық жағдай туғызады.

Жаңа ақпараттық технология құралдарын информатика пәнінде пайдалану оқушының шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына көмектеседі. Компьютерлік техниканың дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық мақсаттарға қолдану білім мазмұнын анықтауға, оқыту формалары мен әдістерін жетілдіруде жақсы әсерін тигізеді. Жаңа ақпараттық технологияның ерекшелігі мұғалімдер мен оқушылардың бірлесіп, шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал етеді.

Ақпараттық - коммуникациялық технология оқу-тәрбие үрдісіне пайдалану оқушының дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеруге, сонымен қатар жаңа материалды меңгертуге байланысты оқытуды ұйымдастыруға және оқыту үрдісіне жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалануға жол ашады [5].

Жаңа ақпараттық технологияның негізгі мақсаты - оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай өзінің өмірлік іс-әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдаланатын жан-жақты дара тұлға ретінде тәрбиелеу [6].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Сонымен, болашақ информатика мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінде бір жағынан оқыту мен тәрбиелеудің нақтылы әдістемесін меңгеруі, екінші жағынан, болашақ мұғалімнің маман ретінде өзін-өзі танытуына бағытталған өзін-өзі ұстай білуі және педагогикалық қарым-қатынастың тиімді түрлерін таңдауы мен пайдалануы арқылы өзін танытудағы практикалық іс-әрекеті сияқты компоненттер кәсіби бейімделу барысында бір-бірімен тығыз байланыста жүзеге асады.

Әдебиеттер тізімі

1 Е.Нұржанов. Мектептегі білім беру үдерісіне жаңаша оқыту идеяларын ендіру тәсілдері. // "Информатика негіздері" №2 - 2013. -Б.2-3.
2 К.Абишева. Оқу үрдісінің тиімділігін арттыруда технологияларды қолдану. // "Информатика негіздері" №2 - 2013. -Б.6.
3 А.Бидашова. Ақпараттық коммуникациялық технологияларды оқыту процесінде пайдаланудың маңызы. // "Информатика негіздері"№4 - 2013. - Б.2-3.
4 Э.Дайырбаева, А.Каженова, А.Шиливаева. Информатика сабағында техникалық құрал жабдықтар қолдану. // "Информатика негіздері"№4 - 2012. - Б.4.
5 А.Сәдуақасова. Пән мұғалімдерінің мүмкіндіктері мен біліктілігінің қажеттілігі. // "Қазақстан мектебі " №11 - 2013. - Б.38-40.
6 Г.Кудесова. Сабақтарда - ақпараттық технологиялар. // "Қазақстан мектебі" № 10 - 2013. -Б.27.

Резюме

В данной статье рассмотрены особенности формирования профессионального мастерства будущих учителей информатики, использующих новые информационные технологии.

Summary

This article describes the features of the formation of professional skills of the future teachers of computer science using the basic techniques of the new information technologies.

Қабылданған күні 22.09.2014 ж

ӘОЖ 004.9:371.31

С.Идрисов, Э.Масалимова, Т.Атимова
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
E-mail: fara_sn@mail.ru

IT-ПӘНДЕРІНІҢ МҰҒАЛІМІН КӘСІБИ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРЕТІН МҰҒАЛІМГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Аңдатпа

Бұл мақалада мамандарды кәсіби даярлаудың бүгінгі жүйесі болашақ информатика мұғалімінің кәсіби біліктілігі мен құзыреттілігін айқындайтын бағыттар, IT-пәндері оқытушыларының қандай дағдылар мен қабілеттерге ие болуы керек, нені білуі керегі туралы айтылған.

Негізгі сөздер: *IT (ағылш. Information Technology), информатика мұғалімі, кәсіби даярлық.*

Бүгінгі күні информатика мұғалімдері мен білім берудің барлық деңгейлеріндегі IT (ағылш. *Information Technology)* –пәндері оқытушыларының кәсіби құзыреттілігі мәселелері барған сайын өзекті бола түсуде. Зерттеулер көптеген өңірлерде білім саласында құзыретті (ақпараттық қоғам талаптарына сәйкес келетін) IT–оқытушыларының жетіспеушілігін көрсетіп отыр. Болашақ информатика мұғалімінің IT–пәндерді оқытуға дайындығы білім беруге әлеуметтік

тапсырыстың да, жоғары оқу орны (ЖОО) әрбір түлегінің қызығушылығының да мәселесі болып отыр, себебі ол ақпараттық қоғамдағы оның ауқымды қажеттілігін және өзіндік жүзеге асуының табыстылығын айқындайды, педагогикалық мамандар дайындайтын ЖОО түлегі дәрежесін көтереді.

Мамандарды кәсіби даярлаудың бүгінгі жүйесі болашақ информатика мұғалімін, оқытудың мазмұнының пәндік–бейіндік толымдылығының жетіспеушілігіне байланысты IT–пәндерді оқытуға дайындауда әлі де зерттеулерді қажет етіп отыр. Ал IT–оқытушысы бос орындарына жиі үміткерлер болатын, ЖОО IT–мамандықтарының түлектері педагогикалық даярлығының қазіргі заман талабына сай еместігімен ерекшеленеді. Инженерлік–педагогикалық ЖОО санының аз болуы ақпараттық қоғамды IT–оқытушыларының жеткілікті санымен қамтамасыз ету сияқты жаһандық көлемдегі мәселені шешуге қауқарсыз болып отыр. Бұл мәселені шешудің барынша қолайлы жағдайлары (әсіресе өңірлер үшін) ЖОО базасында информатика мұғалімін ақпараттық технология пәндерін оқытуға дайындауда болып шықты[1].

Информатика мұғалімі – IT–пәндерді оқытуға дайын болатын ЖОО түлегі:

келесі бағыттар туралы мағлұматы болуы тиіс:

– табиғаттағы нысандардың жеке және ұжымдық мінез–құлқы туралы;

– жергілікті, жүйелік, аспаптық интерфейстер және перифериялық құрылғылардың интерфейстері туралы;

– жасанды интеллект, сигналдарды цифрлық өңдеу жүйелері туралы;

– жұмысшыларды информатика мен есептеу техникасы саласындағы мамандықтар бойынша теориялық және практикалық оқытудың әдіснамалық негіздері туралы;

– ашық ақпараттық–есептеу жүйелерінің сәулеті туралы;

– бағдарламалауда, қазіргі заманғы алгоритмдік тілдерде, олардың ерекшеліктерінде, қолдану салаларында қосымша пакеттер мен кітапханаларды пайдалану туралы;

– инженерлік және компьютерлік графика саласындағы кадрларды даярлау жүйесі туралы;

– информатика саласының қазіргі жағдайы, беталыстары мен даму келешегі туралы;

– білім беру жүйесіндегі компьютерлік технологиялардың алуан түрінің құрылымы мен ұйымдастырылуы туралы;

– үйретуші кешендерді автоматтандыру мен оларды моделдеу туралы;

– информатика саласындағы маркетинг пен менеджмент туралы;

– компьютерлік графиканың техникалық құралдары және олардың даму келешегі туралы;

– шығармашылық қызметтің негізгі қағидаттары, оның психологиялық және әдістемелік ерекшеліктері туралы;

– қашықтан оқыту жүйелерін тұрғызудың теориялық негіздері мен әдіснамасы туралы;

келесілерге қабілетті болуы тиіс:

– қолда бар типтік есептеу техникасының құралдары негізінде оқу процесінде пайдалануға арналған мультимедиалық кешендерді жобалауға;

– компьютерлік технологияларды бастапқы кәсіптік білімнің білім беру мекемелерінде нақты оқу процесінің жағдайына пайдаланудың әдістемелік жасалымдарын қолдануға;

– қазіргі заманғы компьютерлік технологияларды оқу процесінде пайдаланудың теориялық және эксперименталдық зерттеулерін жүргізуге;

– интерактивті үйретуші жүйелер үшін графикалық моделдер жасауға;

– компьютерлік графика үшін бағдарламалық және аппараттық қамсыздандыруды орнатуға және реттеуге;

– компьютерлік үйретуші жүйелердің, оның ішінде қашықтан оқыту жүйелерінің, тиімділігін бағалауға;

– маркетингтің жекелеген қызметтерін орындауға;

келесілерді білуі және пайдалана білуі тиіс:

– дидактикалық құралдардың дидактикалық мүмкіндіктерін, әрекет қағидаттарын, пайдалану технологиясы мен қолдану әдістемесін;

– психологиялық–педагогикалық концепциялардың тарихы мен дамуының қазіргі беталыстарын;

– білім беру процесінің мәнін, мазмұнын және құрылымын;

– жеке адам мен топтың сөйлесу заңдылықтарын және басқару тәсілерін;

– педагогикалық қызметтің формаларын, құралдары мен әдістерін;

– білім беру мен тәрбиелеудегі тұқым қуалаушылық пен әлеуметтік ортаның, ұлттық және мәдени–тарихи факторлардың ролі мен мәнінің ара қатынасын;

– кәсіптік білім берудің мазмұнын жобалау негіздерін;

– кәсіптік лексиканы;

– қазіргі заманғы психологиялық және педагогикалық технологияларды;

– дидактикалық құралдардың кешендерін жобалаудың теориялық негіздерін, олардың мүмкіндіктерін, әрекет қағидатын, пайдалану технологиясын және оларды қолдану әдістемесін;

– есептеу техникасының негізгі ұғымдарын, информатиканың пәні мен негізгі әдістерін, жасанды жүйелердегі ақпараттық процесстердің өту заңдылықтарын, ақпараттық жүйелердегі техникалық және бағдарламалық құралдардың жұмыс істеу қағидаттарын;

– есептеу техникасы құралдарының қазіргі заманғы аналогтық және цифрлық элементтік базасын;

– ақпараттық технологиялардың негізгі моделдері, әдістері мен құралдарын және оларды пәндік салалардағы міндеттерді шешу үшін қолдану тәсілдерін;

– нысандар мен процесстерді жүйелік талдаудың, амалдарды зерттеу мен шешімдер қабылдаудың қазіргі заманғы әдістерін;

– сервистік бағдарламаларға қызмет көрсететін қазіргі заманғы амалдар жүйелері мен амалдар қаптамаларын;

– компьютерлердегі процесстер ресурстарды басқару тәсілдерін, процесстерді синхрондауды;

– мәліметтер қорларының моделдерін, мәліметтерді қимылдату тілдерінің негізгі құрылымдарын, мәліметтер қорларын жобалаудың тізбегі мен кезеңдерін;

– есептеу техникасының қызметтік түйіндері мен құрылғыларының қазіргі заманғы элементтік базасын, интеграттаудың әралуан деңгейінің микросұлбаларының парамтерлері мен сипаттамаларының жүйесін, тұрғызу әдістерін, сұлбалық құжаттаманы жасау және орындау ережелерін;

– есептеу жүйелеріндегі ақпаратты алмасудың негізгі тәсілдерін, қазіргі заманғы перифериялық құрылғылардың жұмыс істеуінің физикалық қағидаттары мен негізгі техникалық сипаттамаларын, сыртқы құрылғылардың бақылаушыларын ұйымдастыруды;

– жаратылыстану мен оқытудағы қарапайым жүйелер мен процестердің математикалық моделдерін;

– нақты процестер үшін ықтималдылық моделдерін, оларды тұрғызылған модель аясында талдау әдістерін;

– мәліметтердің таратылған өңдеуін ұйымдастыруға, мәліметтер қорларын, білім қорларын, электрондық поштаны ұйымдастыруға арналған қолда бар компьютерлік желілерді;

– заттар мен бағдарламаларды жобалау және өндіру кезеңдерінің өзара байланысын;

– білім беру процесіндегі сапаның аспектілерін, сапаны басқару қағидаттарын, сапаны басқару элементтерін;

– бағдарламалаудың бірнеше тіліндегі бағдарламалау теориясын;

– Windows үшін объектілі–бағытталған бағдарламалау идеологиясын;

– компьютерлік графиканың математикалық және алгоритмдік негіздерін, бейнелерді қалыптастыру мен түрлендірудің әдістері мен алгоритмдерін;

– үйретуші компьютерлік жүйелерді зерттеу мен жобалау кезіндегі моделдеу әдістерін;

– әртүрлі жүйелерді талдаудың, синтезінің, тиімділеудің және моделдеудің кәсіби бағытталған математикалық әдістерін;

– қашықтан оқытуды ұйымдастыру қағидаттарын;

– затты жобалау және өндіру кезеңдерінің өзара байланысын;

– конструкторлық жасалымдарды автоматтандыру қағидаттарын;

– web-парақтар мен виртуалды әлемдерді жасаудың қазіргі заманғы технологияларын;

– компьютерлік графиканың аппараттық және бағдарламалық құралдарының негізгі техникалық сипаттамалары мен мақсатын;

келесілерді білуі тиіс:

– өзінің психикалық жағдайын түсіндіре білуді, психикалық өзін өзі реттеудің қарапайым тәсілдерін игеруді;

– тұлғаның өзіндік дамуы мен өзін өзі тәрбиелеуді бағыттап отыруды;

– нақты жағдайды ескере отырып кәсіби мінез–құлықтың тиімді моделін таңдауды, оқытудың құралдары мен әдістерін таңдауда бағыт–бағдар табуды, оқытудың дербес тұлғалық бағытталған технологиясын жасауды;

– коммуникативті міндетке сай болатын құжаттар мен басқа мәтіндерді құрастыруды;

– педагог қызметі мен үйренушілердің жұмысының нәтижелерін анықтауды және бағалауды;

– оқыту мазмұнын жасауды, білім беру мекемелерінде теориялық және өндірістік оқыту бойынша сабақтардың әралуан типтері мен түрлерін жобалауды және өткізуді;

– жұмысшыларды даярлауға арналған оқу–бағдарламалық және әдістемелік құжаттаманың әралуан түрлерін жасауды;

– оқытудың дидактикалық құралдарының кешендерін жасауды және оларды білім беру мекемелеріндегі оқу процесінің нақты жағдайына бейімдеуді;

– зерттеушілік міндеттерді шешу үшін математикалық талдау әдістерін қолдануды;

– ықтималдылықтар теориясы мен математикалық статистика негіздерін қолдануды;

– оқу процесінде компьютерлік графика мен графикалық диалогтытың аспаптық құралдарын қолдануды;

– графикалық амалдық ортада жұмыс істеуді;

– оқу процесінде есептеу техникасының аппараттық құралдарын қолдануды;

– математикалық моделдеуді, жүйелік моделдеудің әдістері мен құралдарын қолдануды;

– стандартты перифериялық жабдықтарын таңдау, периферидағы мамандандырылған бақылаушыларды аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді жасау әдістемелерін пайдалануды;

– есептеу техникасы құралдарын кешендер мен жүйелерге (матрицалық, конвейерлік, ағындық, транспьютерлік) біріктіру әдістерін қолдануды;

– есептеу техникасы мен компьютерлік технологияларды оқытуда пайдалануды;

– компьютерлік үйретуші бағдарламаларды жобалауды, білімді бақылауға арналған тестілеуші бағдарламаларды жасауды;

– телекоммуникациялар құралдарын таңдауды және оларды оқу процесінде қолдануды;

– есептеу техникасын оқу процесін жобалау, моделдеу және ұйымдастыру кезінде пайдалануды;

– қолданбалы бағдарламалық өнімдерді ғылыми зерттеулерде, эксперименттерде, эксперименттер нәтижелерін өңдеуде қолдануды;

– есептеу техникасы мен компьютерлік технологияларды ғылыми–әдістемелік және ұйымдастырушы жетістіктердің халықаралық алмасулары үшін пайдалануды;

– оқу процесін жетілдіруге арналған бағдарламалық өнімдерді жасауды;

– Windows үшін мәліметтер қорларымен жұмыс істеуді;

– редакторлық және баспалық бағдарламалық жүйелерде жұмыс істеуді;

– Internet үшін қосымшалар жасауды;

– компьютерлік графиканың бағдарламалық және аппараттық құралдарын эксплуатациялауды және қызмет көрсетуді;

– конструкторлық құжаттаманы жасауға арналған автоматтандырылған жобалау құралдарын пайдалануды;

– екіөлшемді және үшөлшемді web-серверлерді жобалауды;

келесілерді игеруі тиіс:

- жобалау әдістемелерін, жалпытехникалық және арнайы пәндер бойынша сабақтарды өткізуді ұйымдастыруды, информатика саласында практикалық (өндірістік) оқытуды;

- қазіргі заманғы жұмысшыны даярлауға арналған педагогикалық технологияларды жобалау мен техникалық-әдістемелік қамтамасыз етудің әдістемелерін;

- педагогикалық сұхбаттасу технологиясын;

- кәсіптік мектептегі білім беру процесін талдау, жобалау, жүзеге асыру және түзету біліктіліктерін;

- үйренушінің тұлғаны дамыту технологияларын (тәрбиелеу, білім беру, оқыту технологияларын);

- қоғамда қабылданған сөйлеу этикетін;

- қашықтан оқытуды жобалау, ұйымдастыру әдістемелерін;

- білім беру процесінің нақты міндеттеріне арналған бағдарламалау тілін таңдау әдістерін;

- жұмыс кәсібін.

Мамандануына сәйкес педагогикалық мамандықтар дайындайтын ЖОО IT-пәндерін оқытуға даяр болатын информатика мұғалімінің кәсіби дайындығына қойылатын қосымша талаптар орнатылуы мүмкін[2,3].

Педагогтың кәсіби даярлығы педагог тәжірибесіне тек сырттан білімді, біліктіліктерді, дағдыларды, орнатпаларды беру нәтижесі ғана емес, сонымен бірге педагогтың кәсіптік-тұлғалық қалыптасуының (Н.К.Сергеев, В.А.Сластенин, және т.б.) ішкі факторларымен шарттастырылған өз бетімен дамуының да нәтижесі болып саналады. Оған қоса, Н.К.Сергеевтің пікірінше «педагогикалық білім беру туралы тұтас кейіптеме, оның біржақты-когнитивтіден өзгешелігі, мамандықты игеру мен кәсіптік жетілдіру процесстері адамның әлеуметтік, кәсіптік және тұлғалық өзіндік жүзеге асуының анағұрлым көлемді кеңістігіне үйлесімді түрде қамтылғанын жорамалдайды»[4].

Осы зерттеулер нәтижелерін ескере отырып, білім беруде IT-пәндерін оқытуға дайын болатын информатика мұғалімін кәсіби даярлаудың әдістемелік жүйесін жобалаудың қажеттілігі туындады. Осы зерттеу аясында педагогикалық ЖОО кәсіби даярлауға арналған тұтастық сипаттамасы манызды болады.

Әдебиеттер тізімі

1 Халикова К.З., Бердышев А.С. Информационно-коммуникационная компетентность как одна из составляющих профессиональной подготовки будущих учителей в условиях информатизации образования//В сб. Формирование интелллектуального потенциала нациии в условиях высшей школы. /Под редакции академика С.Ж.Пралиева/. Алматы. «Ұлағат», 2012. – 336 с.

2 Информатика пәнін оқытудың педагогикалық-психологиялық мәселелері. «Экология, білім, ғылым және қоғам» атты республикалық ғылыми-теориялық конференциясының еңбектері. Кентау, 2006. –Б.409-414.

3 Болашақ мұғалімдердің ақпараттық-компьютерлік және математикалық моделдеуді қолдануға даярлығын жетілдіру. «Парасатты экономика» негіздерін қалыптастырудағы білім беру мекемелерінің рөлі мен міндеттері. Респуб. ғыл.-тәжіриб. конф. -Шымкент, 2007. –Б. 112-115.

4 Сергеев Н.К. Непрерывное педагогическое образование: концепция и технологии учебно-научно-педагогических комплексов (Вопросы теории): Монография.— СПб Волгоград:Перемена, 1997. — 166 с.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы формирования компетенции у будущих учителей информатики. Показано, что подготовка «нового учителя», способного реализовать требования новых стандартов образовании Республики Казахстан, формирование исследовательской компетенции будущих учителей в системе образования предполагает новое содержание подготовки, форму организации учебного процесса с целью формирования профессиональной компетенции будущего ИТ-учителя; предполагает наличие творческих способностей у будущих учителей, включает овладение необходимыми умениями, навыками, процессами анализа, синтеза, сравнения, обобщения, методологических и теоретических основ профессионально-педагогической деятельности, способности творчески подходить к решению педагогических задач, к полному выполнению функций ИТ-учителя через творческое самосовершенствование.

Summary

Это выражается в разработке и практическом применении концепции транспортной логистики, как науки об управлении транспортом во взаимосвязи со сферами производства, сбыта и распределения продукции; в развитии прогрессивных транспортно-технологических систем и эффективном применении смешанных перевозок; во внедрении в транспортное обеспечение научных достижений в области информатики и вычислительной техники; а также в активной работе международных специализированных организаций по выработке документов и нормативных актов в области регулирования, упрощения и унификации различного рода формальностей, возникающих при транспортном обеспечении международных экономических связей. С развитием логистики как науки системы товародвижения стали формироваться на основе логистических принципов и превратились в международные логистические системы товародвижения.

Транспорт постепенно трансформируется в более крупные интернациональные комплексы, которые по форме остаются на какой-то период международными и по содержанию становятся единой глобальной системой. Дальнейшее формирование глобальной транспортной системы должно обеспечить достижение следующих целей [2]:

полное исключение перегрузки груза в процессе его транспортировки путем широкого применения смешанных и комбинированных перевозок;

исключение или значительное сокращение складской обработки грузов за счет внедрения современных методов материально-технического обеспечения;

полное исключение документального потока в бумажной форме за счет внедрения электронных информационных систем;

значительное упрощение или полное исключение формальностей при пересечении государственных границ международными грузопотоками;

выравнивание уровня технического развития транспортных средств;

создание единой международной транспортной инфраструктуры; унификация транспортной и таможенной документации;

повышение качества международных перевозок путем создания международных стандартов этого параметра и системы контроля за его исполнением;

совершенствование организационных форм и технологических систем товародвижения.

Таким образом, в будущем сформируется интегрированная глобальная система товародвижения, успешно обслуживающая мировое хозяйство на единой правовой и технической базе.

У каждого вида транспорта есть своя особая специфика в отношении предпочтительности его использования для перевозок грузов. Существуют формализованные способы выбора вида транспорта.

Рассмотрим сравнительные логистические характеристики различных видов транспорта.

Железнодорожный транспорт. *Достоинства*: высокая провозная способность и пропускная способность; независимость от климатических условий, времени года и суток; высокая регулярность перевозок. Относительно низкие тарифы; значительные скидки для транзитных отправок; высокая скорость доставки груза на большие расстояния. *Недостатки:* ограниченное количество перевозчиков; большие капитальные вложения в производственно-техническую базу; высокая материалоемкость и энергоемкость перевозок; низкая доступность к конечным точкам продаж (потребления); недостаточно высокая сохранность груза.

Морской транспорт. *Достоинства:* возможность межконтинентальных перевозок; низкая себестоимость перевозок на дальние расстояния; высокая провозная и пропускная способность; низкая капиталоемкость перевозок. *Недостатки:* ограниченность перевозок; низкая скорость доставки (большое время транзита); зависимость от географических, навигационных и погодных условий; необходимость создания сложной почтовой инфраструктуры; жесткие требования к упаковке и креплению грузов; невысокая частота отправок.

Автомобильный транспорт. *Достоинства:* высокая доступность; возможность доставки груза "от двери до двери"; высокая маневренность, гибкость, динамичность; возможность использования различных маршрутов и схем доставки; высокая сохранность груза; возможность отправки маленькими партиями; широкие возможности выбора подходящего перевозчика. *Недостатки:* низкая производительность; зависимость от погодных и дорожных условий; относительно высокая себестоимость перевозок на большие расстояния; недостаточная экологическая чистота; срочность разгрузки, сравнительно малая грузоподъемность.

Автомобильный транспорт - наиболее важная составляющая транспортной системы Республики Казахстан. Число транспортных единиц измеряется сотнями тысяч. Каждое юридическое лицо или индивидуальный предприниматель, владеющий автомобильным транспортом, является одновременно участником экономических отношений и объектом рыночного управления.

Автомобильный транспорт объединяет в одном производственном процессе предметы труда (перевозимые грузы), средства труда (подвижной состав и пути сообщения) и рабочую силу. Товаром в автотранспортной отрасли может быть только то, что она производит и продает. Объектом купли-продажи перевозка - перемещение людей и грузов во времени и пространстве.

Автотранспортные предприятия (АТП) осуществляют несколько видов деятельности:

- ✓ транспортное обслуживание клиентов - это перевозка грузов и погрузочно-разгрузочные работы на всем протяжении от грузоотправителей до грузополучателей;
- ✓ экспедиционное обслуживание - это деятельность АТП по своевременной и высококачественной подготовке грузов и перевозка (выполнение платежно-расчетных операций, оформление документов, таможенные процедуры,

хранение на складе, информирование клиента о местонахождении груза, страхование, охрана и сопровождение груза;

- ✓ организационно-посредническое, связано с лизингом, арендой подвижного состава;
- ✓ транспортно-логистическое обслуживание клиентов - согласованной с грузоотправителем и грузополучателем в пространстве и во времени деятельности АТП; связанной с доставкой грузов необходимого качества в определенном объеме в нужное время и место и выполнением соответствующих этой доставке автотранспортных услуг с целью содействия клиентам в достижении наибольшей эффективности и сбыта продукции.

Воздушный транспорт. *Достоинства:* наивысшая скорость доставки груза; высокая надежность; наивысшая сохранность; возможность достижения отдаленных районов. *Недостатки:* высокая себестоимость перевозок, наивысшие тарифы среди других видов транспорта; высокая капиталоемкость, материало- и энергоемкость перевозок; зависимость от погодных условий.

Трубопроводный транспорт. *Достоинства:* низкая себестоимость; высокая пропускная способность; высокая сохранность груза; низкая капиталоемкость. *Недостатки:* ограниченность видов груза (газ, нефтепродукты, эмульсии сырьевых материалов); недостаточная доступность малых объемов транспортируемых грузов.

Благодаря расширению перевозок грузов укрупненными местами (смешанные и комбинированные перевозки) экспедиторские компании все чаще прибегают к одновременному использованию двух или более видов транспорта. Преимущества таких перевозок определяются преимуществами, вызванными консолидацией грузов и их перевозкой по схеме «от двери до двери» на основе единого документа и одним оператором.

Одной из главных современных тенденций является интеграция транспортных и ресурсораспределительных процессов. Она способствует стабилизации и гармонизации производственных связей и устойчивому развитию экономических и в свою очередь, выдвигает особые требования к части технико-технологической и информационной унификации транспортных процессов и либерализации правовых и коммерческих отношений.

На автотранспорте эти тенденции проявляются в выработке единых стандартов и правил регулирования рынка транспортных услуг, унификации требований к документам, подвижному составу и правилам их эксплуатации. Все более жесткими становятся требования к транспортной и экономической безопасности подвижного состава, к контролю за соблюдением водителями режимов труда и отдыха.

Протяженность автомобильных дорог в 2008 году составила 90 тыс.км., что на 9 тыс.км. больше по сравнению с 1990 г. Это связано с тем, что в 2006 году сдана в эксплуатацию автодорога «Астана - Караганда», продолжается реабилитация дороги Алматы - Бишкек, реконструкция дороги Актобе - Карабутан и дорожной сети в Западном Казахстане. За 2011 г. отремонтировано 6617 км. дорог с твердым покрытием при общей их протяженности 84112 тыс.км [3].

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Анализ глобальных тенденций в развитии мировой экономики последних десятилетий подтверждает устойчивое усиление роли автомобильного транспорта в обеспечении общественных потребностей в перевозочных услугах. Такое

положение объективно обусловлено не только целым рядом несомненных преимуществ автотранспорта во многих сферах его применения, но и интенсивным развитием дорожной инфраструктуры, прогрессом в конструктивном совершенствовании автотранспортных средств. Конкурентоспособность автотранспорта с другими видами транспорта обеспечивается за счет таких его специфических преимуществ, как: высокая мобильность и возможность доставки груза практически в любые труднодоступные места назначения; доступность и относительная простота организации перевозок; относительно высокие скорости транспортировки груза с его доставкой точно в срок; возможность обеспечения очень важного для пользователей принципа доставки грузов непосредственно со склада отправителя до склада получателя («от двери до двери») без дополнительных перегрузок. Отмеченные свойства автотранспорта могут существенно перекрывать по своей экономической значимости определенные дополнительные затраты пользователей в связи с высокими, по сравнению с другими видами магистрального транспорта, тарифами на автоперевозки.

Список литературы

1. Бекмагамбетов М. «К проблеме развития транспортного потенциала Казахстана» //Транзитная экономика. – Алматы: 2012. №4.
2. Автоматизированная система плановых расчетов транспорта //Под редакцией Б.С. Козина, И.Т. Казакова. – М.: Транспорт, 1987. - 262 с.
3. Гончарук О.В. Управление транспортом. Вопросы теории и практики. - Сп-б: Наука, 1994. - 219 с.

Түйіндеме

Осы мақалада ең басты назар транпорттық жүйеге, соның ішінде, әр түрлі транспорт кешендерімен тасымалдау және олардың орындалуындағы бір-бірімен өзара әрекеттілігі мен өзара тәелділігіндегі тасымалдау процесінің өзіне және шаруашылық субъектілері қызметінің түпкі техника-экономикалық нәтижелеріне тікелей әсер етеді.

Summary

In this paper, the main attention is paid to the transport system, complex of different modes of transport are in interdependence and cooperation in the implementation of transport and affecting, both on a transportation process, and the final technical and economic performance of businesses.

Дата приема 29.09.2014 г

ӘОЖ 338.47(574)

Э.Т.Исагалиева, А.Ж.Мукашева
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ, Студенттік даңғылы 212

КӨЛІК ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НАРЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

Аңдатпа

Экономикада тұрақты қызмет көрсететін көлік жүйесін қалыптастыру - елдің өсіп-өркендеуінің негізгі жағдайларының бірі. Көліктің тиімді дамуы ел экономикасына, сауданың өсуіне, құрылымдағы көлік шығынының үлесін төмендетуге біршама ықпал етеді. Қазақстанның халықаралық тауарлық және қаржылық нарықтарға шығу жағдайларында республика үшін елдің көлік торабының дамуы маңызды рөлге ие болып отыр. Бұл мақалада Қазақстан Республикасының көліктік қызмет көрсету ерекшеліктері, халықаралық тасымалдау белгілері, экспедитор қызметтері қаралады.

Негізгі сөздер: *логистика, тасымал,экономикалық әлеует, көлік жүйесі, халықаралық сауда, халықаралық тасымал, көлік операциялары, транзиттік дәліз*

КІРІСПЕ

Көлік-экономиканың қалыпты жұмыс істеуінің негізі. Ол өндіріс процесін қамтамасыз етіп, кәсіпорындарды, салалар мен аймақтарды байланыстырады, сыртқы сауда жүктерін тасымалдап, халыққа қызмет көрсетеді. Көлікті онсыз өмір сүре алмайтын «шаруашылық ағзасының қан тамыр жүйесі» деп те атайды. Сондықтан жоғары дамыған, тұрақты жұмыс істейтін көлік жүйесін қалыптастыру - елдің өсіп-өркендеуінің негізгі жағдайларының бірі. Қазақстандық көлік кешенін халықаралық көлік жүйесіне бірігу үдерістерін жеделдету және еліміздің транзиттік әлеуетін дамыту мақсатында көліктік қызметтерді көрсетудің бәсекелі ортасы қалыптасты. Көліктің тиімді дамуы ел экономикасына, сауданың өсуіне, құрылымдағы көлік шығынының үлесін төмендетуге біршама ықпал етеді.

Нарық дами отырып, екі немесе одан да көп тасымалдау құралдары кездесетін интермодальды тасмылдау қызметтерінің пайда болуына әкелген жаңа тасымалдау құралдарын қалыптастырды. Мұндай тасмылдаулар үлкен күрделілікпен, жоғары сапалы стандарттармен ерекшеленеді. Тиеу-түсіру жұмыстарының технологиясы да өзгерді.

Қазақстанның халықаралық тауарлық және қаржылық нарықтарға шығу жағдайларында республика үшін елдің көлік торабының дамуы маңызды рөлге ие болып отыр. Қазақстан өзінің геосаяси орналасуы жағдайында, экономикалық әлеуеті мен тарихи дәстүрлерінің арқасында көлік шеңберіндегі әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне халықаралық интеграциясының белсенді жақтаушысы және көлік тасымалдарының дамуы саласындағы ғаламдық үрдістердің қатысушысы болып есептеледі.

Қазақстан Республикасындағы көлік қызметінің ұлттық деңгейде дамымауы өнім өндіру мен қызмет көрсету салаларындағы шығындардың өзін-өзі ақтамауына, шаруашылық қызметтердің қажетті деңгейде дамымауына, аймақтардың өзара байланыстарының және еңбек ресурстары жылжуының әлсіздігіне әкеледі. Транзиттік тасымалдау қызметінің тиімді пайдаланылуы нарықтың маңызды

салалары мен орталарының дамуына мүмкіндік береді. Экономика мен тасымалдау қызметі бір-біріне тәуелді болғандықтан Қазақстанның әлемдік нарыққа шығу жолында мемлекеттің тасымалдау стратегиясын таңдауы маңыздылығ жоғары міндеттердің қатарында болып отыр.

ПРАКТИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Экономикада көліктік қызмет көрсету экономикалық инфрақұрылым қатарына жатқызылып, нарықтық жағдайды сипаттайды. Көлік қоғамның өндіргіш күштерінің бір бөлігі және жалпы экономикалық жүйеде қалыпты жағдайды қамтамасыз ететін материалдық өндіріс саласын сипаттайды. Көліктік қызмет көрсету өнімі материалдық сипатта болады және заттай өнімнің басқа салаға жылжуын көрсетеді. [1]

Көліктік қызмет көрсету өнімінің ерекшеліктері:

- көліктік қызмет көрсету өнімінің материалдық сипаты тасымалданатын тауар кеңістігінің өзгерісімен сипатталады.

- көлікте өндіріс үдерісі мен тұтыну үдерісі зат емес пайдалы тиімділік ретінде болады;

- көліктік қызмет көрсету өнімі өндірілмейді.

Көліктік қызмет көрсетуге сұраныстың жоғарлауы қосымша тасымалдау мүмкіндіктерін қолдануды талап етеді;

- көліктік қызмет көрсетуде жаңа өнім қалыптаспайды, жүктердің физикалық көлемі азаяды;

- көліктік қызмет көрсету қосымша шығындарды талап етеді.

Көлік қызметі болмаса өндіріс және тұтыну салаларының байланысуы мүмкін емес.

Көліктік қызмет халықаралық деңгейде де көрсетіледі. Ал халықаралық жүк тасымалдаулары жалпы жүк айналымының 90 пайызын құрайды.

Халықаралық экономикалық деңгейде көліктік қызмет көрсету екі және одан да көп елдердің арасындағы көлік операцияларының негізгі элементі болып табылатын жүктердің, жолаушылар мен багаждың жылжуын қамтамасыз етеді. Халықаралық саудада көліктік қызмет көрсету құрылымы: а) тауарды экспортер-мемлекеттің ішінен берілген мемлекеттің шекаралық пунктіне және портына дейін тасымалдау; б) тауарды импортер-мемлекеттің шекаралық пунктісінен (портынан) оны мемлекеттің ішінде тұтыну пунктісіне дейін тасымалдау.

Халықаралық тасымалдауларға екі негізгі белгілер тән болып келеді [2]:

1. - олар екі және одан да көп мемлекеттерді байланыстырып, келісім-шарт негізінде жүзеге асырылады;
2. - халықаралық тасымалдаудың орындалуы халықаралық келісімдермен бекітілген шарттармен реттелінеді.

Бірінші белгі, мемлекеттер арасында келісім-шарт жасақталып, шарттары жеке-жеке қарастырылады.

Екінші белгі, халықаралық тасымалдаулар кезіндегі құқықтық қатынастардың ерекшелігімен байланысты. Жүктер мен жолаушылардың шетел мемлекеттерінің аумағына келіп түсуі екі әртүрлі заңды жағдайларда жүзеге асырылады: халықаралық қатынас туралы екі жақты және халықаралық келісімнің болуы кезінде немесе оның болмауында. Көліктің қандай да болса түрлерін қолданудағы айырмашылықтар, әртүрлі мемлекеттерде, көбінесе, ішкі құқық нормаларының негізінде, шетел жолдарында тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат етпейді (бұл,

әсіресе, темір жол көлігіне қатысты). Туындап келе жатқан қиыншылықтарды жою үшін тәжірибеде халықаралық келісімдерге келу жолдары бойынша жүреді [3].

Ғылыми-техникалық прогресстің негізінде, авиациялық, автомобильдік, су және темір жол көлігінің жаңа ұрпақтарының дамуы, сондай-ақ, халықаралық құбырлар желісінің қарқынды өсуінің арқасында, соңғы он жылдықтарда, халықаралық көліктік инфрақұрылым маңызды дәрежеде жақсарды. Жүктер мен жолаушыларды тасымалдау маңызды дәрежеде жылдамдатылды және арзандады.

Халықаралық көлік үрдісіне, өзара тасымалдау келісіміне келетін, фирма-жүктің иесі мен тасымалдаушы-фирмалары қатысады. Жүк иегерлерінен басқа көлік операцияларына қызмет көрсету келісімі жасалынатын стивидор фирмалары (жүк терминалдарының операторлары) және экспедитор-фирмалары (кейбір елдерде экспедиторлар фрахт агенттері, коммиссионерлер, брокерлер және т.б. деп аталынады) қатысады. Экспедиция келісімі бойынша, жүк иегері экспедитор-делдалына оның жүгімен нақты келісілген операцияларының орындалуын тапсырады – жүктерді тиеуді және түсіруді, сақтауды, жүктік және кедендік құжаттарды рәсімдеуді, тасымалдаушылармен және стивидорлармен есептесулерді, өздерінің коммерциялық мүдделерін соттар мен арбитраждарда қорғауды және т.б.

Жүк иегері тікелей экспедиторлық фирмалармен келісімге келе алады немесе жалпы тасымалдауды ұйымдастыру тапсырылатын бас экспедитормен келісім жасай алады. Бас экспедитор жүк иегерінің атынан жүктердің өту пунктерінде көліктің әртүрлі тасымалдауларымен және экспедиторлық ұйымдармен келісімге қол қояды.

Қазіргі уақытта, әлемде экспедиторлық фирмалардың саны 100 мыңнан асып түсті, оларда шамамен 20 млн. жұмыскерлер жұмыс істейді.

Қазіргі заманғы көлік желісі мен көлік тасымалдауларының құрылымы әлемдік экономиканың даму мен халықаралық еңбек бөлінісі үрдісінде қалыптасты және өз кезегінде, аталған үрдістерге белсенді әсер етеді. Жалпы қарқын келесіде қорытындылады: жүктердің халықаралық тасымалдаулары халықаралық саудаға қарағанда баяуырақ өсуде, өйткені, тасымалданатын шикізаттың мөлшерлері, әсіресе, мұнайдың, маңызды дәрежеде өседі немесе тіпті өспейді, материал сыйымдылықты өндіріс шикізат көздеріне ауысады.

Халықаралық көліктік қызмет көрсету нарығында барлық көлік құралдары бірдей деңгейде қолданылмайды. Дамыған елдердің ЖІӨ-гі көлік үлесі азайып отыр.

Халықаралық көлік инфрақұрылымының дамуына мемлекет қолдау жасайды және өзі бақылауға алады. Ал көлік құралдары ереже бойынша жекеменшікте болады, ал халықаралық көлік қызметі нарығында тек жеке компаниялармен келесім жаслады. Олар халықаралық тасымалдаумен айналыса алады.

Халықаралық тасымалдаулар аймақтық және жалпы әлемдік деңгейдегі көп жақты келісімдермен реттелінеді. Мұнда мемлекетаралық ұйымдар өзінің қызметін көрсетеді. Мемлекетаралық ұйымдардың қатарына Халықаралық теңіз ұйымы *(International Maritime Organisation – IMO, ИМО)* және Азаматтық авиация бойынша Халықаралық ұйымы *(International Civil Aviation Organisation – ICAO, ИКАО)* жатқызылады [4].

Әлемдік көлік жүйесіндегі теңіз көлігі, көліктің өзге де түрлерімен салыстырғанда, бірқатар артықшылықтарға ие. Ең басты артықшылығы алыс аймақтарға жүктерді тасымалдау шығыны басқа тасымалдау құралдарына қарағанда аз болып келеді. Жүктерді су бойынша тасымалдау ең аз шығынды қажет етеді, яғни кемені қозғауға энергия күші аз жұмсалады. Әмбебамтылық – теңіз көлігінің басты

артықшылығы. Теңіз көлігі бойынша кез-келген жүк түрін (мұнай, газ, автокөліктер, шикізат, металл, өнеркәсіптік өнімдерді) тасымалдауға болады. Ал ірі көлемдегі жүктерді тасымалдау тек теңіз көлігі арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, мұнай платформалары.

Контейнерлік жүйе теңіз порттарының жүк айналымдылығын арттырады. Портта жүктерді түсіру және тиеу санаулы уақыттарды ғана алады. Контейнер ішінде әйнек, тұрмыстық техника, тіпті сұйықтық болуы да мүмкін. Сонымен теңіз көлігінің негізгі артықшылықтары:

- шығынның аздығы;
- жүк түрін талғамайтындығы;
- ірі көлемдегі және салмақты жүктерді жеткізу мүмкіндігі;
- халықаралық көліктік қызмет көрсету жүйесінде тиеу-түсіру жұмыстарының қарапайымдылығы.

Қазақстан Республикасының теңіз көлігіндегі экспедиторлық қызмет осы процеске қатысушының әрқайсысына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сенімді кепілдікті қамтамасыз ететін өзара тиімді тең құқықтық негізде жүзеге асырылуы тиіс.Экспедитор мен клиенттің өзара қатынасы жазбаша нысанда жасалатын көлік экспедициясы шартының талаптарында құрылады. Экспедитор тасымалдаушымен тасымалдау шартын клиент атынан жасасқан жағдайда, тасымалдаушының экспедитормен өзара қатынасы жүк жөнелтушімен сияқты құрылады.Көлік экспедициясы шартында жүктерді жүйелі түрде тасымалдауға байланысты экспедициялық қызметтер көрсетуді орындау немесе орындауды ұйымдастыру көзделуі мүмкін. Бұл ретте жүктің нақты партиясын тасымалдауға байланысты экспедициялық қызметтер көрсетуді ұсыну экспедиторға клиенттің жекелеген тапсырыстар беруі негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл жағдайда көлік экспедициясы шартында келісілген экспедициялық қызметтер көрсетуді ұсыну шарттары, егер шартта өзгеше көзделмесе, жекелеген тапсырыс бойынша экспедициялық қызметтер көрсетуді ұсыну шартына қолданылады.Экспедитор экспедициялық қызметтер көрсетуді көлік экспедициясының шартына және экспедитормен келісілген клиент нұсқауларына сәйкес жүзеге асырады.Көлік экспедициясының шартында экспедитордың жүкті өз күшімен тасымалдауды жүзеге асыру міндеті көзделуі мүмкін.Егер көлік экспедициясы шартынан экспедитор өз міндеттерін жеке орындауға тиістігі туындамаса, экспедитор өз міндеттерін орындауға басқа тұлғаларды тарта алады.

Экспедитор:

1) тасымалдауды ұйымдастыру шартына сәйкес тасымалдаушыға тиесілі барлық төлемдерді уақтылы және толық төлеуді қамтамасыз етеді;

2) тасымалдау құжаттарына төлеуші туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді;

3) тасымалдаушы белгілеген тәртіппен тасымалдаушыға тасымалдау төлемінің растауын ұсынады;

4) тасымалдау құжаттарын ресімдеу ережесін орындауды және кеден органдарының, фитосанитарлық, карантиндік, шекаралық және өзге де бақылау тарапынан жүкке қойылатын талаптарды орындауды қамтамасыз етеді;

5) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шартта өзгеше көзделмесе, тасымалдарды ұйымдастыру туралы шартты орындамау немесе тиесілі орындамау салдарынан тасымалдаушыға келтірілген шығындарды өтейді.

Тұтынушының нұсқауларынан шегіну қажет болған кезде экспедитор алдын ала клиенттен осындай шегінуге оның келісімі туралы сұрайды. Егер бұл клиент мүддесімен қажет болғанда және іс жағдайы бойынша экспедитор клиенттен мұндай шегінуге оның келісімі туралы алдын ала сұрай алмағанда не өз сұрауына белгіленген мерзімде жауап алмағанда экспедитор клиенттің нұсқауларын орындамайды. Егер клиенттің нұсқаулары дәл емес, толық емес немесе сенімсіз болса не шартқа сәйкес келмесе және экспедитордың іс жағдайы бойынша клиенттің нұсқауларын нақтылауға мүмкіндігі болмаса, экспедитор клиенттің тәуекелі үшін оның мүддесіне сүйеніп әрекет етеді. Егер шартта өзгеше көзделмесе, экспедитор тасымалдау көлігі мен бағытын таңдайды немесе ауыстырады, жүк тасымалдау тәртібін, сондай-ақ экспедициялық қызметтерді орындау тәртібін өзгертеді. Көлік экспедициясы шартының талаптарымен экспедитордың клиент атынан үшінші тұлғалармен шарт жасасуы, сондай-ақ клиент атынан көлік экспедициясы шартын орындауға байланысты басқа да міндеттерді орындауы көзделген жағдайда клиент экспедиторға сенімхат береді. Көлік экспедициясы шартын орындау бойынша немесе оны орындағанға дейін көлік экспедициясы шартын тоқтату кезінде экспедитор қолдану мерзімі өтпеген сенімхатты клиентке қайтарады. Экспедиторға тасымал шартын клиент атынан жасауға берілген сенімхат экспедиторға жүкті жаңа мекен-жайға жіберуден, талап-арыздар мен талап-қуыным өтінішін беруден, істі аралық сотқа беруден, татулық келісімін жасасқаннан, өкілеттіктерді басқа тұлғаға беруден (қайта сеніп тапсыру), клиентке тиесілі ақшаны алудан басқа, бүкіл іс-әрекетті жасауға мүмкіндік береді. Экспедитор жүк қабылдаған кезде экспедитор клиент атынан оның берген сенімхаты негізінде жасаған шарттардың түпнұсқаларын тұтынушыға ұсынады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Елбасының 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында қазақстандық жолдың жаңа кезеңі – ол экономиканы нығайтудағы, халықтың әл-ауқатын арттырудағы жаңа міндеттер екенін атап өтті. Қазіргі әлемде бұл әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың негізгі мәселесі. Бұл Қазақстанның таяу онжылдықтағы дамуының басты бағыты. Қазақстан халқы біртұтас, бірлігі мызғымас кемел елге айналды. Дегенмен, біз күрмеуі қиын, қайшылығы мол алмағайып заманда өмір сүрудеміз. Біздің міндетіміз – экономиканы осы сынаққа дайындау, оны диверсификациялауды жалғастыру, - деп атап көрсетті Нұрсұлтан Назарбаев. Қуатты Қазақстан дегеніміз – бұл ең әуелі өңірлердің қуаттылығы. Елдің болашағы экономикадағы келешегі зор салалардың дамуымен байланысты. Алға үлкен міндеттер жүктеді. Президент атап айткан кешенді 10 міндеттің алтыншысы, инфрақұрылымды дамытуға деген қағидатты түрде жаңа көзқарастарды қалыптастыру.

Әдебиеттер тізімі

1 Брухис Г.Е.; Транспортно-экспедиционная деятельность. – Москва: Транспорт, 1989. -С.45-57

2 Афанасьев В.Г. Международный воздушный транспорт: экономика, политика, внешнеэкономические связи. - Москва, 2002. –С. 54-57

3 Васильев А.П. Состояние дорожной сети и концепция ее дальнейшего развития. Автодороги, 1992, №3.-С.105.

4 Грачев Ю.И. Транспортировка товаров при экспортно-импортных операциях. – Москва, 1995. –С. 21-28

Резюме

Совершенствование и бесперебойная работа транспортных систем – базовое условие устойчивого развития экономики страны и социального благополучия её граждан. Своевременность перевозок промышленной и сельскохозяйственной продукции, сроки оборота ее на транспорте и сохранность в пути следования, стоимость доставки грузов — все эти показатели, влияющие на реализацию продукции, оказывают непосредственное воздействие на эффективность производства, стоимость товаров и в конечном итоге определяют конкурентоспособность продукции предприятий на казахстанских и мировых товарных рынках. В данной статье рассматривается особенности предоставления казахстанских транспортных, экспедиторских услуг.

Summary

Improvement and uninterrupted operation of transport systems - the basic condition for sustainable development of the economy and social well-being of its citizens. Timeliness of shipments of industrial and agricultural products, the timing of its turnover in the transport and safety in transit, the cost of delivery - all of these indicators affecting the sale of products, have a direct impact on the efficiency of production, the cost of goods and ultimately determine the competitiveness of the production enterprises of Kazakhstan and world commodity markets. This article discusses the features of the Kazakh transport, freight forwarding services.

Қабылданған күні: 11.11.2014 ж

ӘОЖ 631.16.22

Қ.Т. Нысанова, Э.М. Адиетова
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ, Студенттік даңғылы 212

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АГРАРЛЫҚ ИННОВАЦИЯНЫҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Аңдатпа

Ауыл шаруашылықтағы дағдарыс жағдайларында Қазақстанда реформалар жүзеге асты. Экономикалық реформалар үдерісінде және нарықтық қалыптасу үдерісінде ауыл шаруашылығы өндірісті мемлекеттік реттеу жүйелік қалыптастыру бойынша жаңа жасақтамалардың ролі жоғары.

Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді жандандыруға арналған шаралар әлі өз нәтижелерін толықтай көрсеткен жоқ. Оған объективті және субъективті себептер өте көп. Бұл мақалада аграрлық сектордың қазіргі даму жағдайы, инновациялық дамыту мақсаттары, ауыл шаруашылығын қаржыландыру мен инвестициялық механизмді жүзеге асыру мәселелері туралы айтылады.

Негізгі сөздер: *ауыл шаруашылығы, инвестициялық механизм, инновация, инновациялық саясат, аграрлық инновация, агроөнеркәсіп кешені.*

КІРІСПЕ

Жаңалық еңгізу саласындағы кәсіпорынның қызметі көпжоспарлы және ірі материалды, қаржылық, еңбек шығындарына тікелей тәуелді. Сондықтан да олар инновациялық үдеріске еңгізілетін жаңалықтар қозғалысының әртүрлі кезеңінде қосылуы мүмкін. Біреулері бастапқы зерттеуден бастап өткізу нарығына дейін бірге болса, келесілері жаңалықтың өндірістік игерілуі жағдайында қосылуы мүмкін. Кәсіпорындардың барлығы «новатор» болып саналмайтындықтан оларды белгілері бойынша «пионер кәсіпорындар» (техника бойынша жаңалық еңгізетін кәсіпорындар), «ізбасар кәсіпорындар» (инновация бойынша көшбасшылардың ізімен жүретіндер) және инновациялық қызметке қосылмайтын кәсіпорындар деп бөледі [1]. XX ғасыр ағымында ауыл шаруашылығын дамытуды мынадай тұжырымдама болды: аз шығынмен өнім өндіру және жаңа интенсивті технологияны еңгізу арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Аграрлық секторда инновацияны қолдану саласы мен заты бойынша 4 түрге бөледі: селекциялы-генетикалық, технико-технологиялық және өндірістік, ұйымдық-басқарушылық және экономикалық, әлеуметтік-экономикалық [2]. Ал инновавациялық үдерістерді дамытудың экономикалық үдерістері салаға жұмсалатын инвестиция ағымын реттейтін ұйымдық және қаржылық жүйелерден тұрады.

Саланы инновациялық дамыту мақсаттарына сәйкес, АӨК-ң инновациялық саясаты келесі негіздемелердің нәтижесінде жүзеге асырылады [3]:

- өндіріс тиімділігін және өнімнің бәсекегеқабілеттілігін арттыруға әсер ететін негізгі инновацияларды таңдау және жүзеге асыру;
- АӨК саласында ғылыми-техникалық жетістіктердің негізгі бағыттарын болжау;
- инновациялық қызметтің экономикалық және құқтық шарттарын қалыптастыру, салық заңдылығын жетілдіру;
- инновациялық қызметті кешенді қолдау жүйесін қалыптастыру;
- шағын инновациялық кәсіпкерліктің дамуына қолдау көрсету.

ПРАКТИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Аграрлық инновация ауыл шаруашылығы саласы бойынша және өндіріс саласы бойынша деп екі үлкен топқа бөлінеді. Ауыл шаруашылығы саласы бойынша мал шаруашылығы (мал және құстардың жетілген және жаңа түрлері) және егін шаруашылығы (өсімдіктің жаңа және жетілген сорттары) деп бөлінеді. Өндіріс факторлары бойынша еңбек, капитал және жер деп бөлінеді. Жаңалық деңгейі бойынша қарқынды, базалық және жетілген деп бөлінеді. Мағынасы бойынша технологиялық, құқтық, экологиялық және ақпараттық деп бөлінеді.

Саяси және экономикалық жағдайларының өзгерісі аграрлық қарым – қатынасын да өзгертті. Сондықтанда транзиттік экономиканың аграрлық секторындағы реформаның басты бағыты дүние жүзілік экономикалық жүйеге бейімделген шаруашылықтың нарықтық механизмін қалыптастыру болып табылады.

Ауыл шаруашылықтағы дағдарыс жағдайларында Қазақстанда реформалар жүзеге асты. Экономикалық реформалар үдерісінде және нарықтық қалыптасу үдерісінде ауыл шаруашылығы өндірісті мемлекеттік реттеу жүйелік қалыптастыру бойынша жаңа жасақтамалардың ролі жоғары.

Осы мәселе бойынша Елбасы Н.Ә. Назарбаев өз Жолдауында былай деді: «Совет экономиканың жетілмеуінен ауыл шаруашылығының еңбекқорлары зардап шеккенін мойындауымыз керек». Осыған байланысты экономикалық реформа аймақтардың ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу механизмін қайта құруды қамтиды. Бұл реформаның негізгі ерекшелігі ол негізгі өндірістен бөлек жүзеге асырылмайды, керісінше нарықтық қатынастар жағдайында шаруашылық механизмі жетілдірумен бірге бір уақытта жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді жандандыруға арналған шаралар әлі өз нәтижелерін толықтай көрсеткен жоқ. Оған объективті және субъективті себептер өте көп. Сол себептердің бірі, реформа жылдарында экономиканың нақты секторы мен қаржы саласы арасындағы теңгерімсіздіктің алдын –ала алмады, тауар сапасын арттыру және еңбек өнімділігінің өнімін арттыру негізінде (сатып алу- сату жолымен емес) экономикалық және коммерциялық пайда алуға шаруашылық субьектілерді ынталайтын өзара әрекет етудің жаңа механизмі қалыптастырылған жоқ.

Мемлекеттік реттеу көлемі агроөнеркәсіптік кешенінің экономикалық және әлеуметтік даму деңгейімен, ауыл шаруашылығы өніміне сұраныстардың және ұсыныстардың тереңдігімен уағдаласқан. Мысалы АҚШ және Канадада мемлекеттік реттеу жасалатын өнімдер тізімі аз ғана, олар бидай, сүт, мақта және т.б. ЕЭК аймақтарында мемлекеттік және мемлекет аралық реттеу ауыл шаруашылық өнімдерінің барлық түріне, сондай - ақ олардың өңделген түрлеріне де жүргізіледі. Мемлекет және мемлекет аралық бағдарламалар 2-55 жылға дейін есептелген ережеге сәйкес қалыптасқан ауыл шаруашылық дақылдарының өнімдерінің өсу қарқынына, мал басылықтарының өнімділігіне жаңа тәсілдер мен технологиялардың қолданылуына, сондай - ақ ауыл шаруашылығы өнімінің ұсынысы мен сұранысына өзгеріс динамикасын болжамды бағалауға бағдарланған. [4]

Заңды және жеке тұлғалардың төлем қаражаттарының жетіспеуі ауылдық жерлерде өсімдік және мал шаруашылықтары өнімдерін заттай алмастырудың көбеюіне алып келді. Соның арқасында ет, сүт, ұн-жарма және мал азығы өнеркәсібі кәсіпорындарына шикізат жетіспей отыр. Бартерлік мәмілелердің көбеюі ауылшаруашылық өнімдерінің көтерме сауда нарықтарын дамытуға кедергі болуда.

АӨК-дегі экономикалық байланыстарының үзілуі, ауылдық тауар өндірушілері мен қайта өңдеу өнеркәсібі арасындағы шарттар арқылы қатынастардың өзгеруі, шикізаттың қайта өңдеу кәсіпорындарына толық жетпеуі олардың өндірістік қуаттарының толық қамтылмай отырғанына себеп болып отыр. Сондықтан да олардың қаржылық жағдайлары нашарлап барады, бірқатар жерлерде бұл кәсіпорындардың банкротқа түсуіне де себебін тигізуде. АӨК-і кәсіпорындарының барлығы дерлік өзгерген экономикалық жағдайларға бейімделе алмады, ал мемлекет оларға қолдау көрсетуге өзінің жағдайы болмады. Республика АӨК-і төмен рентабельділік деңгейінен зиянды деңгейге түсті.

Жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар жалпы ұлттық мақсатты жүзеге асыра отырып, аграрлық протекционизм саясатының дамытуын және аймақтар бойынша фермерлік шаруашылықтарды бюджеттік қолдау деңгейінде айырмашылықтарды кеңейтеді. Мысалы Канадада ауыл шаруашылығы өнімінің тауарлық құнындағы федералдық шығындардың үлесі орта есеппен 10%, ал ауыл бойынша 5-7%-ға дейін ауытқиды. Бұл теңсіздік айырмашылықтарды одан әрі кеңейте түседі. Соңғы жылдары ауыл шаруашылығы мемлекеттік реттеу децентрализациясының қарқыны және баға белгілеу, несиелеу, салық салу және

бюджеттік қаржыландыру қызметтерінің жергілікті органдарға берілуі байқалды. Ал агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік бюджетін қолданудың 2 негізгі бағыты байқалып отыр.

1. Ассигнованиялар мен компенсациялық жалпы үлесінің өсіміне қарамастан жергілікті бюджеттегі ауыл шаруашылығының үлесі 5,7%-дан 4,4%-ға азайды, ал республикалық бюджеттен 8,5%-дан 7,6% азайды.

2. Агроөнеркәсіптік кешенінде бюджеттік қаржыландырудың орталықтандыру үлесі 2003-2004жылдары аймақтық ауыл шаруашылығы бюджетіндегі республикалық бюджеттің үлесі 79,1%-дан 86,2%-ға артты, ал жергілікті бюджетінің үлесі 21,9-дан 133,8-ге азайды.

2012 жылы ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) жалпы өндірісі 1938,8 млрд. теңгені құрады, ол 2011 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 17,8% төмен, (оның ішінде мал шаруашылығы өнімінің өндірісі 1015,6 млрд. теңгені, өсімдік шаруашылығы – 917,6 млрд. теңгені.

Аталған көрсеткіштің төмендеуіне 2012 жылғы қолайсыз ауа-райы жағдайлары себеп болды.

Астықтың жалпы жиналымы 2012 жылы өңдеуден кейінгі салмақта 12,9 млн. тонна құрады (соның ішінде бидай – 9,8 млн. тонна). Астықтың экспорттық әлеуеті ағымдағы маусымда 7,0 млн. тонна деңгейінде бағаланады.

2012 жылдың қорытындылары бойынша астық эквивалентіндегі ұнды ескере отырып, 11,0 млн. тонна астық экспортқа тиеп-жөнелтілді. Бұл көрсеткіш Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы рекорд болып табылады.

Жаңа өнім астығын сақтауға арналған элеваторлық қуаттылықтарды босату мақсатында солтүстік облыстардың АҚК-дан басқа облыстардың неғұрлым бос АҚК-ға «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК» АҚ 457,0 мың тонна, соның ішінде Ақмола облысының АҚК-дан 170,4 мың тонна, Қостанай облысынан – 81,1 мың тонна, Солтүстік Қазақстан облысынан – 205,5 мың тонна астықтың орнын ауыстырды.

Бүгінгі күні жұмыс істейтін көкөністер мен картоп сақтау сыйымдылықтары бір уақытта шамамен 1,0 млн. тонна сақтау құрайды, соның ішінде 2012 жылы жалпы сақтау сыйымдылығы 128,8 мың тонна 90 қойма салынды. 2012 жылы «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ кредиттік қаражатының есебінен жалпы сақтау сыйымдылығы 18,5 мың тонна 5 көкөніс сақтау қоймасы пайдалануға берілді.

2012 жылы 1059 астық жинау комбайны, 1856 трактор, 203 егу кешені, 464 сепкіш, 310 білігі бар орақ сатып алынды.

2012 жылы АӨК субъектілерін кредиттеуге республикалық бюджеттен және басқа да көздерден 95,9 млрд. теңге, соның ішінде 80 млрд. теңге бюджеттік кредит бөлінді. 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша 65,1 млрд. теңге, соның ішінде ӘКК кепілдігіне астықты сатып алу жолымен 13,4 млрд. теңге қаржыландырылды.

2012 жылы «Ауыл шаруашылығы техникасының кредиттері (лизингі) бойынша пайыздық сыйақы ставкаларын арзандату» деген жаңа бюджеттік бағдарлама әзірленді, оны іске асыруға республикалық бюджеттен 9 млрд. теңге (2013-2015 жылдары жыл сайын 3 млрд. теңгеден) бөлінді. Қазіргі уақытта Ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау қағидалары әзірленді, ол мүдделі мемлекеттік органдарға жолданды.

Қайта өңдеу саласының төмен жүктелуінің негізгі себептері мыналар болып табылады: [5]

- шаруа қожалықтарындағы (фермерлік шаруашылықтардағы) және жеке қосалқы шаруашылықтардағы өндірістің жоғары меншікті үлесінен сапалы шикізаттың жетіспеушілігі;

- ауыл шаруашылығы шикізатын, дайындау, тасымалдау және сақтау жүйесінің әлсіз дамытылуы;

- ішкі нарықтың импорттық тауардың жасырын демпингінен жеткіліксіз қорғалуы және артық тексерулер;

- отандық өнімді жүйелі өткізу үшін жағдайлар жасау бойынша шаралардың практикалық қолданылуының болмауы;

- тамақ және қайта өңдеу өнеркәсіптерінің негізгі өнеркәсіптік-өндірістік қорларының белсенді бөліктерінің жоғарғы тозу деңгейі;

- аралас салалардың жеткіліксіз даму деңгейі;

- техникалық реттеу саласындағы заңнаманың сақталуын бақылау жүйесінің практикалық қолданылуының болмауы.

Жоғарыда көрсетілген проблемаларды шешу үшін Қайта өңдеу кәсіпорындарын қолдау және дамыту жөніндегі жол картасы бекітілді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанда бүгінгі күннен бастап агроөнеркәсіптік кешенін бағалық реттеудің дүниежүзілік тәжірибесін қолдану қажет. Экономиканы мемлекеттік реттеу өзара байланысты 2 аспектіден тұрады: теориялық және практикалық. Зерттеу жұмысынң нәтижесінде агроөнеркәсіп кешенді қаржыландыру деңгейінің әлі де төмен екендігі байқалды. Сондықтанда агроөнеркәсіптік кешенінді дамыту саясаты мемлекетпен жасақталған.

Әдебиеттер тізімі

1 «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2011 - 2020 жылдарға арналған ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ.
2 Корчагин А., Смирнов Ю. Значение и роль малого бизнеса в инновационном процессе // Инновации. – 2002. - №5.-С.45.
2 Кондратьев Н.Д. Большие циклы конъюнктуры/ Опарин Д.И.. – М., 1925.- 48 с.
3 Шумпетер Й. Теория экономического развития. – Москва: Прогресс, 1982.- С.69-71
4 Дракер П.Ф. Как выйти в лидеры. Практика и принципы. – Москва: Бук Чембэр Интернэшнл, 1992. - С. 53-55
5 Друкер П.Ф. Новые реальности. В правительстве и политике. В экономике и бизнесе. В обществе и мировоззрении. - Москва: Бук Чембэр Интернэшнл, 1994. - С. 102-105

Резюме

В периоды кризиса в Казахстане стали реализовываться реформы в сельском хозяйстве. Велика роль нововведений в области системного государственного регулирования сельскохозяйственного производства в ходе экономических реформ и рыночного становления.

В Казахстане реформы в сельском хозяйстве еще показали свои ожидаемые результаты. Они имеют объективные и субъективные причины. В данной статье рассматривается современное состояние аграрного сектора страны, инновационные задачи, проблемы реализации инвестиционного механизма и финансирования сельского хозяйства.

Summary

In periods of crisis in Kazakhstan began to be implemented reforms in agriculture. The role of innovation in the field of system of state regulation of agricultural production in the course of economic reform and market development.

In Kazakhstan, reforms in agriculture has shown the expected results. They are objective and subjective reasons. This article discusses the current state of the agricultural sector, innovative tasks, problems of implementation of the investment and financing mechanism for agriculture.

Қабылданған күні: 13.11.2014 ж

ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ
ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

УДК 612.78

Э.М. Куртиева
Атырауский государственный университет имени Х.Досмухамедова
Республика Казахстан, 060011, г.Атырау, пр.Студенческий, 212
E-mail: ella_kurtieva@mail.ru

ГОЛОСОВОЙ АППАРАТ И ЕГО ГИГИЕНА

Аннотация

Понимание студентами вокалистами основ вокальной методики итальянской школы belcanto, и умение применять ее в процессе воспитания своего голосового аппарата. Режим и гигиена голоса.

Ключевые слова: *голос, голосовой аппарат, вокальное искусство, гигиена голоса.*

Постановка голоса – это выработка правильных голосовых, речевых, певческих навыков, развитие и тренинг голоса для профессиональной работы. Искусство пения берет свое начало с методики по постановке голоса всем известного стиля Belcanto. Становление и наивысшие успехи итальянской певческой школы связаны с этим стилем исполнительства. Итальянская певческая школа оказала большое влияние на развитие вокальных традиций разных стран : Франции, Австрии, России, Германии.

Расцвет бельканто обхватывает почти два столетия: от начала XVII века до конца XVIII. В этот период происходит формирование двух основных очагов в воспитании виртуозных певцов: Болонская школа, связанная с именами Пистокки и Бернакки, и Неаполитанская школа, наивысшее развитие которой приходится на время деятельности выдающегося композитора, певца и вокального педагога Порпоры.

В конце XIX и начала XX века, произошло множество важных изменений в вокальном искусстве, но жизнетворные традиции бельканто не утеряли своей силы.

Основным источником исследования певческого искусства эпохи бельканто, в первую очередь, является вокальная музыка того времени, творчество композиторов XVII и XVIII веков, многие из которых одновременно были и певцами. Кроме того, большое значение имеют теоретические трактаты по вокалу, дошедшие до нас, к сожалению, в весьма ограниченном количестве. Вот самые основные:
Този, «Мнения о старых и новых певцах, или наблюдения за фиоритурым пением» (1723); Манчини, «Практические соображения о фиоритурном пении» (1777); Марчелло, «Современный театр» (1720); Менгоцци, Гара, Керубини и др., «Певческий метод парижской музыкальной консерватории» (1803);Манштейн, «Система великой певческой школы болонца Бернакки» (1835).

На основании всего этого стало возможным сформулировать основные постулаты итальянской певческой школы, на которых построен весь фундамент учения, и в особенности, методы технического совершенствования певца [1].
Итак, основные постулаты в пении:

1. Canto è riflesso – пение рефлекторно.Под «физическим» мы понимаем дыхательную систему, гортань и горло, резонаторы. «Техническое» подразумевает

характер эмиссии, владение регистрами, применение нюансов, филировку, кантилену и подвижность, способность менять тембры и колориты, полноту диапазона и постоянство или регулярность звучания.

2. Si canta col meccanismo, non colla voce – пение происходит при помощи механизма, а не голосом. Достигается эффект идентичности голоса. У всех итальянских певцов одинаковые голоса. Сходство создается благодаря одинаковому пониманию, овладению и управлению певческим механизмом.

3. Il fiato nel canto è inversivo – дыхание в пении обратимо.В пении применительно только такое дыхание, которое совершенно трансформируется в певческий звук, музыкальный тон. Принимается только тот тон, который возникает в результате собственно респираторной организации без какой-либо иной мышечной форсирующей примеси.

4. Chi sa cantare sul serio, sa portare la voce in testa – кто по-настоящему умеет петь, умеет переносить голос в голову.Итальянская вокальная школа из всех голосовых регистров, с точки зрения организации голоса, считает ведущим головной регистр (la voce di testa). Только соответствующим применением головного регистра становится возможным создание звука с теми тембровыми, колоритными, позиционными и техническими свойствами, которыми отличается звуковой эталон итальянской школы от других вокальных традиций.

5. Il suono può essere orizzontale e verticale – звук может быть горизонтальным и вертикальным.Одним из способов овладения звуковой эмиссией является четкая дифференциация горизонтальной и вертикально звуковых проекций.

Горизонтальный звук вырабатывается благодаря целому ряду технических приемов:

а) Специальная позиция губ (раскрытие рта – методика Гарсия, Дюпре, Лаури,Вольпи)

б) Фиксированное положение корня языка и гортани (Тоти даль Монте и др.);

в) Принятие головного регистра в горизонтальном разрезе (так называемое закрытие звука на улыбке, округление звука с сохранением блестящего колорита (Гарсия) и «техническая улыбка» - sorriso tecnico (Лаури-Вольпи);

г) Выработка светлого (chiaro) колорита – преимущественного способа для достижения легкости эмиссии;

д) Переход к темному тембру лишь после выработки светлого колорита.

Поэтому итальянская певческая практика различает головной и грудной темные колориты (scuro di testa, scuro di petto) и отдает преимущество первому. Темный тембр, выработанный в позиции светлого, не теряет легкости и, таким образом, не препятствует гибкости голоса, обеспечивая при этом целостность кантилены.

Қазіргі таңда, егемендікке қол жеткізген Қазақстан мемлекетті еліміздің өркениетін көтеру мақсатында шет тілдерін меңгеру, шет елдермен қарым-қатынас орнатудың маңызы зор екендігін көрсетіп отыр. Бұл дегеніміз қазақстандықтар үшін ағылшын тілін үйрену-ғылымды, экономиканы, бизнесті одан әрі дамыту қажеттілігін туындатып отыр.

Бүгінде жалпы білім беретін орта мектептерде ағылшын тілін оқыту міндетті пән болып табылады. Ағылшын тілін оқытудағы ең басты мақсат- ағылшынша сөйлейтін, тыңдап түсінетін, жазатын тілдік тұлғаны қалыптастыру. Жалпы білім беретін мектептерде ағылшын тілін жаңа технологиялық негізде оқытуда түрлі әдіс-тәсілдер пайдаланылуда.

Қарым-қатынастың құралы сөйлеу болғандықтан, ағылшын тілін оқытудың тиімді әдістері туралы айтқанда коммуникативтік қарым-қатынас арқылы оқытудың маңызы зор.. Психологиялық тұрғыда қарым-қатынастың: коммуникативтік, интерактивтік, перцептивтік жақтары бар. Мәселен, коммуникативтік қарым-қатынас бұл араласу, хабарласу, байланыс деген мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдің әлеуметтік мәні мен

қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді.

Коммуникативтік қарым-қатынас арқылы оқыту дегеніміз пікір алысуға негізделген әдістеме. Ағылшын тілдерін оқытуда коммуникативтік қарым-қатынастың оқытуда алатын орны маңызды. Өйткені, коммуникативтік қарым-қатынас оқушылардың еркін сөйлей білуіне, бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік берсе, екінші жағынан, ағылшын тілін үйретуде коммуникативтік қарым-қатынастың психологиялық маңыздылығы сонда, ол мұғалім мен оқушының арасындағы психологиялық кедергіні бұзады. Мысалы, ағылшын тілінде үнемі коммуникативтік қарым-қатынасқа түсе алмай, тілді білмей оны меңгере алмай қиналатын оқушыларды мұғалім шет тілі маған қиын деген жаман ойдан арылтып олардың шет тілін білуге деген қызығушылығын коммуникативтік қарым-қатынас арқылы арттырады. Ол үшін ағылшын тілі сабақтарында мұғалімнің оқушылармен коммуникативтік қарым-қатынасы ауызша сөйлеуге жетелейтін мақсатта болуы керек. Олай болса ағылшын тілін үйретуде коммуникативтік қарым-қатынаста ауызша сөйлеудің маңызы зор. Ағылшын тілінде ауызша сөйлеуге үйрету үшін оқыту ситуативті болуы керек деген тұжырымдар бар. Е.Пассов ұзақ жылдар бойы жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде коммуникативтік оқытуда «ситуация» мен «ситуативтілікті» анықтап алу қажет екендігін көрсетеді. Автордың пікірінше «Ситуация»-дегеніміз, қарым-қатынас жасаушылардың, сөйлесушілердің санасында қалыптасқан өзара қарым-қатынасының жүйесі; ал «ситуативтілік-қарым-қатынастармен байланыс» деп қорытынды жасайды. Е.Пассов іс-әрекеттерде өзара қарым-қатынастарда мынадай жетекші факторлар болатындығын атап көрсетеді: а) статустық; ә) рольдік; б) іс-әрекеттік; в) ізгілік [4,32]. Демек, бұл пікірлерге сүйенсек ситуативтілік сөйлеу әрекетінің табиғи қасиеті болып табылады.

Бүгінде тәжірибеде мектеп оқушыларын ағылшын тілінде ауызша сөйлеуге үйретуде зерттеуші авторлардың бірі ситуациялардың мынадай жолдарын пайдалануды көрсетеді:

а) «көз алдыңа елестетіп көр», «қиялдап көр» деген сияқты т.б. тапсырмалар арқылы ситуациялар құру;

ә) белгілі бір ситуацияны жасайтын сурет немесе ситуацияны дамытатын, күшейтетін суреттер тізбегіне қарап, соның көмегімен сөйлету;

б) күнделікті өмірдегі болып жатқан жағдайға ұқсас нәрселерді сипатта т.с.с. [5, 10]. Демек, ағылшын тілінде балаларды ауызша сөйлеуге үйретуде «мұғалім мен оқушы» не «оқушы мен мұғалім» арасындағы қарым-қатынаста мұғалім тудыратын ситуациялардың маңызды рөл атқаратындығы ақиқат екендігі белгілі.

Шет тілін үйретуде коммуникативтік қарым-қатынасқа түсудің бір ерекшелігі мұғалім оқушылармен диалогтық қарым-қатынасқа түсе отырып, олар өзара пікірлесіп бір-бірінен мәлімет алып, мәлімет беріп тек коммуникативтік қарым-қатынасқа түсіп қана қоймайды, қарым-қатынастың интерактивтік жағына мән беріп, өзара әрекеттестікті ұйымдастырады. Ағылшын тілін үйретуде мұғалім коммуникативтік қарым-қатынастың перцептивтік жағына да мән беруі тиіс, өйткені мұғалім де, оқушыларда коммуникативтік қарым-қатынаста бір-бірін дұрыс қабылдап тануы тиіс. Шынында да шет тілін үйретуде қоммуникативтік қарым-қатынаста мұғалім қарым-қатынастың үш жағынада яғни коммуникативтік, интерактивтік және перцептивтік жағын дұрыс ұтымды пайдаланса, оқушыларды психологиялық жағынан дұрыс танып қабылдап қана қоймайды, мұғалім оқушылардың психикалық

ерекшеліктерін ескере отырып, ағылшын тілін тез, жылдам әрі сапалы меңгертеді. Дегенмен, ағылшын тілін меңгерту ол тек мұғалімге және оның методикасына ғана байланысты емес, тілді үйренуші түрлі жастағы оқушылардың сөйлеуіне, сөздік қорына, қарым-қатынасқа түсе білуіне және оқушының ортасына да байланысты. Олай болса ағылшын тілін меңгеру тілді үйренуші түрлі жастағы оқушылардың психологиясына, психикалық ерекшеліктеріне және олардың әлеуметтік ортасына байланысты екенін ескеру қажет. Ол үшін: әр оқушыда ағышын тілін білуге, үйренуге, сөйлеуге деген қажеттілік болуы тиіс; ағылшын тілінде сөйлеуге деген оқушыда қызығушылық болуы қажет;ағылшын тілін меңгеру кейде қоршаған ортаға, жағдайдың әсеріне де байланысты болады; ағылшын тілін меңгеру жеке адамның психикалық ерекшеліктеріне яғни мінезіне, темпераментіне, қабілетіне, ерік-жігеріне байланысты десек, тілді меңгеру қабылдаудың, еске сақтаудың, ойлаудың, сөйлеудің, зейіннің т.б. психикалық таным процестердің дамуына байланысты; ағышын тілінде сөйлеудің негізі адамның алдына қойған мақсатының айқындығына байланысты болып келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен мектеп оқушыларына ағылшын тілін үйрету баланың сөйлеу әрекетінің қалыптасып, оның қарым-қатынасқа түсе алуына байланысты. Өйткені ағылшын тілін меңгертуде бүгінде жалпы білім беретін орта мектептерде оқытуда коммуникативтік қарым-қатынас арқылы мұғалім мен оқушы арасында тікелей және кері байланыстар арқылы ауызша диалогқа түсіп, балалар үйренген, меңгерген білімдерін сөз яғни сөйлеу арқылы шыртқа шығарады. Бұның өзі оқушы мен оқушының және оқушы мен мұғалімнің тілдік қарым-қатынаста бір-бірімен ағылшынша тілдесуі, сөйлесуі яғни бір оқушының өз ойын екінші адамға ауызша жеткізуі, сөйлеуі дер едік.Олай болса ағылшын тілін білу оны меңгеру, үйрену тілдік коммуникация арқылы жүзеге асатынын көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1 Амандықова Г.Н., Мұхтарова Ш.Е., Баймұқанова Б.С.,Бисенғалиева А.Н.Шет тілін оқыту әдістемесі.-Астана, Фолиант, 2007.-264 б.
2 Аяпова Т., Әбілдаева З. Ағылшын тілі жалпы білім беретін мектептің 6-шы сыныбына
арналған оқулық. Алматы: Атамұра, 2006, -269 б.
3 Елеусизова С.Қарым қатынас психологиясы.- Алматы: Рауан, 1995. - 64 б.
4 Пассов Е.И. Основы методики обучения иностранным языкам. М.: «Русский язык», 1977.-300 с.
5 Токтамысова Г.А. Коммуникативті оқыту технологиясы негізінде оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту жолдары: Реф.магис. - Қызылорда, 2012.-24 б.
6 Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. Л.: Наука. 1974.- 427 с.

Резюме

Эта статья дает понять, что речевая деятельность обучения иностранного языка многогранна в области психологии. По заключению многих авторов в сфере психолингвистики речевая деятельность - это способ взаимоотношений, она важна в изучении иностранного языка.

Summary

This article runs aspect of speaking from psychological point of view. According to psycholinguistic approach a lot of authors stick to idea that speaking is one of the means, and the importance of communication in learning English is mentioned.

Қабылданған күні 05.11.2014 ж.

ӘОЖ 378:372.881.1

Г.Б.Нажикенова
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
e-mail: kuncha_68@mail.ru

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ЖӘНЕ ҚАТЫСЫМДЫҚ ТҰРҒЫДАН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақала өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілі пәнін құзыреттілік және қатысымдық тұрғыдан оқытудың ерекшеліктері қарастырылады. Тілді үйретудің қатысымдық және құзыреттілік қырын басты нысанға алып оқыту осы бағытта орын алып отырған негізгі мәселелердің бірі болып табылатындығы туралы айтылады.

Негізгі сөздер: *құзыреттілік, қатысымдық оқыту, жеделдете оқыту, рухани-мәдени жетістіктер, қатысымдық әдістеме, экзистинциалды құзырет, декларативті білімдердің жиынтығы.*

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқытудың ғылыми-теориялық және әдістемелік түйіндері біршама айқындалды. Тілді үйретудің қатысымдық және құзыреттілік қырын басты нысанға алып оқыту осы бағытта орын алып отырған негізгі мәселелердің бірі болып табылады.

Қазіргі кезде құзыреттілік ұғымын басшылыққа алу білім мазмұнын жаңғыртудың басты шартына айналды. Білім беру дегеніміз тек белгілі бір пәндік ақпараттарды меңгертуден тұрмайды, білім жеке тұлғаның танымдық және шығармашылық дамуының басты құралы болып саналады. Осы орайда жеке тұлғаның нақты бір құзыреттерін қалыптастыру білімнің нәтижелілігі мен сапалылығын қамтамасыз ете алады. Нәтижеге негізделген білім тек қана оқушының, студенттің ғана емес, мұғалімнің, мектептің, жалпы білім беру жүйесінің өз бетімен білім алып, қазіргі қоғам дамуына сәйкес жетіліп отыруын талап етеді.

Қазақ тіліне деген соңғы уақытта қалыптасқан қоғамдық көзқарас, оны оқу, оқыту ісінің түпкілікті өзгеруі түрлі әдістемелік ізденістерге жетелеуде. И.Л.Бим, Е.И.Пассовтың тілді қатысымдық тұрғыдан оқыту, Г.А.Китайгородскаяның жеделдете оқыту, Ильясованың іс-әрекеттік оқыту т.б. тұжырымдамалары осы бағыттағы ізденістердің теориялық негізіне алынды. [Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению. –М: Рус.яз., 1989.; Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. –М.: Педагогика, 1989]. Мемлекеттік тілді оқыту әдістемесінің бүгінге дейін жинақтаған тәжірибелерін тілді оқытудың әлемдік жетістіктерімен интеграцияландыра отырып технологияландыру тілді оқыту процесін жеделдетуге, тиімділігін арттыруға негіз болатыны анық. Осы тұста жоғары

оқу орнында өзге ұлт аудиторияларында қазақ тілін қатысымдық әдістеме арқылы оқыту алға қойған мақсат пен нәтижеге қол жеткізудің тиімді жолы болмақ.

Қатысымдық-бағдарлы әдістемелер тіл үйренушілердің шығармашылық және қатысым әрекетіне негізделген. Бұл бағытта бүгінде белгілі болған оқыту әдістерін салыстырып отыру маңызды, себебі жаңадан пайда болатын әдістемеге нақты әдіс тірек болады. Сонымен қатар, әдістерді салыстырып, олардың артықшылық, кемшілік сипатына талдау жасау оқытушы жұмысын дұрыс жоспарлауға, ұйымдастыруға бастама болады. Әр әдістің өзіндік ерекшеліктерін білмей тұрып, олардың ішінен тиімдісін таңдап алу мүмкін емес. Тілді оқытуда әдісті дұрыс таңдау үшін ұжымның ерекшелігін, тіл үйренушінің тұлғалық қасиет-сапаларын, жасы мен қызығушылығын, дайындық деңгейін, оқу мерзімін, процестің техникалық жабдықталуын басшылыққа алу өте маңызды.

Тілді оқытудың әлемдік тәжірибесінде қатысымдық-бағдарлық тұжырымдарды негізге ала оқыту әбден қалыптасты. Мұндай әдістемелердің қатарында қатысымдық, жобалау, жеделдету (интенсивті) және іс-әрекеттік әдістемелер кеңінен қолданылып жүр.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазірде белсенді қолданылып жүрген осы және басқа да әдістемелерді өзара шартты түрде салыстыратын болсақ, олардың өзіндік ерекшеліктерімен бірге ортақ тұстарын да көруге болады. Тілдік қарым-қатынасқа, сөйлеуге үйрету – барлық әдістеменің қарастыратын ортақ мәселесі болып саналады. Оған қол жеткізу үшін әр әдістеме түрлі әдіске, ұстанымдарға сүйеніп, түрлі құралдарды қолданады. Қатысымдық әдістеменің басты ерекшелігі – оқу үдерісінің оқу-танымдық, дамытушылық, тәрбиелік қырларын қамтамасыз ете отырып, үйренуші тілдің мәдениетін меңгертуге бағытталуында. Ол тілдің лексикасы мен грамматикасын үйретумен шектелмейді, сол тілдің, елдің қарым-қатынас жасау мәдениетіне, әдебіне сай өзі қызмет ететін ортада, салада жеке, кәсіби қызығушылығын қанағаттандыру мақсатында қолдана білуге үйретуді көздейді. Осы тұрғыдан келгенде, тіл үйренушінің тіл білуге деген уәжі жетелеуші күшке айналатыны сөзсіз.

Екінші ерекшелігі – үйренуші тілдің мәдениетін қарым-қатынас арқылы меңгертуді қамтамасыз ете алуында. Сөйлеуге тек сөйлетіп қана үйрету мүмкін болады. Сөйлете отырып оқу үдерісінің оқытушылық, танымдық, дамытушылық, тәрбиелік қызметін жүзеге асыру оның өзідік ерекшелігін құрайды.

Үшінші ерекшелігі – түрлі қарым-қатынастардың жүйесін құрайтын қатысымдық жағдаяттарға негізделуінде. Тіл үйренушілердің өзара қатынасына негізделген жағдаяттар шынайы қарым-қатынас мәдениетіне неғұрлым жақын, оңтайлы ортаны қамтамасыз етеді.

Төртінші ерекшелігі – қатысымдық әдістеме қарым-қатынас мәдениетінің бейвербалды амалдарын да үйретуге бейімделген. Бет қимылы, жүріс-тұрыс, қозғалыс, қарым-қатынаста өзін-өзі ұстау мәдениеті т.б. қосымша тілдік қатынас құралдарын орынды қолдануға үйретуді міндеттейді.

Бесінші ерекшелігі – тіл үйренушіні сөйлеуге дағдыландыратын жаттығуларға, тапсырмалар жүйесіне құрылады.

Осылайша қатысымдық әдістемеде оқу үдерісі қарым-қатынас үдерісінің моделі секілді сипат алады да, оны жүзеге асыруда мынадай талаптар қойылады:

-оқу үдерісінің жеке, тұлғалық қатынасқа негізделуі, осының арқасында тіл сабақтарында қарым-қатынас жасауға жайлы, оңтайлы психологиялық жағдай орын алады;

-қарым-қатынас жасауға оңтайлы, тиімді жолдардың барлығын пайдалану, соның ішінде интерактивті жолмен қатынас жасауды қамтамасыз ету, осының арқасында оқытушы мен студенттің арасында түрлі оқу-танымдық, ақпарат алмасу, эмоционалды әрекеті іске асады;

-тіл үйренушілердің қарым-қатынасқа деген қызығушылығы мен ынтасын тудыру, тіл үйренуді ішкі мүдделерімен үйлестіру.

Жоғары мектептегі тіл курстарының орта мектептен айырмашылығы – қатысымдық құзыретті қалыптастыруға тірек болатын білім мазмұнының кәсіптік бағдарлылығында, тақырыптық ерекшелігінде болса керек.

Тілді үйретудің әлемдік тәжірибесінде құзыреттіліктің екі түрі көрсетіледі: **жалпы** және **тілдік қатысымдық құзыреттілік**. Жалпы құзыреттілікке мыналар жатады:

- оқи алу;
- экзистинциалды құзырет;
- декларативті білімдердің жиынтығы;
- білімдер мен біліктіліктер.

Аталмыш құзыреттерді қалыптастыру **деңгейлік** және **қатысымдық** ұстанымдарын басшылыққа алады. Тілдік-дидактикалық бірліктерді ұсынудың деңгейлік қырлары мен білім мазмұнын қатысымдық-бағдарлы және құзыреттілік тұрғысынан ұйымдастыру тілді үйретудің басты ерекшелігі болып отыр. Әлемдік әдістемеде тілді оқытудың Еуропалық лингвистер ассоциациясы ұсынған бес деңгейлік жүйесі; еуропалық стандарт бойынша белгіленген 4 деңгейлік жүйесі (бастауыш (қарапайым), аралық (төменгі, орта), жоғары); Еуропалық кеңес ұсынған алты деңгейлік жүйесі; Польша ғалымдары ұсынған 11 деңгейлік тілді үйрету жүйесі; Ресейдің мемлекеттік білім беру стандартының Еуропа елдеріне сәйкестендірілген орыс тілінің көпдеңгейлік жүйесі т.б. бары белгілі. Қазақстанда мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметшілерге (ересектерге, тіл үйренуші жеке тұлғаларға) жеделдете оқытудың 3 деңгейлік, 6 деңгейлік жүйесі қалыптасуда.

Әлемдік тәжірибеде деңгейлете ұйымдастырылған тіл үйрену үдерісіне қатысымдық-бағдарлы оқытуды тірек ету орын алған, ол қазақ тілін әлемдік әдістеме талаптарына сай оқытудың тиімді жақтарын көрсетеді. Қатысымдық құзыреттілік тіл арқылы қарым-қатынас жасауға деген қабілеттілікті білдіреді. «...Сөйлеу тілі арқылы ... қарым-қатынас жасауға», «қоғамдық, ұлттық тіл арқылы ұғынысуға, түсінісуге», «тіл арқылы қатынасқа түсуге» қажетті біліктіліктердің жиынтығы деуге болады [1;7].

Тілді үйретуде қатысымдық құзыреттілікті басшылыққа алу білім мазмұнын басқаша ұйымдастыруға негіз болады. Мәтіннің ең кішкене бірлігі ретінде сөйлем маңызды лингводидактикалық бірлікке айналады, осылайша лексика мен грамматика жеке дара емес, қатысымдық мақсатқа қол жеткізудің маңызды құралы ретінде оқытылады.

Қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған әдістемеге тән мынадай ерекшеліктерді көрсетуге болады:

-жеке тұлғаның тілдік қарым-қатынас жасау білік дағдыларын тілдің функционалды-стилистикалық нормасын ескере отырып қалыптастыру;

-сабақты арнайы бір нақты коммуникативтік тақырыпқа құру арқылы түрлі сөйлеу жағдаяттарын жасау, ситуациялық жаттығулар орындату;

-мәтінді ең негізгі дидактикалық бірлік ретінде тиімді пайдалану;

-сабақты жеке тұлғаның даралық-әрекеттік тұрғысынан мақсатын айқын етіп ұйымдастыру;

-нақты сөйлеу жанрларымен жұмыс жүргізу т.б.

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру коммуникативтік әдістеменің жетістіктеріне сүйенетіні анық. Коммуникативтік әдістеме тіл үйренушінің тілді практикалық тұрғыдан меңгеруін жеделдетеді. Бұл әдістеме арқылы саналы түрде меңгерілген тіл енді түрлі қатынас жағдайына сай бекітіледі, дамытылады. Тілді практикалық тұрғыдан меңгеру дегенде тіл үйренушінің тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым әрекеттерін түрлі қарым-қатынас жағдайында жүзеге асыра алуы айтылады.

Коммуникативтік әдістеме мен құзыреттіліктің мәні мынада – сөйлету арқылы сөйлеуге үйрету немесе сөйлеу арқылы сөйлесуге үйрену. Коммуникативтік бағытта ұйымдастыру оқу материалдарының бір мақсатқа біріктіріліп, іріктеліп берілуіне тікелей байланысты болатыны белгілі. Ондай оқу материалдарының ішінде ең маңыздылары ретінде мыналарды көрсетуге болады:

- сөйлеуін дамытуға арналған тақырыптар;
- коммуникативтік жаттығулар жүйесі;
- мәтіндер.

ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу материалын тақырыптық топтастыру объективтік өмірден алынған және өзекті болуы шарт. Коммуникативтік оқытуда, әсіресе ағылшын тілін оқытуда бұл тәсіл бұрыннан пайдаланылып келеді. Жалпы ағылшын тілін оқытуда деңгейлік оқытумен қатар коммуникативтік бағытта оқыту ең негізгі басты ұстаным болып табылатынын айтқан болатынбыз, ал қалған мақсат-міндеттер осы ұстанымның айналысына кіріктірілген. Оқу материалын тақырыптық тұрғыдан топтастырып ұтымды және көркем бере алу тіл үйренушінің сөйлеу тілін дамытуға және оқу-таным үдерісін дұрыс ұйымдастырып басқаруға тиімді болмақ.

Тіл үйренушінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын компоненттердің бірі – ситуациялық немесе коммуникативтік жаттығулар болып табылады. Коммуникативтік жаттығуларға тән басты ерекшелік – оның коммуникативтік міндеттерді жүзеге асыруға тірек болуында. Сонымен бірге коммуникативтік жаттығуларда нақты сөйлеу жағдаяттарының модельдері беріледі, оны орындау арқылы тіл үйренуші қарым-қатынас үдерісіне араласа алады.

Коммуникативтік әдістеменің келесі бір маңызды компоненті – мәтін. Мәтін арқылы тіл үйренуші тілге тән түрлі тілдік және сөйлеу заңдылықтарын тексереді, меңгереді, сол арқылы мәтін құру және түсіну біліктіліктері қалыптасады. Мәтінді коммуникативтік оқытуға тірек ету тілдік, лингвистикалық, коммуникативтік құзыреттіліктерді біртұтастықта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, тіл үйренушінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту тіл үйретуде басшылыққа алынуы өте маңызды. Ал коммуникативтік әдістеме оны жүзеге асырудың тиімді жолы болып табылады. Тіл үйренушінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық және әдістемелік тетіктерін жетілдіру, жүйелеу коммуникативтік әдістемені құраушы компоненттердің арнайы кешенді жиынтығын қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

1 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. –Алматы, 2000 ж.-7 б.
2 Адамбаева Ж. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері. – Алматы:Рауан, 1993.-88 б
3 Хуторской А. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования // Журнал «Народное образование», 2003, №2.- 60 б.
4 Жанпеисова М.М. Модульная технология обучения. – Алматы, 2004. –15 б.

Резюме

В статье рассматриваются особенности обучения казахскому языку с компетентной и относительной сторон для представителей других национальностей. Изучение компетентной и относительной граней как главных объектов в обучении языку является одной из главных проблем в этом направлении.

Summary

This article deals with the peculiarities about teaching Kazakh language to Russian audience in a competence ways. Nowadays teaching languages in a competence way is the main problem of this direction.

Қабылданған күні 05.11.2014 ж.

ӘОЖ 373.1

Л.Е. Қойшығұлова, Б. Шайхиева
Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011,Атырау қаласы, Студенттік даңғылы,212
biser8888@mail.ru

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ФОРМАЛАРЫ

Аңдатпа

Мақалада оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастырудағы ұйымдастырушылық формалары көрсетілген.

Негізгі сөздер:*шығармашылық, іс-әрекет, индивид, қызығушылық, құрал, белсенділік, қабілеттілік, ізденімпаздық.*

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының негізгі міндеттерінің бірі баланың интеллектулдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуды міндеттесе, Қазақстан Республикасының дарынды балаларды анықтап, оларға қолдау көрсетіп дамыту концепциясы шығармашылық қабілетті дамытуға бағытталған білім беру кеңістігін туғызуды талап етеді. Соған сәйкес Қазақстан Республикасының білім саласындағы нормативті-құқықтық құжаттары адамның шығармашылығын дамытуды басым мүмкіндігін, шығармашылық қабілетін, шығармашылық ойлауын әрбір адамның жаңа білімді игеруіне, интеллектісі мен ойлау қызметінің артуына қажетті ықпал ретінде дамыту өзекті мәселелердің біріне айналып отыр [2]. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаты-еліміздің әлеуметтік даму жағдайына сәйкес, жеке тұлғаның білімге деген

сұранысын қанағаттандырып, оның шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға жағдай жасау болып табылады. Қоғамда болып жатқан өзгерістер тұлбағыттардың бірі ретінде қарастырады. Сондықтан жеке тұлғаның шығармашылығаның қажеттілігін, ынта-ықыласын және шығармашылық әрекетін ескеріп, білім беруге жаңаша тұрғыдан қарауды талап етіп отыр. Мұның өзі оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру үшін педагогикалық процесті ізденімпаздықпен ұйымдастыру міндетін жүктейді. Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру жүйесінде әлеуметтендіру процесін қамтамасыз ететін тұлғаның шығармашылық сапасы болып табылады [1]. Сондықтан да «тұлға», «шығармашылық», «іс-әрекетті» философиялық категориялар тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда шығармашылық тұлғаның барлық танымдық іс-әрекетін қамтиды. Сөздікте: «таным-іс-әрекетінің адам мақсаттары мен ұмтылыстарының негізі болатын білімін қалыптастырушы, шығармашылық қызметінің қоғамдық тарихи процесі»- деген анықтама берілген. Ой еңбегі мен дене еңбегі арасында қарама-қарсылық бар жерде, шығармашылық, жаңалық ашушы және тудырушы іс-әрекет орындаушылық пен жаттандылыққа әлеуметтік тұрғыдан қарама-қарсы қойылған жерде таным көбінесе, рухани өндірістің түрлі салаларындағы кәсіби мамандардың ерекше функциясы ретінде көрінеді.

Адамның білімі оның әлеуметтік дағдылары, іскерлікті меңгеруі, әлеуметтендіру процесінде өтеді. Тұлғаның әлеуметтенгенінің белгісі шығармашылық іс-әрекеттегі берік сенімділік, ол өз кезегінде рухани дербестікке жол ашады. Ә.Нысанбаевтың пайымдауынша, «тұлғаны әлеуметтендіру процесі дегеніміз-бұл тек индивидтің бойындағы табиғи қасиеттерді біртіндеп анықтап, қалыптастыру ғана емес, сонымен бірге қоғамдық орта, әлеуметтік институттар, қоғамдық ұйымдар мен құқықтық құрылымдар ықпалының нәтижесі», - болып табылады. Адамның адам болып қалыптасуына:

- физиологиялық және психикалық дамуы;
- әлеуметтік экономикалық жағдайлар;
- мәдени құндылықтарды меңгеру;
- мектеп пен отбасында тәрбиелеу;
- субъективтік және т.б. ықпалдар әсер етеді.

Ғалымдардың еңбектеріндегі «тұлға», «іс-әрекет», «шығармашылық» ұғымдарына тоқталып, оған берілген анықтамаларды зерделей келе, шығармашылық іс-әрекет ұғымдарының мәнін ашып, соның негізінде танымдық іс-әрекеттің шығармашылық іс-әрекетке ұласу процесін, шығармашылық процестің ішкі механизмін тереңірек меңгеру арқылы тұлғаның шығармашылық әрекетін қалыптастыруда оқушылардың жас және дара ерекшеліктерін ескерген жағдайда мүмкін болатынына көз жеткізілді.

Ғалымдардың еңбектерінде тұлғаның шығармашылық іс-әрекетін шығармашылық ойлау, шығармашылық қиял, шығармашылық қабілеттеріне мақсатты-жүйелі түрде ықпал ету арқылы дамытуға бағытталған әдіснамалық тұғырлары негізге алынды.

Шығармашылық – психикалық актыны білдіретін шартты термин. Біздің санамыздағы мәліметтерді қайта жаңғырту немесе жинақтау барысында көрініс беретін теориялық, көркемдік және практикалық іс-әрекеттің жаңа формасын көрсетеді. Шығармашылық ұғымы жеке адамның іс-әрекетіне байланысты қолданылады. Педагогика және психология еңбектерінде: «іс-әрекет – адамның

ақиқат дүниемен өзара белсенді әрекеттестігінің іс-жүзіндегі көрінісі», - деген анықтама берілген .

Адамның дене және ақыл-ой қуатының дамуына шешуші қызмет атқаратын іс-әрекет түріне еңбек жатады [3].

Іс-әрекет түрткісі адамның түрлі қажеттіліктеріне, қызығушылығына, жауапкершілігіне, сезіміне, санасына қызмет етеді. Іс-әрекетке түрткі белгілі бағыт береді. Түрткінің мазмұны мен сапасына лайық адамның тұрақтылығы байқалады, көздеген мақсатына жетеді. Іс-әрекеттің мақсаты мен түрткісі қиындықтарды жеңіп, нәтижеге қол жеткізу. Кез-келген іс-әрекет субъект арқылы мақсат, құрал, процесс, нәтижеде көрінеді. Адамның іс-әрекеті дене және ой еңбегі арқылы көрінеді. Өнімді еңбек материалдық құндылықтар, ал ой еңбегі рухани құндылықтар жасайды. «Тұлға іс-әрекет арқылы тәжірибе жинақтайды, шындықты игереді, іскерлігі артады, дамиды», - делінген. Психологиялық тұрғыдан талдайтын болсақ, шығармашылық процестің алғашқы механизмі шығармашылық іс-әрекетке деген ынта-ықыласы, яғни зейіні болып табылады.

Ж.Аймауытов: «Баланың, - деп жазды ол, - тума серпілуін қозғайтын ешбір шара істемесе, баланы мектепке бергенмен, көңілдегі нәрсемізді үйретуге болмайды. Мектепке келгенде алғашқы қадамды бала өзі бастауы керек», - дейді. Автор баланың, жеке басының белсенділігі, жеке басының қамтылуы, қызығуы, талап-тілегі мен мақсат-мүддесінің белсенділігінен туатынын айтып отыр. Сондай-ақ, автор бастауыш сынып оқушыларында жиі кездесетін білімге деген құмарлығы мен ынтасы туралы: «Баланың бір іске құлшынатын дер шағы талай білімді, яғни баланың дене күшін машықтандыратын істерді көбірек істеңдер, мейлі оның көңілі шапқан ісі-есептеу, санау болсын, өлең жаттау, сурет салу, өсімдік жинау болсын, қысқасы, бала неге талпынса, соны істеу керек», - деген тұжырым жасаған. Бұдан оқытуды баланың жеке дара ерекшелігін ескере отырып ұйымдастырып, онда әрекетті баланың өзіне істету, яғни жұмысының нәтижесін көрсетіп, ынталандырып отыруы қажеттігін ескерткенін байқауға болады. Шығармашылық – жаңа нәрсені құру дегенді білдіреді [4].

«Шығармашылық қабілет» ұғымы жалпы *«қабілеттілік»* ұғымынан оның дербес біртектес бір түрін - шығармашылық қабілетті іріктеу үдерісінде *«шығармашылық»* пен *«қабілет»* ұғымдарын синтездеу нәтижесінде құрылады. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде шығармашылық проблемасы шығармашылық қабілет пен ақыл-ойдың өзара әрекеттестігі тұрғысынан қарастырылып, дербес фактор немесе дивергенттік ойлаумен тікелей байланысты іс-әрекет түрінде көрсетіледі. Әдетте, шығармашылық қабілеттің дамуы психофизиологиялық функциялардың жан-жақты даму кезеңі. Бұл кезеңде, оқушылардың қоршаған орта құбылыстарына баға беруге көзқарасы қалыптасып дағдыланады, өзгелерге сын айта білу деңгейіне көтеріледі, танымдық қызығушылығы, зерттеушілік-ізденімпаздық белсенділігі артады, шығармашылық іс-әрекетке қабілеттілігі туындайды. Шығармашылық қабілеттің дамуы біртіндеп жүреді, бірақ бірқалыпты емес. *Оның дамуындағы алғашқы кезең* іс-әрекет талаптарына табиғи қасиеттерді бейімдеу болып табылады [5]. Шығармашылық қабілетті дамытудың *екінші кезеңі* оқу әрекетіне шығармашылық элементтерді енгізумен, мәселені қоюмен және шешімді өздігінен іздестірумен сипатталады. Қазіргі кезде әдіскер ғалымдар түрлі эксперименттің негізінде шығармашылық ойлау үдерісінің *кезеңдік дамуын* айқындауда. Шығармашылық үдерістің әр кезеңінде оқушының бойында түрлі сапалық қасиеттер қалыптасады. Демек,оқыту үдерісінде

оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда, *біріншіден*, тұлғаның жеке қасиеттерін ескере отырып, оқушы тұлғасын сипаттай білуі қажет, *екіншіден*, өзі ұйымдастырған шығармашылық әрекеттің шығармашылық қабілетін дамыту үдерісі мен оның нәтижесіне әсер ететін мынадай маңызды *факторларын* білуі және ескеруі қажет: шығармашылық белсенділік және шығармашылық іс-әрекетке сұраныс; оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту шарттары; оқушылардың шығармашылық қабілетін ынталандыру көздері; оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту әдістері; оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту құралдары; оқушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтары [6].

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, осы жоғарыда айтылғанның бәрі, бізге оқушылар тұлғасының өзіндік және шығармашылық дамуына қол жеткізуде ұйымдастырушылық формаларды құру дағдыларын меңгерулеріне жағдай жасайтын оқу үдерісінің барлық құрылымдық компоненттерінің өзара ықпалдастық байланысын құруды көздейтін күрделі үдеріс деп анықтама беруімізге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан - 2030. - Алматы: Білім. - 265 б.
2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Алматы: Литера, 2000.-96 б.
3 Матюшкин А.М. Развитие творческой активности школьников. - М:Педагогика, 1991. - 155 б.
4 Ярошевский М.Г. История психологии.М.: Мысль, 1985. – 617 с.
5 Морозов А.В. Креативность преподавателя высшей школы. Монография. М., 2002. -211 с.
6 Жарықбаев Қ.Б. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Т.2 – Алматы:Рауан, 1994.-317 б.

Резюме

В данной статье рассмотрены задачи организации педагогических процессов в формировании творческих способностей учеников. Выявлена и обоснована необходимость использования методов глубокого усваивания внутреннего механизма для развития творческих способностей учеников.

Summary

This article considers the objectives of the organization of pedagogical processes in the formation of creative abilities of students. Identified the necessity of using the methods of deep assimilation of the internal mechanism for the development of creative processes students.

Қабылданған күні: 25.10.2014

УДК 378.172

Э.Д. Жандауова
Атырауский государственный университет имени Х.Досмухамедова,
проспект Студенческий 212, г.Атырау, 060011, Республика Казахстан
E-mail: e.zhandauova@atgu.kz

ОЗДОРОВИТЕЛЬНАЯ ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА КАК СРЕДСТВО ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ

Аннотация

В статье даётся информация о базовых знаний теории оздоровительной физической культуры, которая формирует установку на физическое самосовершенствование студентов не только в период обучения в вузе, но и помощь в выборе путей реализации собственной двигательной активности для поддержания хорошей физической формы на протяжении всей жизни.

Ключевые слова: *оздоровительная физическая культура, оздоровительно-рекреативная физическая культура, здоровье, высокая работоспособность, жизнедеятельность человека, оздоровительно-реабилитационная физическая культура,гигиеническая физическая культура.*

Современный уровень образовательного процесса студенческой молодежи в вузе приводит к ухудшению здоровья и снижению физического состояния организма.

Сегодняшние абитуриенты по уровню своей физической подготовленности гораздо ниже, чем абитуриенты прошлых лет. Также низок и уровень культуры отношения к своему здоровью и уровень двигательной активности. К концу обучения физическая подготовленность студенческой молодежи существенно ухудшается, а заболеваемость увеличивается. Отсутствие существенных положительных изменений в функциональном состоянии молодого организма в период обучения в вузе [1].

В настоящее время недооценивается значимость грамотности студенческой молодежи в области оздоровительной физической культуры, особенно в вопросах методики использования средств физического воспитания для поддержания высокого уровня работоспособности, профилактики заболеваний, влияния на биологический возраст и продолжительность жизни. В этой связи повышается актуальность внедрения новых представлений и знаний по оздоровительной физической культуре.

Человек всегда стремится к укреплению своего здоровья. Процесс физической подготовки с помощью оздоровительной физической культуры должен базироваться на четком представлении о физическом состоянии человека и его изменений, связанных с физическими нагрузками.

Целью оздоровительной физической культуры студентов является создание условий оптимального двигательного режима для повышения профессонального здоровья, духовных сил, гармонизации личности, формирования функциональных возможностей всех систем организма.

Термин «оздоровительная физическая культура» — производный от обобщенного термина «физическая культура». Он уточняет содержание физической культуры, выделяя такие формы, средства и методы, которые обеспечивают

укрепление и сохранение здоровья, формируют оптимальный фон для жизнедеятельности человека [2].

Так же, как и в физической культуре, в оздоровительной физической культуре можно выделить минимум три аспекта: деятельностный, предметно-ценностный и результативный. Рассмотрим специфические составляющие данных аспектов, имеющие непосредственное отношение только для физкультурно-оздоровительных занятий.

Оздоровительная физическая культура как род деятельности характеризует целесообразно организованную двигательную активность, а также такие виды деятельности, которые связаны с соблюдением здорового образа жизни. Деятельностный характер оздоровительной физической культуры обусловлен закономерностями формирования оздоровительного эффекта. Значимое положительное влияние физических упражнений достигается только при условии активизации затратных механизмов, сопровождающих мышечную работу. Расходование энергетических и пластических ресурсов во время физических упражнений инициирует процессы суперкомпенсации, что делает организм тренированным и одновременно повышает его устойчивость ко многим заболеваниям и вредным воздействиям внешней среды.

Оптимальный уровень тренированности и сопутствующие ему положительные эффекты являются прерогативой целенаправленных и систематических занятий. Все положительные изменения, сопровождающие увеличение физического состояния, исчезают достаточно быстро при отсутствии соответствующей двигательной активности.

Деятельность в рамках оздоровительной физической культуры направлена в первую очередь на достижение максимально возможного оздоровительного эффекта. Все многообразие форм и видов занятий физическими упражнениями должны обеспечивать как минимум следующие эффекты:

1) профилактику гипокинезии за счет реализации жизненно необходимого объема движения;

2) расширение резервных возможностей основных жизнеобеспечивающих систем организма (прежде всего дыхательной и сердечно-сосудистой);

3) увеличение общей неспецифической устойчивости организма к вредным воздействиям внешней среды и заболеваниям.

Оздоровительная физическая культура как совокупность предметных ценностей представлена материальными и духовными ценностями, созданными для обеспечения необходимой эффективности физкультурно-оздоровительной деятельности. Ценностное содержание оздоровительной физической культуры связано с удовлетворением биологической потребности человека в движении и активном отдыхе. Полноценная реализация этих потребностей, в конечном счете, обеспечивает сохранение здоровья, высокую работоспособность, эффективную жизнедеятельность человека даже в неблагоприятных условиях жизни и трудовой деятельности.

В настоящее время ценностный фонд оздоровительной физической культуры формирует система знаний по организации и ведению здорового образа жизни, которая включает:

1) сведения об оздоровительных возможностях занятий физическими упражнениями;

2) методическое обеспечение физкультурно-оздоровительной деятельности и здорового образа жизни;

3) необходимое материально-техническое оснащение физкультурно-оздоровительной деятельности;

4) подходы к формированию интересов и потребностей в занятиях физическими упражнениями.

Существенную ценность в области оздоровительной физической культуры имеет также система прикладных знаний из различных сфер физической культуры, медицины, психологии и других отраслей наук о человеке.

Оздоровительная физическая культура как результат деятельности характеризуется совокупностью полезных результатов ее использования. Результатом занятий физическими упражнениями является приобретение физической подготовленности (тренированности). Внешне это состояние выражается в более высоких по сравнению с нетренированными людьми показателях скорости, силы, выносливости, гибкости, координации, а также в приобретении определенных двигательных умений и навыков. На физиологическом уровне происходит совершенствование функций и систем организма, обеспечивающих мышечную работу. Данные адаптивные изменения и формируют оздоровительные эффекты занятий физическими упражнениями. Именно в силу расширения резервных возможностей основных жизнеобеспечивающих систем тренированный организм приобретает повышенную устойчивость к целому ряду заболеваний и многим вредным воздействиям внешней среды.

В результате занятий физическими упражнениями с оздоровительной направленностью происходит формирование следующих эффектов:

1) достижение стабильно высокого уровня здоровья, максимальное продление эффективной жизнедеятельности;

2) совершенствование основных жизнеобеспечивающих функций и систем организма;

3) повышение устойчивости организма к ряду соматических заболеваний и многим вредным воздействиям внешней среды;

4) улучшение психоэмоционального состояния;

5) достижение высокого уровня физической подготовленности;

6) приобретение прикладных двигательных умений и навыков;

7) удовлетворение потребности в движении во время активного отдыха и развлечения;

8) коррекция фигуры и массы тела.

Следует отметить, что поддержание здоровья человека является чрезвычайно сложной задачей. Оздоровительная физическая культура выполняет следующие функции, имеющие непосредственное отношение к проблеме формирования стабильного здоровья

1. Образовательная функция — использование оздоровительной физической культуры в общей системе образования с целью формирования жизненно-важных двигательных умений и навыков, приобретение специальных знаний в области теории и методики физической культуры, необходимых для ведения здорового образа жизни.

2. Оздоровительная функция — использование средств оздоровительной физической культуры в системе мер, направленных на сохранение и укрепление

здоровья с учетом возраста, профессиональной деятельности, наличия заболеваний или расстройств здоровья и т.п.

3. Воспитательная функция — формирование качеств личности и черт характера, позволяющих сформировать оптимальный психологический климат в обществе, коллективе, семье, а также формирование потребности в соблюдении норм здорового образа жизни.

4. Рекреативная функция — использование средств оздоровительной физической культуры в обеспечении полноценного отдыха, восстановления физических и психических сил с учетом характера и специфики производственного утомления.

Основные направления ОФК. В системе оздоровительной физической культуры выделяют следующие основные направления: оздоровительно-рекреативное, оздоровительно - реабилитационное, спортивно-реабилитационное, гигиеническое [1].

Оздоровительно-рекреативная физическая культура - это отдых, восстановление сил с помощью средств физического воспитания (занятия физическими упражнениями, подвижные и спортивные игры, туризм, охота, физкультурно-спортивные развлечения). Основными видами физической рекреации являются туризм (пеший, водный, велосипедный), пешие и лыжные прогулки, купание, всевозможные массовые игры: волейбол, теннис, городки, бадминтон, рыбная ловля, охота и др. По количеству занимающихся рекреационные занятия могут быть индивидуальными и групповыми (семья, группа по интересам и т. д.).

Актуальность оздоровительно-рекреативного направления физической культуры (ОРФК) обусловлена необходимостью обеспечить полноценное после рабочее восстановление. Известно, что специфический характер производственного утомления предъявляет повышенные требования к качеству и содержанию восстановительных процедур. Поэтому существует необходимость широкого вовлечения населения в занятия ОРФК по месту жительства и массового отдыха.

Задачами ОРФК по месту жительства и массового отдыха населения являются:

1. Пропаганда ОРФК.

2 Реклама форм и видов ОРФК.

3 Привлечение максимального числа трудящихся и учащейся молодежи к систематическим занятиям ОРФК.

4 Воспитание положительного отношения и приобщение к здоровому образу жизни.

5. Сдача Президентских тестов.

6. Воспитание прикладных навыков и умений.

Оздоровительно-реабилитационная физическая культура - это специально направленное использование физических упражнений в качестве средств лечения заболеваний и восстановления функций организма, нарушенных или утраченных вследствие заболеваний, травм, переутомления и других причин. Общее представление о лечении с помощью физических упражнений основывается на факте оздоровления организма, обусловленного улучшением циркуляции крови и снабжением кислородом как больных, так и здоровых тканей, повышением мышечного тонуса, сокращением жировых запасов и т.д. В зависимости от возрастной градации людей

восстановление происходит в одних случаях за счет нормализации функций и систем организма, в других - за счет преимущественного развития компенсаторных реакций.

Основными средствами занятий являются легкодозируемые по нагрузке упражнения основной гимнастики, плавания, легкой атлетики. Лучший оздоровительный и тонизирующий эффект достигается при комплексном использовании упражнений, желательно разнообразных.

Индивидуальные занятия реабилитационного типа могут также носить как общеоздоровительный, так и специально направленный характер, укрепляющие наиболее слабые функции и системы организма. Например, при функциональных нарушениях сердечно-сосудистой и дыхательной систем целесообразно широко использовать физические упражнения аэробного характера.

Оздоровительно-реабилитационная культура играет существенную роль и в системе научной организации труда. Проведение профилактических мероприятий в физкультурно-оздоровительных центрах позволяет устранять стрессовые явления и негативные последствия, возникающие вследствие физического и психического перенапряжения на производстве и современных условий жизни. В комплекс профилактических мероприятий входят различные восстановительные упражнения, применяемые в режиме и после рабочего дня, массаж, баня, психорегулирующие и другие средства.

Спортивно-реабилитационная физическая культура. Она направлена на восстановление функциональных и приспособительных возможностей организма после длительных периодов напряженных тренировочных и соревновательных нагрузок, особенно при перетренировке и ликвидации последствий спортивных травм.

Гигиеническая физическая культура (фоновая) - это различные формы физической культуры, включенные в рамки повседневного быта (утренняя гимнастика, прогулки, физические упражнения в режиме дня, не связанные со значительными нагрузками). Ее основная функция - оперативная оптимизация текущего функционального состояния организма в рамках повседневного быта и расширенного отдыха.

Оздоровительная физическая культура как любой организационный процесс подчинен общим педагогическим процессам, принципам которые выражаютобщую идеологию и отношение общества к ценностям физической культуры личности.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Изучение механизмов оздоровительного воздействия циклических и ациклических упражнений и видов спорта во взаимодействии с базовыми знаниями теории оздоровительной физической культуры и с формированием установки на физическое самосовершенствование студентов в период обучения в вузе, повышает достоверность выбора и реализации индивидуальной двигательной активности для поддержания хорошей физической формы на протяжении всей жизни.

Список литературы

1 Мандриков В.Б., В.К.Бальсевич, Ушакова И.А., Мицулина М.П., Замятина Н.В. Учебно-исследовательская работа студентов в курсе физической культуры медицинскихи фармацевтических вузов. Учебно-методическое пособие Волгоград: Изд-во ВолГМУ, 2010.- 108 с.

2 Бишаева А.А. Физическая культура: учебник. М.:изд. Центр Академия, 2013.-304 с.
3 Введение в теорию физической культуры: Учебное пособие для ин-тов физ. культ. / Под ред. Л.П. Матвеева. — М.: Физкультура и спорт, 1983. — 128 с.

Түйіндеме

Бұл мақалада дене шынықтыру мәдениетінің құрылымы және студенттердің университет қабырғасында өз денсаулықтарын шымыр күйінде ұстану керек екенін, одан әрі өмір бойы денсаулықты күту керек екені туралы айтылады.

Summary

In this article you will receive the information about the basic knowledge of the health-caring theory of physical culture that helps students choose their own ways of moving activity implementation to keep good shape not only during the studies in the university but the entire life.

Дата приема: 25.10.2014 г

ӘОЖ 78:351.854

Ш.Б. Пусырманова
Құлсары балалар өнер мектебі
sholpan.pusyrmanova@mail.ru

БАЛАЛАР ТӘРБИЕСІНДЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ -ӨНЕР МЕКТЕБІНІҢ ОРНЫН АЙҚЫНДАУ

Аңдатпа

Жас ұрпақты кәсіби музыка өнеріне тәрбиелеуде қосымша білім беру ұйымы- өнер мектептерінің алатын орны ерекше. Өнер мектептері жас жеткіншектерде эстетикалық тәрбиені бойларына сіңіртіп, өмірдің әсемдігі мен сұлулығын терең білуіне, мейірімділікке, адамгершілікке, әдептілікке және кәсіби музыка өнеріне баулып үйретеді. Өнер мектептері жастарды өз таңдаулары бойынша әртүрлі аспаптарда ойнауға үйретіп, жеке тұлға ретінде қалыптастырып, музыкалық қабілеттерін дамытып, кәсіби маман болуға жағдай жасап тәрбиелейді. Сонымен қатар музыка ұлттық сананың қалыптасуына ықпал жасай отырып, жас жеткіншектердің сезімталдығына, адамгершілік үрдісіне, рухани ұғымына зор үлес қосады.

Негізгі сөздер: *музыка, өнер, орындаушылық шеберлік, эстетикалық тәрбие.*

КІРІСПЕ

Қазақ даласы ұлы тарих көшінің талай дүрмекті дүрбелеңіне куә. Жер бесік пен тал бесіктің арасын байланыстырып тұрған киелі тылсым біздің өнермен ғана өлшеген. Өнер -адамзат баласының бүгіні мен болашағы, сонау есте жоқ ескі күндердің арасын үздіксіз байланыстырып тұратын күн мен түннің арақатынасы сияқты ажырамас бөлігі. Көшпелі өмір салтымен біте қайнасып, сан ғасырлар қойнауынан келе жатқан қайталанбас мол мәдени мұраларымыздың бірі-қазақ халқының музыка өнері.

Музыканың мәнін түсініп қабылдау үшін бұл өнер саласының өзіндік ерекшелігін айқын аңғарып, табиғат құбылыстарын, өмір шындығын музыкалық дыбыстар қандай жолмен бейнелейтініне ой жүгірткен жөн. Музыка тілі – басқа

өнердің салаларымен салыстырғанда күрделі тіл. Музыкада айтылатын ой мен оқиға сазды дыбыстар арқылы беріледі.

Музыка өнерінің ерекшелігі – сөз бен тіл жеткізіп айта алмайтын, адамның жан дүниесіндегі құбылыстарды, сезімді дыбыс арқылы беруге мүмкіндік тудыруында. Музыка эмоцияға әсер ете отырып, адамның қиялы мен көңіл-күйіне байланысты болады [1].

Жазу сызусыз, ауызша ұрпақтан -ұрпаққа жалғасқан қазақ халқының музыка өнері 20-ғасыр басында қоғам өміріндегі күрделі өзгерістер нәтижесінде жаңа даму жолына аяқ басты. Ұлттық музыка өнерінің болашақ жас ұрпаққа дұрыс үйретілуі, қазақ халқының музыка өнерінің рухани мұра ретінде ел ішінде кең етек алуы жалпы ұлттық мүдде үшін аса қажет және күнделікті қолданыста тұрған ұлы мақсат болып табылады. Жас ұрпақты тәрбиелеуде музыка ұлттық сананың қалыптасуына ықпал жасай отырып, жас жеткіншектердің сезімталдығына, адамгершілік үрдісіне, рухани ұғымына зор үлес қосатыны да белгілі. Жас жеткіншектердің тәрбиесіндегі негізгі мақсат-оларды еңбек сүйгіштікке, өнерге баулу, отанының, отбасының ар-намысын қорғайтын арлы азамат тәрбиелеу.

Жас жеткіншектерді музыка өнеріне үйрету қызықты да күрделі еңбек. Мұнда бір -бірімен жалғасып жатқан келесідей мәселелерде бар:

- Ұстаздың өз шәкіртіне, өнерге деген көзқарасын, сүйіспеншілігін, өз білімін, іскерлігін, орындаушылық шеберлігін үйретіп бере білуі.
- Жас жеткіншектің бойындағы талантын ашу, жақсы жақтарын көрсету, кемшіліктерін ұдайы түзете отырып дамыту.

Ұстаздық шеберлік тәрбиесінің осы екі қырын қатарластыра жүргізгенде жақсы нәтижеге жетуге болады. Жас жеткіншектерді музыка өнеріне үйретудегі негізгі қағида аспапта оңтайлы отырғызып, ізденісті және оның жеке қабілетіне байланысты сабақ ұйымдастыру.

ПРАКТИКАЛЫҚ БӨЛІМ

«Өнерге әркімнің де бар таласы»- демекші, өнерге талпынған баланың жолын бөгеуге болмайды. Кейбір балалар тек бір ғана саланы оқығысы келуі мүмкін. Ал, керісінше бірнеше саланы да бірдей оқып, біраз өнерден хабардар болғысы келетіндер бар. Олай болса, жас жеткіншектерді кәсіби музыка өнеріне тәрбиелеуде қосымша білім беру ұйымы- өнер мектептерінің алатын орны ерекше [2].

Егемен еліміздің ұлттық өнері мен мәдениеті деңгейінің жоғарлауына байланысты өнер мектептері жас жеткіншектерде эстетикалық тәрбиені бойларына сіңіртіп, өмірдің әсемдігі мен сұлулығын терең білуіне, мейірімділікке, адамгершілікке, әдептілікке және кәсіби музыка өнеріне баулып үйретеді. Өнер мектептері жас жеткіншектерді өз таңдаулары бойынша әртүрлі аспаптарда ойнауға үйретіп, жеке тұлға ретінде қалыптастырып, музыкалық қабілеттерін дамытып, кәсіби маман болуға жағдай жасап тәрбиелейді.

Өнер мектептерінде жалпы білім беру мектептерінде оқытуға қарағанда ерекше болып келеді. Музыкамен шұғылдану барысында еңбек тәрбиесі міндеттері жүзеге асырылып отырады. Бір жағынан, тыңдалатын музыкалық шығармаларды қабылдау, есте сақтау қабілеттері дамытылса, екінші жағынан, ән салған кездегі дауыс аппаратының іс-қимылы немесе музыкалық-ырғақтық қозғалыстар жасау сияқты еңбек процестері жүріп жатады. Бұндай іс-әрекеттер өз кезегінде оқушылардың ынта-ықыласымен еңбектенуін, тәіртіптілігін, іске деген

жауапкершілікті қарым-қатынасын талап етеді, әрі тиянақтылықпен еңбек ету іскерліктерін қалыптастырады [3].

Ән салу, музыкалық шығармаларды түрлі аспаптарда орындау физиологиялық процесс болғандықтан, балалардың дене тәрбиесіне, денсаулығына жағымды ықпалын тигізеді. Осындай іс-әрекетпен жүйелі түрде шұғылдану өкпедегі оттегі алмасуын белсендіріп, дауыс аппаратының, дем алу органдарының шымыр да, икемді жетілуіне, жалпы денсаулығының жақсы болуын қамтамасыз етеді. Ән салу, музыка тыңдау адамның тонусын, яғни жүйке жүйесі мен бұлшық еттерінің физиологиялық жағдайдағы күш-қуатын арттырады. Отырып немесе түрегеп ән салу процесінде дене бітімін, басты, қолдарды дұрыс ұстауға дағдыландыру сияқты талаптардың қойылуы балалардың дене қозғалысы мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі [4].

Оқушылар мектептердегі жетістіктерімен бірге өз қабілеттерін сондай-ақ түрлі деңгейлерде өткізілетін іс шараларда көрсетеді. Оларға жыл сайын республиканың әр өңірінен түрлі жастағы өнерлі оқушылар қатысады. Барлық өңірлерде ең алдымен облыстық конкурстар, көрмелер, фестивальдар өткізіледі, бұдан кейін жеңімпаз балалар республикалық іс шараларға қатысады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Өнер мектебі мәдени, танымдық, көркем-эстетикалық, қол өнер, музыка бағыттары бойынша оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық орындаушылығын шыңдауда, қабілеттерін арттыруда сапалы да саналы білім береді. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, жалпы өнерге баулу, таным өрісін кеңейту үшін қосымша білім беру мекемелерінің маңызы зор.

Бүгінгі таңдағы балалар музыка мектебі әрбір мәдениет өкілдерінің балалары өз халқының мәдениетін меңгерумен бірге басқа халықтардың да музыка мектебінде мәдениеттік рухани азық алатын мекеме.

Бұл өнер мектептерінің басты міндеттері: жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беру. Егеменді еліміздің талабына сай, ұлттық мәдениетіміздің деңгейін көтеру, сұлулық пен әсемділікке, жан тазалығы мен адамгершілікке дарынды оқушыларды тәрбиелеу. Өнер мектебінің ұстанған бағыты – ұлттық музыканы, бейнелеуді, би өнерін үйреніп, оны әлемдік деңгейге көтеру.

Әдебиеттер тізімі

1 Өтемісов Ж. Өнер әлемі. – Алматы: Эверо, 2007. -156 б.
2 Момынұлы П. Қазақ музыкасының қысқаша тарихы. – Алматы: Өнер. 2002. Т.II . – 206 б.
3 Султанова Н.К. Музыкалық білім берудің тарихы мен теориясы.Оқу-құралы. – Семей, 2011. – 160 б.
4 Өтемісов Ж. Ұлттық өнер – тәрбие көзі. – Алматы: МерСал, 2005.– 84 б.

Резюме

В воспитании молодого поколения искусствам профессиональной музыки особая роль отводится организациям дополнительного образования - школам искусств. Школы искусств реализуют полный комплекс задач эстетического и нравственного воспитания учащихся, формируют умение чувствовать красоту окружающего мира, приобщают учащихся к общечеловеческим ценностям, культуре поведения и общения, прививают к искусству профессиональной музыки. В школах

искусств молодежь обучается игре на выбранном музыкальном инструменте, развивает свои способности и талант для дальнейшей реализации их в профессиональной или любительской творческой деятельности. Вместе с тем, музыка, влияя на формирование национального сознания, вносит огромный вклад в формирование мировоззрения молодого подрастающего поколения.

Summary

In education of the younger generation to arts of professional music the special part is assigned to the organizations of additional education - to schools of arts. Schools of arts realize a full complex of task of esthetic and moral education of pupils, form ability to feel beauty of world around, acquaint pupils with human values, culture of behavior and communication, impart to art of professional music. At schools of arts the youth is studied in playing the chosen musical instrument, develops the abilities and talent for their further realization in professional or amateur creative activity. At the same time, music, influencing formation of national consciousness, makes a huge contribution to formation of view of younger generation.

Қабылданған күні: 27.10.2014 ж

ӘОЖ 37.015.31

Г. К. Ахметова, В.С. Турегалиева
Әл - Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
ven_77@inbox.ru

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БОЛАШАҚ МАМАНДЫ ТИІМДІ ДАЙЫНДАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Андатпа

Ғылымның және технологияның қазіргі жағдайын бейнелейтін іргелі білім беру болашақ мамандардың тек тәжірибені белсенді қабылдауды ғана емес, сонымен бірге интеллектуалдық шығармашылық қабілеттілігін анықтайды. Білім берудің осындай түріне қазіргі жоғары оқу орындары бағытталған. Болашақ мамандардың, яғни студенттердің зерттеу біліктерін меңгеру қажеттілігі, бір жағынан, Мемлекеттік стандарттың талаптарымен айқындалады, онда бітірушің осы кәсіби аспектісі нақты анықталған; екінші жағынан, қазіргі мамандардың кәсіби іс-әрекетімен айқындалады. Мысалы, педагогтардан болашақ мамандарды дайындауда іс-әрекеттің шығармашылық табиғатына сәйкес соның ішінде оны ұйымдастырудың мәселесіне ғылыми тұрғыдан қарауға білім беру үрдісін зерттеу білігін талап етеді. Сондықтан да жоғары оқу орындарының студенттерін зерттеу жұмысы процедурасымен таныстыру керек, оны өткізудің дағдыларын қалыптастыру маңызды. Мысалға, оқыту барысында зерттеушілік білігін қалыптастыру. Ол кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысына студенттің қатысуы барысында қалыптасады. Соңғысына студенттерді бағыттары мен кафедра педагогтарының ғылыми жұмысы ерекшеліктері тақырыпшасымен кеңінен таныстыру ықпал етеді, оларды проблемалық топтарға қатыстыру, табысты зерттеу жұмысын жүргізетін оқытушыларға 1-ші курстан бастап «бекіту» ретінде анықтаймыз.

Негізгі сөздер: *Акмеологиялық, рационалистік. тұлғалық – мәдени, аксиологиялық, мотивация, зейін, эмоция, толерантық.*

КІРІСПЕ

Осы бағыттағы тиімді жұмысты қамтамасыз етудің бірінші шарты ретінде бүкіл кәсіби дайындықтың жүйесін асыру барысындағы зерттеушілік білімдердің тиімді қалыптасу процесінің үздіксіздігі мен тұтастығын ерекше айтамыз. Оған аудиториялық сабақ пен студенттің өзбетінше жұмысы (студенттің оқу-зерттеу жұмысы мен ғылыми-зерттеу жұмысы), аталған біліктерді саналы және шығармашылық меңгерудегі түрлі әдістер мен тәсілдерді пайдаланумен байланысты тәжірибе жатады.

Зерттеу біліктерін қалыптастырудың маңызды шарты ретінде зерттеу іс-әрекетінің мотивациясы болып табылады: қызығушылықтарын қалыптастыру, зерттеу жұмысы қажеттілігін, кәсіби өсу үшін зерттеу біліктер жүйесін меңгерудің маңыздылығын негіздеу. Мысалға, осы жұмыстың бастамасы ретінде 1-ші курстан бастап, «Мамандыққа кіріспе» деп аталатын курс ұйымдастырылады, оның барысында кәсіби іс-әрекеттің ерекшелігі мен шығармашылық сипатын ашуға болады. Практикалық сабақтарда өзін-өзі тану, өзіндік қызығушылықтары мен қабілеттерін талдау, олардың таңдаған кәсіпке сәйкестілігін анықтау үшін жағдайлар жасалынады. Конференцияға рефераттарды дайындау барысында студенттер жаңашыл-зерттеушілердің жетістіктерімен танысады, шартты түрде айтқанда, «өзіне салып көреді» шеберге лайықты кәсіби біліктер мен тұлғалық қасиеттерді дамытады. Оның барысында келесідей зерттеу біліктерін меңгеру қажеттілігін саналы түрде ұғынады, бар тәжірибені талдау, проблеманы тұжырымдау, өз жұмысының нәтижесін жүйелеу сияқты білігі.

ПРАКТИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Аталған біліктердің қалыптастыру мен зерттеу жұмысына қызығушылықты тудыру шарасына түрлі кәсіби жағдайларды талдау мен диагностикалауды өткізу, жоғары курс студенттерімен орындалатын тапсырмалардың зерттеушілік сипаты және т.б. басқа әдістері жатады. Сонымен қажетті білімдер жүйесі және қалыптасқан зерттеу біліктерімен бірге зерттеу іс-әрекетіне оң көзқарастың болуы болашақ маманның тиімді кәсіби іс-әрекетке дайындығын қалыптастырады.

Екінші шарты жоғары оқу орындарындағы студенттердің кәсіби-тұлғалық мәдениетін қалыптастыру болады. Болашақ маманның кәсіби дайындаудың тиімділігі сонымен бірге жүйелілік-құндылық көзқарасы тұрғысынан қарамақайшылықтардың талдауын жоғары білім берудің қазіргі жүйесінің талдауын талап етеді. Маманның кәсіби-тұлғалық мәдениеті оның іс-әрекетінің бүкіл жүйесін қамту керек. Осыған орай жоғары оқу орындары студенттерінің білім беру мазмұнын қалыптастыруда жүйелілік-құндылықтық көзқарасы өзекті болады. Болашақ маманның мәдениетін қалыптастыру проблемаларын тиімді шешу, оның әлеуметтік қасиеттерін дамыту, оқу-тәрбие және ұйымдастырушылық жұмысты талдау, теориялық және нақты-әлеуметтік зерттеулердің, тұлғалық және мәдениет теориясы нәтижесін жалпылау негізінде анықтаймыз. Мысалы,

Ә. Табылдының пікірінше: «Ұлттық мәдениеттің қайнар бастау – оның (ұлттың) рухани азығының асылдық қасиеттеріне байланысты. Халықтың рухани қуатын арттыратын қозғаушы күш – оның әдебиеті, өнері, әдебі мен эстетикалық болмысы. «Әдеп-мәдениет негізі», «әдет-ғұрып, салт –дәстүрлер – халық

мәдениетінің көрсеткіштері» т.б. тақырыптар бойынша оқылатын лекцияларда ұлттық мәдениеттің негіздері, оның бұрынғысы мен қазіргісі және болашағы ғылыми дәлелдемелермен айқын көрсетіледі» [1]. Осы анықтамаға сүйене айтатынымыз, мәдениет білім берушілік құндылық ретінде студенттерді дамыту мен тәрбиелеуде тұрмыстың, ойлаудың, сауықтырудың мәдениетінде, қатынасында, қарым-қатынасында, дүниетанымдық мәдениетінде, эстетикалық іс-әрекетінде көрініс береді.

Бұл жерде маңыздысы – болашақ маман тұлғасының мәдениеті қалыптасуының механизмдерін зерттеу мақсатты түрде ұйымдастырылған жоқ, бірақ дамытушылық білім беру мен мәдениеттің аспектілері қаралады. Олардың өзара байланысы мен өзара ауысуы қаралады. Осыған орай болашақ маманды дайындау жүйесінде студенттердің үнемі өз кәсіби дәрежесін көтеру қабілетін дамыту шеңберінде жүйелілік-құндылық көзқарасының маңыздылығы оқу-тәрбие процесі барысында анықталады. Осыған байланысты жоғары кәсіби білім беру іс-әрекет ретінде қарастырылады, оның мақсаты – болашақ маманның интеллектуалдық-адамгершілік тұлғасын дамыту, тұлғалық өсуінің қамтамасыз ету ретінде анықтаймыз.

Болашақ маманды дайындаудағы жүйелілік-құндылықтық көзқарасы жүйе ретінде түсініледі, ол жаңа ғасырдың мәдени және гуманистік құндылықтарын есепке алу негізінде құрылады: субъектіліктің, диалогиялықтың, дамытушы бағыттылықтың, кіріктірушіліктің, іргеліліктің, үздіксіздіктің. Сонымен, қазіргі білім беру парадигмасын әлеуметтік-тұлғалық, тұлғаға-бағдарлаушылық, гуманистік білім беру анықталады. Университеттік білім беруде әдетте парадигманың келесі өзгермелі түрлері айтылады [2]: мәдени-құндылықтылық парадигмасы, академиялық парадигмасы,кәсіби парадигмасы, технократиялық парадигмасы, гуманистік парадигмасы. Жетекші білім берушілік парадигмасының әсерімен университеттік білім берудің басқа моделдері қалыптасады: а) дәстүрлі немесе классикалық; б) рационалистік.

Мәдени-құндылықтылық парадигмасына сәйкес кәсіби мәдениетті қалыптастырудың басты мақсаты жоғары білім берудің құндылығы ретінде студенттердің әлеуметтік маңызы бар қасиеттерін дамыту болып табылады. Кәсіби білім берудің әлеуметтік-тұлғалық аспектісін іске асырудың негізгі тәсілі ретінде білім берудің проблемалық, сараптамалық, рефлексивтілік, диалогтік оқытудың және тәрбиелеудің, ұжымдық мәдени-шығармашылық іс-әрекеті технологияларын пайдалану деп түсінеміз.

Шығармашылықтың объектісі ретінде маманның бейнелері мен мақсаттары, символдары мен ұғымдары, қылықтары мен қатынастары, құндылықтары мен сенімдері қарастырылады. Болашақ маман шығармашылық ізденіс барысында өзі үшін маңызды жаңалықтар ашады, адамтану мен құрметтеу аумағындағы коммуникативтік мәдениет көрсеткіші ретіндегі гуманистік құндылықтарымен танысады.

Болашақ маманды дайындау жүйесіндегі жүйелілік-құндылықтық көзқарасы маман біліктілігінің жоғары көрінісі және кәсіби құзырлылығы болып табылады. Осы кәсіби-тұлғалық мәдениеті деңгейінде толығынан маманның адами жеке даралығы көрініс беруі мүмкін. Болашақ маманның тұлғалық және кәсіби мәдениеті жүйесіндегі құрылымында басты компоненттері ретінде құрастырушылық, ұйымдастырушылық, коммуникативтік аймақтарын анықтадық. Студенттер іс-әрекетінің құрастырушылық аймағы ұйымдастырушылық іс-әрекетімен нәтиже шығарады, өйткені әрбір кәсіби

әрекет соңғы нәтижесінде кешенді ұйымдастырушылық іс ретінде қаралады. Өз кезегінде құрастырушылық және ұйымдастырушылық іс-әрекеттері оқытушының студенттермен дұрыс өзара қатынастарын орната білуінен күрделене түседі.

Зерттеудің методологиясы білім берудің жүйелілік-құндылықтық парадигмасы шенберінде болашақ маманның тұлғалық жаңа құрылымдары пайда болуы мен дамудың тенденциялары мен кәсіби білім берушілік жағдайларын анықтау мен зерттеуінің іске асуымен түсінеміз, олар ғылыми көзқарастар жүйесіне негізделеді:

1. Акмеологиялық - кәсіби дайындық барысындағы табиғи және әлеуметтік-мәдени факторлар интеграциясын анықтауға мүмкіндік беретін сыртқы басқарудан ішкі басқаруға өту негізіндегі көзқарастар жүйесі.
2. Мәдениеттілік - маманның интеллектуалдық-адами қабілеттерін дамытуға бағытталған іс-әрекеттің мазмұндық компонентінің бағытталу негізіндегі, мәдени-білімберу іс-әрекеті дамуының сыртқы қалыптасуы мен ішкі дамуының мақсаты мен мазмұнын, тәсілдері мен нәтижелерін өзіндік анықтауына бағытталу негізіндегі көзқарастар жүйесі.
3. Тұлғалық – мәдени және кәсіби аспектіде өзіндік ұғыну субъективтілігіне қарай мамандықты игеру барысындағы болашақ мамандыққа қатынасын бейнеленуі негізіндегі көзқарастар жүйесі. Кәсіби мәдениетті игеру үрдісі мәдениеттің объективтіліктен субъективтілікке ауысу негізінде түсіндіріледі. Е.В.Бондаревскаяның пікірінше, бұл процесс, оның барысындағы кәсіби мәдениетінің моделі бойынша студенттермен айқындалып, кәсіби іс-әрекет пен мінез-құлықтың тұлғалық моделіне айналады. Сондықтан да тұлғалық-шығармашылық аспектісі кәсіби мәдениетті игерудің механизмімен түсіндіріледі. Ол өздігінен дамитын субъектінің маман ретіндегі тұлғалық өзекті қасиеттерін анықтаудың шығармашылығы актісі болып анықталады. Осымен қоғам өзінің соңғы нәтижесінде өзіндік мақсатқа бағытталған жан-жақты дамуына бағдарланған адамды қажет етуі түсіндіріледі.
4. Аксиологиялық - осыған сәйкес мәдени-білімберушілік білімдердің пайда болу процесі негізінде кәсіби іс-әрекетке болашақ маманның құндылық қатынастары жүйесімен анықталуы негізіндегі көзқарастар жүйесі. «Мәдениет» ұғымын зерттеудегі аксиологиялық көзқарастың негізінде түрлі мәдениеттің іргесі ретінде құндылықтарды түсіну жатыр (А.И. Арнольдов, Ю.И. Еимов, Л.Н. Коган, В.П. Тугаринов, Н.З. Чавчавадзе). Осы авторлардың пікірінше, «мәдениет жоғары және кең мағынасында еңбектің нәтижесі болады – шығармашылық, өзгермелі және өзіндік жаңару іс-әрекетінің өнімі...құндылықтар әлемі»[3]. Мәдениетпен байланысты осы көзқарас тағы бір бағытпен толықтырылады. Өйткені мәдениет және оның мағынасы өзбетінше қарастырылып қана қоймай, ол тек адамның шығармашылық іс-әрекеті арқылы өз болмысын анықтайды. Сондықтан да, «мәдениеттің нағыз мазмұны шығармашылық іс-әрекетпен анықталып, оның барысында рухани құндылықтар қалыптасады» [4,5]. Ал В.С.Библер мәдениет ұғымын шығармашылық пен еркінділікті жүзеге асыру ретінде адам болмысының мәнін ашу үшін пайдаланады [6]. Адамның шығармашылық белсенділігі іс-әрекет тәсілдерінде көрініс береді. Осыдан мәдениет адам дамуының өлшемі болып анықталады, ол адамдардың бүкіл тарихы барысындағы олардың қоғамдық өміршеңдігінің игерілген құндылықтардың көлемі ретінде сипатталады. Солайша мәдениет адамның осы құндылықтарға

бағытталуының тәсілі болады. Мәдениеттің іс-әрекет тәсілдерінің жиынтығы ретінде қаралуы жүйелілік-технологиялық көзқарастың негізін құрайды. Осындай мәдениетке қатысты қарастырылған анықтамалар мен көзқарастар культорологияда және кәсіби-педагогикалық мәдениетіне арналған зерттеулерде қаралған. Кәсіби-педагогикалық мәдениетті зерттеудің аксиологиялық аспектісі Е.Н. Шиянованың еңбектерінде жетекші педагогикалық оймен өрнектеліп, педагогикалық құндылықтар жиынтығының сипаттамасы ретінде қаралып, тікелей педагогикалық іс-әрекетте жүзеге асырылатын және тұтас педагогикалық үрдіске кірістірілетін [7,8]. Біз осылайша Е.Н. Шиянованың пікірімен толығынан қосыламыз, болашақ маманның жаңару, шығармашылық-коммуникативті іс-әрекеттердің негізін кәсіби-педагогикалық мәдениет құрайды, ол тиімді іс-әрекеттер тәсілдері мен жолдарын кіріктіреді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, біздің пайымдауымыз бойынша, мәдениеттің адамның шығармашылық іс-әрекеті ретінде қаралуы болашақ маманның кәсіби тұлғалық-шығармашылық көзқарасының негізін құрайды.

1. Іс-әрекеттік - студенттердің кәсіби білігін қалыптастыру мақсатында студенттерді кәсіби ойлау мен әрекет етуге тарту негізіндегі көзқарастар жүйесі.

Зерттеу барысында жоғарыда айтылған барлық көзқарастар кәсіби-тұлғалық мәдениетті білімдер, біліктер мен тұлғалық қасиеттер жиынтығы ретінде анықтауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде маман мәдениетінің негізгі компоненттері ретінде білімдер, біліктер мен дағдылар, тұлғалық қасиеттерді; кәсіби-шығармашылық іс-әрекет тәжірибені; кәсіби этиканы анықтаймыз.

Осы моделдің негізінде студенттерді дайындау барысында кәсіби-тұлғалық мәдениет қалыптасуының құрылымдылық компоненттерін анықтаймыз:

- Мотивациялық - болашақ мамандардың жоғары оқу орындарының білім беру үрдісіне кіруді қамтамасыз ететін қажеттіліктерді, мотивтерді, қызығушылықтарды қамтиды;
- Бағдарлаушылық - іс-әрекеттің танымдылық және өзінің адамгершілік – интеллектуалдық жетілуінің жоспарлау мен жобалаудың мақсатын анықтауды қамтиды;
- Бағалаушылық - іс-әрекет нәтижелерін кәсіби-тұлғалық мәдениетті қалыптастыру шенберіндегі, орындалатын міндетпен салғастыру негізіндегі әрекеттердің орындалуының барысы туралы кері ақпаратын жүйелі алу мазмұнын қамтиды;
- Мазмұндық-операционалдық - екі өзарабайланысты бөлімдерден тұрады: жетекші білімдер жүйесі (теория, заңдылықтар, фактілер, көзқарастар) және оқудың тәсілдері (ақпарат алудың құралдары мен білімдерді қолдану);
- Еріктілік, зейінді - ерікті түрде назар аудару тұрғысынан мәдени құндылықтарды игеру бойынша әрекеттердің эмоционалдық жағын қамтиды.

Біздің зерттеуміз бойынша жоғары оқу орындарында осы моделдің табысты жүзеге асуының келесі кіріктірілген үрдістер ықпал етеді: арнайы пәндердің өзара байланыстылығы үрдісі; осы пәндердің практикалық және шығармашылық-теориялық өзара әрекеті үрдісі; жоғары оқу орындарында тұтас білім беру кеңістігін құру негізіндегі тәжірибемен алмасу үрдісі. Ал жоғары оқу орындарында болашақ маманды дайындау үрдісінің мәдени-білім беру аспектісін дамытудың моделі өзін-өзі

дамытуды, өзін-өзі жетілдіруді, өзін-өзі басқаруды, өзін-өзі танып білу мен анықтауды, толерантылықты, кәсіби этиканы т.б. компоненттерді құрайды. Біздің келесі қарастыратын мәселеміз – бұл болашақ маман тұлғасының өзін-өзі дамытудың психологиялық-педагогикалық негізі мен моделі.

Әдебиеттер тізімі

1 Ахметова Г.К. Стратегия образовательных инноваций: преемственность многоуровневого образования: Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 189 с.
2 Ахметова Г.К. Подготовка конкурентоспособного специалиста в высшей школе // Совершенствование содержания высшего образования в целях подготовки конкурентоспособного специалиста. - Алматы: Қазақ университеті, 2008. - С.4-12.
3 Таубаева Ш.Т. Передовой педагогический опыт: от теоретического осмысления к практике. – Алматы: РИК, 1997. – 122 с.
4 Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы: Ғалым -1998. – 320 с.
5 Гузеев В.В. Содержание образования и профильное обучение в старшей школе //Народное образование. – 2002. – С. 113-122.
6 Лернер П.С. Профильное образование: взаимодействие противоположностей //Школьные технологии.- 2002.- №6.- С. 75-81.
7 Вострикова Т.П. Психолого-педагогическая оценка компетентности социальных педагогов в профессиональном общении. Автореф. ... к.пед.н. –Самара, 2005. 22с.
8 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. Учебное пособие для педагогических вузов и институтов повышения квалификации. -М.: Народное образование.-1988. -255 с.

Резюме

Освоение современной науки и технологий фундаментальный образование будущей специалисты, основный предметы в практике творческого и теоретического система анализа деятельности высший школы, общей образовательный тенденция входить особенности консультирование обмен опыта. Будущей специалисты преподавателей «высшая школа» подготовить тенденция культурно - образования в аспекте моделей развитии самопознание, самоуправления, само – достижения, самоанализ толерантность профессиональный этике. Основа моделей психолого–педагогической развитие личности самосознание будущей специалистов.

Summary

Development of modern science and technologies fundamental education future experts, osnovny subjects in practice of creative and theoretical system of the analysis of activity the highest schools, the general educational a tendency to enter features consultation an experience exchange. Future experts of teachers "higher school" to prepare the tendency culturally - educations in aspect of models development self-knowledge, self-government, itself – achievements, introspection tolerance professional to ethics. A basis of models of the psychologist – pedagogical development of the personality consciousness future experts.

Қабылданған күні: 27.10.2014 ж

ӘОЖ 37

А. Кубашева
Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011,Атырау қаласы, Студенттік даңғылы,212

МЕКТЕПТЕГІ БАСҚАРУ ЖҰМЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ

Андатпа

Мектептегі басқару мен бақылаудағы басшылардың жаңашылдықтық арқылы жұмыс істеуі бағытында және әдістемелік тұрғыда оқушымен ынтымақтастығы баяндалған.

Негізгі сөздер: *инновациялық іс-әрекет, педагогикалық менеджмент, кәсібі басқаруға даярлау.*

КІРІСПЕ

«Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» атты мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан халқына жолдауында былай делінген: «Экономиканы дамытуда жаңа сырқы тәуекелдерді есепке ала отырып, бізге іскерлік белсенділік пен жұмыспен қамтуды ынталандыру үшін жаңа бастамалар қажет. «Нұрлы жол» Жаңа экономикалық саясаты-әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына бару жолындағы біздің ауқымды қадамымыз. Мемлекет жаңа буынның алдында барлық есіктер мен жолдарды ашты! «Нұрлы жол», міне, біздің креативті ырғақты жастарымыздың күш-жігер жұмсап, құлаш сермейтін тұсы осы! [1]. Міне, осыған сәкес егеменді еліміз тәуелсіз мемелекет мәртебесін алып, қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы іске асу барысында, нарықтық қатынастарды дұрыс бағытын анықтайтын да тек іскер, білгір мамандар болатындығы ең басты көкейкесті проблема.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жастардың ішкі рухани жан-дүниесін кеңейту, ой-өрісінің дамуын жаңа заман талабына сай жүргізу, әрбір идея мен тұжырымдамаларды озат тәжірибелер арқылы іске асыру қажеттігі туындауда. Сонда ғана қоғамды басқару, халыққа білім беру жүйесі мен мектепті басқару ең маңызды педагогикалық проблема болып қала береді.

Халыққа білім беру жүйесін басқару деген сөз-ұйымдастыру , кадрларды әдістемелік бағытта іріктеу, мектептердің материалдық базасы, компьютерлендірілу, интернет арқылы жұмыс істеу мәселелері қарастырылады.

Басқару жұмысының теориялық проблемаларына талдау жасауды бастасақ, бұл үрдіс әрбір адамның адамгершілік ұстанымы арқылы іске асады.

Қандай адам болса да, қандай биікке шықса да, бір нәрсені, лауазым-уақытша, адамгершілік-мәңгілік деп нәзіктікпен түсіну парыз. Отбасында тектілік қанымен берілетін жақсы қасиеттер ана сүтімен беріліп, бала мәдениетті, білімді, әділ болып тәрбиеленсе, ол өскенде текті атану үшін көп ізденісті еңбекқорлықты, шыдамдылықты, ерік күшін, оқу мен білімді, ақыл-ойды қалыптастыруға жұмыстанады.

Басшы бойындағы жан тазалығы, өз кәсібінің биігіне шығу жолындағы қажырлылығы мен мақсаткерлігі сияқты адамдық жақсы қасиеттерінің болғаны дұрыс [2]. Мектептегі инновациялық іс-әрекет жаңашылдықты іздеп шешуге дайн

болу қасиетімен де тығыз байланысты. Мұғалім өзінің жеке қасиеттерін есепке ала отырып, басқалардың инновациялық тәжірибесін өзгерту, жетілдіру және жаңа ғылыми идеялар мен басқалардың озат тәжірибесін өзбетінше жетілдірумен ерекшеленеді. Міне, сондықтан да мектепшілік бақылау мен басқару, жоспарлау мен жобалау жұмысына студенттерді даярлаудың маңызы ерекше.

Университеттегі кейбір мамандықтарда педагогикалық менеджмент, мектепті басқару, кәсіби басқаруға даярлау т.б. пәндер жүргізіледі. Бұл пәндердің негізгі мақсаты болашақ мұғалімдерді мектепті басқарудың әдіснамалық негізі туралы түсінік беру және ғылыми негізде мектепті басқару [3], мектептердің болашақта стратегиялық даму бағыттарына студенттерді үйрету және оларды жаңа педагогикалық технологияны оқу үрдісіне енгізудің әдіс, тәсілдеріне баулу болып табылады.Сонымен бірге мектептегі әдістемелік жұмысты ұйымдастыруға студенттерді дайындау. Оларды мониторинг мен бағалау жұмысына үйретіп, оқу жұмысының құрлымын талдауға үйрету. Студенттердің мектепті басқаруға даярлығын мотивациялық, операциялық, мазмұндық іс-әрекет, эмоционалды-еріктілік, рефлексивтік, креативтік, жобалау бойынша компоненттерді қарастырып, анкеталық сұрақтар арқылы анықтауға болады. Мен өзім мектептегі 250 оқушыларлың мінез құлқын, оқу үрдісі арқылы бақылай отырып төмендегідей бірнеше топқа бөліп, олардың жағымды және жағымсыз мінездерінің бар екендігін айқындадық:

Мен өзім мектепте психолог болып жұмыс істедім. Өзіміздің педагогикалық зерттеу жұмысымызға оларды қатынастыра отырып оқушыларды төмендегідей бірнеше топқа бөліп, олардың жағымды және жағымсыз мінездерінің бар екендігін айқындадық:

1) Адаммен үйір болып, көпшілікпен тіл табысқыш, ынтымақтасып жұмыс істейді. Әрбір адамға сезімталдықпен қарайды. Қайырымды. Кейбір оқушылардың кемшіліктері төмендегідіей: Үнемі өзінің жолдастарымен салқын қарым-қатынаста болады (тұйық, сылбыр, оралымсыз).
2) Кейбір оқушыларда жақсы қасиеттер де баршылық: тапқыр, зерек, зейінді, түсінгіш. Кемшіліктері: (әрине бәрі бірдей оқуға алғыр емес) сөйлегенде ойын жеткізуде кемшілік байқалады. Жаңа оқу материалын нашар түсінеді. Ойлауы төмендеу.
3) Тәртібі жақсы. Тура бетке айтуға тырысады. Қиын жағдайларда өзін саспай жақсы ұстауға тырысады. Әрекеті тұрақты. Дегенмен осы топтағы кейбір оқушылардың кемшілігі –өзіне – өзі сенбеу, кейде ақырындап сөйлеу байқалады.
4) Біреуге тәуелсіз, жалынышты болмауға тырысады. Кейде өзінің ой-өрісін, шамасын артықтау бағалап жібереді. Өзін дұрыстап, басқаларды кінәлауға әзір тұрады. Өзінің пікірін үнемі айта алады. Бұл топтағы кейбір оқушылардың кемшілігі – ұяңдығы басым, басқаларға үнемі жол береді. Бағынышты болып, жалтақтап тұрады.
5) Белсенді. Өмірде көңілді, сөйлеп тұрған ашық. Үнемі қамданып, дайындықпен жүреді. Кемшілігі- артықтау сақтанады, сенімсіздікпен қарап, бейқамдау, салақ, қамсыз, немқұрайлылау бағыт ұстанады. Кейде уайымшыл, тіпті қатаң болмайтын жерде қаталдау бағыт ұстайды.
6) Өзін үнемі көрсеткісі келеді. Алдына қойған мақсатына жету үшін табандылық көрсетеді. Жауапкершілігі, міндетті жақсы сезінеді. Ережені бұлжытпай орындауға тырысады. Бұл топтағы оқушылардың кемшілігі –

тұрақсыздау, өзін ұжымнан оқшалау ұстайды. Еркелеу. Жарғы мен ережені орындамаулары байқалады.

7) Батылдау. Өзіне таныс емес заттарды істеуге, құруға әзір тұрады. Кейбір оқушылардың кемшілігі – босаңдау. Көп адамдармен қарым-қатынас жасамай, азғантай топпен ғана сөйлесіп, араласады.
8) Икемді, бірақ біреудің алдында кіріптар болып тұрған сияқты. Қиялшыл. Біреудің қамқорлағанын жақсы көреді. Кейде тіпті қанықпезерлік қасиетті байқауға болады. Сөзуар, жұмыстың практикалық жағына икемсіздігі байқалады. Кейде өзіне –өзі артықтау сеніп, қолынан келмейтін нәрсеге батылдық жасайды.
9) Барлық нәрсеге сенімсіз. Әруақытта өзіне артықшылықтың болуын қалайды. Кемшілікті басқа біреуден іздейді. Бұл топтағы оқушылардың жақсы қасиеті: кісімен тез тіл табысуға тырысады. Ұжым мүшелерінің ортақ жұмысына мүдделі. Басқа біреуді қамқорлайды. Сенгіш.
10) Қиялшыл. Кейбір мәселелердің практикада өміршеңдігін көрсете біледі. Ұсақ нәрсеге де зейін қояды. Бұл топтағы оқушылардың кемшілігі: Өмірде орындалмайтын мәселелерді жоспарлайды. Дөрекілеу. Нашар істеліп аяқталмаған жұмысқа тоқмейілсуі.
11) Оралымдылығы, алғырлығы, турашылдығы байқалады. Кейбір оқушылардың кемшілігі: мардымсыз жұмысқа қанағаттануы.
12) Байсалды, сабырлы. Кейбір балалардың орынсыз тынышсызданuы, алаңдауы, қапалануы байқалады.
13) Интелектуалдық қызығушылығы жоғары, батыл әрекет жасайды. Кемшілігі: балалардағы жақсы идеяларға сенімсіздік көрсетуі, кертатпалау, барлық нәрсеге эксперимент жасағысы келіп тұрады, жаңа істерге күдікпен қарайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен қорытындылый келе айтарымыз біз бұл шағын мақалада мектепті басқару жұмысын жетілдіруге талдау жасап, оны іске асырудың нақты жолдары туралы бірнеше ұсыныстар айттық. Сонымен бірге педагогикалық ғылыми – зерттеу әдісінің бірі – байқау бойынша оқушылардың бірнеше топқа бөліп қарастырдық.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша.
2 Х.Е.Нұғманова. Халықтық педагогиканы болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығында пайдалану. Оқу құралы. – Алматы, 2008.
3 А.Б.Қаржаубаев. Мектепшілік бақылау және оқу қызметі мен білім сапасын басқару. Оқу құралы. – Алматы, 2011.

Резюме

В статье рассматривается внутришкольное управление и усовершенствование контроля согласно современному требованию.

Summary

This article considers interschool management and improvement of control in future to modern requirements.

Қабылданған күні: 27.10.2014 ж

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР
ГУМАНИТАРНЫЕ И СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ

Құсниденов С. Қазақ өміріндегі билердің орыны мен рөлі..... 3
Касенов М.С. Ұшқан қаласы..... 7
Адилова В.У. І.Есенберлиннің «Жанталас» романындағы бұқар жырау тұлғасын сомдаудың тағылымдық сипаты..... 13
Аяпова Г.Б. Өмірі – үлгі, өнері – өнеге..... 18
Ергалиева Г.Б. Тілдегі жақсыз сөйлемдердің ерекшеліктері..... 21
Жумабаева Э.М. «Балет в картинах художников конца хіх–начала хх века» З.Серебрякова, Тулуз-Лотрек, Э.Дега, К.Сомов..... 24
Жүсіп Қ.Ө., Исмурзина Г.Б. Жақановтың әңгімелері..... 33
Жумабаева Э.М.Постимпрессионизм в творчестве французских художников.. 38
Ізбасарова Ә.Н. Жәңгір ханның қазақ тарихындағы орны..... 44
Салимова Н.С. «Қазақ ер-азаматы» концептісінің бейвербалды амалдар арқылы берілуі..... 47
Табылдиев Х., Қайырғалиева Н. Академик Салық Зимановтың қазақ дастүрлі қоғамының зерттелуіндегі рөлі..... 53
Туғанбаева М.С. «Қазақ және қырғыз» тарихи романдарындағы көркемдік шешім..... 57
Аманғалиева М.Ж., Жүсіп Қ.Ө. С.Бердімұратов шығармаларындағы майдан жырлары..... 59
Атаханова Н.А. Т.Айбергенов поэзиясындағы ұлттық таным..... 63
Tutebayeva A.M., Konirova S. Problems of translation of literary prose..... 67

ФИЗИКА-МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ
ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ И ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

Абиров А.Қ., Ахмурзина Т.Н. Теңсіздікті дәлелдеуде жанаманы қолдану..... 72
Абиров А.Қ., Мадиева А.Б. Үшбұрыштың тамаша нүктелерінің барицентрлік координаталары..... 76
Идрисов С., Масалимова Э. Болашақ информатика мұғалімдерін кәсіби даярлаудың ерекшеліктері..... 82
Идрисов С., Масалимова Э., Атимова Т. IT -пәндерінің мұғалімін кәсіби дайындау және кәсіби білім беретін мұғалімге қойылатын талаптар..... 86
Лунгол О.М. Использование теории графов при изучении электродинамики в профессионально-технических учебных заведениях..... 92
Шаждекеева Н.Қ., Шамишева А.С. Графтар теориясы элементтерінің ғылыми қызметтің әртүрлі салаларындағы қолданылуы..... 102
Жаутиков Б.А., Айкеева А.А. Математическое моделирование электромагнитных полей электротехнических устройств..... 111

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ
ЭКОНОМИКА И ПРАВО

Тажгарина Б.К. Шартты түрде соттау..... 123
Дарискалиева М.С., Пусырманова А.Б., Альдешова С.Б. Қазақстанның әлеуметтік салаларын мемлекеттік реттеудің бюджеттік тетіктерін жетілдіру.. 129
Тажиденова А.Р., Ауелбаева Г.С. Транспорт как важнейшая отрасль производственной инфраструктуры экономики государства..... 133
Исагалиева Э.Т., Мукашева А.Ж. Көлік қызметтерінің халықаралық нарығы және оның белгілері..... 139
Нысанова Қ.Т., Адиетова Э.М. Қазақстан Республикасындағы аграрлық инновацияның даму болашағы..... 144

ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ
ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Куртиева Э.М. Голосовой аппарат и его гигиена..... 150
Муксиева Ж.А. Бейнелеу өнері пәні негізінде бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық талғамын қалыптастыру..... 154
Сагинова А.Н., Нурмукашева С.Н. Әскери ұжымдарда тұлғааралық қарым-қатынасты диогностикалау мен реттеудің психологиялық..... 157
Тютебаева А.М., Толешев Н. Эвфемизмы в английском языке: определение и классификация..... 162
Утеуова А.Б., Нурмукашева С.К. Шет тілін үйретуде сөйлеудің психологиялық негізі..... 167
Нажикенова Г.Б. Құзыреттілік және қатысымдық тұрғыдан оқытудың ерекшеліктері..... 171
Койшығұлова Л.Е., Шайхиева Б. Оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастырудағы ұйымдастырушылық формалары..... 175
Жандауова Э.Д. Оздоровительная физическая культура как средство физического воспитания..... 179
Пусырманова Ш.Б. Балалар тәрбиесінде қосымша білім беру ұйымы -өнер мектебінің орнын айқындау..... 184
Ахметова Г. К., Турегалиева В.С. Жоғары оқу орындарында болашақ маманды тиімді дайындаудың психологиялық-педагогикалық шарттары..... 187
Кубашева А. Мектептегі басқару жұмысын жетілдіру..... 193

ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің хабаршысы» журналында теориялық, тәжірибелік, ізденушілік сипаттағы еңбектер, қолданбалы маңызы бар шолулар, мәселе көтеретін және ақпараттық мақалалар, сондай-ақ бұрын жарияланған еңбектерге қысқаша түсініктемелер, ғылыми конференциялар мен кеңестер жайлы мәліметтер, кітаптар туралы пікірлер, мерейтой иелерін құттықтау жарияланады.

Жариялау туралы шешімді келіп түскен материалдардың ғылыми маңызын және өзектілігін ескере отырып, редакция алқасы қабылдайды. Қабылданған мақалалар қайтадан қаралмайды.

Мақаланың құрылымы

1. ӘОЖ
2. Автордың (лардың) аты-жөні *
3. Автордың (лардың) жұмыс орны **
4. Электрондық пошта
5. Мақаланың тақырыбы
6. Мақаланың мәтіні жазылған тілде аңдатпа
7. Негізгі сөздер
8. Мақаланың толық мәтіні
9. Әдебиеттер***
10. Мақалада жазылған тілден басқа екі тілде түйіндеме.

Мәтінде физикалық, химиялық және математикалық шамалардың бірліктердің халықаралық жүйесінде көзделген қысқартуларына ғана жол беріледі.

Мақалалардың «Word 7.0 for Windows» мәтіндік редакторында парақтың бір бетіне барлық жағынан 3 см жиек қалдыра отырып, Times шрифтімен (12 кегль) 1,5 интервал арқылы терілген екі данасы тапсырылады. Түйіндеме, әдебиет, кестелер мен суреттерді қоса санағанда қолжазбаның жалпы көлемі 10 беттен аспауы керек.

Автор (авторлар) туралы мәліметтер, сондай-ақ материалдардың электрондық нұсқасы қоса табысталады.

ТРЕБОВАНИЯ К НАУЧНЫМ СТАТЬЯМ

В журнале «Вестник Атырауского государственного университета имени Халела Досмухамедова» публикуются работы теоретического, экспериментального, поискового характера, имеющие прикладное значение, обзорные, постановочные и информационные статьи, а также краткие комментарии к ранее опубликованным работам, информация о научных конференциях и совещаниях, рецензии на книги, поздравления юбиляров.

Решение о публикации принимается редакционной коллегией журнала с учетом научной значимости и актуальности представленных материалов. Отклоненные статьи повторно не рассматриваются.

Структура статьи

1. УДК
2. Ф.И.О. автора(ов)*
3. Место работы автора(ов) **
4. Электронная почта
5. Название статьи
6. Аннотация на языке текста публикуемого материала
7. Ключевые слова
8. Полный текст статьи
9. Литература***
10. Резюме на двух других языках, отличающихся от языка публикуемого материала.

В тексте допускаются лишь принятые в международной системе единицы сокращения мер, физических, химических и математических величин и терминов и т.п.

Статьи представляют в двух экземплярах, напечатанных в текстовом редакторе «Word 7.0 for Windows» на одной стороне листа шрифтом Times (12 кеглем) с полями 3 см со всех сторон листа через 1,5 интервала. Общий объем рукописи, включая резюме, литературу, таблицы и рисунки, не должен превышать 10 страниц. Сведения об авторе (авторах), а также электронную версию материалов.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы
Вестник Атырауского государственного университета имени Х.Досмухамедова

Отв. за выпуск, редактор
Р.Ш.Абдинов

Технический редактор, компьютерная верстка
А.Қасымханқызы

Подписано в печать
5.09.2014
Формат 60х84/8
Усл.-печ. л. 19,7
Тираж 300 экз.
Заказ 1
Цена договорная

Издательство Атырауского государственного университета имени Х.Досмухамедова

060011, г. Атырау,
пр. Студенческий, 212
Тел. /712-2/ 27 63 01
Факс /712-2/ 27 63 23

Отпечатано в типографии издательства Атырауского государственного университета имени Х.Досмухамедова